

ХАМЗА
ЕСЕИШАНСЫ

АНГІМЕЛЕР
МЕН
МАНАЛАЛАР



MEREKE

B A S P A S Y



Linda Eason

Хамза
ЕСЕНЖАНОВ

ӘҢГІМЕЛЕР
МЕН
МАҚАЛАЛАР

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)

E 79

Казахстан Республикасы

Мәдениет министрлігі

«Әдебиеттің әлеуметтік манызды тұрларін басып шыгару»
багдарламасы бойынша жарық көрді

Есенжанов X.

E 79 Көп томдық шығармалар жинағы / Хамза ЕСЕНЖАНОВ.

Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2014.

ISBN 978-601-7370-22-0

T.VI: Әңгімелер – 392 б.: портр.

ISBN 978-601-7370-49-7

Қазактың көрнекті жазушысы Хамза Есенжановтың көп томдық шығармалар жинағының 6 томына әңгімелері мен мақалалары кірді.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)

Барлық құқықтары қоргалған. «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-ының жазбаша рұқсатының бұл басылымының кез келген болігін ешқандай мақсатта да, қандай да бір үлгі-иүсқада да, фотокопірме және магнитті таснаға жазу түрін қосқанда, яғни электронды, болма-са, механикалық тасымалдағыш ынғайында да копіріп басуға бол-майды.

© Есенжанов X. (мұрагері), 2014

© коркем белгілір «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС

Mereke baspasy

©«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014

Mereke baspasy

ISBN 978-601-7370-49-7 (T.VI)

ISBN 978-601-7370-22-0

ОЛЕНГІ ЖАҒАСЫНДА

Жаз күні еді...

Әр жерде бұліншілік. Талан-тараж.

Жайық жағасын қаптаған ақ банды, ойда бой тасалаған бөрідей қырдағы елге тұра бас салады. Бұл іштен шалған жау, әсіресе Жымпіты уезінің берекесін қашырып жатты.

Жас өкіметтің жас қайраткерлерінен қарулы жасақ жасақталған. Сол отряд аяқ астынан шыға келетін жаудың жолын бөгеп, уезд орталығын қорғауға кіріскеңді. Бастығы: аққұба, ұзын бойлы, жап-жас жігіт. Жауынгерлері өңкей қазақ. Бәрі де оқыған жастар, жас жігіттер.

Қаладан шыққанына бірнеше күн өтіп кеткен. Кең өнір. Елі сирек. Жері ойлы, адырлы. Кейде тау-жондар көлденеңдеп жатады. Отряд сондай бір жонға беттеп келе жатты. Алдын барлауға екі кісі ілгері озып еді, олардың қарасы әлдеқашан үзіліп те кетті. Отряд зулап жүріп келеді.

Шеткерірек келе жатқан екеудің бірі Халит Мұхамбетов. Қара торы, ет-бетті жас. Уездік Ревком қызметкери, отрядті жасақтаушылардың бірі. Жасырын хабарға қарағанда: Совет өкіметіне қаны қас атты казактардың қалдығы бас қосып уезд орталығын шауып алу қаупін туғызған. Сондықтан бұл «Ілбішін жақтан шықты» деген талаушылардың күдікті-күдікті жерден тосқауылдаап, кездескен жерде соққы беріп, онан әрі қудалау мақсатын қойған.

— Бүгін Алмаз тауына жетіп түнемесек баскесерлер алдымызды орап кетуі мүмкін, — деді Халит, өзінен жасы үлкен арық өнді Мұтиге.

Мұти тура жауаптың орнына қаскүнемдердің әдісіне көшті.

— Атты казактар ежелден қасқыр құлықты. Бұлар із тастап жаңылыстыратын жыртқыш сияқты. Тура солай. Қазір бір бүйір кетіп, ойда жоқ жерден бас салу үшін бетті мұлдем басқа жаққа бұрган. Мұнысы айла, — деп, бір қойды ол.

— Сонда аттың басын бұра сала кері серіппекші ме?

— Иә. Жұрт: «Беті басқа жақ. Уезге соқпай бір бүйір кетіп бара жатыр» деген хабар берді ғой.

— Бастық жігіт қалай дейді?

- Оған да мен осыны айттым...
- Ол да осы болжалды қолдай ма?
- «Тап солай. Мен білемін ғой олардың сырын», — деді.

Жол созыла берді. Күн екіндіден төмен құлап, түскі ыстық лепті бәсендегендей. Кенет алдан самал жел де үргілей бастап, булығып келе жатқан аттың да, адамның да тынысы кеңейіп журе берді.

Қағу жел. Ұшқыр ат. Лекіген жүріс. Кең дала. Ерікке қоймай әлдеқайда сүйрейді.

Алыстағы үмітке, жұмбағы мол сайранға жетелейді...

Әзіл-қалжың мен тіл қағысу, бөрік алып қашу мен аударыспақ ойнау да сол сайранның басы.

Зейнедден Ақназаров өзі алғыр, өзі албырт өскен жас. Алты жылдық Орыс-Қырғыз мектебінде өзімен бірге оқыған балаларға «зорлық» жасау оған өнер болып кеткен-ді. Мына келе жатқандардың бірқатары сол кезде алысқанда Зейнедденге әлі келмей астына түсіп, талай-талай учительге шағымға да барғандар. Қазірде Зейнедден алдына адам салмай келе жатыр. Қуып жеткендерінің бас киімін қағып алып келеді. Жармасқандарды аударып таставу ниетінде ойқастап шауып, тізгініне жармасады... Жеткізбегендерді қиқулап қуады.

Алда қатерлі, әрі айлалы жау-жарагы сай, қыраттың бауырын, таудың қойынын сағалап бұқпантайласп жүрген жау барын ұмытқан жандай жайбарақат. Дағаның дарқан құшағында именбей өскен перзенттер. Етек-жеңін жимай, бұғып бой жасырмай заулап келе жатты. Ат түяғы майда тастарды асықтай шүйіріш өрге де аяқ салды. Қыратқа шыққан сайын төменде қалған ойпаң жерлер дөңгеленіп, тостағанның түбіндегі шұңғылданды.

Алда келе жатқан Зейнедден бір кез кілт тоқтап, қыраттың қылыш қырына көзін шүйді. Шүйді де атының басын кері бұрып кейіндеғілерге:

— Түйдектелген шаң... шаң астында шапқан аттылы! — деп айқай салды.

Ат басын тежей қалған жауынгерлер тегісінен шаң шыққан жаққа көздерін тікті: құйын-шыбын болып, бәйгеге шапқандай үзеңгі қағысып келе жатқан барлаушылар бұрқыраған тозаңнан бөлініп шыға берді; отряд бір «бәле» барын бірден сезді. Алға кеткен жігіттерін үнсіз, тағатсыздана күтті...

Алмаз тауы деген қылыштың қырындай-ақ қырқа, бірақ биік қырқа. Басын бұлт

құшақтап жатпаса да оп-оңай асу емес. Бір ғажайып белгісі – тұмсығы кірпінің тұмсығындағы сұп-сүйір және екі жерде ақ бор тас бар. Алыстан қарағанда бұл бейне бір жаны бар нәрсе дерлік. Көрінім жерден бор тастар көз сияқты да, ал, өзі көлбеп жатқан жыландаі, құйрығы да иірім-иірім болып тепсендеге үштасады.

Отряд күн батыс бетінде келе жатты. Ал, күн шығыс жағындағы қойнауында құрттай құжынаған ақ бандылар еді. Екі арадағы қырат құрып қойған шымылдықтай, үстінен шығып қалмаса жан көрінбес таса. Түн қатып, қаланың құлін көкке ұшырмақ болып бандылар осында бой тасалаған-ды.

Жан бармас, жан жүрмес қуыста мәзмейрам болып сырнайлатып, біреулері би билеп жатты. Сотқарлықты көксеген кейбір жастары өрістегі қоралы қойға шауып, ат үстінен семіз сектерді найзамен шанышып ұстал, есі шығып кеткен қойшыларды атпен қайырып әкеліп екі қолын артына байлад, көзін орамалмен таңып әлек етті. Атқа өңгеріп әкелген қойын қазан, шелектеріне тоғытады. Көптің арасындағы қолы сұғанақ жебірлері жолда ат шалдырып азан-қазан етіп кеткен ауылдардан іліп шыққан «табыстарын» қалталарынан суырып, кілем-қоржындарына тоғытты,

кемпірлерді күрсіндіріп «жұлып-жұлқып» тартып әкеткен күміс теңге мен сақина-сырғаларды да сонда түйіншектейді. Не керек тау-қырқаның оңаша қойнауын сайранды саяхатқа айналдырып жатты...

Бұлар сол өлкені басып-жаншып келген, белгілі бай, атты казактардың мұнан екі жыл бұрын бұғып қалған сотқарлары болатын. Жайық өзенінің аргы бетін тазартқанда жағалай жатқан станциалардың түкпір-түкпірін панарап жан сақтап, Қызыл Армия кеткеннен кейін бірі жер жыртушы, бірі сиыр бағушы болып, бірақ жұмыс басында тығулы қару-жарағы дайын, «ая-райын» аңдыған баскесерлер еді. Тұн жиналып, күн қарауылдаап, мұнан үш күн бұрын жиынып-түйініп бас қосып, Ілбішіннен жылжып уезд орталығын алыстан орап талқандауға келе жатқан, жалаң қылышты үш жүздей аттылы бұқпа жаудың ақырғы шапқыншылары болатын.

Қырқадан асып түсіп қасқыр көргендей тұра қалған екі аттылыны олар бірден таныды:

- Смотри, киргиз!
- Разведчик!
- Большевик! — дес-ті дереу ат тізгінде-ріне жармасып.

Орта бойлы, курең сақалды атаманы дүрбімен қарай салып:

— Василий, на коней. Желкесін қызып, басын қолына ұстад! — деп ұзын бойлы жас казакқа команда берді.

Бір жағынан үрейлі, екінші жағынан өшпенді «большевик» деген қаһарлы сөз сақалды-сақалсыз қаны қатқан жандарды бөріктіріп те жіберді: аттарын ысқыра тебініп бірден шоқыта жөнелген Василийдің дурмегінен кейін қалғандарының арқасы қозып кеткендей, көзді ашып-жұмғанша қару-жарақтарын сарт та сұрт тағынып та алды.

— Жаппай атқа қоныңдар! Жау-жорық жайғасуды сүймейді! — деді тағы да атаман.

Кешікпей жүрісі тосын, жүзі суық, жорыққа үйренген атты казактардың түстенген жерінде шала желінген тамақтың қалдығы, бықсыған тұтін, қоқыраған тандак, тартқан махорканың күйік түбіршігі мен тамақ қырарлық ашы иісі ғана қалды...

3

Төмендегі қойнауды тұтас алып, бейне бір құжынаған құмырсқаның илеуіндей, бірі секіріп, бірі отырып, біреулері мосы құрып қазаншықтарына ас қайнатып, біреулері

жалаң қылышпен әлденені қырқып жатқан казактарды көргенде барлаушы екі жігіт шошып кетіп еді. Олардың ойынша «банды» деген бірнеше адам, ең көп болса он-он бес кісі. Тіпті топтанған атты казак шапқыншылары да отыз-қырықтан аспайтын шығар дейтін. Ал, мына есепсіз нөпір адамды шыбын жанынан түңілтерлік...

Не күшті – адамшылық борыш күшті. Әсіресе, қаннен-қаперсіз жатқан момақан халықты тонағыш баскесерлерден қорғау борышы өзгеше.

– Санын білу керек, қосшы бала, мына дінсіздердің, – деді, барлаушылардың байсалды пішінді үлкендеуі.

– Қалай санамақпызымына қарақұрымды? Бізді көре сала ат тізгініне жармасып жатыр, қазір қумақшы ғой бізді, – деп жауап қатты екіншісі, айнала жалтаң-жұлтаң қарап.

– Арамыз алшақ... Ұстатпаймыз... Аттарын санайық – сен оң жақтағы топты, мен мына жағын...

Екеуі екі шетінен көзбен аттарын санай бастады да, лезде аттарына міне сала өздеріне ұмтылған казактарды көріп, жалма-жан кері шапты.

– Мен жүзден асырдым оң қолдағы аттардың санын.

— Мен... екі жүз бар-ау деймін бергі қалың шоғырды.

— Ойпырым-ай, мынау сөкет!..

— Сөкет емес, онан да сұмдық!.. Бетін аулақ қылсын құдай мыналардың, егер уезге шапса тып-типыл етер!

Шауып келе жатып екеуі осылай қағысып еді.

Бұларға қарсы шауып, алдымен жеткен Ақназаровқа екеуі қосарлана:

— Зейнеке, сұмдық! Уш жүзге аяғын да жимас... Қаптап келеді. Жер қайысады. Әне! Әне, алдыңғы бізді қуған топтың соңынан қарақұрымы да қозғалды... — деп ентікті.

Зейнедден кері шауып ақ құба бастық жігітке мәлімдеді.

Отряд қарсыласу әрекетіне кірісті.

— Әттең зеңбірек болса! — деді Халит.

— Зеңбірегің не, шырагым-ау? Пулемет болса десейші, — деп Мұти оның сөзін жөндеп еді, — өте семіз, қарауға нарттай, әрі ірі Қожанияз:

— Мыналар пулеметке де қарамас. Атакалауға айналды... Қылыштарын көрдің бе үйірген, күнге шағылысады, — деп мылтығын кезеніп, қатарынан екі рет атып-атып жіберді.

Жеті-сегіз шақырым жердей қырқаның басынан төмен құлдилаған казактарға

оқтың дару-дарымасы да неғайбыл еді. Сонда да Қожаниязға ілесе, дүркін-дүркін атыс та басталды. Аздан кейін мылтықтың тұтінімен көгілдір тұман көтерілді. Жау беттегі алыстан шыққан дүңкіл-дүбірге қосыла, нысанасына жетпей баурайдағы тасқа тиіп «шың» еткен отряд оғының нәзік дыбысы да құлаққа шалынғандай. Тасқа соқпағаны төмпе басын «бүрк» еткізіп жерге сініп кетеді. Тұнерген бұлттай ақырын жылжып, бірте-бірте төне түскен қатары қалың банды көп уақыт өтпей ыдырап, тұс-тұстан лап беріп, «атойлауға» кірісті. Үркердей шоғырланған шағын отрядты қоршап алу үшін олар үлкен сұзбе аудай қос қанатын алыстан жайып, қыспаққа ала бастады. Екі ара көрер көзге тарыла берді. Алыспен төтеп бере аларлық емес, бірен-саран оққа ұшқанына қарамастан жау қарсы жуықтап та қалды. Тіпті, күн көзіне шағылысқан жалаң қылыштың жарқылы жан түршіктірелік...

Жеңіл қарулы комотрядтың бір тізбектен ғана патроны бар еді, енді оның да ақтық обоймасы мылтық көмейіне күмпіді.

— Жігіттер! Жау саны бізді төрт ораС алғандай. Қалған оқ бүркүге де келер емес. Сондықтан кері шегіну қажет. Бірақ, дүркіреп қаша жөнелмей, сирек атсақ та

қайырылып ұрыс салуымыз керек. Қайрат көрсете шегінуге тырысайық, – деді отряд бастығы.

Сөйтіп, отряд аттың басын кері – келген кең жазыққа бұрды. Ендігі амал – жеңу емес, әлдеқайда күші басым жаудан бас қорғау болды. Оларға қолға зорға түскендей ауыр хал кездесті.

Коммунистер отряды беті ашық кең жазыққа қарай қайырылып атысып, бес шақырымдай жер шапты. Бірақ, шаңқай түстен күн еңкеюге құлағанша шалдырмастан жүріп келген аттар босаңсуға айналды, жігіттердің алды ұзап, арты бірінде кейін қала берді. Бірен-сарап, қуып жетерлік жерде, қоржын-қоршауда қалып қойған коммунистер енді мейірімсіз жаудың шыбықтай турауына да ілікті.

Атты казактар алқымдай түсті. Кейінде жеті адам қалып, оның үшеуі құтыла алмас жерде болды да, ал төртеуі өлім тырнағынан жырылып шығуға жанталасты. Бұл төртеу: Халит, Мұти, Зейнедден және Қожанияз еді. Алдағы, көз ұшында ұзап кеткен жолдастарына жете алмай, арттағы ауыр халде қалғандарға қол ұшын бере алмай, бұлар енді аузын арандай ашқан жебір өлімнің ұзын шеңгеліне түспеу жағын ғана көздеді.

Әркімде бір ой, әркімде бір арман жаңа

басталғандай... Бір үміт ат та ғана. Қару жұмсақ, қолдасып қырқысып жау бетін тойтару құр қиялдай. Көпке топырақ шашып болмайтыны ежелден белгілі. Бастық жігіт:

— Жау бізді төрт орап алғандай, — деді. Бұл да көңіл жұбату. Барлаушылардың асығыс санап ұлгергенінің өзінде: жау саны төрт емес, жеті есе, тіпті, сегіз есе артық бізден...

Жігітті жауда қалдырмайтын — ат! Ол да алыс. Оған жету де арман. Өйткені, қырда бабына келіп жер тарпып жүрген саяқтар мен жай күннің өзінде жараву азынаған айғырлар елде...

Ел!.. Ата мен ана. Аға мен іні. Сүйген жар. Айрылмас дос. Енді бәрі арман! Бәрі!..

Кешікпей Қожанияздың семізден ұстаған аты тығылып, борсандаپ, бірер шақырым жер дір-дір қағып, жарым аян, жарым бұлкілмен келді де төбеге ұрғандай тұрып қалды. Бұл кезде аты мұлдем болдырып қалған Мұтиді Зейнедден артына міңгестіріп те алып еді. Кері бұрылып келіп бұларды Халит шылбыр тастап жетелей жөнелген-ді. Сөйтіп, көп кейін қалған Қожаниязға бұрылуға шамасы келмей төртеудің үшеуі жан дәрмен күн міңгесіп-ұштасып, итпектеп ілгері аса берді.

Басында өзі етті, өзі ірі Қожанияздың қонды аты да өзіне сай көрініп еді және оны тез болдырады деп ешкім ойламаған да болатын. Бір кез Халит кері айналып мүшелік жер шоқытып, кейінде қалып қойған жолдасы Қожанияздың халін білмекші болып еді, өз атының болдырып қалғанын сезді. Ат төрт тағандап, аяғын алыс-шалыс басты, аздан кейін тарбаңдан барып жай бұлкілге көшті. «Бұл күймен енді ілгері жүрсем біржола жау қолында қалармын» деп ол Қожаниязға қол ұшын бере алмай, қашықтап кеткен жолдастарына жетудің қамын жасады. Атын үсті-үстіне қамшылай түсті, ақтық рет күшке салып шоқырақтатып алдыңғыларға айқайлады. Ол мықтап састы. Арт жақта жау тобынан бөлінген бірнеше адам бұларды қалайда «жазым» ету ниетіне кіріскеңдей, ілгері бөлініп шыға берді. «Енді жетеді-ау... енді жетеді-ау» деген кезде қалың-қалың жусаны бар ала-шағыл тәмпелі жерде жайылып жүрген екі-үш түйе көзге ілікті. Түйелер алысқа маңқия қарап алып, басын жерге бабымен салып, бабымен оттауда еді.

Кей кезде суға батып бара жатқан адамға қолға іліккен сыңар тал да жан дәрмен. Бұлардың бағына қарай, жайылып жүрген түйелерден бір бүйір шөгіп жатқан

атан кездесті. Атан жайбарақат жайлана-сып, қауданы қалың ойпаңдау жерді та-уып шөккен екен. Алысырақтан ол көзге де зорға шалынарлық ала шабыр қырлық оны көрсетер емес. Өзгелерден озық жүретін Зейнедден түйені бірден көріп, амал-айланы да бірден тапты. Өзін тас құшақтап алған Мұтиге:

— Қамдан, мына түйе тұрып үлгергенше мен жетіп үлгерейін, ал сен үстіне үлгер! — деді.

Бұл іс оның ойлап пішкеніндей дәл орындалды: маңғаз атан шауып келе жатқандарды елең қылмай жайымен жата берді. Кейбір жайбасар түйенің қамшы салмай, болмаса таяқ сілтемей жатқан жерінен тұрмайтын мінезі де болады. Ал, мынау сондай бір үрікпейтін, саспайтын маңғаздың өзі болып шықты. Зейнедден арт жағынан жанамалай келіп, Мұтиге:

— Ал ыры! — деп бұйрық берген кезде ғана «маған келдіндер ме?» — дегендей, бұрылып бір қарап алып, шонданын көтере бастағы.

Аттан ырғып кеткен Мұти тұрып үлгергенше оның үстіне де қонып қалды. Жерден жамбы алатын адамдай Зейнедден орағытып қайта айналып келіп, Мұтиді көтере түрегелген атанды қамшылап, алды-

на салып алып қуа жөнелді. Қос-қосынан қамшы тиген атан тайраққа салды. Ал, түйе тайрақтың атқа жеткізбей кететіні де болады, мұны мына түйелі елдің балалары жақсы білетін-ді. Зейнедден атан үстіндегі Мұтиге:

— Енді құтылдық. Ана былғары белбеуінді шешіп ал да, төпей бер. Алды-артына қаратпа! — деп айқайлады.

Мұти атанды төпей берді. Зейнедден енді Халитке оралды.

Зейнедден Халитті де құтқармақ еді...

Бұлкілден аяңға түсіп, енді жиі-жіі төрт тағандап тұрып алып, жүрмей сіле қатырған атын тастай беріп, жан ұшыргандај жүгіріп келе жатқан Халитті ол іліп алып артына отырғызды. Екеуі міңгескен күйі алға озып кеткен атанды Мұтидің соңынан шапты. Атан жеткізбейді. Үстіндегі жаны мұрнының ұшына келген Мұти былғары белбеуімен төпелеп ілгері аса берді. Түйеліге жету түгіл міңгескен екеуге оның қарасын көріп отыру да күш болды. Енді екеуінің астындағы «ең қарулы жылқы» деген Зейнедденнің аты сыр берді. Ат шоқырақтан булкілге көшті...

Халит аса табанды, өте-мөте сабырлы және жас болса да әр нәрсеге қалтқысыз тұра баға беретін ойлы жігіт еді. Қысылтаяң

шақта ол жан түршіктірерлік аңы ойла-рын салалай келіп және арт жақтан банды таялып қалғанын көріп ақтық ерлік үкім шығарды... Өз үкімін өзі шығарды.

— Зейнедден, екі жан қаза тапқанша бір жан... Мен көндім тағдырдың үкіміне!.. Саған ризамын. Басқаларға да. Сен ілгері ас. Ат бір кісіні құтқаратын жылқы. Қалаға жет... Қош! — деп, жолдасының тізгінін тартты да, сөзге келтірместен, секіріп жер-ге түсті.

— Ойпырым-ай! Халит-ай! Ойпырым-ай, бауырым-ай! Арғы жағын... — деді, Зейнедден сөзінің соңын жұтып.

Ақ боз атты банды қылышын онды-солды сілтеп, ыскырып шауып келе жатты. Ол терлеп-тепшіп, қатты жүгіре де алмай, ырсылдаپ келе жатқан Қожаниязды көргенде атын қойға шапқан бөріше көслідірді. «Ұяда не көрсе — үшқанда соны іледі» деген, жас кезінен ат үстінде ойнап жандыны да, жансызды да онды-солды шауып, өмірі бойы қылышпен турап үйренген белгілі атты казак жауынгері алдында жүгіріп бара жатқан жонды жігітті қызық үшін қиғаштап сілтеп, басын қырқып өтпекші болды. Ол бұл жан үшырып бара жатқан пендені адам деп, ол адамның қиналар жаны мен аяулы тәні бар деп, артында жанашыры жылар деп ойына

да алмады білем, тек қана қиоға, қинап айызы қануға ұмтылғандай пішін көрсетті. Нақ сол сәтте бұл қанқұмар қаскүнемнің жүзінде шаттық шырай лапылдал, көздері жайнай түсті.

Екпіні желдей есіп таянып қалған дүшпанның қаршылдаған ат ауыздығы құлаққа анық шалынған шақта, буалдыр ойдың сілтеуімен Қожанияз шаппасы қайырулы келе жатқан наганмен жалт бұрылып бір тартып қалды. Өзі тағы ілгері үшты. Ол артына қарай алмады, жауының атымен қоса үшып түскенін оқыс бұлқынысы мен өзгеше дүрсіл-дүбірінен сезді. Бірақ оқтың қайсысына тиіп, қайсысының жазым болғанын түптеуге шама жок. Аттан құлаған адамның «ыңқ» еткендей дыбыс шығаратынын, ал аттың онан да зор ыңқыл-күрсіл беріп тыптырыштынын талай-талай естіген, жасынан бері құлағы үйренген нәрсе. Бұл жолы аттың құлағаны бұрылып қарамаса да айқын. Сондықтан, «...енди жете қоймас. Жыра-жықпыл кездессе... бұғар жер... бас пана... құтылар күн...» деген үздік-үздік тілектер шұбатылды. Таянып қалған шапқан аттың дүрсілі, әлдененің адамды етбетінен түсіргендей екпін-зуылы бұл буалдыр үмітті де кесіп кетті... Екінші сәтке не болғанын білмей қалды... түпсіз құдыққа құлап кеткендей болды...

Осының бәрі бір сағаттай-ақ уақыттың ішінде болған уақиға: көре сала соңына тұсу, алыстан атыса қашу, бірнеше шақырым жер кеткен бір шоғыр жанды құтқармай өкшелеп, жеткен жерде біргіндеп турау бәрі де тез болды. Қас пен көздің арасында мезетте кездескен ажал бірнеше жастың қыршын өмірін қиып үлгеріп еді. Ендігі кезек келесі құрбандыққа таянғаңдай...

Халит Қожанияздай денесі ауыр емес, қағілеz және бойшандау болатын. Ол жүгіріп кетсе, аттан қалмайтын жігіттің бірі десе болғандай. Алайда, өзіне де, өзгеге де белгісіз бір ауыр зіл оның екі иығынан басып, тұла бойы құрыстап, денесі дел-сал, басы мең-зен болды да қалды. Ол жүгірмеді. Бір жерде тұрып та қалмады. Бар нәрседен бейхабар адамдай, жайбарақат халге тұсті. Алқымдап келіп желкеден соққан «соққының» екпінінен ол еңкейіп барып бір тізерлеп қалды, бірақ омақасып жығылмады. Ың-жың өзгеше қимыл, өзгеше бір күнгірт ауыр дыбыс құлаққа ызындағаңдай. Екінші «соққыдан» етбеттеп тұсті... көп жүріп, көп көрген өзінің қара шаппасына құлап кеткендей...

Көп заман өткендей... Қайда?.. Қай жер?.. Бұл! Қайдағы ың-жың?..

Әуелі өтеге алыстан, сонсоң қасынан дыбыс шықты. Дыбыс. Анық дыбыс... Өзі жайлы...

— Отруби палең!..

Ол ойлағанша, демін ішіне тартып үлгергенше, үстінде тұрған адам сол қолының саусағын... жұлдып алды. Қол жерге сылқ етті... Ол анық білді. Анық сезді. Бірақ, баяғы мең-зең, баяғы зіл қара тас оны әлі күнге дейін басып тұрғандай. Ол сұлқ қалды. Сонда да ол біліп жатты. Көзін ашпай, демін алмай, сол «сұлқ» күйінде жатып қолтығының асты «шым» еткенін де, мылтық дауысының «шанқ» еткенін де сезді... есітті...

Ұзақ уақыт өтті... шалқасынан жатқан күйі қозғалмай жатып қалды...

4

Аттылы жолаушыға өшіге абаларған төбеттей, отыз шақырымдай жер қудалап, істерін істеп болғанин кейін ақ бандының да қарқыны бәсеңси берді; Құрбандығын оп-оңай кескілеген өнеріне насадтанғандай, ат басын тоқтатпастан олай-бұлай ойқастап, енді даланың қурайын шапқылады. Жалаң қылыштарын қынабына салмастан жоғары үйіріп аз уақыт қыр көрсетті. Сонан кейін

сол қанатын кең жайған кереге-қоршау қалпында кері ойысты.

Ал, жап-жас коммунистерден құралған кішкене отрядтың көп адамы қаза тапты. Бұлардың әскерлік тәжірибесі аз, қару-жарагы кемтар еді. Оның үстіне күтпеген жерден қалың жауға кездесіп, қапыда қолға тұсті. Аз адам құтылды. Болдырган аттарын тастай беріп жолдасының артына міңгесіп құтылғандар да болды. Бірен-саран Мұти сияқты жігіттер әлдеқалай кездескен көлікке мініп жан сақтады.

Күн ұясына кіріп, кешікпей әлем жүзі де қоңырқай тартты. Кең сахарасымен біржола қоштасқан аяулы жас жандар қанды топырақты құшақтап, күнмен де, аспанмен де, жермен де енді ісі жоқ, айнала қымтап бүркей бастаған қоңыр әлеммен ұштасып, көзі жұмұлы қала берді...

Бәрі тынды. Әлгіде ғана өн шырқап, жоғарыдан тастаған кесектей төмен ағып барып қайта көтерілетін бозторғай да жым болған. Айнала жым-жырт. Жел де тымық. Шөп басы да селт етпейді. Қоңыр әлем мен қоңыр тыныштық Халитке:

— Жан жоқ! Тып-тыныш! Есінді жина!
Тұр! Жатпа! — деп тұрғандай тыныс берді.
Тілті, ептең оята бастағандай әсер етті.

— Ол бір кезде көзін ашты. Бейуақ.

Қашан жаттым... Ұйықтап кеткенмін бе?..
Көк шөп... Жалаңаш жер...

Ол қозғала түсті, бірақ қимылдауға шама жоқ. Денені зіл қаратас басып жатыр... Мойын бұруға да дәрмен жоқ... бұрылмайды. Eh... Ah... Im...

Халит зорға дегенде мойнын бұрып қоңыр жонайттанған биік таушыққа көз тастап еді, басы айналып кетті... Айнала тасыртұсыр... Ысқырған шабуыл... Үрсылдаған ат... Зуылдаған қылыш... «Соққы»... Көзін жұмып еді, тасыр басыла қалды...

Ә! Енді түсінді: жау, атака, қылыш...

Ол зорға көтерілген қолымен қақсай қалған қолтығын басып еді, қолы жып-жылы суға тиді. Қан!.. Желке... қан... қырқылған шаш... Сол қолы... саусағы қайырылып қалған...

Жүргегі зу етті... Көзін қайта жұмып, демін ішінен алды. Қимылсыз жатты...

— Uh! — деді ол, көзін қайта ашып.

Шынтақтай, қос қолдап жер тіреп, басын көтеріп, денесін күштеп жинақтап отыруға жарады. Аз отырды, айналаға көз тастады. Шенберленіп жатқан кең дала, төңкеріліп тұрған боз аспан, қыбырсыз маң далада бір өзі. Жапанды қалған жалғыз жан...

Ол селт етті. Не ашу, не қайрат, әлде үрей, әлде ерлік оны орнынан тік тұрғызды.

Көзіне қан толып кеткендей алға қарай ұмтылып қалып еді, көзі қарауытып, дәрмені құрып, тәлтіректеп екі қолымен жер тіреп қалды. Қайта жөнделіп, бойын билеп, аяғын бір басты да тұра қалды: қалай қарай жүру керек, қайда бармақ?

Отрядтың кеткен жағына жүрсе: күндізгі құған жау кездеспес пе? Бір бүйір, басқа жаққа аяғы еріксіз сүйреп, қаз тұрған балаша тәлтіректей басып, жөней берді. Жиырма-отыз қадам жүрген соң бойын билеп, аяғын ширақ басып, сөлден кейін қос жұдырығын түйіп те алды. «Не болса да елге жетіп өлсем!..» деген ой күтпеген қайратқа мінгізді, көзінен от үшқындалп кеткендей болды. Ол біраз жерге де барып қалғандай болды. Көре көзге денесі қызып жүре берді. Енді қаттырақ жүгіруге кірісті.

Жан ұшырғандай жүгіріп екпінімен үстінен шыққан өлікті байқамай қалды. Шошып кетіп: «О, тоба мына зор дене...» деп мойнын бұрып үлгергенше, қан-топыраққа былғанған Қожанияздың қара мұртты басын көзі шалып, аяғына шоқ басқандай ыршып түсті. Жүрегі дір етті. Ол шыдай алмай айдалаға қарай жүгірді. Қайдан, көз алдына қалай келіп қалғанын да түсінбей, ол өз басының қандай күйге кездескенін айқын-ақ білді. Бұрынғы үйреншікті әдетінше

өзінің өте қалың аса қатты және көлтен бері қидырмай келген ұзын шашына оң қолын апара беріп еді – салалайтын шаштың орнына саусақтары ырсиган жарага тиді... Удай ашып және қанқақсан ауырып кеткен желкесінен қолын кері тартып алды. Әлденеден жүрегі айнып, әлденеден қатты опық жегендей, ол не қыларын білмей, тұла бойын сипай берді. Сипаған жерден ұйысқан қан мен ашыған жара тапты. Желкесінің екі жақтан шабылғанын, қолтығының астын оқ жыртып кеткенін, сол қолының алтын балдақты саусағының салбырап қалғанын, үсті-басының қан-жоса болғанын енді ғана көріп білді. Қою шаштың желкені аман алып қалғанын да енді сезді. Ал, сақина-жүзік үшін қолының шабылып қала жаздағанын да қазір шамалағандай...

Даланың аяқ астынан кездесетін ала қүйініндай, Халитті үрей биледі. Басындағы ауыр халді енді ғана ұғып, енді ғана сезген, шыбын жанның қайткенде, қалай аман қаларын қарманып, іздеу үрейі еді бұл.

Ол мына төніп түрған түннің түрінен де шошып кетті. Жарық қайда? Таң қайда? Ел қайда? Бас сүйер жан қайда? Құламай, сүрінбей жете алар ма бір қарага? Қызыл қанға боялып қансырап келе жатқанда тағы қандай бәле кездеседі?!

Айнала қауіп... Айнала қорқыныш... Айнала үрей...

Жығылар жеріне жетіп жығылу үшін қызыл қанға боялған, желке – кесік, бүйірі – тесік жан ұшыра жөнелді. Бір қараға жетіп құлау үшін қара тұнге қарсы, жан ұшыргандаі, жүгірді...

* * *

Он бойы безек жанша қалтырап, жылынуға пана жоқ, жүгіре беруге дәрмен кем, таң алдында ол аңы азапқа түсті. Тәлтіректеп аяғын әр жерден бір басып құлауға айналды, бірақ ақтық күшін жирап ілгері жылжи берді. Кешікпей торғай шыр етті. Алакөленденіп таң да сәулеленді. Алдыңғы жақтағы бұлдырап көрінген тұтас бедер бірте-бірте дараланып, ауыл екені айқындалды. Жан дәрмен күн тұрып-жығылып, ол қалайда ауылға жетуғе ұмтылды. Әлдеқайдан мылтық дауысы «күрс» етті. Шошып кетіш Халит етбеттей бұғып қалды.

Бұл ертеңгі аңы дыбыс әрегіректен шықса да аяқ астынан дүңк еткендей, дала-ны бөріктіріп жіберді. Әсіресе, оның мылқау жаңғырығы ұзақ созылып зорға басылды да дурліккен әлем қайтадан тыныштала бастады. Үнсіз етбеттеп қалған Халит ақырында

басын көтеріп, шеткерірек тігілген қараша үйден әрі дөңгелене үйіріліп, ортасы қазан шұңқырланып жатқан қоралы қойды көрді. Қоралы қойдың селдірлеу бір бұрышында ербең-ербең етіп басын қылтитқан қойшыға көзі тұсті. Халит қойшыға қарай беттеді. Бірер рет бұғып қарап, алды-артын байқап алды да не болса да қойшымен тілдесуге бел байлады. Бұл жақындалп келгенде көзін бір уқалап алып, беті адам көргісіз, көйлегі алба-жұлба, жер астынан шыға келген адамдай, түрінен жан сескенерлік Халитті көргенде бала қойшы орнынан ыршып кетті.

— Қашпа, қарағым, қашпа, — деді Халит ақырындалп, тісі-тісіне соғып қалш-қалш етіп. — Паналайын деп мен әдейі саған бұрылдым...

Халиттің сөзі оған таныс адамының сөзіндей естілді. Таң сәріде айдаладан келген бұл адамның ауыр халде екенін қойшы сезе қалды.

— Аға, банды жаралады ма? Көменес пе едің? Ана ауылды да бандылар кеше кешке шауып кетті. Енді оязға ауысты. Оның да астан-кестеңін шығарады ғой, — деп ежелден сөзге үйір қойшы көрген-білгенін ағыта бастады.

Қойшының іш тартып, сырды ағыта бастағанына ол қуанып кетті:

— Бәрін де айтып беремін, інішегім, асықпа. Алдымен... — деп ол домалақ қара баланың қасына жетіп келіп, оның оранып жатқан жабуының бір шетін көтерді де астына кіріп кетті.

Жылы жерге кірген соң тоңған дене одан әрі қалтырап, Халиттің иегі иегіне тимеді.

— Аға... ағатай, осы жер жайлыш. Ешкім көрмейді. Көрсө жаман. Басыңды көтере көрме. Жата бер. Қой өргенше жат. Сонсоң өзім қоймен бірге өріске алып кетемін, — деп қойшы тағы да ақылы мен қамқорлығын қоса лекітті.

Халит үндемей қалды. Ол жылы киіздің ішіне кірген соң денесінің жаңағана жай тапқанын сезді. Енді-енди жаны кіре бастағандай, қымтала берді. Баланың ағып тұрған сөздерінің ішінен оның миына алдымен: «ешкім көрмейді, көрсө жаман... басыңды көтере көрме...» дегендері жетті. Ол тағы да үрейлене қалды: «Бір ажалдан құтылдым ба дегенде, бұл қандай сақтандыру? «Көрсө жаман» дейді... Элде бандылардың бір бөлегі осы ауылда ма? Онда...»

Тағы да сөзді бала бастап, бала биледі.

— Аға, үйің қайда? Үй-ішің білмейді ғой, жаралы болғаныңды?..

— Үйім Жымпityда, қарағым. Олар білмейді не болғанын...

— Қайғырма, аға. Өзім бір ретін табамын. Үйіңе аман жеткіземін. Тек мыналар көрмесін. Мен де Жымпityнікімін. Жауғаштымын.

Халит баланың бетінен сүйіп алғысы келді, бірақ түрегелуге шамасы келмеді. Ол тек: «Қандай бауырмал! Қандай аңғарулы бала! Қандай дана қарғадай болып! Дана қойшыдан шығады деуші еді...» деп ойлады. Сонсоң:

— Қарағым, жарайды. Сенің айтқаның болсын, — деп қымтана тұсті.

Қойшы аяғын жүгіре басып үйге қарай жөнелді. Ол көп айналды. Кешеден бері бұрын жоқ үрей билеп кеткен Халит басын әлденеше рет көтеріп қарағыштап жатқанда, әлденені көтеріп қойшы жетіш келді.

— Аға, айран әкелдім... ірімшік те бар, — деп ол, торсық пен тостаганды жерге қоя салды да қалтасынан шүберекке орай салған ірімшік және бір уыс құрт шығарды.

— Айналайын-ай, мың жаса. Бері келші, берігірек... — Ол қойшыны құшақтай алыш бетінен сүйді. — Атың кім, айналайын?

— Атым Ербол. Әкем аты Жартыбай.
Аға өз атың кім?

— Менің атым Халит, айналайын. Ал, фамилиям Мұхамбетов.

— Аға, мен енді саған бір шекпен әкелемін. Соны ки. Соңсоң ат ерттеймін.

Халит ойланып қалды да, үйге қарай жүре берген балаға:

— Ербол, айналайын, сен онда, сен онда бір бөрік те тауып ала кел. Қандай бөрік болса да бәрібір, — деді.

— Жарайды, Жақсыбектің ескі бөркін алыш келейін. Ол басыңа сияды, аға... Халит аға.

Кешікпей Ербол шекпен мен бөрік те әкелді, оларға қоса ұзын ақ таяқ та әкелді. Сөйтті де Халитке:

— Мен енді қойды өргізе беремін. Жақсыбек қойдың ерте өргенін жақсы көреді, — деді.

— Е, бұл Жақсыбектің ауылы ма?

— Білетін бе едіңіз?

— Білемін... осы жердегі дәулетті адам рой. Ал, бағана бір мылтық дауысы шықты, ала көбенде. Ол не?

— Ой, Халит аға, сұрама. Ол да сол ана Бұлдырты жақтағы ауылдарды қиратқан бандының ісі. Кеше кешке әлек салды рой сол ауылдарға. Залымдардың істеген ісін ауызben айтып жеткізерлік емес.

Ертеңгі қой да өре бастады. Қоймен бірге бақташының бірі сияқты, Халит те жылжыды. Басында ол Ерболдың ақылымен ауыл шетіне шыққанша басын көтермей, бұғып жылжып еді. Қойын тез-тез жұмарлай қайырып, екінші рет ендең жайылып кеткенше, Ербол кешеден бергі көрген-білгенін ақтарумен болды. Ол Халитті өңгімелесетін адамы жаңа ғана табылғандай көрді. Және банды кескілеп кеткен бұл «ұлken кәмесерді» құтқарып қалуды зор ерлік деп білді. Ол іштей қатты шаттанды. Балалық кіршіксіз мақтаныш оны өсіріп жіберді. «Бала болса да ұлкендерден артық» қойшы атанған Ербол өңгімені де ұлкендерше айтты.

— Аға, сен сұрама бұл жауыз бандылардың істегенін, — деп бастады ол тағы да. — Көп адамды сорлатып кетті. Шегірткедей қаптап, Майлан ауылын басып қалған. Маған Бекболсын айтты. Ол сол ауылдың баласы. Өз көзімен көрген. Сүт, айран, ашыған қаймақты шөген-шөгенімен көтеріпті. Әп-сәттің ішінде ішілмеген сүт, ашылмаған сан-дық қалмапты. Бұйым, жиһазды былай қойғанда, өмілдірік құйысқан, жez түймелі жүген, сабы әшекейлі қамшыға шейін алған. Ал, үйдің бау-басқұрын қоймапты. Қызыл шапанның

сыртынан жібек белбеуді орай буынып, кәдімгі құдаларша көлбендейді дейді. Ауылда ат қалдырмаған. Сонсон, Халит аға, мынадай қызық болыпты. Маған Бекболсын айтты. Ол сол ауылдың баласы фой. Әлжан орыстан жаман қорқады екен. «Ойбай, орыс келіп қалды! Көп орыс! Қылышын үйірген қару-жарақты орыс!» — деп жүрт шу ете қалғанда, — Ұмсынай, қайдасың! Не дейді мыналар? Қайдан келген орыс? — деп әйелін шақырғанша болмай, мылтық дауысы «гұрс» ете қалады. Әлжан қорыққаннан не қыларын білмей сасып, төсектің астына кіріп кетіпті. Кіріп келіп үйдің астын үстіне шығарған бандылар төсекті ашып қалса, астында Әлжан отыр дейді. «Сен кімсің? Жасырынып отырған большевикпісің?» — деп қамшының астына алған көрінеді. Сабап, сабап өздері кеткенше керегеге байлап қойыпты...

Әлденеден сескенгендей еңкейіп отырған Халитке Ербол жалт қарап еді, ол көзін жұмып, тістеніп, құлап бара жатыр екен.

— Аға, басыңыз айналды ма, отырайық, — деді бала сүйемелде.

Халит біраз жатты. Ербол қойын тағы да шәйт-шәйттап бір қайырып тастанап, «басы айналған» жаңға қайта оралды.

— Шырағым, — деді түсі бұзылып

жатқан Халит көзін ашып, — менің халім нашар... Сен Бақыт Назаров деген жігітті билетін шығарсың... Ол осы жердікі...

— Білмегенде! Оқыған жігіт. Жақсы адам. Жақында біздікіне келіп кетті...

— Білсең сол Назаровты сен тауып ал... Атпен бар... Осы жерден он шақырымдай оның ауылы...

— Жарайды, аға. Оған не дейін?

— Келсін. Мен қалаға жеткіzsін... Сыбырлап айт... Түсінесің ғой. Ақылың бар баласың...

— Болады, аға. Мен оны биенің бір сауымы болмай-ақ, сәске түске жетпей-ақ алып келейін.

— Ат-арба әкелсін. Мен... осы жerde жата тұрайын...

Бала құйындаі ұшты. Атын онды-солды қамшылап, Халиттің айтқан ауылына шапты.

«...Мен не бітірдім... Не тындырдым?...» — деді күбірлеп Халит біраздан кейін. Ол көзін ашып көкжиеекке қарады... Зейнедден қайда?.. Ол жетті ме қалаға? Жетіп хабарлай алса...»

Ол басын қайтадан жерге салды. Мойыны қозғалтпай қалды. Ісіп кеткен еді. Қолтығының астыда күйіп бара жатқандай. Демінен ыстық леп шарпыды. Тынысы та-

рыла бастады. Кеше кештен бері ет қызыуы білдірмей жанталасып келген жан бір жағы қансырап, бір жағы дене тұтас қабарып, халінің аса ауыр екенін ол жаңа ғана сезді. Демі бітіп бара жатқандай тарыла түсті. Ол қайта-қайта көзін жұмып, аузын аша берді...

5

Бірнеше күннен кейін...

Жымпityның арқа жақ шетінде, Өлеңті өзенінің жағасында бір шоқ тал-теректі бақ бар-ды. Сол бақтың ішіндегі алаңға жұрт мол жиналды. Кішкене қаланың үлкенді-кішілі қызметкерлері, тұргындары, жеті жылдық мектеп пен қыздар интернатының оқушылары тегіс келген. Жиналысқа жақын жердегі ауылдардан да көп адам қатынасқан. Олар туларын қара жібекпен әдіпте алған ортадағы лек-лек жастарды алыстан шеңберлей қоршап, аттарының үстінде тұр. Бәрінің де жүзі сынық, көңілі жабық. Болған уақиғаның халыққа теп-тегіс тиген апатты жай екені: тұншыға жылаған әйелдің, еңіреген кемпірдің, алас ұрып әркімге жаутаңдай қараған балалардың, ат үстінде тұрып күрсінген үлкендердің үнінен де, жабырқаңқы жан күйінен де анық сезілгендей...

Қалың жиынның ортасындағы кішкене мінбеде Ревком ағасы сөз сөйлеп жатты...

— ...Асыл азаматтар қапыда қазаға ұшырады... Жаудың келе жатқаны жайлы хабарды алыш, оны Оралға жеткізіп үлгергенше қаптаған зұлым бандының оғы мен қылышының астында қалды... Біздің жігіттер дүшпанға бас иген жоқ — езілген еңбекші елін қорғаушы және оны ұлы мақсатқа жетектеуші есебінде амал жасады... Өзінен он есе басым жаумен жағаласып, жан берісті... Дүшпанның алдынан шығып жолын бөгеген жігіттерден бірен-саран аман қалғандар да бар. Солардың бірі мына алдарыңызда тұрган Халит Мұхамбетов. Бұл өзін құрбандыққа ұсынып, қасындағы жолдасын хабар жеткізуге жөнелтті. Өзі өлім аузында қалды, көzsіз ерлік етті. Желкесі мен иығын бес жерден қылыш кескілеп, қолтығын оқ тесіп кетсе де, жолда ессіз құлап қалса да бізді қорғау әрекетін істеді. Төзімділігі мен қайраттылығы ажалды жеңіп шықты...

...Бізде ерлер көп. Мына бір қабірге қойылған жетпіс коммунист — сол ерлердің ішіндегі ерлері. Топырағың торқа болсын, халықтың қалаулы ұлдары!.. Бұл сол Өлеңтінің жағасында ерлерге ескерткіш қойған жиналыс еді.

1930 жыл.

КЫЛГЫЛ
КҮМАҚ

Асай боран. Дала алай-түлей.

Кәдімгі: «Ақпан-ақпан алты күн, айқайың сенің қатты күн» дейтін ақпан. Желі ұйтқып, қарасын біткенді қармен кесектейді, терезені сабалайды. Кейде тіпті, жұдырықтап тұргандаі үрады...

Неше күн үзбей соғып, толастамай тұрған қаңтардың ақ бораны. Алыста мұнартқан Көктау. Таудың қар сәлделі басы көзге болар-болмас шалынады. Арқа бетінде кеудесін керіп жатқан айдын шалқар. Шалқар десе – шалқар: арғы жағасына көз жетпейді; бергі бетіндегі – жаз күні кек құрақ, қыста ақ қамысты жалпақ жағасын көзбен шолып та шығарлық емес...

Оң қолда: ақ қамыстан алқа таққан үзын Аңқаты, қос өңірі ну жыңғыл, төрі: бидайық төсек тар тоғай, аралды төбе кең алқап. Алқаптың қойыны жағалай ауыл.

Сол ауылды да, аралды алқапты да, алқалы өзенді де қымтап жатқан сары қар. Үздіксіз соққан ақ боран қартадай сары қардың үстінде желімен ойнап асыр салып жатқандай. Айнала қыбырсыз, жансыз, қарасыз. Тек қана Арал-Төбенің түбегіндегі он шақты үйдің болар-болмас бедері көзге шалынады. Ал, батыс жақ беттегі жапырайған тұмақтай, қазақы қыстаудың қармен құндақталған сыйрырай-

ма терезесінен оқта-текте от сығалайды. Әлсіз сәуле боран үдегенде бір жоғалып, бір жылтылдайды.

Қаһарлы қыс аяқты қия бастырмай қарымен көміп, сұығымен сығып, тірі жанды сыртқа шығармай езіп, жаншып жатқан сияқты. Бірақ...

Үйде дабыр. Әңгіме. Шүберектеп тығындаған терезенің «уіліне» төтеп бере алмай май шамы бір жаңып, бір сөніп жатса да таласа сөйлеп, сөзін қағазға жазғыштап бірнеше адам отыр. Ол сөз, ол жазу: айтылып, тұжырылып, бір тоқтамға тірелген көкейкесті тілектің түйіні. Жеті өлшеп, бір кескен үлкен мақсаттың ұшы еді.

— Берер ме еken?.. Берсе іс біttі fой! — деді екі оқтылау түрде, кішірек келген қара шал.

Оның үніндегі күдікті жігерлі пішінді жас жігіт бірден тарқатты:

— Береді, Беке! Айттым fой сөйлестім, бәрін де шештім деп!

— Онда құба-құп! Көрмей жүрген жұмыс емес, тек жер мен құрал қолға тисін.

— Бекеңе керегі сол жер... құрал. Іске сәт!

— Бір Бекең емес, бәрімізге де.

— Ал, мен жаздым! — деп еңкейе түсті

кеңілді, шот маңдай сары бала жігіт. Ол малдасын құрған күйі алдына көпшіктен «үстел» қойып, қарандашын бір жалап алып, жазуға да кірісті. «Мәжіліс хат. Саны екінші. Қатынасқандар саны – алты. Оның бірі партияға мүше, бірі кандидаты, үшеуі комсомол. Қалған біреуі Қосшы ұйымының толық мүшесі...»

– Тоқта, тоқта... Олай деме. Арал-Төбедегі Қосшы ұйымының жалпы жиналышы деп жаз. Біздің коммунистер мен комсомолымыздың пікірлері бөлек хатталып, райкомға өз жолымен барады. Оны басқаша жазасың. Ал, мынау кедейлер атынан ауаткомге және ауыл Совет куәландырған бір көшірмесі Қарыз-Серікке барады. Өзім алып барамын, – деді кішкене мәжілісті басқарып отырған әлгі жігерлі жас жігіт.

– Бұл – Қызыл әскер қатарында болып жаңадан ғана ауылға қайтқан, осы жерден комсомол ұясын ашып, оған өзі хатшы болып сайланған орта бойлы, қара торы Темір дейтін жігіт еді.

– Е, солай болу керек!

– Бәсе, солай, райкомыңның өзіне, мықтап жазылуы керек!

– Теміржан біледі фой, Қызыл Әскердің ойынын ойнап қайтты фой! – десті басқалары Темірді қостап, риза болған үнмен.

Маздал жанған сары қамыстың оты кері шалқып, бетті шарпуға да таяу. Бірақ, құлағы баласының сөзінде, көзі жалынды қадағалап отырған атжалманды қара кемпір қамысты қазандықтың көмейіне ысырады да екінші түйдегін әзірлейді. Қазан бұлк-бұлк қайнайды.

Ас дайын. Үй жылы. Бала сөзіне кемпір өзгеше риза, іштей құжырлана қостайды. «Адам болған» Темірін құшақтап алғысы да келеді. Бетінен сүйіп: «Кішкенем... Темтайым!» – деп қалуға дайын.

Кешікпей кемпірдің бабымен пісірген асы да желініп:

– Ал, мен жүруге қамданам, – деді Темір. – Әңгіменің ізін суытпай тез бітіріп, қаулыны бекіттіріп, беретін қарызын алып, іске белді бекем байладап кіріспесе болмайды.

– Сөз бар ма?

– Дұп-дұрыс!

– Иә, белді бекем буып, біржола кірісу керек! – десті басқалары жамырап. Кемпір сарыуайымға көшті:

– Тем-тай-ау, Теміржан-ау, мына көзге түртсе көрінбейтін ақ мылтық боранда қайда барасын!.. Қой, айналайын, адасып кетесің. Боран ашылған соң ертең баарсың. Және жеті түн... Ит-құс болса анау... Кеше өзің айттың ғой, қасқыр ұлып тұр деп...

— Ал басталды. Түү, мама-ай. Осы жоқ жерден сарыуайымды қайдан тауып ала қоясың?! Көрмей жүрген аудан ба, жүрмей жүрген жол ма! Түк те уайымдама! Бүгін жетіп қонып, ертең істі бітіріп, кешке қарай қайтып келемін.

Көп уақыт өтпей-ақ жылмағай даланың кісіге қарайтын бурасындағы ойында қалшылдаپ, қырында түтіккен дүлей боранының құшағында алысып-жұлысып Темір кетіп бара жатты. Қарсы сабалаған қар көзге тығылады, арттан үйтқыған жел айналасын үйіріп-үйіріп келіп ту сырттан құшақтай алады. Кейде әлемді ақ буалдыр басып, еш нәрсені көрсетпей кетеді. Жалғыз аттылы тек қара жолдың сорабымен ғана соғып барады. Ол көzsіз бораннан да, бетті қарыған ақшұнақ аяздан да қаймығатын емес. Үйде қалғандар уайымшыл кемпірге:

— Қорықпа, шеше, Темір адаспайды. Ол сұық пен бораннан да қорықпайды. Әскер ойынын ойнап шыныққан жігіт қой! — деп сөндіреді.

«Ол сұықтан қорықпайды... Боранда адаспайды...» деген бұл жігерлі сенімді баласындағы құшақтап, сығырайған шамын сөндірмей, үйде жалғыз қалған кемпір қазандыққа сүйеніп отырып, қалғып-қалғып кетеді.

Боран ашылып, жел толастап үскірік тоқтаған кезде далада жаяу борасын да басталып кетеді. Ол дөңесті түріп, ойды қармен қалындастып жатады; жолдың табанын үргілеп тынымсыз жорғалайды. Тап сол жаяу борасын сияқты, ауылды енді сөз борасыны бүркей бастады...

Көрші ауылда:

— Бұлар бір тиімді нәрсе тапты. Сөз жоқ солай!

— Темір шығарар! Кілең бір ертеден-кешке пішен шапса белі ауырмайтын, жер жыртса құйқасын тістеп тартқандай тісті-бақалар жиналған!

— Бұлар, бұлар істейді. Бәрін де істейді. Жерін де жыртады, малын да өсіреді. Жәрдем алғаннан кейін қоя ма?! — деп артель мүшелеріне ден қоя әңгімеледі.

Қазірет ауылында...

Мешіт түбіндегі Тентек Қажидың үйіне Сартай келіңкіреді. «Дүниеде не болып жатқанын» осы Сартай алдымен есітеді. Оны Қажи ежелден біледі. Сартайды көрісімен ол:

— Иә, би! — дейді.

Бұл да ежелден белгілі мұқам. Не есіттің? Не білдінің? — мұқамы. Бұрынырақ: «Вол-

исполком сайлауы, ауылнай сайлауы болғалы жатыр. Бұған қатынастырылмайтындардың қара тізімі мынадай» деп тізбектейтін еді Сартай Қажига. Енді бүгін:

— Мына Темір солдат кәмуна құрып келіпті. Ағыл-тегіл ақша алыпты. Кедей біткенде соған тізетін көрінеді, — деді.

— Сонда?..

— Әлгі орыстарда болып жатқан ортақшыл Кәмен. Бәрі ортақ: мал да ортақ, жан да ортақ, ас та ортақ, арба да ортақ. Сенікі, менікі болмайтын көрінеді, — деді. Бұл құлаққа жат жүрдек сөздер бірде күбірмен, бірде сыбырмен біреуден-біреуге, көріден жасқа да жетіп, аз уақыттың ішінде үйді-үйді қыдырып, ауылды тегіс аралап кетті. Аралап қана қойған жоқ, бұл бұрын ешкім көрмеген жаңа өмірге талпынғандарды мінеп-сынап, түрлі-түрлі өрескелдікке жорып, ишаны мен қажысы, молдасы мен қожасы мол мешіт түбі: «Ақырзаманның басы осы!» десті. Ал, артельшілердің бірі көрінсе сыртынан: «Өне, тажал келе жатыр!» — деп жасырын қолын шошайтатын болды.

48 Тентек, ардан безген кейбір қызыл таңау балалар бүқпантай әкелерінің көзеуімен он екі Қосшының малы малға жуып кетсе құйрығынан ұстап, қуалап жүріп сабады. Иттерін қуып үйді-үйіне тықты.

Бұрынғы ағайындық сезім әлдеқайда ысырылып, іштей жиырылған теріс-қабақ жаратпау өшпенділікке сүйреді...

3

Қосшы бастаған бұл жаңа талаптың шын келбеті өзгеше еді. Ол жаяу жорға қаңқу сөздермен үш қайнаса сорпасы қосылмас мағынада болатын. Бір күні Қажи-Ахмет:

— Мешіт түбі бізді ақырзаманның адамдары етіп қойыпты, — деп бар әңгімені Темірге айттып келіп еді, Темір:

— Ақырзаман... — деді, ақырын ғана езуін тартып, — ақырзаман емес, бұл Жаңа заманың басы десе дәл болар. Өйткені, «ақырзаманды» шығарғандарға енді біздің майдан зекет берілмейді. Ал, егер де ісіміз сөтті болып, егініміз мол шықса — ол тауыдан таспа қара, таңқы мұрттарға ғұшыртағы тимейді. Сен келіншек алсаң — оның некесін қиятын ауыл совет. Сондықтан молдекендерге неке қияр да жоқ. Тіпті, жаман айтпай жақсы жоқ, өліп кетсек...

— Арғы жағын тусіндім, — деді Қажи-Ахмет. — Бұл олардың өздерінің заманының ақыры шығар?!

Темір оған да езу тартумен тынды. Артелін бекітіп, атын «Қызыл құмақ»

қойып, Темір ауданнан келісімен-ақ іске кіріскең-ді. Құттың сары тап қалың қары сықыр-сықыр, ақан шананың жалпақ табанына басылды. Он екі үй қосшы Қарыз-Серіктен үлкен-үлкен сүзбе ау, темір соқа, тырма, сүт мәннина, тағы да басқа құрал-сайманның не кереметін үздіксіз тасып жатты. Қамыт, доғасын сайлап, темір соқаның күрегі мен қылышын шындастып, ат-көлігін күйттеп, жазғы егіске сақадай сайланды. Бәрі даяр. Тек жаңа қар кетуін күтті.

Көктемде қара қошқыл, жазда сарғыш тартып жататын құба жонның арғы жағы ақселеу жамылған кең жазық; бергі арқа беті – бетегелі боз жусанды кең жайылым. Осы құмсақ қоңыр жонды Құмақ деп, кейде тіпті күзгі өңіне қарап жұрт Қызыл құмақ деп кеткен. Бұл жонның асты-үстіне себілген тұқым, әсіресе қызыл тары, шықпай қалған жылы жоқ-ты. Мұндай мол нәубет беретін шұрайлы жер о бастан текті, дәулетті, құрал-сайманы жеткілікті жандардың қолында келген-ді. Жалғыз атты, ағаш соқалы кедейлер қолы жеткен бір бұрышына да мәз – таяқтап, жарым деселеп жыртып көже-түйір талшығын айыратын. Жасынан қолы жетпей, көкейін тесіп келген осы жерді айтып Темір артельді бекіттірерде жер бөлімінің бастығына:

— Қосшы мүшелеріне Қызыл құмақтың сауырын бір тілдірсем болғаны, — деген.

Бастық оған:

— Қызыл құмақ та сенікі, сары құмақ та сенікі. Тек ісінді жолға қоя біл, артельді еңбекке жұмылдыруға жетекте. Сонда досқа күлкі, дұшпанға таба болмайсың! — деп серттескендей, Темірдің қолын қаттықатты қысқан еді.

Артельге сол егістіктің аты беріліп «Қызыл құмақ» делінген.

Артель кешікпей тағы бір жаңалықтың басын көрсетті. Қарыз-Серіктен алған ақшага қаладан талтақ мүйіз, қызыл көз, арыстан кеуде, өукесі жер сызған, алқызыл кілем түкті көлбауыр бұқа мен Ресей қойының тұқымы, тағы мүйіз дыр қошқар сатып алғып келді. Бұл қызыл бұқа мен қошқар да біраз әңгімеге желі болды.

— Мынаған қай сиырын қашыртпақшы?

— Оны қой. Қошқарға ше?! — деген улы кекесін де бұлкілдеді...

Бірақ, кешікпей мысқыл сөз бен кекесін лебіздер жайына қалып:

— Темір, қарағым, мына мұқырға күжбаныңды бір рет босатшы, — деп етінушілер молайды.

Сөйтіп, бұрынғыдай емес, Қарыз-Серік арқылы алғынған машина-сайманды, бұқа

мен қошқарды көрген соң артель туралы жұрт пікірі екіге жарылды. Бірен-сарандары:

— Осыған біз де жазылсақ қайтеді? — дед толқыды. Бұларды:

— Қоя түр, байқайық. Енді не болар екен? — дейтін тежегіштер де табылды.

Бұл сияқты толқушылар мен тежегіштер саны күн санап молая берді де, ал, егістік жер мен жайылымның шұрайлысын уысынан шығармай келгендер шоғыры үркердей бөлініп, іштей жиырыла түсті...

4

Көктем келді! Фажайып шақ!

Жер босап, қар еріп жатыр. Қыр ала шабыр тартты. Сусылдақ үйректер күнітүні көкті тілгілеп, жаздың бүйдасын жетектеп, жүйткіп жүр. Жыламсырап ағып, сайларға су да құйыла бастады.

Қыр да, ой да тебіреніп, аяғын күн санап шірене түседі.

Өзгеше бір қауырт қимылдың нышаны көзге елестейді. Өкпек жел есіп, жұмсақ қоңыр ала бұлттарды аспанның о шеті мен бұшетіне айдайды. Сай қабағындағы қар лықсып, жентектеліп, сағат санап мұжіліп барады.

Айнала мәз-мейрам. Жұрт үйге кіруді білмейді. Жазға мәз!

Терезенің алдына шығып алып, бала біткен күнге көзін сыйғрайта қарайды. Ұшқан үйректі санап, шұбырып үй төбесіне шығады. Бұлар көктемге екі есе мәз!

Сиыр бұзаулап, қой қоздап жатыр... Элсін-әлсін аспан сұрланып та қояды. Дөң басы одан әрі қоңырая түседі. Кешікпей ойтаң жер көгілдір суға шомылды, қырат басы көгеріс тартты.

Қызыл құмақ артелі сақадай-сай. Өзара күбір-күбір өңгіме-дүкен құрды:

— Үш соқаны қатар салсақ, құмақтан арғы селеулі жазықты тегіс тілсек! — дейді.

— Эттең көлік жетіңкіремейді... Ізінше тырманы да қоса жүргізу керек. Бұған тағы да екі-үш ат болса?..

— Шіркін, десейші! Сиыр жегіп не өндірерсің...

— Саспаңдар, ағайындар, Асан мен Сүлеймен уәдесін берді: «біз де кіреміз» деп. Енди ана Құлыштың Тапалы мен Байдосын тарту керек артельге. Сіздер сөйлесіңіз, бір табан жақынсыз гой. Құбаш ишан мен Өрекенің өгізін цоб-цобағанша» бізге қосылсын, — деді Темір Өтеулі мен Өтекешке дем беріп.

— Ойбай-ау, Теміржан-ау, Асан мен Сүлейменнің уәдесін бергенін бізге неге айтпадың, сүр қылайын дедің бе?! Ту-у,

өзінде қызық жігітсің. Бәрін бабына келтіріп болып, сонан кейін барып айтасың. Атандай екі ат, нардай екі жігіт қосылды десейші! — деп еді Өтеулі қуаныш, ал, Өтекеш:

— Мен Құлыштың екі баласына Атапкелдің екі баласын қоса және Мерғалиды да қосып алайын. Бізге қосылмағанды олар не бітіреді, — деп жедірте жөнеліп еді, бірақ Темір оны тоқтатып қойды.

— Өтекеш, сен тым құлашты кеңге жайып жібердің. Әзірге сол айтқан Тапал мен Байдосты икемдейік. Әңгіме қолдағы осы бар құралмен құмақты дұрыстап жыртып, түқымды жақсылап сеуіп, жақсылап тырмалап, соңсоң шыққан астықты жинап алсақ болды. Жерге, құралға қолы жетпей отырған кедей-батырақ, артельдің тиімді екенін көріп өзі арыз береді, — деді.

— Осы дұрыс, — деді Өтеулі. — Теміржан біледі. Бәрінің ретін біледі.

Қызу мінезді, тез қимылды Өтекеш бұған да қол қойып:

— Дұрыс болса не тұрыс бар, онда Өтеулі, біз кеттік. Біз айтқаннан кейін Құлышовтар қайда барушы еді, екеуін де кіргіземіз артельге. Темір мұны басындағы бәркіндей біл, — деді. Сөйтіп, бұл екеуі ағайындарын көндіруге кетті.

Артельшілердің асыға күткен егіс күні де келіп жетті.

Жарқыраған жап-жаңа үш темір сабан, тырма қатар тіркесіп, Қызыл құмақтың қолармалы май сауырына азуын да басты. Қособаның екі жақ жонын бірдей қамтып, Дуана беттегі селеулі жазықты тұтас жырту үшін үш күннен бері өлшеп-пішіп, Темір тыным таппап еді. Енді бүгін өзі бас болып, алдыңғы соқаны қабыргалап, Бекеймен бірге қосыла айдастып жүр.

Ұстарадай болат түрен қылыштың тілген ізімен қара жерді бауырдай төңкеріш барады. Боразда үстіне боразда сұлап, үш сабаның жолы кере құлаш жосылып қала береді.

Не қызық — жаңа қоныс қызық. Жаңа жайлауга жаңадан ірге тебу ала-бөле шатты. Ал, көптен бері ұмтылған жаңа жер, жаңа егіс, жаңа сабанның бастапқы желі кішкене артельді тұтасымен аяғынан тік тұрғызды — бірінші күні тайлыш-таяғы қалмай бәрі қырға шыққан-ды. Ат басын кезек жетектеп, сабан құйрығын таласып ұстап, кешке дейін Қособаның бауырынан кетпеген еді. Бұл қарқын, бұл қимыл бәсенде mesten өлденеше күнге созылды.

Көп жер тілінді. Тілінген жер топырағы қурамай түқым себіліп, тырмаланып та жатты. Үңта-жігерді үдегті. Жігер шаттыққа бөлей бастады.

Қызыл құмақ сонымен бірге кейбіреудердің ішін үдай ашытты. Әсіресе, бұл құнарлы жерге өзгенің соқасын тигізбекен. Құбаш ишан мен Тентек қажы және Сартай атқамінер үйінде отыра алмады.

— Не жаңалық бар... Не болып жатыр? — деп, күндегі әдетінше Тентек қажы қабағын түйді.

Жалпы жұрт ісіне, мінезіне қарай Тентек қажы деп кеткен Орекенің сұрайтын жаңалығы, көбінесе, артель туралы екенін айтпай-ақ билетін Сартай:

— Не болушы еді, Қажеке, бәрі де болып жатыр: өкімет маңдайынан сипап — міне қаржы, міне құрал-сайман, міне жер, міне су, міне билік — десе, не істемейді, бәрін де істеп жатыр. Қособаның батыс бетін, кәдімгі Құбекең ишанның Қара мектебіне дейін тіліп тастаған. Күні-түні сол жердің басында баласы да, шағасы да. Тырмалап та жатыр. Ең кемі отыз десе жерге түқым себеді-ау деймін. Сонда отыз деседен жүз елу пүттан астық алса, келесі жылы келіп мына сіздің қайын жұртыңызды да тілгілеп жүрмесін... — деп, Тентек қажыны қыжыртып қойды.

Тілін жиып көрмеген қажы тентектігіне басып:

— Ана сары сопақ ишан не бітіріп отыр. Құдайына сеніп отыр ма? — деді.

— Кім біледі?.. — деген екіұшты жауап қайтарды да Сартай, — Қажеке, мен ишанға жолығатын едім... асығыс едім... — деп, жылжып жүре берді.

6

Қабағын қарыс жауып, сабаудай ұзын кірпіктері көзін бүркеп, сырлы асатаяғына сүйеніп, Құбаш ишан төрт терезелі қарағай үйінен шыға келгенде, күн ұясына еніп бара жатыр еді. Батқан күннің жоғарыдағы бұлтқа шашылған сары ала сәулесі кей кезде көңілді сергітпейді, ол шашырап атқан ертеңгі шапақтай емес, әлде осы бейуақ себеп болды ма, әйтеуір есік алдындағы орындық-тасқа отырған ишанның жүзі солғын еді. Ол төмен қарап көзін жұмды. Ойға шомрандай қимылсыз қалды. Не көп — ой көп. Ойға оралмайтын нәрсе аз. Ишанның көңіліне кешегі мен бүгінгі нәрселер тұс-тұсынан жамырап, көз алдына көре бастаған суреттер тізіле қалды. Алдымен, артельдің үбір-шұбір жиыны, әлденеге жанталаса ұмтылған ерекше қимылы, Бе-

кей мен Асанның күбірлесіп әңгімелескені, кепкесін көзіне түсіре киіп, Темірдің ен-телей басып аяңдағаны келді. Әлдекімнің ат жеккені елестеді. Сонсоң, қырга қарай шұбаған көліктің, адамның, сабанның, тырманың... атам заманнан бөтен ешкімнің қолы тимеген, аяғы баспаған құмақтың тілінген сауыры бұлдырады... Ишан селк етті, жүрегі тітіреп, денесі түршігіп кетті. Мезет, безгек жаңдай қалшылдаپ кеткенін өзі де байқамай қалды. Аздан кейін: «Астағыпрыралла, алғаязы белла! Фәни... Бәрі жалған! Бәрі өткінші! Бәрі алдамышы!..» — деп күбірледі.

Ол төмен қарап ұзақ отырды. Бір кез ой толқытқан жан-жүйесі қайтадан қалпына түскендей болды. Ишан енді басын жоғары көтеріп, жан-жағына көз тастады. Бәрі орнында, бәрі қаз-қалпында. Кешкі әлем ішінен тынып тұрғандай. Садағы ендең кеткен судың лықсып, жарға соққан дыбысы құлаққа шалынады. Алысырақтағы ызықиқы, көлді басына көтерген құс шұылды да ап-айқын. Рақат дүниесі!

Кенет кешкі сиырдың мөніреп-аңырап, оны қарсылаган әйелдердің «ау-хауы», иттің үргені, балалардың шулағаны ишанның са-бырлы қалпын тағы да бұзып кетті. Ол елегізе түсті. Мұның үстіне қара кемпірдің жалғыз

сиырын айдал бара жатқаны көзіне ілікті де ойына тағы да артель, Темір, қосшы... құмақ... егіс... тізілді... Осының бәрі сүйреп келе жатқандай, кәдімгі алшақ мүйіз, өукесі жер сыйған, көзі қып-қызыл қөлбауыр бұқа денінен өте берді де «не істеп отырмын?» дегендей, мойынын жайлап бұрып тұра қалды. Тұра қалды да «зәре-құтыңды бір ұшырайын» дегендей жалма-жан ашалы темірдей тұяқтарымен кезек шенгелде, топырақты Құбаш ишанның нақ алдына шашып-шашып жіберді. Ишан орнынан ұшып түрегелді. Бұқа көздің қызылын молайта түсіп, оның «ниетін аңдыды».

Ишан асатаяғын ала ұмтылды. Бұқа күжірейе түсіп айбатын қүшетті. Ишан еріксіз қысқан ыза мен наразылықтың тізгінін тежей алмай қалды: асатаяқ бұқаға белдемеден сарт етті! Ал, ашудың қолға аударған оқыс күші асаға түсті – сандалдай белдемеге кездесіп, таяқ ортан белінен үзіліп, шырқырап басы аспанға шығып кетті...

«Малғұн!» – деді ишан. Өзі шоқ етіп отыра кетті. Асамен бірге бастан бақыт құсы да қосыла ұшқандай. Екі көзі сынған таяқтың қолда қалған тұқылында. Бақырайған күйі ес те жоқ, түс те жоқ. Ойда тек киелі таяқ. Оның сан қылыш қасиеттері. Көз алдында буалдыр суреттер... Елестер...

...Бұхардың қайнаған қазандай, асты-үстіне шығып жатқан ығы-жығы өмірі. Жәрменкедей қаласы. Көкке қол созған кек күмбезді қос мешіт. Айшықты найза мұнара. Қасындағы діни медресенің төңірегіндегі сапырылысқан жандар. Инеліктей қатқан қатпа шәкірттер. Осылардың арасынан айлар, жылдар бойы бет-бедері қарсы алдынан кетпеген Сейт Ахмет әулие бөлініп шығып, өзгермеген пішінде, жетіп келгенге ұсады... Ұзын сақалы кеудесіне түскен күйі, мұртын таңқита қырған, ұзын жақты етсіздеу бетте баяғы үлкен мұрын, арық қоспақтың өркешіндей, оң жағына қисайып тұр... Тұрі де өзгермеген. Тіпті ұні де...

— Шырағым, Тұбек елінен келдің... Хақ жол іздедің-ң... Сол мақсатыңа жеттің-ң... Міне, Куәлік Нәме. Міне, Faca! Ізгілер ұстаган Faca! Берік тұт-т!.. — дегенде, мұқамдап сөз аяғын қадаған ұніне дейін мұлтіксіз естілгендей болып кетті...

...Содан кейін... Бұхарадан оқып шыққан, әулие қолын алған, ишандық дәрежеге ие болған, атақты Құбаш Халайық салған Мешітке Имам, Медресеге Бас Ұстаз! Хұтбасы Құрандай Имам! Уағызы имандай үйтқы! Үлкені бас иіп, кішісі тізе бүгіп сөлем берген Имам! Жер. Су. Бақ. Дәulet... Бәрі, Бәрі...

— Құбеке, Имам! — деді біреу арт жағынан.

Имам селк етті.

— Сартаймысың-ң?

— Иә, Имам. Нұрсұлтанға сәлеміңіз табыс етілді.

— Ім-м. Табыс-с...

Ишан сөзін аяқтамай асығыс түрде қаза қалған екіндісін өтемекке намазханасына кіріп кетті.

7

Желсіз, тымырсық жазғы түн. Жұрт тегіс үйқыға кеткен шақ. Айнала тыптыныш. Тек қана Аңқатының кемерлеген сүы лықсып, жарға соққан дыбысы ғана есітіледі. Жағаны алыстан көмкеріп, жынысты, қапырық, қалың көк жыңғыл қарауытып қабағын түйе түскендей. Бейуақытта кенет үрген желмен қозғалып, басын сілкіп-сілкіп қалған қара бураның шудалы келбетіндей сұсты, адамның зәре-құтын қашыралық. Жағаның бұл түкті қабағын бетке ұстап, ішінде қара ниетті әлдекім отырса да жан байқар емес.

Оқта-текте бүтін аймақты солқылдатып өүпілдек күмпілдейді, оған жарлы жағаның әлдеқайдағы жары дем беріп, дүңкілін зорайта түседі.

Сол ит мұрыны өткісіз қара барақ, биіктігі ат жалын шаларлық ну жыңғылдың арасына, қораға шабатын қасқырдай, бір адам қас қарай жетіп бүкән-ды. Көкжал бөрінің соңына ерген серіктеріндегі оның жанында да «атқосшылары» бар еді. Ежелден тұн жамылған жандардың кәсібі белгілі: алып кету, айдалап кету, ұрып кету...

Бастығы: қыр мұрын, қос танауды құсырыла түскен. Екі ұртында оймақтай еті жоқ дерлік жағы суалып қалған. Өзі еңгезердей. Өні қара қоңыр. Көзі ұясына жасырынып тұрғандай...

Жағадан қыратқа қарай созылған тар түбекті жалғызаяқ жол жарып жатыр. Ол жолдың ұшы биіктегі ауылға тірелген. Бүкәндардың бастығы биіктегі тұрған биік үйдің терезесінен көзін алмай отыр еді... алыстағы шамның сөніп қалып, қайтадан жанғанын көзі шалып ол:

— Жігіттер, жиналындар! — деді тұншық-қандау қоңыр ұнмен.

Жігіттері күбір-күбір етті де, су сепкендей ұнсіз қалды. Жым-жырт. Жалғыз-ақ Торытебелдің тыптырышып, жер тарпығаны құлаққа шалынады. Еңкектеу келген ұзын иесі тыптырышыған аттың құлағын, көзін сипайды. Ат тынып, құлағын ғана қайшылайды. Иесі демін ішке тартса, ол да солай еткен-

дей. Қояндай жалтарып, жықпыл жыраға соқпай, тақыммен бұрылып, таласа сілтейін деп тұрған сияқты.

Ұзын адамның аяғы үзеңгіге, етегі ерге тиер-тиместе Торытөбел жел үрлеген үкідегі үшты...

Шырт ұйқыда жатқан Темірдің денесін сүйк шымырлатқандай, тұла бойы түршігіп бара жатты. Ол бетін бір жыбырлатты да кеудесін қозғады. Үстін мың батпан қара тас басып жатқан сияқты жаншып, езіп, қозғалтпайды. Зіл дene олай-бұлай қозғаса да бір қырына аударылып түсуге ырық бермеді. Көңілі ояу, көзі жұмұлы, бейне бір ың-жың жәрмеңкенің ортасынан шыға алмай жүрген сияқты. Тұла бойы жиырылғанда бесіктей балтыр еті бұлтиып, бұлшықтары ойнап кетеді. Ұзақ булығып жатып, бір кез ол аяғын серпіп-серпіп жіберді. Көзін зорға ашты. Үйдің іші тастай түнек. Қараңғыда жан-жағына қармана түсіп, орнынан түрегелді. Аяғын баса бергенде құлағына әлдеқайдағы тасыр-тұсыр шапқан аттың дүрсілі естілді.

Оны оятып жіберген де осы дүрсіл-дүбір еді. Өні екенін де, түсі екенін де әбден айыра алған жоқ, сонда да есікке қарай жүгірді. Шамамен жетіш екпінмен иықтап қалғанда, тас қылып сыртынан тіреп кет-

кен есік селк еткен де жоқ, қайта өзін кері серпіп итеріп қалғандай болды.

Бір бәленің болғанын Темір ешкім айтпай-ақ сезді. Оның көзіне түк нәрсе көрінбей өні бозарып кетті. Денесі көйлегіне сыймай тұксиген қалпы, безгек жандай, тісіне-тісі сақ-сақ ете қалды. Ол қошқарша кері шегініп, пәрменмен иықтай соққанда үйдің жары «солқ» етті. Жақтауымен бірге опырылып шалқасынан құлаған есіктен әрі етбеттей, екпінімен өзі де ұшып тұсті. Аздан кейін ол сүріне-жығыла, қарасы үзіліп кеткеңдердің алыстағы көмескі дыбысы шыққан жаққа қарай жүгірді. Бірақ, дүрсіл алыста екенін, бұл және оп-оңай жеткізе қоймайтын аттылы адамдар екенін Темір сәл кейін түсінді... Басқа ұрган балықтай тұра қалды. Сөйтті де кейін қарай ұшты. Аулаға кірді... Қолдағы өзі мініп жүрген Қарагер жоқ... Шылбырмен шандып байлаған қақпа ашық, шалқасынан жатыр... шылбыр шорт кесілген. Қасындағы Бекейдің ауласы да тап сондай... Торышолақ та қолды болған...

— Нұрсұлтан!.. Әттең, сенімен бір айқассам! — деді Темір тістеніп.

Шөккен нардай көлбеп жатқан жота-жота Көктау, асусыз асқар болмаса да, даланың жалпақ жазығында тау атагына ие. Оның да өзіне сай құз-қиялары, жықпышыралары, қойнаулары, асулары, жылап ақдан бұлақтары бар. Бетін күн, желкесін жел кемірген қотыр тастары айқара құшақтасып жатады. Таудың арқа беті тіптік қия. Құлама. Күңгейі – жайпақ еңку. Еңку төмендеп барып шұңқырлы ойпатқа айналып кетеді. Шығыс беті сілемденіп, құмақты, шағылды, көз жетпейтін жазыққа ұласып жатыр.

Көктаудың жықпышыл-жықпышын сүзіп, бірнеше қыраттарынан асып, енді келесі дөңеске бет қойып жүріп келе жатқан он шақты адамның алдында Темір бар еді. Оның қабагы қату, жүзі түксие түскен, өзгеше ызғарлы. Тау мен дөңестің екі арасындағы үлкен ойпаттың іші жықпышыл-жықпышыра, бірімен-бірі жалғасып жатқан қотанның аумағындаі көп шұңқыр. Ішіне түссе адам адасарлық жынның ойнағы сияқты шытырман шұңқыр. Мың шұңқыр.

— Дәуде болсаң осының ішінде жатырсыңғой, — деді Темір ерні жыбырлап, айналара көз жіберіп келе жатып.

Бұл болжал орынды да еді. Сол жылдары Ордадан Гурьевке дейін, Гурьевтен Оралға дейін өрлең, кейін серпіп, Ойыл мен Қылдан әрі Маңқыстау түбегіне баспаналап шарлап жүрген Ергали мен Құныскерейдегі болмаса да тұн жамылып келіп ат алып, оңаша өрістен мал қуып кетуші ауыл арасының қарақшылары да мол болатын. Бұлардың барап жері мен басар тауы да жақын төңірек – күндіз ой-шұқырда бұғып, түнде торитыны ауыл маңы ғана...

Келе жатқандардың алды жылан қырқа. Темірдің есіл-дерті қырқаның арғы бауырына түсу. «Сөз жоқ осы қырқаның астындағы көп қуыстың бірінде!» – дейді ол ішінен. Тіпті оның көз алдына Нұрсұлтанның ал-памсадай ажарсыз бет-сиқы елестеп те кетеді. «Әттең бір...» – деп, қырқаға жеткенше асығып, атын тебініп қалады.

Күн батуға таяу тұр. Таудың көрі қабағы батар күннің қызыл шапағына шомып, қыртыс-тыртысы жазыла түскеңдей. Эскер алқымдап жылан қырқаға да таянды. Эскер деген аты ғана – небәрі он екі-ақ адам. Олар: Қызыл құмақтың Темірі, Асан және Қажи-Ахмет. Соңсоң аудандық милиция бөлімінің үш қызметкері, ГПУ-ден бір жігіт, қалғаны аудандық комсомол комитеті қосқан жастар-ды. Бәрі де қару-жарақты.

Ұзамай, жылан қырқаның басынан бір адам қараң ете түсіп, жоқ болды.

Жалма-жан Темір де, басқалары да аттарын матай салып, бір жұлгені қуалай қырқаның үстіне қарай бет қойды. Құс ататын мергендерше бүкшендең, тұс-тұсынан тырмысып, қырқаның жалына жармасты.

Кепкасын қалтасына тығып, наганын қолға жалаң ұстап, жұрттан бұрын Темір ілгері ентелей берді. Ол алдындағы қауіп-қатерді елемеді. Бар ойы аттардың айналасында. Сатып көзін жоғалтып жіберсе не болмақ? Атсыз, көліксіз не іstemек? Біреуді екі ете алмай жүргенде... Егін алтын шашақтанып қалған. Енді бір жұмада басын тегіс иерлік...

...Аяғының астындағы қос шұңқырдан мылтық «гұрс» етті. Кейінде қалған тау да оны жаңғырығымен қостағандай. Алдында жатқан қоңыр-қоңыр көк тасты бетіне ұстай Темір жата қалып еді, екінші атқан оқ бұл теңкиген өлік тастың шекесін жалап «шың» еткізді, өзі әлдеқайда жоғары серішкендей болды. Өзін көздегенін сезіп, Темір қара жерді қапсыра құшақтай алды. Біраз жатты. Мылтық дауысы да толастады.

Енді бұлардың кейінгілері қырқаға иек сүйей бергенде тарста-тұрс... Төңіректі көк тұтін құшақташ, айнала тұманданып жүре

берді. Бұққандар шұңқырдан, келгендер қырқа жиектен тәуекел атады. Келгендер қанша? Бұққандар нешеу? Екі жаққа да жұмбақ. Бұрқ еткен түтін мен тарс еткен мылтық даусын ғана санаута боларлық. Мұны да есепке алған жан жоқ. Бірнеше минуттан кейін мағынасыз атыс кілт үзілді. Аңдысу. Іштен тыну. Аздан соң:

— Ал, атқылаңдар! — деп айқалады да, Темір түтін тұманы молайған кезде қырқаның басынан тастаған кесектей, төмендегі шұңқырға сұңғіп кетті. Алдында алмас құрулы тұрса да тоқтар емес...

Наганының құлағы қайырулы, сары ожаудың сабындағы қос шұңқырмен жалғасып жатқан жалғызаяқ жыра-жұлгемен жүгіріп келіп, Темір қарсы алдынан кездескен бір шоқ жусанның түбіне құлай кетті. Бұл қос шұңқырдың кіреберіс босағасы еді. Бұғып жатып дем алды. Жасырынған жауының қай жерде, қалай атып тұрғанын байқады.

Апан екеу, бірақ екі арасы кетік – бірімен-бірі жалғасып жатыр. Үлкендеуінің кендігі қой қорасындағы, терендігі – кісі бойы бар. Шығар жер Темір жатқан жүлге сияқты. Кең шұңқырдың төрінен бұл екі ара едәуір жер – жиырма-отыз саржандай. Шоғыр жусанды панаған Темір үйрек алар қаршығадай-ақ қомданып отыр. Шоқ жусаннан сығалап қарап, қай жерде қандай адам

барын бақылайды. Кейіндегілерге «Тоқтата тұрындар!» деуге де шама келер емес. Үсті-үстіне атыс. Мылтық күрсіліне төбе тулас, тас жылап жатқандай. Еңбектеп жылжып, ол үлкен апанның нақ жиегіне жетті. Бұққан үстіне бұға түсті: не бәрі екі бұрышта екі-ақ адам, бейне бір қақпанға түскен сияқты, бұрыштан-бұрышқа бүктетіле жүгіріп, зыр қағып жүр. Бір бұрыштан атып қалып, екіншіге бүкшендейді...

— Ә, түсіндім құлығынды! Сырттағылар: көп екен, айнала атып жатыр! — десіннің айласы. Қарай көр, — деп, ол ішінен құліп жіберді. — Тоқтай тұр, бәлем. Енді қайда құтылар екенсің! Керек болса: екеуіңе екі-ақ оқ! Бірақ, тірілей ұстау қажет.

Көз үйрене келе аралары аса жақын сияқтанды. Бөліп, көз таса етіп тұрган шымылдық — бір ғана қу шөке. «Осының өзі анық Нұрсұлтан ба?» — деп қадала қарайды. Сол. Кәдімгі алпамсадай ажарсыз Нұрсұлтан. Бет-ауызы ап-айқын көрініп тұр: мұрны, иегі... Өндіршегі сорайып, көйлегінің жағасынан бір қарыс шыққан.

«Бұрын жұрт: Нұрсұлтан өмірінде сас-пайды деуші еді, бұл жолы не болған? Зыр қағып, жүгіріп жүр. Оқта-текте мен жаққа жалтақ-жұлтақ қарайды, сыйтылып шығар жерін көздегендей!» — дейді Темір ерні жыбырлад.

Уақыт жылжып, айнала қара көлеңке тарта бастады. Темір бұққан күйі, шөкеден сығалап, екеуінен көзін айырмайды. Шұңқырдың қақ ортасында қоқыр-соқыр болып үйлген киім-кешек. Кезек-кезек келіп содан екеуді оқ алады. Бар қаруы: қолдарындағы екі шолақ мылтық пен оқ алар жерде жатқан қылыш болуы керек. Қасындағысын Темір тани алмады, бұрын-сонды көрмеген адамы. Серігі кім болса ол болсын, оның аңдығаны тек қана Нұрсұлтан. Орнынан қозғалмайды, наганының құлағы қайырулы, қит етсе шап беруге дайын жатыр.

Бір кездे қасындағы шақпақ қара жігіт Темірге қарай жүгіріп келе жатты, бірақ мылтығы кезеулі емес, ауызы екінші жаққа бұрулы. Атып салмақ боп Темір наганының шаппасына қолын жылжытты. Сүк қолы шаппаға барып та қалды. Кенет: «маған келе жатқан жоқ қой» деген ой кілт тоқтатып тастады. Ал, шақпақ қара мылтығын көлденең ұстаған күйі, шұңқырдың жиегіне жармасқан еді. Ол басын жоғары қылтитып, айнала үңілді. «Осы құрғыр айласын асырып атып жіберер» деп, Темір бұрын қимылдау үшін наганын дөптең, қарақшы қарадан кірпік қақпай көзін айырмады. «Бұл не қарап түр?» деп

ол қарақшының үңілген жағына көз тастап еді – бір нәрсе қараң етіп қайта жоқ болды. Шақпақ, қара солай қарай мылтықты бір басып қалды да, екінші қайтып оқ шығармады, бұрылып әрі жылжыды.

Шаппадан қолын кері тартып ол «Уф!» – деді. Жаны жаңа ғана жай тапқандай, аударылып шалқасынан жатты. Желкесімен жер сүзе, енді жауын төбесімен қарап, шалқалап аңдыды. Шірене түсті. Денесін жазды. Ұзақ уақыт етбеттеп жатып құрысқан бойын қалпына келтіргендей болды.

Қадау-қадау атыс ұзаққа созылды. Қараңғы түсे бастады. Темір енді аударылып, шынтақтап жатып аңдыды. Кейінгі адамдарының қай шұңқырда жатқанын ол анықтай алмады. Таудың түні тұнжыр түн ғой. Қалай атысты екен? Не анықтау керек, не алу керек сияқты. Жазғы қысқа таң атып қалуға да таяу. Бірте-бірте жұлдыздар сирей бастаған да сияқты.

Аздан кейін торғай шыр етті. Тау қойыны таң алдындағы үйқыға кеткендей тып-тыныш. Темірдің көзі Нұрсұлтанның ербелендеғен қимылында. Ол бір тұрып, бір отырады. Қасындағысы шұңқырдың жиегіне жабысып тұр. Үнсіз. Сәлден кейін Нұрсұлтан винтовкасын жерге бір ұрды да қасындағыға:

— Неше оғың қалды? — деді.

Анау сұқ қолын шошайтты. Темір ішінен: «Е-е» деді.

Екеуі жалма-жан жиналып киімдерін кие бастаған сияқты...

Қашуға айналғанын сезіп Темірдің жүрегі алыш үшіп, беті дуылдаپ, еті шіміркеніш кетті. Екінші минутте оның тұла бойы күйіп бара жатқандай болды...

Екеуі шұңқырдың жылан қырқа жақ жиегінен басын қылтитып бір қарап алды да тура Темірге қарай жүгірді. Бұл нақ босағада тұрып тап беретін тарғыл мысықша жиырыла қалды, наганының аузын туралады...

«Екеуі болмас... Біреуін... Нұрсұлтан-ды...» — деген ой жалт еткендей болды. Және: — Жә бұлар... Жә мен...

Өлім аузын арандай ашып тұрғандай. Толғануға шақат жоқ. Сұқ қол наган шаппасына жабысып қалды. Мылтық даусы жерді солқ еткізгендей болды. Орнынан үшіп тұрып, түйдегі жазыла түскен көк түтіннің астынан Темір құлаған жолдасының беліндегі наганға жармасып жатқан Нұрсұлтанды көрді. Сол арада алас ұрған ой: «Нұрсұлтан — Құныскерейден қалыспайтын мергеннің бірі» деген жүрттың лақабын көлденендеңді. Жан үшырғандай ол қарғып барып, ба-

сын көтере берген Нұрсұлтанды құлаштап соғып сарт еткізді, жұдырық шекеден тиңді. Екінші рет соққаңда ол етбеттеп қалды да Темір басына қона түсті. Қорылдағандай бір дыбыс беріп жатқан шақпақ қараның нaganына жармасқан Нұрсұлтан қолы қарусыз бос көрінді. Бос қалған қолмен жер тіреп ол үстіндегі Темірді бөрік құрлы көрместен көтере түрегелді. Екеуі шап берісті. Неге екені белгісіз, қолы тиген сәтте ол жас жігітті аспандата көтеріп, үршықша үйіріп ала жөнелді. Көтеріп жерге ұрап әдіске қарсы амал үйіргенде, тақымын тас қылып жиырып алды да, анау енді тастай бергенде Темір жазып қалған аяғымен жерге дік етті. Құламады да, қолын да жазбады. Ол жалма-жан «Ап!» деп, көре көзге алқынып қалған Нұрсұлтанның белінен қапсыра құшақтап, «ендігі кезек менікі» деген адамша үйіре бастады. Бірақ, қарақшының ирелендерген ұзын тірсектері жерден көтеріlmей, аяғының ұшы тырманың тісіндей жерді сыйдырып, айналасы бір жарым саржандай шеңбер сзып тастады. Темір екшеп-екшеп алыш көтере берді және басы айналғанша үйіре берді. Сонсоң бөксесі бұландаپ жоғарылай бергенде қарсы үйіріп шалқасынан жерге тарс ұрды. Дұшпан сұлық қалды. Сәл ентігін басып, есін жинаған Темір арт жаққа қарап:

— Асан! — деп айқай салды.

Бұл ертеңгі дауыс екі есе үдеп шығып, сол маңдағы төбе-төбені қуалай, тас біткенді жаңғырықтырып өтті.

Жер астынан шыға келгендей шұңқыраға қарғып түскен Асан:

— Ант ұргандардың екеуін де сылқитып салғансың ба? — деді.

Ол ойында ештеме жоқ, сұлап жатқан екі адамға кезек қарап басын шайқады, асықпастан шақшасын суырды.

— Асеке, тойға келдің бе, соншама! — деп, Темір оның жайбасарлығына ренжіп:

— Тез! Тез! Мә белбеу! Байлаңыз ананың қолын! — деді.

— Е, байламағанда! Қазір. Мына үйқы ашарды иіскең алайын...

Асан мен Темір Нұрсұлтанның екі қолын тас байлап бола бергенде, жылан қырқаның астынан аңдып атқылаған кейіндегілері де келіп қалып еді.

Қаруларын алып, үсті-басын мұқияттап тінткен жігіттер Нұрсұлтанның қалтасынан алақандай ақ қағаз тапты. Онда: «Бұл діннен безгендерге не істесең де күнә емес — дейді Құбекен. Жарықтық, Ишан біледі ғой...» Қысқа сөз. Арапша жазылған. Қол да жоқ, таңба да жоқ. Біріне-бірі қараған жігіттерге:

— Бәрі белгілі ғой, — деді бастап жүрген аудан қызметкери.

Басқалары бас изесті.

Екі қолы байлаулы Нұрсұлтанды жеткеп, Асан ыңырысып «Әлеуләйіна» салып келеді.

Ендігі бұлардың маңдай алды: «Кәміл сонда!» деген, көп шұңқырдың әрегіректегісі. Ол шұңқыр бес-алты ат түгіл, бір үйір жылқыны да көзден таса етерлік. Мұны Асан жақсы біледі.

1933 жыл

ЖАД

Кеше ғана. Күні кеше.

Орман уілі әлі құлақта тұр. Қалың ағашты қақ жарып сырғып жатқан Чулым сыбдыры да ап-айқын естіледі. Тіпті қабагы жазылмайтын сол бір жердің қоңыр күні де көз алдында: аспаны сұр, жері ылғал – дымқылға бөккен ну қапырық зілдей бол иығыңан басып тұргандай. Мұның бәрінен де аяулы жардың мұнды жүзі көзге айқынырақ елестейді. «Қасіret бұлты бір адам басына неге төне береді» дегізеді...

О бір кезде: бес мұғалім бір күні, бір сағатта мектебімізben қоштасып қалдық. Олардың бірі – ағылшын тілінің профессоры, бірі – физика доценті, бірі – ботаник, бірі – география мұғалімі, бесіншісі мен едім. «Бәсе!» дедік те қойдық. Арғы жағы белгілі ғой. Бесеуміздің ендігі көз тігетініміз тек дәрігерлер мен инженерлер. Олар қайда жүрсе де «өлмейтін» жұмысын істеумен келеді. Күндемесек те ішімізден: «Шіркінай!» деп қоямыз. Ондағымыз «өзінен-өзі үріккен заманда ұстаздық қой нысананаға алдымен ілігетін» – дегендік.

Ит тұмсығы өтпейтін Тайга төріндегі аядай ауданда бос жұру қандай қиын. Өзінді қайда қоярға білмейсің. «Жер бетіне сыймайсың». Бесенеден белгілі адамсың, бала екеш балада: «Анау!» дегендей қолын

шошайтады бізге қарап. Мұндайда: суға кеткен тал қармар – уақытты ұттыратын тек қармақ. Дүниеде қармақ салудан асқан рақат не бар! Жан-жүйеңнің тынысы тарылмайтын жер жалғыз-ақ өзен жағасы. Оның үстіне түбіндегі қиыршығы көрініп жататын тап-таза ағын су болса! Ондай судың балығы да өзгеше келеді: сұлудың қасындағы қиылған қара көз бен сызылған қызыл қанат үйір-үйірімен жосып бара жатады, тастаған қармақты қалай қауып кеткенін байқамай да қаласың! Ал ағынға қарсы жүріп барып, ойнаққа кері сырғанаған шоқыра қандай жақсы, керме қармақтың қойдан қоңыр жемі ғой! Жем демекші, шұқыған жерінен шұбатылып шығатын қызыл құртты шашып жіберіп, тал құрыққа таққан қармағынды қадағалайсың да тұрасың. Ешкімнің сенде, сениң ешкімде шаруаң жоқ. Тек қалтқың қылт етсе қозғаласың. Бірақ қабағынды шыттайсың. Жүзіңе сәби шырай жүгіреді, екі көзің тоңқалаң асып қайта шығып, су бетімен жорғалай жылжыған қалтқыда! Өмір тауқыметі ойдан шығып кетеді. Рақат! Қармақ салған – рақат! «Иә» балық қаба ма?» деген таныс дауыс қана жалт қаратады. Бұл, көбінесе ауруханадан үйге қайтар алдында, іргедегі су жағасын бір торып кететін дәрігер жолдасың болып шығады.

Бұгін де:

- Жетер енді, шаршадың ғой, — деген сол екен.
- Сабыр ет, үндеңе, — дедім мен оған, қалтқыдан көзімді алмастан. — Шабайын деп тұр...
- Сенің инженеріңе кіріп шығайық.
- Иә, онда не бар?
- Бейшара! «Сізді ауруханаға саламын» деп едім, ол: «София Яхиевна, бірер күн сабыр етіңіз, бұгін әйелім келмекші еді, — деді. Әйелінің келгеніне құтты болсын айтып шығайық.

Мойнымды енді ғана бұрдым — әйелім жүзінде әлдекімді мұсіркеген аяныш шырай байқалды.

— Жақсы, кіріп шығайық. Бәрібір, күн ақ жауындағып тұр: Бұгін балық та сел соқ.

Өзеннің сол жағасына анталай өскен қалың талдың танымалы түбіне қармағымды тасалай салдым да, әйеліме еріп жүре бердім. Бірақ инженердің үйіне жеткенше ауызға елеулі өңгіме түсе қоймады, сірә, дәрігер инженердің сырқатын сөз еткісі келмеген шығар. Ал мен оның алыстағы жары келу қарсаңында ауыр дертке душар болғанына налыдым — әлденеге көңілім үйтқып, небір жаман ойларға кете бердім. Бір кез Михайл

Ивановичтің (инженердің аты осындай еді) бірінші кездескен күннен бастап айтқан сөздерін ойыма түсірдім. Сол күндегі бет әлібін көз алдыма келтіруге тырыстым. Өнін, жүрісін, міnezін талдадым. Бұрын Красноярскіде кездескенбіз. Бәріміз бір ауданға жөнелткен топтың ішінде кеткенбіз. Ондағы екеудің орысы – Михаил Иванович еді де, қазағы – Ақтөбенің Жұмағалиы еді: Кәдімгі Жұмекең шал. Жұмекең сыйдырым сақалды арық адам да, Михаил Иванович жұқа өнді, қызыл шырайлы. Көзге түсетін баскейіптерінің бірі: екі көзі ұясынан шығып кетердей, сыртқа тепкен кісі. Баста бұл бейнесі көзге оғаш көрінсе де, келе-кеle үйреніп кеткенбіз. Тіпті оны елемейтін де едік. Ақырын ұтымды сөйлейтін, көп нәрсені жете білетін, әсіресе қала тарихына судай – оның откені мен болашағын көз алдына елестете әңгімелейтін инженер-ді. Міне, менің үйіне келе жатқан таныс адамым, тіпті сырлас Михаил Ивановичымның сырт пішіні осы. Бір жағынан оның көптен көрмеген, айтып аузынан тастамайтын, жұма сайын жіберген тамағынан таттырып тұратын жолдасының келгені қуантса, әйелімнің оны сырқатты жан, ауруханаға салмақшымын» дегені көңілге үрей сала береді. «Байғұс жаңа ғана жарымен

бірге тұрып, үй болып, ошақ басының шағын қуанышына қосылып шаттанатын, үзілмейтін үмітті бір жүріп, бірге күтетін, енді міне қауіпті сырқатқа кездесіп...» дег қоям келе жатып. Мұны да біреулер естімесін дегендей, ішімнен ғана ойлаймын.

Үлкен жолдан аулақ жатқан ну орман ішіндегі бұл селоның үйлері біріне-бірі егіз қозыдай ұқсас: теп-тегіс бөренеден салған, бәрі де шаршы келген, күн мен жауын жеп қара тұтінденіп кетсе де, сабан тәбелісі жоқ дерлік, бәрі де қарағай қызықты үйлер. Қақпалары да жә тақта, жә жұмыр ағаштан, қора-қопсылары да ағаштан. Даудары да сондай. Тіпті баубақшаларының қоршаулары да не шарбак, не талдан тізбектеген, бейне бір ши ұстап қойған сияқты. Тегіс ағаш – мол байлық ішінде тұрғаны көзге бірден шалынады. Деревнялардың жол бойын қуалап салынатыны сияқты, бұл селен өзен бойын қуалай өскен – кез келген қора түкпірі суға тіреліп жатады. Бақшага нәр беруге өзінен өзі-ақ тіленіп тұр.

Өзгелердей иті бар, қара-құрасы мол үй емес, Михаил Ивановичтің пәтері ұл-қызының ел қорғауға берген жетім кемпірдің кішкене ағаш үйі еді. Қайың отын мол болғандықтан өте жылы. Күн көзі кемтар болса да, ай-

нала терезелі, жарығы жеткілікті, жайлы пәтер болатын. Инженер жаңа ғана келген жұбайымен шүйіркелесіп отырса керек. Пижама киген күйі бізге есік ашты да, қуанышты үнмен пеш жанында отырган жұбайына бұрылып:

— Таня, достар келді. Мына жігіт менің сапарлас және тағдырлас жолдасым, өзі әдебиетші — сенің коллегаң. Ал, София Яхиевна дәрігер, менің дәрігерім, — деп таныстыра бастады.

Таня бізге қарсы жүрді. Әрине, мәпелеген ері үшін Таня аты қалмасада, әйел бір қызыру жасқа келген, елуге иек сүйеген ерінен төрт-бес жас қана кіші болуы керек. Бірақ әлі өңін бермеген. Қоңырқай шашының самай тұстарын қырау шалса да, көруге аса көркем жан екен. Әжімсіз, өте келісті біткен аққұба бетін қой көздері әдейі әшекейлеп қойғандай көрінеді. Жинақты дене, сұлу мұрын, биязы ерін — орыс халқының Еділ бойындағы көркем қыздарының бейнесін көз алдыңа алып келеді. Самара мен Саратовта жиі көріп жүрген таныс жаңдардай екен. Өзі де сол өлкенің қызы болып шықты. Мұны кейін біліп, жас кездегі ертегідей естен кетпейтін сұлу Саратовты көп әңгімелейтін болғанбыз. Сөйтіп, алыстағы ауданда тағы

бір дос семья есігін ашқандай болды. «Сенің коллегаң» деген сөзге мен өзгеше елең ете қалдым. «Жә әдебиет мұғалімі, жә жазушы болды ғой, әй сірә мұғалім шығар...» дегенге тіреле бердім. Өйткені жүз реңінің аса мейірімділігі, өлшеп-пішулі жүріс қимылы, шашаусыз сөз жинақтылығы, тіпті үнінің ырғасы құлаққа айқын шалынатыны — көп жыл бойы көркем сөзді уағыздаған үстаз мінезіне лайық көрініп кетті.

— Жоғары шығыңыздар! Менің атым Андреева Татьяна Михайловна, — деп қолын ұсынды әйел:

Жоғарысы, төмені жоқ кішкене үйдің ішіндегі үстел жанында тұрган орындыққа тізе бүгісімен Михаил Иванович:

— Қазір мен сіздерге шай ысытамын, — деп жалма-жан үстел үстінен сырлы қоңыр шәйнекті алып пешке қарай ұмтылды. — Бүгін біздің үйде кішкене той. Таняның келу тойы. Шай ішеміз. Саратов тағамын татамыз, әңгімелесеміз.

— Рақмет!

— Рақмет! — дестік біз қосарлана сөйлеп.

— Біз шайға қарамаймыз. Амандастып қана шығуға келдік.

— Жоқ отырасыз, мен тез ысытамын шайды.

Біздің отыру-отырмауымызды өбден анықтамастан, жолдан келген әйел де ерінің ісіне араласа кетті.

— Миша, шайды өзім ысытамын. Сен отыр да жолдастарыңмен бол. Үй-ішіндегі ұсақ жұмыстан сені енді мүлде босатамын.

— Жоқ, Таня құдай үшін қозғалма. Сен жолдан келдің, шаршап келдің соңша жерден, — деп еді ері, әйел оған көнбеді.

— Жоқ, Миша, мен мүлде шаршаганым жоқ. Саяхат жасағандай, дүниенің жер-жерін аралап, көңілім ашылып келді. Шексіз қуаныштамын.

— Танюша болмайды. Ең болмаса бүгінше қозғалма. Міне, шайды қойып та болдым.

— Жоқ, Миша! Онда екеуміз бөлісеміз. Сен балықтың қабыршағын арши бер, мен картошка тазартайын.

— Жоқ, Таня, екеуін де өзім істеймін.

Ұзақ жылдар бойы еріксіз сарғайып, жоғалтқан бақытын қайта тапқан бұл жанашыр жұбайлардың жүздерінде шаттық нұры лапылдаپ тұргандай еді. Оның үстіне біріне-бірі үй ішінде де жаңын пида етерлік ізетті мінездері елден бөлек әсер етті. Екеуінің қуанышын өз қуанышымыздай көріп кеттік, тәтті минуттарын бізге бөлуге қимадық. Тізе бүккен орнымыздан қалай түрегелгенімізді де білмей қалдық.

- Әтуре болмаңыз!
— Біз отырмаймыз.

— Екеуміз де қызметтеміз, дей салдық.

Менің қармақ салудан өзге кәсібім қалмағаны да естен шығып кетті.

Дәрігерім бұл халді байқап қалды білем, тез кетуді басқаша дәлелдеді.

— Амандасып, келгеніңізге құтты болсын айтып шығу үшін екі-үш минутке ғана кірдік. Жұмысым бастан асып жатыр. Гапу етіңіз. Және еліміздің салтынша: шеттен келген дос-жаранға үй-жайды көрсету біздің борышымыз, — деді.

Екеуміз бас иіп шығып кеттік.

2

Үш күннен кейін Михаил Ивановичті жақсылап емдеу үшін ауруханаға салды. Сырқатының ауыр екенін әбден сезем — бірақ: «Қалай болар екен?» деген сұрақ көмейге тіреле береді, сыртқа шығарғым келмейді. Жауап қандай болар! Оның үстіне көпке жаймайтын дәрігерлік сырды ашу жолдасыма да қиын рой. Үйде де, өзен басында да Михаил Ивановичтың сол қиын-қыстау кезенде дем бергені есімнен кетпейді. Оның, жаңылмасам, бірінші сөзі сенімнен басталды. Ол Красноярскіде:

— Саспа, ағайын, жақсылықтың бәрі алда, — деген-ді.

Бұл сенімін ол миға құя берді. Келекеле: «Саспа ағайын, кеңшілік алда» деген мақал болып кетті. Қабарың қаттырақ шытылған кезде де, тіпті шахмат үстінде ойланып қалған шақта да «саспа, ағайын...» дейміз. «Қазір талай жыл бөлек тұрып, төсек суынып, көңіл мұздап, құте-құте жан мен тән қоса сарғайған ауыр кезең артта қалды» — дегенде:

— Апыр-ай, асыл азамат ардақты жарымен бір жұмада бірге тұра алмай сырқаттанып қалды-ау, — дедім.

Үнімнен мұнды дыбыс еріксіз естілді білем, жолдасым бетіме жалт қарады. Бірақ үндемеді, үйге келгенде қолынан тастамайтын «Мед. архивына» қайтадан үніле түсті.

Мен тағы да:

— Қаны азаюдың мәнісі нeden екенін медицина көптен біледі дейсіндер. Оны қалпына түсіру де ғылымның қолынан келетін шығар, — дедім, сұрақтан гөрі сенген үнмен.

Әйелім тұра жауап бермей:

— Бұл ауданға қан мен пенициллин де мол жеткізілмейді. Крайздрав біздің жеделжатымызға «ауа райының ауырлығынан самолет үшпай тұр» деп хабарлады, — деді.

Бірнеше күн өтті. Күн санап науқас инженердің халі де ауырлай тұсті. Ал, сол үлкен қайғының үстіне алыстан келген аяулы жардың басына көлденең тағы да бір қасірет килікті. Бұл бәрінен де ауыр тиді. Бірақ әйел мұны ауруханадағы еріне айтпастан, алдымен бізге келді.

Татьяна Михайловнаның әлденеге мұңайған пішінін көріп:

— Уайымдамаңыз, Михаил Ивановичке қанды үзбей құйып жатқан көрінеді. Дәрігер бүгін тәуір деп келді, — деп жұбата тұстім, «ерінің сырқатына мұңайып тұрғой», — деп ойлад.

— Жұбатуыңызға көп рақмет. Менің... менің... — деп әйел сөз таптай іркілді де, күрсініп: — менің түсім бұзылып келгені басқа себептен. Адам ойына келмейтін ауыр сөзден, аса ауыр сөзден, — деді.

Мұнда пішінмен күрсініп алғанына үні сай шықпады: жұмсақ лебізінен іштей бір қатаң дыбыс естілді. «Не болыш қалды?» деген ой: «Сұра!» деп дігірлесе де, мұқшай тұсуді мақұл көрмей, сөзді тағы да ерінің аман-есен жазылуына бұрдым.

— Жабыққан кезде Михаил Иванович бізге дем беріп: «Саспа, ағайын! Жақсылықтың бәрі алда» деп жұбатушы еді. Сол айтқан жақсы күндер сөз жоқ —

алда болуға тиіс. Сіздің аман-есен келгеніңіз де көптен күткен зор жақсылықтың бірі.

— Мұның бәрі де дұрыс қой, адам үмітпен өмір сүреді. Сол көп үміт күткен жанның бірі Михаил Иванович. Қазірде: «Жазыламын, Таня» деп жатыр. Ал, ауыр сез басқа адамның аузынан шықты...

Әйел кідіріп қалды, ойын жинақтап, сез саралағандай, аздал тамағын кенеді де, желкесіне түйген шашын жөндеді. «Ауыр сез... дейді. Тағы не пәле кездесті бейшараларға?» — деп ойладым мен, мұның не еkenін естігендеше шыдамай.

...Өмірім елегізумен өткен жанмын гой. Мишаны аурұханаға салған сағаттан бастап тағы да елеурей түстім. Бұрынғы елеуреу — бұрынғы жалғыздық мұның қасында ауызға алуға да жарамай қалды. Жамандық ой орала береді. Осынша ауыр кез бастан өтті-ау дегенде, Мишамен біржола қоштассам не болады, — деп қалам өзімен-өзім. Мұндай нәрсені ойламайын десем де болмайды. Ауызы күйген үріп ішеді емес пе? Бәрі сол жамандық жайдың салдары. Сыртқа шығам. Сыртқа шықсам аурұханаға қараймын. Үйге кірсем терезеден көз алмаймын. Кейде есікке көз тігемін. Ондағым: сестра мен дәрігердің бірі келіп қалмас па еken дегенім. Өйткені, Мишаға не керек

болса соны өзім тауып берейін, маған хабарлай көріңіз, — деп тілек еткемін. Бірақ күткенің келмейді, ойлаған ойың орындалмайды. Бәрі керісінше келеді рой кейде...

— Сонда енді сізді... — деп сөзім соңын жұтып қалдым.

— Мен бәріне де көндім, — деді әйел.

Ол менің іркіп қалған сөзімді айтпай-ақ үқтый. Бірақ «бәріне де көндім» деген жауап тұла бойымды мұздатып жіберді. Айтуға басқа сөз таппай тағы да:

— Михаил Иванович те сауығар, оның «жақсылықтың бәрі алда» дегені де келер. Ол бос сөйлемейтін кісі, — дедім.

Бұл жұбанышыма ол болмашы ғана бас изеді. Мұнысы: «сөз жоқ, солай!» дейтін сенім емес еді.

Татьяна Михайловна кеткеннен кейін: «О, сорлы жар. Бақытсыз Татьяна!» — деймін ішімнен.

Ой аңы. Басқаға бұрамын. Татьяна Михайловнаның елжіреп суреттеген Еділіне кетем. Еділ үстіндегі шағаладай қалқыған ақ кемелер елестейді. Көз алдыңда дарқан өмір келеді. Керіліп жатқан жалпақ судың бейнесі мұнартады. Қос өнірі ен тоғай, шалғынды қырат, ну орман.

Орман іші сыңсып тұрган құс, сусылдаپ тұрган жапырақ, жүгірген аң, мөлдіреген

жеміс. Сұлу сала – Еділ саласы. Көзге то-
лымды, көнілге қонымды сала!

«Жағада Мишамен қол ұстасып жүгіріп –
сұға шолпып, құмға аунап өстік қой, –
дейді Татьяна Михайловна ертегідей жас
шағын еске түсіріп. – Пушкинді жаттаң,
Чернышевскийді оқып таныдық қой, өмір
сұлулығын. Екеумізді келешекке жетек-
теген де сол ұлы – Еділ жағасы еді, ұлы
жағаның әсем қалалары еді. Инженер-архи-
тектор атағын алған соң Ульяновскіге кетті
Миша. Саратовтың институтын бітіргеннен
кейін мен де кеттім, Мишаның соңынан.
Ол қесем туып-өскен қаланы музейге ай-
налдырамын деп арман етті. Сұлу үй, сұлу
көше, сұлу фонтан, сұлу мұсін орнатамын
деп жанын салды.

Бірақ...»

Ертеңіне Татьяна Михайловна келмеді.
Ері ауруханаға түскеннен бері өз пәтерінде
аз болатын, көбінесе аурухана жанында,
қала берді біздікіне келіп әңгімемен көніл
сергітетін, бұл иман жүзді адамды біз
жоқтай бастадық.

– Тағы бір қыындыққа душар болды ол
кісі. Әйтпесе бір көрінер еді, – дедім мен
әйеліме, – Михаил Иванович қалай?

Дәрігерім үндемеді.

– Татьяна Михайловнаға барып шықсақ
қайтеді?

Жолдасым оған да жауап бермеді: «Бұл қалай – әлденеге ренжіп жүрме, болмаса жұмыстан шаршап қайтты ма?»

Тамақты тез-тез ішті де төсекке қарай жүрді.

– Ауырып қайтқан жоқсың ба? Неге баяу жүзің?

– Әлгі сорлы әйел... Татьяна Михайловна келіп кетті күндіз ауруханаға. Мен Михаил Ивановичке айтпаңыз, – дедім. Құдай – ерін, адам – ұстаздықты қимаган... сорлы әйелге...

Мен төмен қарадым – өз жолдасым алдында өзгенің қаталдығына араласқандай болдым. Бұл қаталдық қана емес... онан да зоры еді.

Көп ұзамай Михаил Иванович дүние салды. Қан сарқылудан қайтты.

Бірге жүрген қырық адам болып архитекторды жер қойнына бердік. Сөз сөйлеп, дәріптеп жерлеуге де болмады. Үйінде ғана, сорлы жарына жұбату айттық. Адам ауыр қасіреттен де өлі жандай болады. Татьяна Михайловна бейне бір құлпытас қалпында қалды – үнсіз, қимылсыз төсек үстінде отырған күйінде, жылжымай қалды. Ол жылаған да жоқ. Ақсүр тартқан бетте өмірінің бәрі жазылып тұрған сияқты еді. Кәдімгі құлпытастың бетіндегі жазудай

айқын, бірақ өзі жансыз, құр тас тәрізді: ол күні де, келесі күні де сөйлеген жоқ. Біз де оның отырып қалған қалпын бұзбадық, бұзуға келісі де келмеді.

Бірнеше күн өткен соң ғана ол тілге келді.

— Екі сөзінің бірінде Таня, Танюшам, Татьянам деуші еді. Бұл маған бірінші күннен... бастап қойған аты еді. Ақын сөзімен қойған аты еді, — деді.

Иә. «Таня, Танюша, Татьяна моя!» Ақын сөзі! — Талай махаббатты мәпелерде, талай қасіретті жұбатарда айтылатын сөз...

Кешікпей Татьяна Михайловна Саратовына қайтып кетті.

Селодан шыға берісте жылға бар-ды. Жылға түбінде үш түп ақ сирақ қайың бар-ды. Бұл үшеуі етек-жені өлі ендей қоймаған жаңа зиратты көз ілмей күзетіп тұр. Көп заман мехнат шеккен, сүйікті елден, туған Еділден аулақта архитектор сол үш қайыңның күзетінде қалды.

Әкеге бала, ағаға іні қымбат. Әйелге жар қымбат. Бұл бәрінен де қымбат. Жары үшін әйел оққа да қарсы тұрады — аяқ жетпес алысқа да барады. Бірақ қара жерге амалы жоқ.

Татьяна Михайловна үш қайың тасасында қалып қойған бейітке қарайлай-

қарайлай кетіп бара жатты. Өмір-үміт оны тоқтатпай жетектеп еді, енді алда не бар?..

Өмірде – жар қасіретті, әсіресе асыл жар.

Көктөбек, 1966 ж.

ҚАРТ ҚАЗАҚ

(Кос хикая)

ҚОЗЫ

Жаз күні еді. Бірақ бұл уақыға жаз жылұы әлі жетпеген салқын Сібір тайгасының бір түкпірінде болды.

Қойдың жайылғаны қызық қой, Жұмекең соны тамашалап тұрды білем, бұдыр таяғына сүйеніп, ұзақ уақыт жыбырлаған жануарлардан көзін алмай езу тарта берді.

Қарауға да қызық, жайылғаны да қызық: жұмарланып бір жерге үймелей қалады да, жыбырлаған қойлар бір кезде ақтарылған тарыдай шашылып, ендей жөнеледі, қайтадан жиырылады; шөптеншөпке, шөкеден-шөкеге жүгіріп, жер түгін таласа қырқысады.

«Апрыым-ай!» — деп басын шайқады да Жұмекең сиректеу келген әдемі ұзын сақалын сипап қойды. — «Қойдың қойдан айырмасы жоқ, Қобданың қойлары да осындаі...»

Жұмекеңнің ойына алыстағы Қобдасы түсіп кетіп, жаңа ғана жылы шырай бөлеген ашаң жүзіне енді мұнда көлеңке жүгірді. Мұнда көлеңке ғой, күн нұрын тасалаған жүрдек бұлттай, оқтын-оқтын соғып кететін шағын шаттықтың өзін де қоқырайта қояды — адам жүзі солғын тарта қояды, солған гүл реңдес...

Жұмекең... — Жұмагали Бекниязұлы —

соңау алыстағы Ақтөбесінен, оның Елегі мен Қобдастынан көз жазғалы сан жылдар өткен бір қария еді. Жасы алпыстан асқан және оның үстіне ауыр бейнет арқалап келе жатқан жанды тоқ келбет бола ма, ашаң, тіпті арық өнді, бірақ жүзінде ақылдың, сабырлы, өте салмақты мінездің ізі арылмаған кәдімгі «иман жүзді» жан-ды. Оның үстіне Әлім елінің келісті сиқы бар адамы-ды: ұзынша жақ, жап-жазық кіршіксіз мандай, орташа түзең мұрынды, жұқа ерінді, кәрілігіне қарамастан әлі тіп-тік және жас жігіттің мүсініндей орта бойлы сұлу дене. Әрине, Сібірде сібірше киінген. Аяғында керзі етік, үстінде мақталы шолақ қара куртке, ал басында баяғыдан өзімен бірге келе жатқан қызыл құлақшын, кәдімгі қазақы қойдың қызыл елтірісінен тіккен берік.

Жұрегі шанышып кеткендей, таяққа сүйенген күйі қарт біраз тұрды да басын көтеріп, өзенге қарай ойыса жұмарланған қой соңынан жүрді.

— Бар болғыр, мына ағаштың ішінде қозысын тастап кетер...

Қарт Жұмекен адымын жиілете тұсті. Алды өзенге қарай бет қойып, тез-тез жылжыған қойдың ең соңындағы кек саулықты оның көзі бірден шалды. Саулық өзенге жақын кішкене алаңынан ортасы-

на жетпей жата кетті. «Бейшара» деді ол жақындаپ келіп. Оның мұсіркегенін сезбegen саулық қекке қарай тұмсығын шүйіре бір күшенді де, орнынан тұрып кетті.

— Бейшара, қызғанып жүр.

Қой соңынан ерутеп аса зауқы жоқ, қоздауға айналған саулық тағы да жатуға бейімделді.

— Сол жерге, сол жерге. Шөбі қалың, құрғақ ойтаң, — деп ана жануарға «ақылын» айтты да қарт саулықтың алдын орағытып, ыңғайлы деген жеріне қайыра тұсті. Саулық «кетпейсің бе, енді?» дегендей, бозаңдау көзбен қартқа ренжігендей болды да тұрып қалды. Қарт ілгері жүрді, саулық тағы да жата кетті.

Өзенге тірелген қойға жете беріп, қарт:

— Жануар, мал екеш мал да біледі. Көз таса жер іздейді. Әйтеуір ит-құс жоқ қауіптенетін. Қоздасын. Құрғыр тек «жалпақ бөксе» үстінен шығып қалмаса?! Осы төңіректе жиі кездеседі сол берекетсіз, — деді өзімен-өзі сөйлесіп.

— Ойының арғы түкпірінде аю аса қауіпті көрінбеді, аузы айтса да қарт тап осы жерде аю бола қоймайтынын білетін де еді. Әрине, қойға және жас қозыға жалғыз бөрі мен аю ғана емес, басқа да жау жеткілікті, кездессе тұлкі де қарап

қалмас, ал алаңнан-алаңға шүйілген орман ителгісі де іліп өкетуден бас тартпас-ақ.

Қарт өзенге тірелген қойды кері лықсытты.

Әлгіндегі мұңқ қөлеңкесі жүгірген жүзі қайтадан жадырағандай. Қоздауға айналған саулық, оның ит-құстар аман болу қамы Жұмекеңнің алыстағы ауылына ойысқан ойын басқа жаққа бұрды. Ол қойды кері ығыстырып назарын өзенге аударды.

Сібірдің ну орманын жарып өтуге оңай жол іздегендей, алыстан арқаға асыға жүгірген бұл жылан ирек су сирек жынысты жылға-жылғаны қуалап кеткен; басы да, аяғы да жоқ; қайдан шығып, қайда барапын білдірмей қалыңға сұнгіп жоғалып жатыр. Жар қабақтағы шымылдық талды ашып қарамаса адам байқар емес, кей жері әдейі бүркеп қойғандай, ал ашығырақ жердегі құмсақ кемерден үңілсең су бейне мөлдір айна: түбіндегі қырышық құмға ойнаған жасыл шабақ пен қызыл қанат бейне бір көз алдындағы аквариумда асыр салып жатқандай. Бай өзен, әдемі өзен гой бұл, Сібір сұы.

Жұмекең кейде су түбіндегі еркін ойнаған балықты тамашалап, төмен үңіледі; көзіне жалпақ даланы бір көрсетпей қойған ит мұрны өткісіз тайгаға қарағысы

да келмейді. Бар әлемді жауып, бүркеп тұрған бір қалың торғын. Төбендей аспан алақандай-ақ, айнала көкке қол созған қалың қарағай, жыбырлаған арша, бойлауық қызыл қайың.

Күнде келіп жүрген бұл Ханкөл тұсы селеннен бес шақырымдай-ақ. Жағаның жары да, талы да, төмен үңгіліп қарайтын кемері де қой қораның төрт бұрышындаған таныс еді, сондықтан Жұмекең бүгін беті-қолын жуатын «дәрет қайрақына» төмен түспей, жоғарыда тұрып қарады. «Ана саулық қоздаған соң қозысын ауыздандырып келіп жуынайын» деп ойлады. Сейтті де төмен қарап тұрып, жалт беріп жасыл шабақтардың зым-қайым үріккенін көрді.

— Апырым-ай! — деді тағы да Жұмекең.

— Балық екеш балық та...

Бұл жолы ол «балық екеш балықтың да жауы бар» дегенді аяқтамай әлденеге күдіктеніп, саулыққа кез салуға асықты. Оған тіпті кенеттеген жасыл шабақтардың үріккені көңіліне үрей салды. «Шабақтар тегін үрікпейді... Шорағай, болмаса басқа бір бұзық бар ғой сол манда».

Қойлар алаңың кең жиегіне басқұрдай оралып қалыпты — баяғы тынымсыз оттап, жер түгін жымпаздауда екен. Жалғыз-ақ қара жағал ақ серке бір шетте одырайып тұр.

— Кожайынның кеудесін көтеріп тұрысын қара, — деді Жұмекең риза болғандай серкеге бағып. — Қарауыл қарап тұр.

Үнемі қойдың алдында жүретін, бәрінен бойшаң қарағай мүйізді ақ серке әдетінше жұмарланған топты жетектеп жазып, ілгері аттауды қойған, ортада тұр. Одырайып әлденеге үңіліп тұр. Қарттың саулықты тастап кеткен жайпақ апаны сол жерде еді. Ол серкеге жақындаі тұсті. Ойпаңда көк саулық қоздап қалған. Жаңа ғана шаранасын тазартқан ана жануар кеудесін көтере алмай ілгері емініп, етпеттеп жылжыған қошақанның асты-үстіне түсіп жатыр еken. Қошақан тұра алмай, ілгері емінумен әлек те, саулық оны шыр айналыш еміренумен әлек. Ал қарт қойшының жақындағанын көріп қара жағал басты бір шайқап қойды да, оның қолындағы бұдыр таяққа жаратпай көз тастады. Сөйтті де жалма-жан қарттан бұрын қамтып қалайын деген жанша ойға секіріп тұсті. Қарт өз көзіне сенбей оң қолының сыртымен көз ұясын сүйкелей қалды. «Тез! Тез! Ұмтыл!» деген аталық жарлықпен серке жас қозыны тұмсықтап, орнынан тұрғызуға жанталасты — асыға тұрткілеп, қартқа көз аласын көрсетті.

— О, тоба! — деді қарт. Оның даусы шығып кетті. — Мал екені мал да аталақ әдепке ие. Менің...

Ол әлдекімнің құлағынан арашалап үнін кілт үзді, ерні ғана жыбырлап «менің» деген сөзден кейінгі «қозымды» ішінен айтты.

Тап осындай аяқтанар-аяқтанбас халде қалған еді оның «қозысы да». Кәдімгі қозысы... жалғыз ұлы... өзін әкеткенде еңбектей бастаған Жақиясы.

Оған көп заман өтті рой. Тайганың өзіне келгелі қашан. Осы өзеннің бойының өзі де қарттың бір ғұмырына ие болған. Мұнда ол қой бағуға қолы жеткенше не істемеді. Ағаш кесуді үйренген жоқ, өмір үйретті, күн көру әрекеті еріксіз жетектеді. Ағаш кесу ғана емес, сал байлау — оны ағызу; ағып келген салды ағытып, өзеннен жағаға шығару жұмысында неше жылы қалды. Ағытқан салдың бөренелерін біріндең түртіп шанышқымен жылжытып, тырнадай тізбектеп транспортерге иегін іліктіруге де Жұмекен маманданып ұлгірген. Ұқыпты адамға, тиянақты еңбек иесіне кім на- зарын аудармайды. Бір түбектің белгілі Жұмағалиы болды. Ол ағаш шығару, ағаш жинау — штабель текшелеу маманы да атанды. Бұл скирд-скирд бөренені тап осы өзеннің жағасына тірелетін тар та-

банды темір жолмен келген қызыл вагонге күні-тұні тиеп, сонау алыстары шахтага, заводқа үздіксіз жөнелткен жандардың бірі емес пе? Қырық бес минут ішінде бір вагонды тиеп үлгеруге шеберленген қазақ та осы Жұмекең. Жұмекеңнің бригадасы озат атанбай қалған күні жоқ. Ол оп-оңай қолға түскен ерлік емес-ті. Арқаны аязға сорғызбайтын, адамшылық қадірді аяқ асты еткізбейтін, бір тілім нанға қайыршылық қолды создырмайтын еңбектің ғана құдіреті еді. Аңы қасіреттің құшағынан да алып шыққан сол еңбек...

Бір минутте көз алдынан шұбал еткен ауыр өмірінің ұзақ жолын шолып үлгертпей, қара жағал ақ серкенің аталық қамқорлығын да аяқтапай арт жақтан:

— Бай-бабай! — деген белгілі қарлыққан жуан үн күр етті.

Қарт селк етті! Ол аңсызда шыққан адам даусынан шошып селк еткен жоқ, жай кезде жан түршіктіретін жағымсыз аю күрілді Антоқтың дыбысынан селк етті. Көруге қораш, кепкен шабақтай семіп қалған қазақ шалы түгіл, Антоқ күр еткенде бүкіл колхоз селк ететін — кәрі, жасы, әйелі, қызы тегіс тынып қалатын, тіпті көбінесе Антоқтың бетіне қарсы келмей ығып жүре беретін. Председатель құдіретті емес, Антоқ животновод құдіретті.

Қарттың селк етпеске шаrasы жоқ. Бұл оң аяғы тұп-тұтасымен жоқ адамның ірі томар кеудесі бура санындаи сыңар аяқта және әрі жуан, әрі зілдей күжбан балдаққа асылып, ыргала қозгалғанда жолындағы адамды таптап кетер деген үрей туғызады. Оның үстіне қызыл тарғылданған үлкен көздері, баржиган күрең беті және шоқпар мұрны қарсы қараған жанға зікір айтқызығандай. Жұмекең қарт оған тіктеп қарауға да сескенетін. Қарай қалса тез көзін бұрып әкетіп: «Апым-ау, осыны қайда көрдім? Әйтеуір бір көрген адамның кеспірі сияқты. Мұнда – «Таежник» колхозына қалай келген?» – деп дағдарыс ойға кете беретін.

«Осы Антоқтың нәсілі кім екен?» – деп ойлап қалатын Жұмекең кейбір кезде. Әсіресе, ол мұны ұзын-ұзын отырғыштардың үстіне қисая кетіп, атусті қалғып жатып ойлайтын. Бірақ сол колхоз қосының ішіндегі тақта үстінде шолақ күртесін жастық етіп жата кететін жандардың ішінде кім жоқ; чалдоны мен чувашы, крашыны мен мордасы, башқұры мен ясашны дейтіндері мидай араласып кеткен-ди. Сол топтасып жатқан халықтың ішінен «осы сен кімсің?» деп сұрайтыны сирек кездеседі. Сондықтан Жұмекеңнің де оқта-текте ойына келген

бұлдыр сұрағы қалғып-мұлғіп жатқанда өзінен-өзі аяқсыз бұлдыр тартып жүре беретін еді. Сонда да ол оянып кеткенде әлгідегі бұлдыр ойын жинақтағанда «Антоқ» дегені «антұрган деген сөзben тектес емес пе екен?!» — деп қалатын.

— Бай-бабай, сен ана қара жағал теке!
Көрдің бе?! Ол да бай, сен де бай!..

Антоқтың қарып кеткендей сөзі қартты әрідегі ойдан бері оралтты білем.

— Здрасти, Антоқ Антоқич! — деді ол сасып.

Бірақ Антоқ сәлемді алған да жоқ, алдында жан бар екен деп сәлемге сәлем қайырған да жоқ. Ол тек жол бергендей кері шегіне түскен қарттан әрі бір ырғалып серкеге жақындаپ қалды. Өтіз түгіл әзірейілдей бұқаға да қарсы баратын қара жағал шын қызғанатын жау жаңа келді деп түсінді білем, жүрісі де, ісі де ожар адамға соққы беруге дайындалды; ол кейінрек бір бүйір жылжып, «тап осы жерден көтеріле соқсам нақ қеудеден қос қарағай найзаны қадай сарт еткізермін» дегендей жалма-жан көкке шаншыла көтерілді. Ата серкенің қозыны қорғау әрекеті қартқа қатты ұнаса да, мына қызыл көз Антоқты сұлатып салуы бәленің басы болар деп ойлады. Серкенің секіріп соғатынын және ондырмай соғатынын ол жақсы білетін.

— Антоқ Антоқич! Серке! Сақ бол, серке!

Көтеріле соққан қара жағалдың қос қарағай наизасы тайып кетті, Антоқ кілт бұрылып қалды. Сыңар аяқ жанның мұндай шапшаң және әдісқой екенін қарт бірінші рет көрді. Қатерлі жаудың қаһарлы мүйізінен аман қалып қою бұл сойқан адамға аз көрінді. Ол серкенің жазасын беруге ұмтылды. Қайта көтеріле берген қара жағалды күжбан балдақпен бір сілтеп өтті. Бірақ кемтарлық оның қаруын серкеге дарытпады, балдақтың басы жерге тиіп, өзі ұшып кете жаздады, оң қолымен жер тірей қайта түрегелді. Айлакер адамның амалына шара жоқ екенін сезген серке де кері шегінді. Оргып әрегірек шығып «тоқтай тұр» дегендей, қарағай наизасын шайқапшайқап қойды.

Қарт не дерін білмей, не істеуге ретін таппай дағдарып қалып еді. Ал, балдағын қолына дұрыстап ұстап, қалпына қайта келген Антоқ еш нәрсеге де қараған жоқ. Серкеге де енді қайтып көз салмады. Ол тек «бұларға не болған?!» деген жанша мағынасыз көзben сүзе қарап қойып, есілдерті қозысының емшекке тырбанғанымен болған көк саулыққа жетін барды. Сөйтті де жалма-жан артқы екі аяғын көтеріш,

кеудесіне әлі келмей ілгері сырғанаған қозыны желкесінен қысып жерден көтеріп алды.

— Бейшара, күні бойы қызғанып, ойдан-оіға қашып жүріп, жаңа ғана қоздады...

Қарт саулық жайын баяндаپ үлгергенше Антоқ қозыны жерге тастап та жіберді.

Қозы сылқ етті. Не болғанын білмей қалған қарт көзін Антоқтан қозыға аударғанда, қозының артқы аяғын ақтық рет серпіп қалғанын көрді. Қимылсыз қалған жас төлдің үстіне емірене түскен саулыққа ол қарай алмады, тек қана оның алдында ауыр күнәлі болып қалған жанша күйбендең, тамағын кеней берді.

— Сойып, бүйра елтіріні диірмен басындағы Семенге бер!

Қабагы қатты тыржиган қарт «елтірі» дегенге денесі шіміркенгендей дір етті де, басын шайқады.

— А, бай-бабай! Сен!..

Антоқ сөзін аяқтамай жалма-жан жердегі қозыны жуан саусақтарымен бүркітше бүріп алып, қолтығына қысты. Сөйтті де қартқа бұқа көздің тарғылын көрсетті. Зіл тастады. Өзі секендей жөнелді. Ал, саулық: «Гаста! Қайда әкеттің?!» дегендей алдыңғы аяғымен жерді тарпып қалып, маңырап соңынан ілесті. Аздан кейін

ол кері жүгіріп келіп, жаңағы қозының талпынған жерін иіскеледі. Ол қозыны таппады. Қартқа қарады. Қарт жерге қарады. Аздан кейін екеуі де кетіп бара жатқан Антоққа көз тігіп еді, келсаптай сыңар аяқ пен күжбан балдаққа асылған томар дене ырғала теңселіп, жар жағасына жетіп те қалған екен. «Мен не істейін? Ана... жалмалызы. Самогон...» деп ерні жыбырлап, қарт жануардың басын сипады.

1965 ж.

АЖАЛЫҚ ЖОҚ

Сиыр қақпаны мүйізімен аша салды да аулаға екпіндеп кірді.

Күнде ол әр жерге бір бөгеліп, бақшага бір көз тастап, құдық жаққа тұмсығын шүйіріп қойып, ақыры жүріп келіп, әдетінше, қора есігінің алдына тоқтатын еді. Ал қазір әлдекімнен қашып келгендей емпендей ұмтылып, аула түбіне жетті де, асығып ашып кірген қақпасына едірейе қарады. «Мына сайтанға не болды?» — деп таңырқап мен де қақпаға мойын бұрдым. Қақпаны ашып кіргеніне таңданғаным жоқ — сиырдың бұл өнері алған күннен бастап-ақ көзге түскен еді. Маған оның неге елеңдегені жұмбақ болды. Көп күтпедім. Бұдыр таяғын дөптең ұстап (малға сілтеген болуы керек) Жұмекең келе жатыр екен. Ал, бұрын аяғын ілбіп басатын, анау-мынауға елеңдей қоймайтын бұл сабырлы адамның бүгін жүзі де өзгеше, жүрісі де ширақ — күндегі жұмыстан салығып қайтатын қалып ұшты-күйді жоқ. Жалғыз сиыр ғана емес, қарттың құлқы да өзгерген. Фажап!

«Не болды мыналарға?» — деп ойлаймын, екеуінің де бүгін мінез-құлқының өзгергенін көріп. Бұл жайға тез қану да қыын. Мінезі ауыр, ойланқырап алып сөйлейтін, онда да аса сирек, ретіне келген кезде ғана тіл қататын Жұмекең не болғанын бірден айта қоя ма? Мен тезірек есік алдынан жер-

ге түстім – ойыма қақпадан кірген кісінің көзіне тезірек шалыну ниеті келді. Бәлкім бірден тіл қатар – бұл жолы сұрақ қоймай-ақ өзі жайып салар мән-жайды...

— Ай, қарағым, мынаның мүйізін кеспесек өзінің түбіне өзі жетеді...

Қарт зығырды онан әрі қайната түсті. Мына сөзі жұмбаққа жауап емес, оны одан әрі қымтай түсумен бірдей болды. Мен енді Жұмекеңнің көзіне бақтым – оған сұрағымды тілмен емес, көзбен бердім. Көпті көрген қария көмейде тұрған сөзді көріп қойғандай-ақ ұзынша әдемі сақалын бір сипап қалды. Көзінің құйрығы күле бастады.

— Сиырдың мүйізін кесу деген не бәле, мұны қайдан шығардың деп тұрған боларсың. Мал жанды кісі осындай амал жасайды. Кескен абзал, әйтпесе басын құртады.

— Бәрекеді! Мүйізді неге кесем? Неге мал жанды адам бұлай етеді? Менің де мал жанды болғаным ба? – деймін. Аз уақыт үндемей қалдым. Өйткені қарт сөйлеген сайын бір түйықтан бір түйыққа тірейді әрі қалаған кірпіштей сөзі орны-орнында. Соған орай бір жағынан сөйленкіресе еken деген ынта да бар. Оның ұзақ сөйлемейтіні, сөйлей қалса түбірлі пікір айтатыны құнды қасиеті ғой.

— Мал жанды адам сиырының мүйізін кеседі!.. Бірінші рет естуім.

Жұмекен бөгелмеді.

— Бұзық сиыр болады: даладағы шөмелені шашады, тоң басын ойрандап кетеді, үй төңірегін лақтырмаса көнілі көншімейді. Ондай сотқардың мүйізін кесіп тыныш табады.

— Мүйізін кесу мал жанды адамның әдеті дедіңіз...

— Шаруасына шаң тигізбейтін адам дегенім фой. Ал, мына сенің Зорықаң қақпаны өзі ашады. Бұған тиек деген бөгет емес — байлап қойған жібің де түк емес. Адамша шешеді.

— Оны білемін. Қазір де оған қақпаны мен ашқаным жоқ.

— Мұның қақпа ашқыштығы — сотқарлығы. Одан да жаманы — ұрлығы. Аңдығаны көрші-қолаңның бақшасы. Марфа кемпірдің огородына кіріп, капустасын жайпап жатқан жерінен қуып шықтым. Кемпірдің тас қылып байлап кеткен калиткасын шешіп кірген. Мұнан не сұрайсың!

Мен басымды шайқадым: «Қарттың ұсынысы жанды. Ертең сорлы кемпірден гөрі азулырақ біреудің бақшасына бас салса, өз басын құртып қана қоймас...» Соңғы ой жүректі зірк еткізді.

— Оны қалай кесеміз, Жұмеке?
— Оңай, қол арамен қырқып тастаймыз.
— Апырым-ай, қырқуын қырқармызды. Бар болғырдың базары кетеді-ау! Қос мүйізін қырыққан сиыр түгіл, сынар мүйіз мұқырдың өзі көзге жексүрын көрінеді.

— Бастаң құлақ садаға! Капуста үрлаудан басқа да қылышы аз емес. Жолында тұрған бұзау-торпақты іліп тастамаса мүйізі қышыды. Біреудің малын жарып тастаса...

— Әне өзі де түсініш тұр.

Қарт екеуміздің өңгімемізді «дәл түсінген» Зорька бізге енді көзінің аласын көрсетті және қабағын түйе қарады.

— Ол сотқар бәрін түсінеді.
— Рас сотқар болып шықты. Дегенмен ақылды айуан.

Жұмекен сақалын сипады. Мұнысы: білегін сыйбанған палуандай, ал сөйлемдім дегені.

— Сиырға ақылдылық қайдан келсін. Жылқы болса бір сәрі. Жануар қараңғы түнде жолдан жаңылмайды. Ұйықтап қалсаң — аяғымен жер тарпып оятады. Қырық қырдан асырып әкетсе де тұған жерінің топырағына тартады. Хайуанатта жылқы ақылды. Мына мұрны пысылдаған қара басқыр капуста үрлаудан өзгені біле ме?

— Ол да ақылдылық қой, — деп қалдым мен, әлсіз болса да пікірімді қорғамақ бол.

— Ақылды деме — пайдалы де. Бағалысы — сүті ғой құрғырдың, майымен.

Соны айтты да Жұмекен менің де, Зорыканың да көнілін аулайыншы дегендей:

— Мұны боқтап та, мақтап та болмас, — деп сиырға қарай жүрді. Мүйізінен жетелеп лапас астындағы шығыршығына апарды, бас жіптің дұзақтаулы жағын Зорыканың мүйізіне кигізді, оны және шалып бекітіп, шиелей түсті, шешіліп кетпесін деп қайта-қайта нығыздады. Мен енді қартқа қалжындал:

— Жаңа көзінің аласымен қарап еді, қазір тарғылын көрсетіп тұр, — дедім.

Сиырдың Жұмекене тап осылай қарағаны рас еді. Ол ол ма: «көк шөпті қытырлатуын мұның» дегендей, Зорыка бұрыштағы қара саулыққа да көз бұқасын көрсеткен. Ал қара саулық үздік-үздік пысқырып көк бидайықты қытырлатып-ақ жатыр, көлденең көздің құртын түсірерлік. Бүгін оны Жұмекен далада қоздап қалады деп үйде қалдырған. Оның қоздай қою ойында да жоқ сияқты.

Кешкі шолақ әңгімеміз өрістен қайтқан сотқар сиырды байлаумен аяқталды да біздің дәрігер келгеннен кейін тамақ ішуге үйге кірдік.

Мен қызметтөн келген соң жуынып, таранып көйлекшең ас жеуге өзір тұрғамын. Ал, Жұмекең жуынуға енді-енді кірісті. Сиыр жөніндегі ой-пікірін ортаға салғаннан соң қария жайланысып, дәрет алды. Асықпай қолын жуып, аузын шайқап, танауына су атты, беті мен білегін сылап жуды, бабына келтіре, құлақ артын сипады. Етігін шешіп аяқ дәрет жасады; сонсон шұлықшаң галошын киді. «Бұл кісі бүгін намаз оқуға кірісе ме», — деп көлденеңнен бақылай қалдым. Дабырламай, тәңіріге тәубе келтіретінін біліп жүретінмін. Бірақ қарияның үйде намаз оқығанын көргенім жоқ-ты. Менің байқатпай бақылап тұрғанымды сезді де, Жұмекең ниетін анықтай түсті.

— Рамазан айы тазалықты тілейді. Ертең айт намазын оқымақшымын. Бес парызды түгел өтемесек те, ұлы күнді мұсылманша қарсылау шарт, — деді. Сөйтті де бетін сүртіп, үстелге жақындады.

Тағы қарап тұрмай:

— Жұмеке, намаз... — деп қалдым.

Осы сұрақтың боларын күні бұрын білген жанша Жұмекен:

— «Жеті хат жер, сегіз хат көктен іркілмей өтетін тәңірінің мейірі менің жеңіме тоқтар дейсің бе» деп данышпан Сырым айтқандай, шырағым ішкі ниет түзу болса, басқасы сырт көрініс, — деді.

Тамаққа отырдық, аз сөйлеп кеп тыңдайтын Жұмекең маған бүгін өзгеше көрінді: оның сөзі де мағыналы, пікірі де байсалды, өмір тәжірибесі өлшеусіз мол адам екені менмұндалап тұргандай. Бізге тамақ құйып беріп, нанын, тұзын, бұрышына дейін әзірлеген Файруза сиыр сауға кетті. Татар әйелінің таспадай етіп тілген лапшасы қандай әдемі. Тамағы қандай дәмді! Екіншіге ол қуырдақ немесе капустаға орап бұқтырған ет парышын беретін, бүгін үстел үстінде қызара піскен пәрамаш түр. Пияздалап, бұрыштап майға қызартта бөктірген бұл тамақ еріксіз ентелеткендей. Лапшага зауқы жоқ біздің дәрігер оны жей бастап, көзді қызықтырып барады. Және онымен тұрмай:

— Бәліш пен пәрамашты пісірсе татарлар пісірсін, бабына келтіреді, — деп қояды.

Ал лапша да мақтауға тұрарлық...

Сырттан Файруза шыр ете қалды.

— Харап етті... харап!..

Жұмекең селт ете түсті. Мен де шошып кеттім. Не пәле болып қалды? Сүтін төгіш алды ма? Олай деуге — шелек алып, сыртқа шыққаны жаңағана...

Әйел дауысы екінші рет шықты — бұрынғысынан қатты, өңменіңнен өтерлік.

— Алла, харап етті!..

Орнымнан тұра сыртқа ұмтылдым.

— Мен барайын, сиыр саудырмай жатқан шығар...

Үлкен кісі менімен қосарлана ұмтылды.

— Жоқ, Жүмеке...

Жүмекен менен бұрын сыртқа шығып та кетті.

— Қаһар соқсын... қаһар соққырды... харап етті мұскінді. — Файруза одырайып шетке шығып тұрған Зорыканы сөгіп жатыр екен, бізді көрген соң сиырға таяқ ала жүгірді. Бірақ босанып кеткен өзі сотқар және жырынды сиыр таяқ түгіл денесіне оқ дарытар емес. Ойқастап ауланың о шеті мен бұл шетіне ұмтылады, бейне бір жүген-құрық тимеген бедеудей, жақындаған әйелден ытқып жөнеледі.

— Не болды, Файруза? — дедім мен еш нәрсеге түсінбей.

— Мына сайтан шешіліп кеткен бе?

— Ана мұскінді харап етті...

Әйелдің иек меңзеген жағына қарай қалдық — сұмдық сол жақта екен...

Лапас астында бір бұрышта, жаңа ғана шөп жеп тұрған саулық жарға басын тірең, сілейіп қалыпты — қозғалса сылқ етерлік төрт тағандап зорға тұр. Ал, жарылып қалған ішек-қарын жерде ақтарылып жатыр...

Жұмекене жалт қарадым, не деуге білмей:

— Ана заңғар шешіліп кеткен... бұлдірген... апыр-ай, бұлдірген... — дей бердім.

«Мен жаңа ғана айттым ғой бұл құртады деп, көрдің бе енді!» — дегендей Жұмекен басын бір шайқады да, кері үйге қарай ұмтылды. Ол үйден ізінше қайта шықты — қолына шаппа пышағын ала шықты.

— Мұның енді қозысын тірі алып қалайық.

«Қалай тірі алып қаласың?» — деп мен одан сұрамадым. «Былай болады», — деп ол да баяндап жатпады. Зорға дем алып, жар сүзе теңселіп тұрған саулықты желкесінен ұстап кері бұрды да, сол жағына жантайта салды. Жануардың өзі жығылуға әрең тұр екен, жерге сылқ етті, тыптырауға да шамасы келмеді.

— Басын ұстаңыз, — деді Жұмекен.

Мен саулықтың басын ұстай бердім, бірақ Жұмекенің келесі өрекетіне қарай алмай жүзімді басқа жаққа бұрып кеттім.

— Кеудесін баса тұрыңыз.

Теріс қарап тұрып мен кеудесін бастым, саулықтың не ышқынғанын, не аяқ серіпкенін сезгенім жоқ. Аздан кейін «енді қарауға бола ма?» деген сұрақты тамагымды кенеп қана білдіріп тұрмын.

— Егіз екен, — деді Жұмекен.

Мойнымды бұрганымда Жұмекен қозының жатар үясын жарып, шаранасын да сыпрып тастапты. Бір емес — қос қара қозы бастарын көтере алмай тыптырып жатыр. Қарт жалма-жан тұмсықтарына кезек үріп, егіз қошақанның кіндіктерін де үзіп үлгіріпті.

— Адам болмас, — дедім мен әлденеге шүбәланып.

— Болғанда осылар болсын. Бағана таңертең желінінен білгенмін — жанып тұрған, сонсоң ғой қалдырып кеткенім. Бүгін түнде қоздайтын еді.

Жұмекене не дерсің — өмірі төрт түліктің арасында өсіп, Сібірде де бір қора қойды өз қолына алған мал балгері! Оның сөзі бос айтылар ма?!

Бір сағат өтпей-ақ бөтелкеге сүт құйып, оның аузын балалар соратын емізікпен тұмшалап, ажалы жоқ егіз қозыны Жұмекен ауыздандырып та қойды. Сөйтті де екеуіне оңаша орын әзірледі. Астына жұмсақ шөлең төседі. Зоръканың жылы сүтімен енді жақсылап қоректендіріп, жайғасып ас ішуге үйге кірді.

— Егер де мына екеуі мал болып кетсе, сізге мың қой бітер, — дедім, үн демей отырған Жұмекенің ойын бөліп.

Жұмекең жауап қатпады. Пәрамашты жұмсартып шәйға малып жеп (Жұмекеңнің тісі кемтар болатын, соңдықтан екі ұрты ішіне кіріңкіреп еті жүқа бетті онан да етсіз көрсетіп тұратын), ара-арасында шақпақ шекерін де жібітіп алыш, асықпай сорып отырады. Шайын аяқтаған кезде мен тағы да:

— Қалай болғанда да екеуінің бірі сіздікі болсын. Қай қалағаныңыз, — дедім.

Ол сақалын бір сипап қойды да маған қарап езу тартты.

— Мал баққанға үйіріледі. Мың қой біту мұрат емес, жануарды өсіру, бабымен асырау қызық, қызық емес, абыройлы еңбек. Екеуінің бірі сенікі болсын дедің бе? Өскен соң қызығып алмасаң?!

— Ойбай, Жұмеке мыңға жеткізсеңіз де сіздікі! Ажалдан арашалап қалған бір өзіңіз.

— Жақсы онда. Үргашысын құлағын тіліп, ертең алыш кетейін.

— Қайда алыш кетесіз?

— Басқа қойға теліп көремін.

— Колхоз саулұғына ма?

— Иә.

— Олар кейін бермей жүрер?

Қарт мұдіріп қалды. Жауап таппай, сақалын сипалай бастады. Әлдеқалай ауыздан шығып кеткен бұл сөз шын бөгеді.

— Рас, — деді ол біраздан кейін. — Колхоз бастыры шұбәланып жүрер.

* * *

Екеуін де үйде бақтық. Қартпен кезектесіп тамақтандырамыз. Біріміз үйде жоқта біріміз қарап, қос қара қозыны баға бердік, бір жағы ермек, бір жағы малжанды өдет екеумізді де бүйдасыз жетеледі. Кешікпей қозылар қолымызды аңдитын халге де жетті. Кейде мысықша еріп, аярыңа оралады. Лапас астынан есік алдына дейін еріп келеді.

— Мен қозыны көршінің саулығына телитін болдым, — деді қарт бірнеше күннен кейін, — «Екеуін бірдей асырауға сиыр сүті жетпес» деп көршінің өзі айтты.

Мен басымды изедім де қойдым. Ол қозыны көршісінің қорасына алып та кетті.

Қалған қара қозы еркек. «Сенің атың Сибиряк» деп оған ат қойдым. Үйден шыққанда атын атап шақырамын. Келеке «Сибиряк» деген дыбысқа қорбаңдай жүгіретін болды.

Күндер өтті. Қозыдан қошақан болып кішірейгендей «Сибиряк» «Сибякқа» айналды. Тілге жеңіл. Өзі өсіп қалды. Басында жүні үрпиген көбдіктеу еді. Өсе келе теңеліп

домаланған жұмыр қара болды. Өспеске, жұмырланбасқа шарасы жоқ. Сүттен өзге нан берем. Бірін беріп, бірін бермесең тегін қоймайды: еріп үйге кіреді, баспалдаққа секіріп шығу Сибякқа жүк емес. Және маңдайынан қақпайтыныңды жақсы біледі. Шығарып жіберсең тықылдатып есік қағады – алдыңғы аяғы қолмен бірдей. Және есікті «қағып» жіберіп құлағын тоса қояды, іштен дыбыс бермесең, қайтадан қағады. Кейде маңырайды, маңырағанның өзі «бербер!» дегендей естіледі. Бір жақсы жері тәртіпті-ақ; алар тамағын «сұрап алғаннан кейін» аяғын ептең басып, қора төріне кетіп бара жатады. Ал мұнан басқа мінезі де та- маша: тамақ жегеннен соң азырақ жатып тұрады да, қорада балаша асыр салатының шығарды. Кәдімгі тағы жануардың тастан- тасқа секіргенідей, үйінді көң-қоқырдың төбесіне шығып алыш, қарғып-қарғып кетеді. Қақпаға дейін шапқылап, мінbesіне қайтадан секіреді. Сол кезде сені көре қалса жүгіріп келіп аяғымен тарпиды. Мұнысы: «жүр-жүр бірге ойнаймыз» дегені. Өскен сайын өнері арта түсті хайуанның. Тамаққа тойып алыш жатудың орнына ертеңгі кезде өзімді жұмысқа шығарып салатын әдет тапты. Қақпаның алдына келіп ұзап кеткенше қарап тұрады. Ал, жұмыстан қайтып кел-

генде жер-көкке сыймай кетеді. Алдыңды орап, аяғымен қағып, олай-бұлай жүгіріп әлек болады. Мұнысы: «Қуанышы қойнына сыймай кеткен!» Бір күні Сибяк екеуміз үйде жалғыз қалдық. Дәрігер елге шығып кеткен. Ал, Жұмекең қырдағы колхоз станицында қонып қалған еді.

Күн салқын болған соң Сибякты қазан жаққа кіргізіп, үйге қондырдым. Алдын ала оны тамақтандырдым. Астына кенеп төседім – бойы үйренген соң әзірленген орынға жатып алды. Қазан жақтың есігін ашық тастадым. Өзім аз уақыт кітап оқып жаттым. Қалғи бастаған соң шамды сөндірдім де, кешікпей-ақ үйықтап кеттім.

...Үйде біреу жур. Қалай оянып кеткенімді білмеймін. Тыңдаймын. Ақырын ғана басады аяғын! Өзі тап қасымда тұрғандай! Тіпті дем алғаны да құлаққа шалынып кетті! Үй іші жым-жырт тыныштыққа бөленіп, тірі жанның қыбырын құлаққа аумай-төкпей әкелетін. «Бұл кім үйде жүрген?» деймін. Сөйтемін де «түс көріп жатырмын ба» деп, – ақырын ғана көрпемді сипаймын. Ойыма түсіп кетті. Сибяк!

Мені іздеп, дыбысымды сезіш, бөлмебөлмеден жаңылмай тапқан. Мен де іштен дем алып жатырмын. Не қылар екен деп.

Кереует жанына келіп біраз тұрды.

Байқаймын, құлағын тосып тұр. Бір кез: «Осы орнында бар ма, жоқ па?» — деген жанша байқау үшін кереуетке аяғын салды. Сөйтті де ақырынданап қана мені тарпып қойды. Мен шыдамадым. Дыбыс бердім.

— Сибяк, мен орнымда жатырмын, сен де барып жатағой! Қорықпа!

Сибяк жайымен ғана аяғын кері әкетті. Бірақ өз орнына бармады. Әлде қорқып жалғыз жата алмады ма, әлде менің баржоғымды білу сезімі билеп кетті ме еken. Кім білсін! Әйтеуір еденде, менің кереуетімнің жанында жатты. Ертемен екеуміз орнымыздан бірге көтерілдік.

Жаңбырлы, қара сұр күзде өтті. Эрі ұзак, әрі суық Сібірдің қарлы қысы да ығысып, көктемге орын бере бастады. Ол жерде көктемнің өзі кенже қалып отырады ғой. Сибяк «күпісін» шешер шақта майдың өзі қоштаса бастап еді. Ал, қозылық, марқалық дәуірді бастан тоқ кешірген Сибяк мандайы қырқаланып кеткен. Қыртыс қабақ құду денелі бола тұра, баяғы қолға қарауын тастар емес. Бірақ аталық қасиеттері күн санақ көзге түсе берді.

— Осы сайтан қошқар болған соң да қоймас па еken еріп жүруді, — деп қояды Жұмекең кейде, өскен Сибяктің қозы мінезін ұнатпай.

— Қошқар болуға көп бар ғой, әлі жұдырықтай емес пе! — деймін әдейі кішіртіп, сомдалып қалған денесіне көзім көбірек тоқтаса да.

Бір күні таңертең Сибяк сиырмен сүзісіп жатыр. Терезеден көріп қалдым. Үйден шыға жүгірдім. Бірақ Зорыканың «қолына» түсе қояр ниеті жоқ. Әлде ойнай ма, әлде аңдысын аңдып сиырды қапыда соғайын дей ме, — әйтеуір Сибяк басты тұқыртып жүгіріп келіп қалады да мүйізін шайқап қалған сиырдан жалт береді. Бір ғажабы, оған сиыр да өжеттене ұмтылмайды: тұмсығы пыш ете қалып, басын құр шайқайды. Және өзі күйсеген жағын қаузаудан босатпайды. Сірә, бұл екеуі аса қырги-қабақ емес те шығар! Дегенмен Зорыкаға сеніңкіремей:

— Шешесін құртқаның аздай-ақ, енді өзіне де мүйізінді шайқайтын болдың ба? — деп ескертіп қоям.

Сибяк бір жасқа шығарда күтпеген жерден...

Былтыр июльде туып еді ғой Сибяк. Туған жоқ, Жұмекең іштен жарып алыш ажалдан арашалап қалғанға бір жыл. Ал биыл ойда жоқ жерден алыстағы Алматыдан қонақтар сау ете түсті. Қайынбикем мен балдызым. Балдызым Қазыбегін жетек-теп келмесін бе! Мал көрмеген бала ал-

дымен Сибякқа жармасты. Бұрын мұндай кішкене кісіге үйренбекен қозы, аз-мұз таңырқағандай едірейе қарады да, тілін біле қойды: Қазыбекті сұзген болып, тиіп қашып, бірден ойынға кірісіп кетті. Бізге олардың ойыны да қызық. Елдің хабары да көктен түскен олжадай болды. Ел жайын, дос-жаран халін қалдырмай сұрап, біліп, қуаныш қойынға сияр емес. Асыл астанаңды қөзіңмен көргендей, көшесінде өзің жүргендей боласың...

— Мен кеңсеме барып жұмыс аяғына дейін бола алмайтынымды білдіріп қайтамын, — деп сыртқа шықтым.

Жұмекең де колхоз конторына барып шықпақшы болды.

— Жұмеке, қонақ келіп қалды ғой, — дедім үйден шыға бере.

Арғы жағының неге соғатынын қарт айтпай сезді: қонаққа тоқты керек екені қазақтың іштен біліп туатын салты емес пе!

Қарт сақалын сипаудың орнына оны қаси түсті. Бұл оның тұйыққа тіреліп қалғанының белгісі ғой. Аздан кейін тәмен қарап тұрды да:

— Иә, қой басын жейтін қонақ. Болмас... Төрт-бес шөмелे шөпке түспес пе екен, тоқты-торым қарастырып көрейін, — деді.

Сөйтті де лапас астынан жүгіре шыққан
Сибякқа қарап басын шайқады, мен де
қарттың ойымды тапқанына қуанып кеттім.
Жүгіріп келген Сибякқа:

— Бар, бар! Кешке іркіт ішесің, Файру-
за май былғайды, — дедім.

— Сен сайтанға қол бармас! — деді
Жұмекең де, қошқар болар қозыны
құлағынан жұлқып.

Сибяк жұғымды хайуан. Жұмекең
тұрғанда оған қатер аз.

Көктөбел, 1966 ж.

ЖАЙЫН ІЛЕРДЕ

Мен томпаңдап папамнан қалмай келем. Папам аршындағап аяңдайды. Сонында мен ба-рын ұмытып кеткен шығар. Балық жұмысы асығыс жұмыс және алакөбеңнен жина-латын бір қауырт кесіп қой. Байқаймын: андағы-мұндағы көзге шалынғанша су ба-сына жету керек, сондықтан да бүгін па-пам сақардан тұрды. Борсандағап терлей бас-тадым. Аяқта киіз байпақты етік, баста құлақшын, үстімде күпі. Жылы киінбесе де болмайды. Мұз үсті суық.

Ақырын жүрсе етті деймін ішімнен. Бірақ папама жай жүр деуге батылым бар-майды. «Жүре алмасаң неге ердің», дей ме деп жасқанам. Әрине неге ердің деп айт-пайды папам. Өйткені мені ертіп жүруді іші жақсы көреді, тек атамнан қорқады. Өйткені мен атам баласымын ғой — өзінің тізесінен басқа жерге отыртпай, папа-ма да сүйгізбей өсірген баласымын ғой. Сондықтан атам мен әжем алдында балам деу түгіл, бетімнен де сүйіп көрген емес. Оңашада ғана сүйеді. Онда да жан-жағына қарап алып, өбеді бетімнен.

— Мен де балыққа барамын, әже, — деп қынқылдай бастадым.

Папам маған қарап жымың етті де, үндеғен жоқ. Ал, менің тілегімді екі етпейтін әжем:

— Атаңнан сұра, айналайын. Атаң жіберсе, барағой, — деген.

Атам алдымен тамағын бір кенеп алыш, ұзынша ақ сақалын салалай түсті. Сөйтті де қыңқылдай бастаған менің мәндайымнан бір сипап өтті; тағы да тамағын кенеді. Ал папам жымың-жымың етеді, бірақ теріс айнала береді.

— Тоңып қаласыңғой, — деді атам, біраздан кейін.

— Ата, тоңбаймын, — деймін еркелеп, сүйкене түсіп.

— Жылымға түсіп кетерсің, қарағым.

— Жоқ, ата, түспеймін, — деймін енді атамның санын құшақтай түсіп.

— Сабағыңнан қалып қоясың.

Оған да жауап таптым:

— Ата, шайға дейін қайтып келемін.

Басымнан бір сипап, мәндайымнан бір сүйіп ақырында атам көнген болатын.

— Жарайды, — деген ол ақырын ғана.

Міне, сол ертіп шығуға өзі де құмар папам сонындағы маған бір қарамайды. Жыларман болып келемін, аяғымды жүгіре басамын, жете алмаймын. Киім қалың: құпінің ішінде бешпент бар, бешпенттің ішінде түбіт шәлі. Әжем тоңып қаласың деп шәліні бешпент ішінен орап және оның үшін қайырып әкеліп белімді тас қылып байладап

тастаган. Өзен де алыстап кеткен сияқты. Бұрын жұрт бір шақырым жер деуші еді... Не керек, терлеп-тепшіп, жыларман боп булығып, бір кез жағаға да жеттік.

Мен «үң» деп отыра кеттім.

— Шаршап қалдың ба, балашқа, — деді папам маған енді ғана мойын бұрып. — Дем ал.

Бір жағы терлеп булығып, бір жағы ақырын жүрмегеніне іштен тұтеп, мен папама жауап бермедім. Ол да маған енді қайтып мойын бұра қоймады — өз жұмысы өзіне жеткілікті емес пе! Дала жарықтанып қалды — біз үйден шыққанда айнала қапқараңғы, алдында келе жатқан папамнан ғана көз жазбай отырғанмын.

Мұз үсті айнадай, көкпеңбек. Жалтырап жатыр. Өзеннің екі жағасында сылдыраған қамыс бар. Жаздығуні көк мақпалмен көмкеріп қойғандай еді. Қазір селдіреп ақселеу тартып түр және құрлыққа шығып қалған. Папам мұзды оймай-ақ үстінен үңіліп қарап, қамыстың арғы көбесін жағалап кетті.

Балық көздің құрты, дейтін әжем — өуейі қылады. Әуейі қылса да қызық қой. Қармақпен алғаның да қызық, ырғақпен ілгенің де қызық. Әрине мен қармақ сала біліп, алабұға мен шорағайды жаздығуні

жағаға торс еткізіп лақтырып отырсам да, ырғақпен сазан ілуді үйренгенім жоқ, іліп көргенім жоқ. Бұл үлкендердің кәсібі, бізге әлі ертерек. Соңда да су астына үңіліп ақырын сзызып келе жатқан сары сазанды көріп қалғанға не жетсін! Көрген балығынды өзің іле алмасаң, әкеңе айтасың, «міне-міне», — деп сыйырладап, қолынан жетелейсің ғой.

Шыдамадым: белбеуімді шешіп жіберіп, құлақшынымды түріңкіреп алып, мен де мұзға үнілдім. Папам қарап кеткен жерде не бола қойсын, соңда да су астын көзben тінтіп, тамашалай бастадым. Көз тоқтатып қараңқырасаң айнала жарқырап жатыр: бір жері балдырылы. Бір жері ашық. Асты тұп-тұнық, кей жердің көк сазы да көрініп жатыр. Мұздың қалындығы еліден артық болмас — терезенің әйнегі сияқты — арғы жағындағының бәрі қасында тұр. Бір жердің қопасы кетеріліп келіп, тәбеле тиіп кетерліктей мұзға өте таяу тұр — қопаның ит садағы мен айыл қоғасы мұз бетіне шығып кетуге жанталасады. Осындай бір су астының сиқырлы әлемін үстінен үніліп қарап, тұңғызық түбін тамашалап, жағаның ұйысқан балдырын қолыммен жазғандай тоңқайып жатқанда, папамның кішкене балтасы мұзға тық-тық ете қалды. Мен ба-

сымды көтеріп алдым; ең қызығы осы той: мұзды тесіп жылым ойды дегенше – сары сазанды су астынан салаң еткізді дей бер. Інірдегі қынқыл, түнгі шала үйқы, ертеңгі жылы төсекті тастай жүгіру, әкеме ере алмай қорбандау – осы қызықтың лаңы үшін емес пе?

...Папам шекленің етегін қайырып бүркене салып, жылымға үңіле қалған. Мен қасына жетіп келгенде ырғағы суға зулап еніп те бара жатты. Жауырыны қиғашталып, папамның қолы ебдейлене бастады. Ал, шанышқысы қасында, мұз үстінде жатыр. Ұға қойдым: самарқау сазан жоғарыда тұр, болмаса ақырын жылжып қозралып барады. Мұндайда ырғақ керек. Шанышуга болмайды. Жерде жер бауырлап жатқан сазандығана шашады. Бұл да тамаша қызық қой, жатқан сазанға қарагай сапты үш тармақты шанышқыны сол қолдың уысынан өткізе айнытпай сырғытып, оң қолмен төмен жібере береді. Сазанға шанышқы төніп, бір қарыс-екі қарыс қалды-ау деген кезде оң қолды құлаштап көтеріп алып, белдемеден «кірш» еткізеді. Сазға тыққан сазан бұлқынып, шанышқының сабын бұлаң құйрыққа сала бастайды. Сол сәтте шанышқы сабына сүйей су түбіне сырғытқан ырғақ түйрелген сазанды қапсыра іліп, жоғары мұз бетіне

шығады... Ал, қазір папам сазанды шанышпай, ілгелі жатыр. Мен келіп:

— Папа! — дегенде, ол сазанды іліп алып, ұшып түрегелді. Көзді ашып-жұмғанша жылымынан суырып алып, балығымен қоса ырғақты мұз үстіне сілкіп қалды. Қоңыр жонды жұмыр сазан шиыршық атып сырғанап кетті, мен де ұмтылып барып оның үстіне қондым. Қапелімде ұстатпай, қолға түрмай сусып кетті. Екінші ұмтылғанда ол ашуланған адамша, мұзды құйрығымен шапалақтай бастады. Мениң дәрменсіздігімді көріп папам сазанды желкесінен бір-ақ қысып алды да, желбезегінен тізбекті өткізе салды.

— Мә, сүире. Сақ бол, жылымға түсіп кетпе, — деді маған сыйырлап.

Сөйтті де екі аттам жер жүрмей, папам мұзға қайтадан үңілді, балтамен тағы да тықылдата қалды. Мен «Я, сәт!» деймін ішімнен. Бұл жер сазанның жүріп келіп жатқан жері де, — жә жатуға бет алған қонақтар орны болса керек. Папам ырғағын жаңа жылымға тағы зулатты — тағы бір тоқ жонды балық судан сопаң ете қалды. Торсиган қос коңырды мұз үстімен сүйрей жөнелдім. Бұл жолы оны тізбекке өзім тіздім желбезегінен.

Ұзамай тізбегім қонданып қалды. Бесеуін ілгенше қомсынып, тізбегім олқы түрғандай көрініп еді. «Тағы бір-екеуін ілсе иғі еді» деп папамды өкшелей түсіп едім, ал сазан саны онға қарай барып қалғанда, оны сүйреудің өзі күшке түсे бастады. Өзенге келе жатқанда папама ере алмай терлесем, енді сары сазанды сүйрей алмай састьм. Бір-біреуін қос қолдап көтеретін сары қасқа балық зілдей, қарды талдырып барады. Оның үстіне судан жаңа шыққандары тізбекті жұлқып тулап, талған қарынды онан сайын талдырады. Кейбіреуі құйрығымен мұз сабалағанда оған қалғандары қосыла кетеді – тізбектің тиегін сындырып, өзін үзіп кетерлік.

Кешікпей берекем қаша бастады. Жүрісім өнбей қойды, арқам да су болып кетті. Және ертеңгі аяз қолды да қарып барады – судан шыққан балықты тіземін деп қолым, женім су болып, бармақ біткен үсіп кетті, шыдатарлық емес, ауыз салып үргілең алсаң – удай ашып жанынды шығарады.

Папамнан қалып қойдым. Ол түбекті айналып бара жатты. Енді қайтем деп қысылған кезде, тағы да ілген екі сазанын шанышқының тармағына түйреп маған қолын көтерді: «Жүр-жүр!» – деп ымдайды. Жүрмеймін деген ой жоқ – әттең дәрменің

аз. Менің адымым өнбей келе жатқанын көріп, ол қарсы жүрді.

— Иә, балашқа, ауырлап келесің бе? Қазір, — деп шанышқыдағы сазанды тізбектегіге қосты да, — мына жерге тастап кетелік. Эйтпесе қолың үсіп кетер, — деді.

Сөйтті де, жалма-жан бір шоғыр қамысты уыстап алып, тізбекті соған байлады. Үстін айыл қоға жұлып бүркеп, көзден таса етті. Содан кейін менің белбеуімді дұрыстап бұныңдырыды, қолымды уқалап жылытты, беліне қыстырған тері биялайын берді.

— Ана қырмен жүгіріп жылынып ал! — деп бетімнен өбіп, өзі түбекке қарай кетті.

Маган жылынудың керегі жоқ еді. Шыдатпаған қол болса — оған енді тері биялай бар. Тері биялай қаңдай жылы!

Корбанңап қыр басына шықтым да, папам әрілеген соң ойға қалдым. Папамның бет алған түбегі нағыз түбек: өзен тік бұрылып арқаға қарай аға түседі де әудем жерге бармай-ақ шығысқа қарай оралып кетеді. Мұзбен жүрген кісі біраз жер айналып кетпекші де, ал құрлықпен кесіп түскен адам төтесінен тез жетіп мұздагыға қарсы шықпақ. Мен де папамның қарсы алдынан шығайын деп түйдім. Өйткені, папамды қуып отыру қыын, ол жеткізбейді және мен тағы да терлең-тепшіп кетем рой. Түбектің

екпе тұсын оңай-ақ тез кесіп түстім. Папам әлденеге айналып кешеуілдеп қалды. Ойлаймын: «Тағы да сазан ілген шығар», — деп. Ілсе ілсін. Маған керегі де сол сазанның ілінгені. Үйге қайтқан соң: «біздің баланың, жолы болды», «өзінің қанжығасы қанды», «бұл шықса, құрқол қайтпайды», — деп мақтамай ма?! Және балық көп ілініп, қар түскеннен кейін оны бір шана етіп тиеп базарға апарса, қойын-қонышың кәмпітке толмай ма! Папам маған қалаға барған сайын базарлық өкелмеген сапары жоқ. Балық сатқан жолы қарық болып қаламыз!

Тура жүріп мұзға қайта түскеннен кейін, тағы да суға үңілдім. Бұл жолы мұзды папамның биялайымен үйкеп-үйкеп бетін жалтыратып жібердім. Кәдімгі айнаның бетін сұртіп жібергендей жарқырап кетті. Астындағы әлем де таңдай ашық, бірақ қамыстан арғы айдын беті жар қабақ шаппа екен — қарауга дәтің шыдарлық емес, құдық түбіндей, шыңырау...

Тастай беріп қамысқа қарай еңбектедім — тайызым жақсы, түбіне қол жеткендей, қауіпсіз. Сазан да осындағы жерде жатады ғой. Аздан кейін жүрек тоқтатып, папам сияқты етегімді түріп басыма бүркеніп — тоңқайып қарап жатырмын. Бір кез...

...Әуелі өз көзіме өзім сенбедім: мүмкін

емес! Соншама үлкен балық құйрығы бола ма! Қозғалып тұр! Балық құйрығы тап астында тұр! Басымды тез көтеріп алдым. Әлденеге жүрегім су ете қалды. Жан жоқ қасымда. Енді не істеймін? Папам қашан келеді, әлде жүгірсем бе екен?..

«Егер балық болмай шықса»... деген күдік туды. Папам айтқаны бар: балық көрсөң саспа анықтап қара, — деп. Су астында жатқан жапырақ пен көк балдыр аз ба! Оның бәрі де жанды нәрсе сияқтанып қыбырлап, қозғалып, теңселіп тұрады рой.

Мұзға қайта үңілдім. Балық! Сөз жоқ, балық! Балық болғанда — нағыз жайын. Жайынның құйрығы. Жұп-жұмыр, кіндіктен кейінгі қара қошқылданған күдіс дене жіңішкеріп барып, тарақ құйрыққа айналған. Ал кіндік, кеуде, бас, қос айдар қайда?! Ол қандай? Мына құйрық жақтың өзі кішігірім өрмектей, қырланып, жалданып жатыр. Түрегелдім де оң қолымдағы биялайды мұздың үстіне қоя салдым. Екіншісін екі адым ілгері жүріп, осы қос кіндік тұсы-ау деген жерге қойдым. Сөйттім де еңбектеп жағаға шықтым. Шықтым да папама қарай жүгірдім. Мен жүгірмесем де болады екен, шанышқыға тұмсығынан ілген дәу сазанын салақтатып, оң жақтағы айналмадан папамның өзі де шыға келді.

Мені көріп ол да қуанып кетті – езу тартып келеді. Кейінде қалып қоймағанымама мәз. Мен аптығып-үптігіп:

– Папа, жайын!.. Дәу жайын... тарақ қүйрығы етектей, – деп сөзіме шашалып жатырмын.

– Иә, қай жерде?

– Міне, мына жерде... Белгіге биялайымды тастап кеттім...

Папам асығар емес.

– Жайын дейсің бе? Тізбектегі сазандарың қайда, біреу сүйреп кеткен жоқ па? – деді.

– Сазан орнында, папа. Мына жайынды ілсең...

– Саспа. Бұйырса, ілерміз оны да.

– Ұлken! Сұмдық ұлken, папа...

– Қарайын, жайын дегенің бақа болып жүрмесін, су астынан ол да көзге дардай көрінеді.

– Ойпырм-ау, дәу дедім фой. Мұндай жайынды ешкім ілмеген шығар...

– Жарайды, айналайын. Бірақ, жайын сақ келеді, үркіп кетпесін.

– Мен еңбектеп жағаға шығып кеттім.

Дыбыс бергенім жоқ... Папамды жетектегендей ілгері ұмтыла түстім. «Құдай бір жөнін беріп, іліп алсақ жұрт аузын ашар» деймін ішімнен.

— Ақырын, балашка, ақырын. Жайын сақ келеді, мен өзім қарайын.

Биялай жатқан жерге бір үңілді де папам менің бетіме қарады. Жүзі жымың еткені өз алдына, басын да шайқап қалды. Бұл әрине таңқалғанның белгісі. Екінші биялай жатқан жерге тағы үңілді, ептеп орнынан тұрып ілгері жүрді, екі аттам жерге қайта үңілді. Бұл жерге сәл тоқтап, шекпен етегін бүркей тұсті басына. Сейтті де, балтасын мұз үстіне қоя салып ақырын жылжып өзі кері жағаға шықты. Аяғымды ұшынан басып, мен де ере шықтым.

— Осы маңда Есекең болуы керек, жүгір. Жайын ырғағын берсін!.. Өзін де шақыр. Дабырлама, ақырын айт!

Жүгіре жөнелдім. Терлеу-тепшү дегенді ұмытып та кеттім-ау деймін — домаланып келемін. Үлкен көкемді қалай тапқанымды, оған қалай жеткенімді білмеймін.

— Үлкен көке, жайын... папам шақырады үлкен ырғақ керек...

Үлкен көкем ә дегенде еш нәрсеге тусінбей қалды-ау деймін.

— Жай ма, балам, жай ма? — деп бетіме қарап тұрды да, — су басына жалғыз келіп пе едің? — деп сұрады.

— Үлкен көке-ау, жайын деймін. Мен көрдім, папам үлкен ырғақ керек деді...

Аздан кейін барып:

— Э, папаң екеуің келдіңдер ме. Жайын дейсің бе? Жайын болады бұл жерде, — деп біраз тұрды.

Не керек, үлкен қөкемді де жеңінен сүйрегендей жетектей бердім. Екеуміздің тәбеміз көрінгеннен-ақ папам ақырындаң биялай жатқан жердің мұзын тесті. Тесті де, тағы да бір көріп алайын дегендей, жылымға бір үңіліп алыш, жақындаң келген үлкен қөкеме:

— Есеке, ырғағыңызды беріңіз... Әлде сіз ілесіз бе? — деп созған қолын кері тартып алды.

— Ілсейші, кетіп қалып жүрер.

Папам екінші рет тіл қатпай ырғаққа қолын соза берді. Үрғақтың сабы да жуан екен, басы да доғалдай көрінді. Кәдімгі бәгөр. Папам өзі суға үңіліп, кеудесін көтеріңкіреп тұрып бәгөрді зулатқан жоқ, ақырындаң тұтамдаң, оң қолын құлаштаған күйі жоғары ұстап тұрып төмен жібере бастады, үлкен қөкем екінші кішкене ырғағын әзірлең, папама жақындаң тұсті. Екеуінде де үн жоқ. Бірі бәгөрді ептеп төмен сырғытып, әлденеге дәптеп жатыр да, екіншісі соның қолын аңдып көз алмай қарап тұр, ырғақ қалай толқыса — бұл да со лай иығын қозғап қалады. Кәдімгі ін аузын-

Да тышқан аңдыған мысық сияқты қылп етпестен, тесіле қалған. Мен де тесілемін. Тесілу көпке барған жоқ...

— Ап! — деп қалды да, папам орнынан ұшып түргегелді. Менің екінші көргенім: папамның екі тізесі бүгіліп кетіп отыра қалды, бірақ қос қолдан ырғақты шірей тартып, қайтадан тұра бастаған жоқ — сіресіп, асаудың мойнына тастаған құрықты тартқандай, шіреніп тартады. Тізе қайта бүгіліп, қайта жазылып өзі жылым ауызынан алшақтай бастады. Менің үрейім ұшып кетті. Сасқанымнан: «Папа» деп қалдым.

Папамды суға жығып кетеді еken дедім.

— Есеке, Есеке!.. — деді бір кез папам.

Үлкен көкем қолындағы кішкене ырғақты екі-үш рет жылымға сумандатып алды, бірақ еш нәрсе ілікпеді.

— Сағасы жетпейді бар болғырдың. Омыртқадан ілікпесе жырыла береді ғой...

Бір кез үлкен көкем де шірене қалды, бірақ кішкене ырғағының сабы майысып-майысып кетті.

— Жүгір, бала... Шақыр, кім бар...

Мен тағы да жүгіре жөнелдім. Бірақ, қайдан шыға қалғанын білмеймін, Тойекең емпендей басып ұмтылып келе жатыр еken. Мені көріп жүгіре түсті, жүгірмесе де адымы — бір саржан, жетіп-ақ қалды.

Екеуміз келіп жеткенде папам мен үлкен көкем сүйреп тартып, тарақ құйрықты жылымның аузынан бір кездей жоғары шығарып қойыпты, бірақ, екеуі де шіреніп-майысып, әлек болып жатыр. Жүгіріңкіреп келген Тойекең қолындағы сүйменмен жайынның судан шығып қалған бір кез құйрығын көктей түйреп жылымға тиектей салды. Мен: «уң!» – дедім. Енді кетпес, бәлем!

– Батыр, енді ешқайда бармайсың! – деп Тойекең де өзінің ыргағын салды. Не керек үшеуlep жайынды сүйреп, уш жерден ілгөн күйі шығара берді.

Бір көзде жайынның басы кептеліп қалып, Тойекең жылымды кеңіте түсті.

– Екі құлаш жарым бар еken батырың! – деді Тойекең шытырлаған мұздың үстімен жайынды шетке сүйреп бара жатып.

– Басты қара! Бақыр қазандай! – деп қойды ақырын ғана үлкен көкем де. Папам жайын жөнінде еш нәрсе айтқан жоқ. Ол тек демін алып, бәркінің желке жағын көтеріңкіреп қойып, күнге қарады. Күн көзі буалдыр тартқан күңгірт аспанда көріне қоймағанмен, көп уақыт болып қалған еken.

– Жүгір үйге, кешігіп қалдың, – деді маған.

— Ат арба әкелсін бе? Атама айтайын ба? Үлкен жайын ілдің дейін бе?

— Жүгір-жүгір, не ілетінін атаң айтады гой, — деп папам жымия түсті.

Жүгіре жөнелдім. Өкпемді қолыма алып жүгірдім. Екі езуім екі құлақта. Жайын ілдік. Үлкен екі құлаш жарым жайын — демекпін атама. Ол арба жегіп келеді ғой.

Атам сыртта тұр. Асасын таянып тұр. Алыстан-ақ көрдім. Үй жанында тұр.

— Ата, ата! Жайын ілдік. Үлкен! Арба керек!.. Атам жүзінде қуаныштың нышаны да жоқ. Сұп-сұр, сұсты күйі асасына сүйеніп тұр.

— Ата, жайын ілдік...

— Ұстазың айтар не іletіnінді, бар!

Атам асасы мектепті меңзеді. Зәрем үшым кетті. Үйге қалай кіріп, сөмкемді мойныма қалай ілгенімді де білмеймін. Мектепке қалай жетіп, класқа қалай кіргенімді де білмеймін. Есімде қалғаны: балалар маған жамырай қарады. Мұғалім жай үнмен:

— Қайда болдың? — деді.

— Жайын ілдік...

— Ім... енді білім ілуді үйрен!

Ол бұрышты көрсетті. Мен екі көзімді жабыққа тіреп тұрып қалдым...

Қазір атам мен әжем жоқ. Папам да жоқ. «Не іletіnінді ұстазың айтар» деген

сөзді кейін түсіндім: білім ілу. Мен оны
ілдім де. Бірақ менің ілген жайынымды олар
көре алмады. Тілектері мені ұстаз ету еді.

Көктөбел, 1966 ж.

ΔΛΗΛΑСЬІН ФОЙ,
ПЛУТАРХ!

Александр Македонскийдің (кәдімгі шығыс елі Іскендер Зұлқарнайын, яки Қос мүйізді Патша деп атаған ұлы жанның) атақты үш қолбасшысы болды. Оның бірі Антигон, бірі Птоломей, үшіншісі Селевк еді. Антигоннен Деметрий туды. Бұл ғажайып патша атанды, теңдесі жоқ қолбасшы санауды. Қызы Стратоника асқан сұлу ханша болатын. Сол сұлу қызын Селевкіге тоқалдыққа берді. Ұрпақ жайып, патшалық патшалыққа қол арту ұлы адамдардың дәстүрге айналған әдеті еді ғой...

Ал, Селевкінің сүйікті жалғыз ұлы Антиох сол Стратоникаға ғашық болған. О, Тәңірі құдіретің күшті ғой! Тоқал шешесіне ғашық болып, бірақ бұл сырды жарыққа шығара алмай, жас шаһизада ғашықтықтан құсалыққа айналған. Тағам татпай, шарап ішпей, ойнамай, күлмей, аңға шығып се-руенденемей сарғайған. Күндер жылжыған, айлар өткен; қуарған шыбықтай қастерлі ұлын табибтарға қаншама қаратса да, емін таппай патша да торыққан. Елдегі ең білгір табибтарды жинаса да ешбір ғалым ауру шипасын таппаған. Ғалымдар да, патша да тегіс түніле бастаған. Сол кезде тәжірибелі дана Эрасистрат түрлі ойға, түрлі амалға кіріседі. Ол сарайдағы сұлу жанның бәрін сусын көтертіп, шаһизаданың ал-

дынан өткізе бастайды. Кезек жас анасы Стратоникаға да жетеді. Үлде мен бұлдеге бөленген салтанатты жас ханымның жаннан асқан нұрлы жүзін көргенде, өлім халіне жеткен шаһизаданың көзінен әлде не бір шоқ ұшқыны жарқ еткендей болады да, мұны байқап қалған Эрасистрат ханымның қолынан сусынды алып, бас иіп тағзыиммен сарайдан шығарып салады. Ол: «Ем табылды, бірақ үмітсіз...» деп түйеді. Алайда, патшаға келіп хал-ахуалды алыстан орап баян етеді.

— Құдіретті патша ағзам. Шаһизаданың қастері белгілі болды. Алайда жазылмайтын... жазылса да өзгеше бір қолдан келмейтін қын жағдайға тірелетін жай, — депті.

Күйінген қаһарлы патша:

— Ол қандай ауру? Бүкіл патшалықты құрбан етсең де жаз! — деп бүйрық береді.

— Аурудың есімі — махаббат. Бірақ үмітсіз махаббат, патшам.

— Неге үмітсіз? Қол жетпес махаббат бола ма?

— Болады патшам. Шаһизада менің әйеліме ғашық...

— Қойшы! Рас па?

— Ақиқат, патшам.

— Түү! Сен өзің әрі Антиохтың досысың.

Менің Антиохты өлердей жақсы көретінім де саған мәлім. Сөйте тұрып өзіңің сүйікті досың, менің сүйікті ұлым Антиохты өлімнен қалас ету үшін бір әйелді қимағаның ба? Осы да сез бе екен!

— Ұлы патшам, мұны мен түгіл, даланың данасы өзіңіз де істей алмас едіңіз. Антиох сіздің Стратоникаңзыды сүйсе, бұған қалайша шыдал, қалайша... көнер едіңіз. Болмайтын нәрсе ғой.

— Егер де құдайлар тілекті беріп, солардың құдіреті ұлым махаббатын Стратоникаға аударса, жан біткен осыны мақұлдаса мен патшалығымнан да безер едім!

Қатты тебіреніп көзінен жас шыққан патшаны ұлы дәрігер қолынан ұстай алып:

— Сізге енді Эрасистраттың қажеті жоқ. Сіз өзіңіз әкесіз, өзіңіз ерсіз және патшасыз. Өз ұлыңыздың тағдыры өз қолыңызда. Бұдан былай өз ұлыңыздың табибы бір өзіңіzsіз, — деген.

Ертеңіне Селевк халқын жинап алып:

— Бүтін арқа беттегі жерлерімнің билеушісі шаһизада Антиох болады, Бұл ұлы патшаның ұлы уалаятын бірігіп билеуші Стратоника ханым болады. Мен осыны қалаймын жамағатым, — деп паши етіпті! — дейсін.

Румға Эллада үлгі!

Грек әміршілері Рум әміршілерінен
данарақ еді дегенің той бұл. Солай, көне
ойшы!

1966 ж.

ӘДЕБИЕТ НЕН ӨНЕР МЭСЕЛЕЛЕРИ

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІ

**ӘСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ
ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

ЭСТЕТИКАЛА ЕКІ
КӨЗҚАРЛС

Эстетиканың зерттейтін мәселелерінің ең бастылары: көркемнендердің өмірге қандай қатынасы, қандай байланысы бар, көркемдік дегеннің өзі не нәрсе, міне, осы мәселелер.

Ескі грек елінің философы Платоннан (427-347) Кантқа дейін, идеалистік философияның классигі Гегельге дейін, Гегельден кейін балалап кеткен идеалистік бағыттағы ұсақ эстетиктердің бәрінің келіп құйылатын саласы:

«Идея-сана шындық дүниені ашып береді».

«Сана болмаса әлемді қайдан ұғар едің, бәрі идеяға барып соғады» деген қорытындыға тіреледі. Әсіресе, Платонның үйретуінше:

«Әлем деген, табиғат деген идея дүниесінің бір шала көрінісі, нағыз ақиқат дүние идея дүниесі. Өнер табиғатқа еліктеп жасалған, көрініп түрған сұлулықтың бейнесі, сондықтан ол шын дүниенің көлеңкесі ғана» болып шығады. Платон реалистік өнерді жоққа шығарған, былайша айтқанда жерде сұлулық жоқ, бәрі үлкендерге еліктеген баланың ойыншығы сияқты нәрсе. («Мир изменчивых и прходящих чувственных вещей есть лишь тень мира идей...» деген).

Орта ғасырдағы діншіл философ Фома Аквинскийді былай қойғанда, XVIII ғасырдағы неміс философы Канттың – «ақылмен ғана ұғамыз, тәжірибеден тыс құбылыстарды сеземіз, зат деген өзімен өзі бір нәрсе, оны талдап ұғуға болмайды» деген философиялық пікірлері көркемдікті ұқтырмайтын, оның шындық дүниенің шын көрінісі екенін ашпайтын идеалистік ойлар еді. Ежелгі грек өнерінің тарихын зерттеген неміс ғалымы Винкельман көркемдік не деген сауалға қым-қиғаш біріне-бірі қайшы пікірлерді талдай келіп, «сұлулық деген адам тек сезетін, бірақ анықтап ұра алмайтын табиғаттың бір түсініксіз сырь» деді.

Атақты Гегель идеалистік көзқараспен болса да сұлулыққа дәл анықтама берді, ол «сұлулық деген ақиқат пен ізгілікке (истина и добро) байланысты» деді. Сөйтіп ол «сұлулық деген идеялық мазмұны күшті нәрсе де, ал өмірде мазмұнды нәрсе адам» деп тапты. Бірақ мұның мәнісін ол «адам деген рухани нәрсе мен материалдық заттың қабысқан жері, былайша айтқанда жан мен тәннің иесі. Міне, ол сол үшін көркем» деп шешті. Сайып келгенде, Гегель бар көркемдік «абсолюттік рухтың» айналасында деген қорытындыға келді.

Сөйтіш идеалистік философияның басты өкілдері көркем ой, көркеменерді болмыстан тысқары жатқан санамен ғана ұғып, соқыр сезіммен біліп тұратын бұлдыр да буалдыр, бүкіл ғаламды билеген «Қылапсыз рухтың» идеал дүниесінің, шынайы көркем, бірақ жерден аулақ, нәрселердің нұры, солардың асқан сипаттының сөулесі деген қорытындыға тірейді. Осы пікірлердің екінші түрі, бірақ солармен текстес, табиғатқа бас ұрған натурфилософияның уәкілдері Джон Рескин мен Юлиус Шульц көркемдік тек қана табиғатта деген пікірді үтіттейді. Мұның екеуі де XIX ғасырдағы ағылшын, неміс ойшыларының уәкілдері, жаңа буржуазияның көрнекті идеологтері.

Рескиннің көзқарасынша дүниедегі көркемдіктің бәрі табиғатта, сондықтан көркеменерде тек қана табиғатқа еліктеу керек, табиғаттың көрінісін дұрыс бере алсаң, онан сурет болмайды, табиғаттың сан алуан дыбыстарын ұқсаң, онан артық музыка жоқ. Ал егер де өзгертем десең, табиғатты бұзасың, демек көркемдікті көріксіздікке айналдырасың, — дейді ол өзінің өнер жөніндегі лекцияларында (1870).

Ал, Шульц ең жоғары көркемдік табиғатта болады деген теорияны онан

да әрілетіп, «адам табиғаттың көркемдігін байытпайды, шағындана береді, «жаратылыш» сұлулығын өңсіздендіре береді» деді. Мысалы, «табиғаттың өзі жасап шыгарған тауы соңдай көрікті, ал адам баласы соның басына апарып үй салып реңін кетіреді, сол секілді әдемі орманның сиқын бұзатын оның ішіне салынған орманшының лашығы. Эр жерде де, адам жуысқан жерде жаратылыш көркемдігінен айрылады. Бірақ табиғат соны өзі түзейді, заманнан заман тау басындағы үй жермен-жексен болады да, орман ішіндегі лашықты шөп-шалам басып, орны жым-жылас болып, ағаштар қайтадан теңеліп кетеді» дейді.

Бұл эстетиктердің пікірінше: адам көркем боламын деп табиғатқа қарсы келмеуі керек, табиғатты өзгертем деп әуре болмауы тиіс, қайта сол табиғаттың «аясана» оралуы керек, екінші сөзбен айтқанда, адам өзінің ілкі дәуіріне қайтқанда ғана айрылған көркемдігін қолына қайтадан түсіреді-мыс.

Адамның ең ілкі қалпына оралу (возврат к первобытному состоянию) идеясы осы күнгі буржуазия идеологтарының ең бір қолға ала жүгіретін қаруы; бұл реакцияшыл империалистердің қоғам өміріндегі кездескен қайшылықтардан оңай құтылу,

еңбекшілерді күнделікті күрестен аулақтату әдісі; экономикада да, мәдениетте де дағдарысқа ұшыраған, ілгері дамудың орнына кері кетіп бара жатқан капиталистердің «бар бәлені» цивилизацияға жауып, қырсықтың бәрі мәдениеттілікten, өйткені адамды бұзған сол, жаратылыстың өзінің берген сұлуулығынан айырылып қалғандық, дегеп үгіттейтін теория-сымак. Мұны Энгельс «Г.Фр. Даумер жаңа ғасырдың діні» деген рецензиясында тамаша ашып берді: «...Даумер мырза өзіне төнген тарихи қатерлі трагедиялардан табиғатқа тығылып, яки крестьянның топас идиллиясына бой тасаламақшы», – деді.

Сонымен идеалистік эстетика көркемділікті мистикаға айналдырып жіберді, өнердің көркемдігі де қолға жоқ дүние деген пікірге келді.

Дүниеге материалистік көзқарастың басы ежелгі грек философы Фалестен басталады. (624-547). Ол «дүниедегі бар нәрсенің тегі – су» деген, «тіршіліктің бәрі судан шыққан, көмекші материалдар – топырак, ауа, күн» деген қорытындыға келген. Фылымның дараланбаған кезіндегі бұл бірінші ғалым, Милет мектебінің негізін қалаушы философ. Фалес ойларының көп жері айқын емес, бұлдыр болғанмен,

тіршілік судан шықты дегені ғылыми дұрыс болжал еді. Жер үстіндегі бір клеткалы ең қарапайым организм судан шыққаны, суда пайда болғаны мәлім нәрсе.

Ал, Фалестен жұз жыл кейін туған Гераклит Эфесский (530-470) әлемнің материадан құралатынын ашып берді. Ол: «Әлем деген бір бүтін нәрсе, оны ешбір құдай да, ешбір адам да жасап шығарған жоқ; ол болып тұрған және бола беретін заңды түрде жанып, заңды түрде сөніш тұратын мәңгі тіршілік оты» деді. Гераклиттің бұл материализмін Ленин – диалектикалық материализмнің бастамасын өте жақсы айтқан, – деп бағалады.

Гераклит көркемдік жөнінде де материалистік пікірлер айтып, көркемдікті ғылыми түрде түсіну жолдарын ашты. Ол көркемдіктің түп негіздерінің заттан құралатынын, болмыстың өзінде екенін ашты. Көркемнегердегі сұлулық қарама-қарсылықтың гармониясы (гармония противоположностей) деп үйретті.

Мысалға ол сурет пен музыканы алды. Суретші болмыста бар заттың бейнесін түсіреді, оны ақ пен қара, сары мен қызыл бояуды араластырып салады: болмаса жуан да жіңішке, ұзын және қысқа (келте) үндер қосылып, құлаққа жағымды

әуез береді: осының бәрі қарама-қарсы жәйттердің гармониясы, әдемілік осында. Ал, бұл өмірде ақиқат бар нәрселер, — дегенді айтты.

Сол секілді ежелгі грек философи Аристотель де көркеменерді материалистік көзқараспен түсіндіріп, эстетикаға үлкен үлес қосты, оның негізін салды. Ежелгі грек драматургиясы мен мұсін өнерін зерттей келіп, ғылыми еңбектер жазды. Ол: «Көркеменер мазмұнды нағыз болмыстың өзінен алады» деді. Бірақ та Аристотель Платонның идеалистік теориясын сынаумен бірге, «түпкі бір қозғаушы бар» деген материализмге қайшы пікірге тіреледі.

Феодалдық-діншіл идеологияға, идеалистік эстетикаға қарсы күрескен атақты суретші, әрі ғалым Леонардо да Винчи «көркеменердегі сұлулықтың қайнар бұлагы табиғатта жатыр, бұл құдайға байланысты нәрсе емес» деді. Табиғатқа еліктесе ғана өнер шын көркемдікке айналады, ең биік сұлулыққа қолы жетеді. Бұл құр еліктеу емес, ақиқаттыққа, шындыққа жету жолы деген қорытындыларға келді. Өмірде өнердің маңызы зор екендігін көрсетті.

XVIII ғасырдың атақты материалист өнер зерттеушілері Дидро мен Лессинг

әдебиет пен көркемөнердің өмір шындығын көркем образ арқылы елестететінін, қоғам өміріне үлкен әсер ететінін ашты, көркем шығарманың мазмұнды болуын, халықтық болуын талап етті.

Ал, атақты Белинский, Добролюбов, Чернышевский көркемөнердің, әдебиеттің сұлулығы өмірмен байланысты екенін, өмір бар жерде сұлулық барын, әдебиеттің әлеумет өмірінде үлкен рөлі барын, дүниені өзгертуде үлкен құрал екенін ашып берді.

Белинскийдің Пушкин, Гоголь, Лермонтов шығармалары жөніндегі мақалалары, Добролюбовтың «Нағыз күн қашан келеді?», «Қара түнек әлеміндегі жарық сәуле», «Обломовшылдық деген не?» дейтін аты шулы еңбектері, Чернышевскийдің «Диссертациясы» көркемөнер мен әдебиетке жаңа мағына берді, оларды әлеумет өмірінің болашағына көркемдік идеал етті.

Осылар сияқты ғасырлар бойы ілгері даму жолындағы адам баласының өрлеу тәжірибесіндегі материалдық және рухани жетістіктерін зерттеп, қисығын түзеп, кемін толтырып, бағытын байқап, болашағына жол көрсеткен ғылым мен білімнің асқан кемеңгерлері, прогресшіл жұмысшы табандың көсемдері және ұстаздары Маркс – Энгельс – Ленин дүниетану ғылымын аяғынан тік тұрғызды.

Бұрынғы данышпан гректер: «Бәрі ілгері жылжуда, бәрі өзгеруде. Дүниенің тегі қымылды материалда» десе, марксистер:

«Ілгері жылжу құр жылжу емес, саялы жылжу. Бұл «материяның мәңгі қозғалу, мәңгі даму қасиеттері», идея (ой, сана) бірінші емес, материя – бірінші».

«Материалдық тіршілік жасау әдісі өмірдің әлеуметтік, саясаттық, руханилық процесіне себепкер болады. Адамдардың тұрмысын билейтін олардың санасы емес, сананың өзі тұрмыстың билігінде» деді.

Бұл ғылыми ақиқатты дәлелдеу қын емес:

а) адам басында еңбектеп жүріп күн көруден қаз тұрып, от тауып ас пісіріп ішіп, күрке жасап күн көрүте жетті;

б) бір кезде күрке ішінде күнелтіп жүрсе, кейін сарай салуға, тері жамылудан жібек кию дәрежесіне жетті;

в) есек міну дәуірінен өтіп, «Ту»-ларға мініп, бір ай жүретін жерге бір сағатта жетті;

г) май шамнан электрге, электрден атом күшіне жетті.

Міне, бұл «ілгері жылжу сапалы» деген шындықтың айғағы.

Екіншіден, идеалистер «табиғат дүниесі идея дүниесінің бір шала көрінісі» десе, оған мынаны айтуға болады:

Жер ғылымын негіздеген, жердің тарихын зерттеген ғалымдар тау сілемдері мұнан төрт жүз миллион жылдар бұрын шықты, ең соңғы тау пайда болған кезеңің өзіне де 200 миллион жылдан асты дейді. Ал, материалдық мәдениеттің даму жолдарын мықтап зерттеген, материалистік көзқараспен адам қоғамының даму сатыларын айқындаған В.Г.Плеханов адамның мәдениетке қадам басқанына яки табиғатты тани бастағанына 200 мың жылдай болды дейді.

Былайша айтқанда адамның жас балаша аяғынан қаз тұрып, еңбектеп жүретін дәрежеден еңсесін көтеріп екі аяғына сүйенгеніне, сонымен байланысты миына саңылау кіріп, айналасындағы дүниені ұга бастағанына тіпті аз уақыт өткен ғой. Енде-ше, идеалистердің «материалдық дүниеден сана дүниесі кәрі, әлем дегеніміз, сұлулық дегеніміздің бәрі ойдың туғызғаны» деген санаышылдық пікірлеріне орын қалмай қояды. Ол «Мәскеу қаласы» деген ұғым Мәскеу салынбай тұрганда туған деген сияқты болады; сөз жоқ, Мәскеудің атағы Мәскеу қала болып дүрілдеген кездे жай-

ылды. Болмаса ескі Рим уалаяты адам ойының жемісі емес, тарихи өмір жағдайы, тұрмыс ағымы үлкен, күшті мемлекет болуын керек етті, сондықтан Рим туды, сол сияқты Рим уалаятының құруы да ойдаң табысы емес, ішкі-тысқы даму заңдары оны сан қылышы қайшылықтарға соқтырып, төмендете келіп, тарихи сахнадан шығарып тастанды. Сол сияқты капитализмді адам санасы туғызыған жоқ. «Бізге осы капитализм керек, ал соны жасайық» деп ешкім ұйымдастырыған жоқ, оны даму заңы туғызды. Феодализмнен кейінгі материалдық ілгерілеу осы капитализм екенін дәлелдеді. Ал, енді капитализмнің құруы тағы да санаға байланысты емес, капиталистер қаншама тырысса да оның ішкі-тысқы даму заңы өз білгенін істейді, келесі саты социализмге жол береді. Бірақ бұл саналы күрес арқылы, даму тартысы арқылы болмақшы.

Мінекей, дүниетану заңдарын ашқан диалектикалық материализм. Осының негизінде сезіммен ұфыну заңын түсіндіретін эстетика — маркстік-лениндік эстетика туды. Бұл эстетика бұрынғы эстетикадан әлдеқайда сапалы, ғылыми жағынан әлдеқайда терен, дүниетану жағынан әлдеқайда батыл, өмірді өзгертуге

әлдеқайда алғыр эстетика, өйткені бұл жеңімпаз жұмысшы табының идеологиясы — диалектикалық материализмге сүйенген эстетика.

КОРКЕМДІК – ОМІРДЕ

Көркемдік жаратылыста да бар. Жазғыштыры жайнаған гүл әдемі; ол сан сәулетті түсімен көзді тартып, еріксіз: «Па, шіркін, әдемісін қараши!» дегізді. Болмаса, көк жасыл жапырақты, сымбатты, биік ақ терек адамды таң қалдырады. Сылдырап аққан бұлақ та тамаша. Тау да сұлу. Сайраған бұлбұлдың үні де ғажап. «Сұлу ат екен!» – дейді, бұл да шындық. Бұл табиғатта, тіршілік дүниесінде кездесетін сұлулықтар. Мұны көзben көріп, қолмен ұстаяға, адамның бес сезім мүшесі арқылы білуге болады, бұл болмыстағы шын бар нәрсе. Осы секілді көркемдік көркеменерде де, әдебиетте де бар.

«Айттым сәлем, қаламқас», «Қазақ вальсі», «Қайран шешем», «Адай» кәдімгі:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы өн мен тәтті күй, –

деп Абай айтқандай, көркем музыка. Сол сияқты М.Шолоховтың «Тынық Доны», М.Әуезовтің «Абайы», С.Мұқановтың «Ботакөзі», F.Мұсіреповтің «Оянған өлкесі» – көркем романдар, Д.Фурмановтың «Чапаевы», Б.Полевойдың «Нағыз адам туралы повесі», F.Мұсіреповтің «Талпақ танауы» – көркем әңгімелер. Бұлар жөнінде оқушылар:

«Оқып шықтым, күшті жазылған романдар екен», «Естен кетпейтін әдемі әңгімелер екен» деседі. Бұлай дейтін себебі: ең алдымен, мұның бәрі де адамның өмірімен байланысты, өмірдің шын көріністері, әлеумет өміріндегі уақыгалардың нағыз дәл суреттері, көркем образ арқылы эстетикалық ұғымға қонып тұрған болмыстың бөлек пішіндері.

Жоғарыда айтылған революцияшыл атақты демократ Н.Г.Чернышевский мен Ресейдегі марксизмнің алғашқы үгітшілерінің бірі В. Г. Плеханов эстетиканы жаңа сатыға көтерді. Олар көркеменер мен қоғам өмірінің өзара байланысын көрсетіп, бұл жөніндегі идеалистік көзқарастардың толып жатқан түрлерін сынап, өмірді өзгертудегі көркеменер мен әдебиеттің рөлін ашып берді. Өзіне дейінгі көркемдік мәселесін әңгіме еткен сын еңбекті зерттеп, ғылыми түрде дәлелдеп келіп Н. Г. Чернышевский:

«Көркемдік дейтініміз – өмір» деді. Шынында да, ең жақсы нәрсе өмір. Өмір бар жерде көркемдік бар, өмір жоқ жерде, тіршілік жоқ жерде көркемдік те жоқ. Гүл әдемі көрінсе – шешек атып, уылжып сәнді тұрған күйінде әдемі. Тамыры қурап, тіршілік нәрін ала алмай солып қалған гүл әдемі көрінбейді, көзді де тартпайды, ешбір сұлулық өсер ете алмайды.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті;
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті, —

дегенде, ат алдымен Абай айтқандай, «ойынды еті бөп-бөлек... жотасы күшті» болса ғана «аяңы тұмақты алышы кигізгендей... Шапқан атқа жеткізбес бөкен желісті» болады. Қолы түскен ақсақ болса, жә қабырғасы ырсиган, саны қалақтай арық болса — ондай ат жүрісті де емес, көргө көз тартарлық сұлу да емес. Бұл жерде де сұлулықтың басты шарты тіршілікке керекті нәрсеге барып тіреліп тұр. Сырт пішіннің әдемілігі де, қуаттылығы да аттың күй-жайы жақсы болғандықтан.

Адамның көркем болуы да алдымен сырт көріністің тең келуі, дененің тегіс дұрыс өсуі, «он екі мүшениң» мүсіндей болуы сияқты нәрселерге байланысты. Науқасқа шалдыққан, болмаса бір кемістігі болып өскен, өмірде кемтарлыққа кездескен дене сұлу көрінбейді. Бірақ адам көркемдігі жалғыз сырт көріністен ғана табылмайды. Адамның ішкі қасиеттері де (парасат, ақыл-ой байлығы, тағы басқалар) шынайы көркем болудың ең мағыналы жақтары.

Сонымен көркемдік – өмірде ғана, өмірмен байланысты деген пайымдаманың дүрыс екендігі даусыз нәрсе.

Ал әдемілік өмірде болса, тіршілік иесінде болса, жансыз, өлі табиғаттың сұлулығы қандай сұлулық? Өсімдіктің, тіршілік иесінің сұлулығы өмірге, былайынша айтқанда, гүлденіп, өсіп толысуына байланысты болса, бізге осы қасиеттер әдемі көрінсе, өлі табиғаттың да бізге сұлу көрінуінде бір себеп бар шығар?! Сөз жоқ, солай. Жансыз нәрсенің де өмірде жақын жағы, адамға бір бейім жағы оны сұлу көрсетеді. Мысалы: аспанмен таласып, басына бұлт қонып жатқан зәулім биік тау өрі айбынды, әрі көрікті көрінеді. Сылдырап аққан бұлақ та адамға әсер етеді. Бірақ таудың айбынды көрінетіні – адам оны өзінің артықшылық қасиеттеріне байланыстырады, сонда ғана артықшылық сезімі туады. «Таудай талап иесі бол», «Ақылы асқар таудай жігіт еді», «Алатаудай айбатты бол, арыстандай қайратты бол!» деген сөздер адам өміріндегі артықшылық теңеулерге талап, ақыл, айбат, қайрат араласқандықтан өзгеше сезім туғызып тұр. Эйтпесе, тауды шаруалар аса дәріптей бермейді, тіпті «басынан асусы тірі ақырет. Табанын тас кесіп, бауырын айыл кесіп, аттың да, өзінің де берекең кетеді.

сол тауынды қойшы» дейді. Түркістан-Сібір теміржолы салынбай тұрганда Тоқмақ жолымен таудан ат-арбамен асып жүрген жолаушылар тауға екінші қайтып беттегісі келмейтін, өйткені тау үсті үздіксіз шық, жауын, асуы бейнетті.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап...

(Гете – Лермонтов – Абай)

жә болмаса:

Бас иіп күміс ландыш тәжім етті...

Былдырлайды сырлы жырын сұлу бұлақ...
(Лермонтов)

Дегенде тау да, гүл де, бұлақ та әсем-ақ, мықтап әсер етеді. Неге олай? Ал, мұны:

Қараңғы түнде тау,

Суық бұлақ,

Күміс ландыш, – десек, ешбір әсер еттес еді; өйткені белгілі нәрсе: түн – түн, тау – тау; бұлақ мейлі суық болсын, ландыш күмістей болғанда не болады? Мұнда тұрган немене бар? Сұлулық әсері басқа қасиеттермен байланысты. Тау жайдан жай тұрган жоқ: «Тау қалғып, суық бұлақ былдырлап сырын айтып, ландыш басын иіп, тәжім етіп тұр».

Екінші сөзбен айтқанда, бұлар адамның бір тіршіліктегі бар қасиеттерін, өмірдің бір сипатын айқындаپ, жеткізіп, көкейіңе қондырып, жүрекке жылы әсер етіп тұр. Демек, табиғаттың сұлулығы да адамның өмірінің бір жағына байланысты болғандықтан. Әйтпесе құрдан-құр табиғаттың өзі:

Баяғы жартас бір жартас,
Қаңқ етер түкті байқамас, —

болып шығар еді.

Бұл пікірді дәлелдеңкіреу үшін біз кейінірек адамның көңіл қүйін табиғаттың қалай толықтырып тұрғанын, табиғатты адамның қай түрде келістіріп тұрғанын өндіме етпекпіз. Шынында да:

Қайыршы шал — кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш қурай...

Абай

Жансыз, тіршілігі аз халге душар болғандықтан әдемі ағаш сиықсыз түрде нашарлық әсерін беріп, сүйкімсіз-ақ көрініп тұр. Міне, сондықтан Н. Г. Чернышевскийдің: «Ұмытына сай тіршілігі көрініп тұрған жанисі адамға көркем көрінеді» дегені ып-рас.

Сөйтіп, көркемдік дегеніміз өмірде, өмірді елестетіп еске түсіретін нәрсе де болды. Бірақ өмір түрлі. Жәндіктер өмірі, өсімдіктердің өмірі, жан-жануарлардың өмірі, адам баласының өмірі бар. Бұлардың бәрінде де көркемдік әсер беретін сұлулық сипаттар бар. Алайда эстетиканың әңгімелейтіні (объектісі) адам өмірінің көркемдігі, өйткені адам табиғаттың ішінде ең жоғары сатыда тұр, өзін де, өзгені де танып, біліп, жаратылыстың заңдарын үққан, саналы өмір жасап жатқан адам.

«Адамды адам еткен – еңбек», – дейді Энгельс. Жаратылыста адамның ырқынан тыс сұлулық бар. Бірақ сол сұлулықты адам еңбек тәжірибесі арқылы үғады.

Бір замандарда табиғат адамға көркем көрінбеген, жат көрінген. Адам көре келе, бойы үйрене келе, қажетіне жарата келе табиғатты жақсы деген ұғымға ие болған. Табиғатты өзіне бағындыра, өзі де өзгере отырып, көркемдік сынау дәрежесіне жеткен. Өнер де баста адамның еңбегінен туып, еңбегіне демеу бола келе өркендеген.

Көркемдіктен ләzzат алу жалғыз адам баласының басына ғана тән нәрсе, көркемөнер шығармасын жасайтын да адам. Ал, әрбір әлеуметтік қоғам құрылышы да және тарихи жағдайлармен бірге байланыс-

ты көркемдікті бағалау да түрліше, қоғам өзгеруімен бірге көркеменерге көзқарас та өзгеріп отырады. Эрбір кезеңнің, әрбір таптың көркемдік идеалы болады, бұл тарихи жағдайларға байланысты идеал. Көркемдік идеалдардың жалпы халықтық, жалпы адам баласылық жақтары да бар, бұл қоғамның дамуына таптың мұддесі қайшы келмей прогресшілдік жағы басым болуынан. Сондықтан өнердегі көркемдік келесі заманың адамдарына да, басқа таптарға да, басқа ұлттардың мәдениетіне де жаттық етпейді, өзінікіндей түсінікті, жақын көрінеді. Көркемдіктің шын мағынасы қоғам ішінде таптық белгілер жойылған кезде айқын үғылады, көркемдік халықтік болады.

ӨНЕР МЕН
ӘДЕБИЕТТЕГІ ӨМІР
СҮРЕТТЕРІНІҢ
КӨРКЕМДІК КӨРІНІСІ

Көркемөнер мен әдебиет шығармаларында тарихи шын болмыстың ең бір басты жақтары көрінбей қалмайды; жазушы көркем шығармада негұрлым әлеумет өміріндегі басты құбылыстарды қамтып, шындық суретті бере алса, оның көркемдігі солғұрлым мінсіз келеді.

Ежелгі грек көркемөнері мен әдебиетін сөз қылғанда Энгельс Эсхилдің «Орестея» атты трагедиясының тарихи маңызы әкелік дәуірдің басты жақтарын көрсетті, бұл жекеменшік және мемлекеттің шығуымен байланысты еді деді. Сол секілді орыс халқының «Игорь полкі туралы сез» атты атақты халық шығармасында жат елдің жауап алуына қарсы, орыстардың бірігүе ұмтылғанын көрсетті дейді Маркс. Маркс Сервантестің «Дон Кихотының» күші сахнадан шығып қалған батырлар заманының (вымеравшего рыцарства) образын айнайтпай беруінде деп бағалады, бұл жаңа туған буржуазияға ерсі, күлкі болып көрінеді.

Феодализм дәуірінің бітіп, капитализмге кешу кезеңінде көркемөнердің шарықтап дамуы еңбекшілер көпшілігінің шіркеу деспотизміне, феодалдарға қарсы күресін көрсетумен байланысты.

XVIII ғасырдағы быттыраған, шарушылығы артта қалған герман феодализмі әдебиеттің ұлы дәуірі болып есептелді.

Гетеңің «Гец фон-Берлихингені» революционерді мадақтау еді, Шиллердің «Қарақшылары» қоғам әділсіздігіне қарсы тұрушулық болатын.

Абайдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың, Мұхиттың әндерін есіткенде «Құлақтан кіріп бойды алар» деп Абай айтқандай, адамның эстетикалық сезімін көркем үн билеп кетеді, құлақтың құрышын қандырады, балқыта ләззат береді. Неге олай? Себебі: ән арқылы адамның ең жақсы адамшылық сезімдері беріледі, кіршіксіз маҳаббатқа, достыққа ұмтылған тілектері, тіршілікте санауы бақыт іздеу армандары, халық мұңын көксеген идеалдары көркемөнер құралымен қайталанып, санаға сезім нұрын құяды. «Сен де осындай адамгершілік қасиеттерге ие бол!» дегендей ұлғілі болуга сілтейді, жол көрсетеді.

Құрманғазының, Динаның көп күйлерін тындағанда көнілді шаттық кернейді, сахараның кең бейнесі көз алдыңа келеді, еркіндік көксеген елдің тілегіне ұштасқан күйшінің тасқындаған күйі шалқиды, дениеге жігер, қайрат құйғандай болады, шалқып алға сермегендей, үміт дүниесіне ұмтылғандаі сергітеді. («Қайран шешем», «Адай», «Балбырауын» «16 жыл» және басқалары). Көркемөнердің қай саласы бол-

са да болмысты елестегеді, өмірдің бейнесін жә үнмен, жә суретпен, жә сымбатты сөulet өнерімен сезім арқылы ұқтырады. Әлгіде біз «Абай» романы көркем дедік. Неге десеңіз, бұл өмір шындығынан ойып алғынып асқан шеберлікпен жасалған, тарихта бар игілікті әлеуметтік іс істеп кеткен данышпан ақын Абайдың образы. Мұнда:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! —

деп өмір бойы алға үмтүлған, қараңғы нағандық дүниесінен білімге құлашын сермеген, озырылыш, әділетсіздікпен алысқан, көптің қамын жеген, «наданың көзін қойып, көңіл ашу» жолында күрескен ұлы күрескердің ішкі-сыртқы қасиеттері қалмай ашылған, көз алдыңнан кетпейтін аса айқын көркем сипатын көреміз.

Болмаса Д. Фурмановтың «Чапаевы» мен Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы повесін» алыңыз. Келмеске кеткен ескі дүниемен, туып келе жатқан жаңа дүниенің тарихи қанды айқасында ерлік пен қайраттың бұрын-сонды болып көрмеген құрышы, еңбекші халық ортасынан шыққан ер Чапаевтың сүйікті тұлғасын көреміз.

Ал, Б. Полевой повесінде елін табан астына басып, жерін жауша жайлап, бақытты өмір құрып жатқан миллиондаған еңбек ерлерін құлдыққа душар қылып, «ұлын Ұрымға, қызын Қырымға» малша айдамақшы болған рақымсыз жаумен қасық қаны қалғанша алдысып, қалайда оны жену ниетіне ұмтылған Мересьевтің асыл ішкі дүниесін көзben көріп, қолмен ұстағандай етіп көрсеткен сұлу бейнені көреміз.

Сол сияқты жаңа мағыналы, жаңа өмірге жаңа байлық қосып, тұрмысты еңбекпен нақыштап жатқан шаруалардың өмірінен бір кесек көріністі көз алдыңа алдып келетін, ғасырлар бойы тіршіліктің сарқылмас көзі бар бұлағындаі нәрі болып келген мадың – игілікті күшімен, тынымсыз еңбегімен адамға әрі серік, әрі жәрдемші, әрі дос сары атанның маңғаз кейпі F.Мұсіреповтің «Талпақ танау» әңгімесінде берілген. Міне, осылар көркем шығармалардың ұлгілері, көркем образдардың түрлері.

Көркемдік дегеніміз, басқаша айтқаңда, біздің болмысты (действительность) эстетикалық ұғынуымыздың жағымды түрі ғой, өйткені болмыстағы көркемдіктен ләzzat аламыз. Ал мұның жағымсыз түрі бар, бұл, көріксіздік (ажарлы мен ажарсыз деген сияқты). Бұл – көркемдік идеалға қайши

келетін құбылыс. Адам өміріне және қорам дамуына жағымсыз мағына беретін құбылыстар көріксіз нәрселер. Көріксіздік кейде көркемдіктің ішінде де кездеседі, өйткені диалекткалық көзқараспен айырсан тап-таза күйінде, ешбір қоспасы жоқ нәрсе болмайды. Сұлудың да бір жерінде міні болады, бірақ болмашы міннен сұлулық сұлу атын жоймайды.

Біздің социалистік болмысымыз, тұтас алғанда көркем болмыс, бірақ мұнан біздің өмірімізде көріксіз көріністер жоқ деген қорытынды шықпайды. Ескіліктің көріксіз қалдықтары толып жатыр, олар біздің алға қарай жүруімізге кедергі келтіреді. Сондықтан Коммунистік партияның басшылығымен біз өмірдегі көріксіздіктің бәрін жою күресіндеміз, бұл көркемдіктің дамуына басты шарт.

Таңдану, шаттану – көркемдіктің яки жағымды нәрсенің әсері. Ал, жаратпау, жек көру – көріксіздіктің яки жағымсыз нәрсенің, құбылыстың тигізетін әсері.

Нағыз реалистік өнер қашан да болса көркем келеді. Ондай өнер шығармаларынан адам эстетикалық ләzzат алады. Шын болмысты сипаттаған өнер сол болмыстың ішіндегі көркемдігі мен көріксіздігін (прекрасное и безобразное), сөүлеттілік пен

пасықтығын (возвышенное и низменное), қайғылы және құлқілі (трагическое и комическое) эстетикалық қасиеттерін ашып береді. Осындай қасиеттерді ашып, өнер өмір құбылыстарына эстетикалық баға береді.

Бұған мысалды біз өткен дәуірлерден де, осы күнгі көркемөнер мен әдебиеттен де келтіре аламыз.

Глинканың Иван Сусанины – адамның рухани көркемдігі көрсетілген, жұрты үшін басын құрбандаққа байлаған патриот образы.

Пушкиннің Татьянасы – заманның алдыңғы қатарлы образы.

Біздің көркемөнер мен әдебиетімізде өмірдегі сұлулық жағымды герой арқылы көрсетіледі, табиғат суреттері арқылы да, айнала геройды қоршаған жайлармен де беріледі.

Ал, Гогольдің «Өлі жандарында» жазушы көріксіздікті көрсетті. Ондағы геройлардың бәрі тегісінен жағымсыз, нағыз түрсіз жандар еді. Бірақ Гоголь өмірдің көріксіздігін аямай ашып, көркемдікке жол сілтеді, халықтың пайдасы үшін қызмет етті.

Совет өнері мен әдебиеті де көріксіз құбылыстарды ашып, оны көркемдік түрғысынан мінейді.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», Абайдың «Желсіз тұнде жарық ай», «Аттың сыны» дейтін өлеңдері жүрекке сұлу сезім, жігер, қайрат, шаттық әсер енгізеді. Бұлар жағымды көрініс, жағымды құбылыс пен жағымды адамның образын суреттеген өлеңдер. Оқып көріңіз:

Ереуіл атқа ер салмай,
Ереулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер тесектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

ерекше бейнесін, бейнесі болғанда ерлік қасиетін, ішкі көркемдік кейпін көз алдыңа тартады.

Ал, сол Махамбеттің:

Хан емессің қасқырсың,
Қас алbastы басқырсың;
Достарың келіп табалап,
Дүшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аянсың,
Айыр құйрық шаянсың, —

деген өлеңі, болмаса:

...Ау қызғыш құс, қызғыш құс
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылды елімнен.
Көл қорыған сен едің
Сен де айрылдың көлінен.
Аспанда үшқан қызғыш құс,
Сені көлден айырган
Лашын құстың текпіні;
Мені елден айырган
Хан Жәңгірдің екпіні...

дейді. Мұнда ханның жағымсыз обра-
зын суреттейді.

Желсіз тұнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі;
Көрінбей жердің топырағы
Құлпырган жасыл жер жұзі.
Тау жаңғырып ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа.

Ал Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңі жағымсыз бейнелерді береді көнілде жаратпау, жек көру сезімін туғызады.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсө қызар жалмауыз;
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан ала ауыз...
Қызмет қылып мал таппай,
Фылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып, ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шага, ұрғашы,

Үйде жарап жатады.
Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
«Пысық» деген ат шықты.
Бір сөз үшін жау болып,
Бір сөз үшін дос болып,
Жұз құбылған салт шықты.
«Пысық кім?» деп сұрасаң,
Қалаға шапса дем алмай;
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруага қыры жоқ,
Өтірік-өсек мақтанға
Ағып тұрған бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу»...

Осы сияқты Гогольдің «Ревизоры» мен «Өлі жандарында» жағымсыз уақыттар, жағымсыз геройлар бар.

«Ревизорды» көргенде басынан аяғына дейін күлесің, ішегің қатқанша күлесің, ондағы персонаждардың ісі мен әрекеті күлкілі, өмірінің мазмұны жарамсыз, тіпті жек көрінішті жайттар. «Өлі жандардағы» геройлар да сондай жұғымсыз, істеген әрекеттері адам жиренерлік. Бірақ Гоголь өзінің сатирадың шығармасындағы

күлкіні «шығарманың жағымды» жағы деп қарайды, күлкі арқылы жексүрындықтың бәрін кінәлайды, адамның көркемдігі мұндай болмайды деген эстетикалық өлшеумен баға береді. Городничий мен Ляпкин-Тяпкиндердің, Плюшкиндер мен Собакевичтердің сұмырай сүдіндерін жазушы жерлеп, түкке тұрмайтын етіп көрсетеді, өмірге керексіздігін ашады, көруші мен оқушыны мұндай көріністерден, әрекеттерден тұнілдіріп, көркемдік сатысына көтереді.

Махамбет те, Абай да, Гоголь де көріксіз, жағымсыз сипаттарды, олардың мәнін, түрін айналтпай беріп, көркемдік, жағымдылық тұрғысынан өлшеп, олардың керексіздігін ашу арқылы шын өмір сұлуулығын дәріптейді. Міне, сондықтан шығарма көрсеткен, суреттеген нәрсесінің жағымсыздығына, көріксіздігіне қарамастан көркемдік құнын жоғалтпайды. Өмірдегі өңкей көріксіз, өңкей жұғымсыз нәрсені суреттеген шығарма да көркем бола алады; бұл эстетикалық идеалға, жазушының шын реалист болуына, көріксіздіктің өмірге жараспайтының көрсетіп дәлелдей беруіне байланысты.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ
СЕЗІМНІҢ ДАМЫЫ

«Көркемөнердің негізін салушылар: құмырашылар, теміршілер мен алтын ұсталары, тоқушылар, тас шеберлері, балташылар, ағашқа, сүйекке оймыш салушылар, қару жасаушылар, сыршылар, тігіншілер, жалпы алғанда, келістіріш жасаған заттары көзді сүйсіндіріп, музейлерде толып тұратын кәдімгі ұсақ өнерші адамдар» дейді Горький.

Эстетикалық сезім іштен туған нәрсе емес, ол адамның тарихи даму жолында бірте-бірте еңбектің арқасында табиғатты өзгертіп, сұлуулап, керегіне асыру ісінде пайда болады.

Адам бір кездерде ағашты, темірді, болмаса тасты, сүйекті сұлуулап жонып, сәндең көркем түр беріп, пайдалануды білген жоқ. Ол бірте-бірте өндең, баста дәкір нәрселерді, долбарлап істеген заттарды пайдалана келіп шеберлікке ие болды. Алдымен ағаш кесуді, одан кейін жонуды, сүргілеуді, бояуды үйренді. Ағаштың түрін айыра білді; сырлап әдемілеуге қолы жетті. Сөйті келіп, ұзақ тарихи дамудың арқасында ағаштан не көркем нәрселер, оймышты кебежелер, сықырлауық, жүк ағаштар жасады. Сол сияқты сүйектен жонып, оюлап безеп, шіспектің бағдарын нақыштады; сақина, сырға, деңбет белбеу

сияқты әдемі, әшекейлі зергерлік заттарға қолы жетті; қолдан шекпен тоқып келіп, өнері жетілгеннен кейін әрі биязы, әрі сәнді маталар, ұлбіреген жібек пен әдемі мауыттар шығарды. Жұмыс үстінде ісіне демеу ретінде шыққан байланысы аз дыбыстардан келе-келе сазды, үнді әндер туда бастады. Осының барлығы табиғат заттары, кәдімгі болмыстағы бар дүниеден алғыншып істелді. Сейтіп еңбек арқылы үздіксіз ілгері жылжып, тағы табиғатты билеп; керегіне жарату үстінде эстетикалық сезімдерге ие болды, көркемдік заңын меңгеріп, өз творчествосынан ләzzат алу дәрежесіне жетті.

Жұмыс үстінде шыққан үздік-үздік дыбыстардан еңбекке «сеп» боларлықтай үн ырғақтары құралып, бірте-бірте ыңырсып айтарлық, бара-бара ләzzат аларлық дәрежеге жетті. Еділ бойындағы кеме сүйреуші бурлактардың бейнетті еңбек үнінен құралған «ух-ух» сияқты еңбек үндерінен атақты «Ей, ухнем»» әні шықты.

Сондай-ақ баланың ойыны сияқты баста болмашы биге ұқсас қымылдардан тактылы, тәртіпті, бір жұмыс процесін көрсететін билер туды. Ол адамға көркемдік әсерін берді.

Қазақтың «Өрмек» биі бұған жақсы мысал. Әуелі жұн иіретін, сонын жүгіріп жүріп жіп төгетін, одан кейін адарғылап,

қылыштап соғып, өрмек тоқитын, өмірге керекті, тұрмыс қажетінен туған осы істің түрін қайталап, би арқылы көз алдына елестетіп, көркемдік әсерін береді, мұнан адам эстетикалық ләzzат алады. («Собственным трудом создан человеческий вкус к природе, человеческое чувство природы, а значит и естественное чувство человека», — дейді Маркс).

Еңбек үстінде адамның құлағы жетілді, көзі сан алуан түстерді айырды. Ал, сезу, көру деген жануарларда да күшті. Дыбысты, иісті аңдар адамнан әлдеқашан бұрын сезеді. Таудағы, ормандағы аңдар әлдеқайдағы дыбысты құлағы шалып қалады, я иісті көш жерден сезеді. Аттың құлағы мен көздері адамнан бұрын көріп, дыбысты бұрын естиді, тас қараңғы түндерде құлақтарын қайшылап, қадалып қарап тұра қалады. Ал, қыран бүркіт көздерімен әлемді бір сүзгендеп, адамның көзіне ілікпейтін аңды бірнеше шақырым жерден көріп қалады. Бірақ аттың, бүркіттің көргеніндей жіті және жырақтан шала алмаса да, адамның көздері олардан анағұрлым айырғыш; заттың я тірі жанының сиқын, түрін, түсін, құлқын, амалын көзімен айыра алады. Сондықтан адамның көздері жануарлардікінен әлдеқайда бай, әлдеқайда сапалы. Сол сияқты дыбыстың

да не құбылған түрлерін, үнін, ырғағын, сазын, жайын адам құлағы артық айырады. Иістің қасиеттерін де адам мұрны, сөз жоқ анық сезеді.

Қасқырдың мұрны малдың иісін, аюдың мұрны балдың иісін, мысықтың мұрны еттің иісін алыстан сезеді, айнымай табады. Бірақ гүлдің хош иістері оларға әсер етпейді, оны елемейді де. Андар да, жаңуарлар да тек құлқынның тілегі, тіршілік инстинкті ғана басым. Адамда тіршілікке керекті нәрселерден басқа рухани азық жақтары да мол. Бұл – табиғаттың ішіндегі ерекше орны табылған, үздіксіз тәжірибе арқылы табиғатты өзгертуіп, әлеуметтік тіршілікке бағындырыған, саналы түрде өзгерту, өзгеру процесін ілгерілете берген адам ерекшелігінен, адамдану нәтижесінен туған қасиеттер.

Өрнекті еңбек ету, жақсы киіну, көп білу, әсерлі музыка тыңдау, көркем кітап оқу, әлеумет өміріндегі азаматтық борышын орындау тілектері – адамдану, табиғатты адамдандыру жолындағы ұзын тарихи өзгерістердің жұмысы емес пе?!

Сондықтан Энгельстің: «Адамды адам еткен – еңбек» дегені ғылыми түрде көз жеткен тарихи шындық.

Эстетикалық сезім мен эстетикалық

ләzzат жан-жануарларда да бар, мұның адам сезімімен, адам ләzzатынан айырмасы бар ма деген мәселе де жоқ емес.

Дарвиннің айтудынша жан-жануарларда сезім де, кейбір ләzzат та бар. Кішкене құстардың ішінде кейбіреулері жазға салым өсемденіп, құбылып кетеді, қызылды-жасылды өнгө бөленіп, өсемдене қарап, жұбайына «жақсы» көрінуге тырысатын-дай. Қораз да қанаттарын сүрете жайып, тауыққа едөүір әсер беріп, қодыраңдан әлек болады. Қараторғай да жұбын алдар-қатқандай түрлі өуездетіп, ертеден кешке дейін ұя алдында тамаша үнмен сайрау-мен болады. Бұл жан-жануарлар арасын-да да байқалатын сияқты. Бірақ осының бәрі биологиялық әсердің айналасында, биологиялық түрдің ішіндегі шағын ғана, инстинкт арқылы ғана пайда болатын сезім, әсерлер. Бұлар бірақ көркемендер беретін эстетикалық ләzzаттан алыс нәрселер.

Көркемдіктен ләzzат алатын қасиет адамның ғана басында бар нәрсе, көркемдікті ұғу, онан әсер алып, оны бағалау тек қана адамның қолынан келетін нәрселер.

КӨРКЕМДІКТІң
ПАЙДАЛЫЛАЙҚ,
ӨНЕГЕЛІЛІК, АҚИҚАТТЫҚ
КАТЕГОРИЯЛРЫМЕН
БАЙЛАНЫСЫ

Бірінші, өнердегі, әдебиеттегі көркемдік дегеніміз – образ арқылы берілетін өмір шындығы, шын болмыстың сәулесі. Мұны біз жоғарыда бірталай мысалдармен дәлелдедік.

Екінші, түрмиста, өмірде, қоғам құрылышында пайдалы нәрсе көп.

Мысалы, үй пайдалы нәрсе, үйсіз тұруға болмайды. Ал, бірақ пайдалы деп тапқан үйдің барлығы көркем-эстетикалық ләzzат бере бермейді. Өйткені іші жылы, жарық, таза, кең болғанмен сырты мыжырайып қалған, болмаса бір терезесі қиғаш, бір терезесі үлкен үй көрген адамға өсерлі сезім бермейді. Ал, сырт көрініс архитектуралық бар талапқа сай келген үйдің ішін көрмей-ақ; «Міне, әдемі үй!» дейсің, өзіңе сүйсінерлік бір сезім аласың, оның пайдалылық жағын ойлап жатпайсың.

Музыка пайдалы, неге десеніз, эстетикалық тәрбие береді, өмірді көркемдік жолмен меңгеруге, ұғынуға жәрдем етеді. Ал бірақ музыканы тыңдал қалғанда, айталық, Құрманғазының «Серперін» тыңдағанда тебіренетін оның пайдалы (тәрбие алу, көркемдікті ұғыну) жағына емес, үн рақатына еніп, бойың балқып кетеді; асқақтаған бір нәзік күй жігер, қайрат дариясына жүздіргендей шарықтатады, әсемдік дүниесіне ендіріп жібереді.

Осыларға қарағанда пайдалылық пен көркемдіктің арасында көп айырма бар, бірақ ол бірін-бірі толықтырып тұратын жағдайлар, бірімен-бірі қас, бірін-бірі кемітіп тұратын нәрсе емес.

Өнегелік пен көркемдіктің арасында да осы сияқты айырма мен байланыс бар. Мінез-құлқы жақсы, өнегелі адам, қорам өмірінде адамшылығы күшті, үлгі боларлық адам образы — сөз жоқ көркем образ.

Осы секілді ақиқаттық пен көркемдіктің де мықтап ұқсастығы және айырмасы бар. Ақиқаттық (истина) ғылымда ұғым жүйесімен көрсетіледі (ғылымнан тыс та ақиқаттық бола береді).

Көркеменер, әрине, ғылымға қайшы келмейді, өмір жөніндегі ғылыми жетістіктерге сай дамиды, бірақ бұл ғылыми ұғымдарды түсіндіріп отыратын иллюстрация емес. Нәрсенің, құбылыстың ғылыми түрде мәнін түсіндіріп, ұғымға көшсе, көркеменер көркемдік қасиетін беретін ерекшелікten айрылып қалар еді, бұл біздің эстетикалық сезіміміздің жүзін жырту болып табылар еді. Сондықтан егіннің, көмірдің, темірдің пайдалылығын ғылыми жолмен баяндаپ берген әңгіме, көркем шығарма деуге келмес те еді. Ал, ғылымның табысын тірек етіп образ арқылы (әрине,

адамды, адам өмірін, болмыстағы шындық сәулесін образды түрде) берген шыгарма, нағыз көркем творчество болып табылады.

СӨҮЛӘТТІЛК
(ВОЗВЫШЕННОЕ)

«Ұлы», «Биік», «Өрен» деген ұғымдар бар. Ұлы десек, жә adamның, жә nәрсөнің, жә bіr құбылыстың өзгеше сипатын, басқадан анағұрлым артық қасиетін еске алып, асыл жағын алға қоямыз. «Зор», «асқар», «биік», «өрен», «озат» дегендеге де адамның, заттың, уақиғаның, терең түсініктің ұздік шыққан көрінісін айтамыз, мұның сүйсінерлік қасиеті сезім арқылы беріледі. Ал, осыларды бір сөзben айтқанда, біз не дер едік? (Великое, величественное, высокое, исключительное, превосходное дегенді жинақтап, орыс тілінде возвышенное дейді). Мұның қарама-қарсы мағынасы низменное деген ұғым. Ал біз мұны сәулеттілік және пасықтық дей тұралық, өйткені жоғарыда айтылған екі сөз орысша ең көркемдік пен ең ұсқынсыздық ұғымды береді гой. Ал, осы сәулеттілік, пасықтық деген бір топ ұғымның түйіні эстетикалық категорияға жата ма, былайынша айтқанда, ішкі сезім арқылы көркемдік сезімнің ең жоғары өсерін көкірекке құя ала ма? Міне, осыны қарастырайық.

Асқар тау, айдын шалқар көл, байтақ дала, ұлы адам — өрен нәрселер. Ал идеалистер: «Шексіз идеясы бар нәрсе өрен. (Возвышенное есть проявление идеи бесконечного», Гегель). Болмаса «формасынан

идеясы басым нәрсе – өрен». Бұл жерде идеалистер әңгіменің түбін Құдайға апарып тірейді: аспан әлемі шексіз» Құдайдың құдіреті шексіз, жер мен көктің өмірі шексіз» деген сияқты пікірлерді алға тартады. Ал «формасынан идеясы басым нәрсе өрен» дегені – бір нәрсенің түріне қарамай күші артық болса ерекше (возвышенное) көрінеді дегені, өйткені мұны екінші түрмен «идеясы образынан басым нәрсе өрен көрінеді» дейді, ал, образынан идеясы басым болып кеткен нәрсе түрсіздікке айналады, сонымен барып құриды-мыс.

Бұл «өтіз сияқты боламын» деген идеясы шамасынан тыс (формасынан яки образынан) болғандықтан бақа апатқа ұшырайды деген мысалға тура келеді. Сондай-ақ Александр Македонский ұлы патша еді, адамшылық мүмкіншілігіне қарамай бүкіл жер жүзіне құдіретімді көрсетемін деп, ақыры өз күшінің кесірінен өзі әлек болды-мыс. Болмаса Рим уалаяты жер жүзінде ең күшті, ең құдіретті уалаят еді, онан да үлкейем, онан да күшайем деп қанатын жая-жая, жабайы халықтардың тегеурінінен жоқ болды-мыс. Осы жерде шындық та бар, бірақ Александр Македонский өз қуаты бойына сыймай өлгендіктен ұлы патша емес қой, сол сияқты Рим уалая-

ты да жоқ болғаннан ұлы уалаят атанған жоқ. Тарихтың даму жолдарын талдаң қарасаңыз, мұнда аса хикмат жоқ. Александр басқа патшаларға қарағанда жігерлі, ақылды, заманның тілегіне сай іс істей алатын адам, үлкен-үлкен талапқа ие болған, ойлаған ойын іс жүзінде жүзеге асыра білген, өзгеден шоқтығы биік қолбасшы болғандықтан ұлы адам атанды. Шашылған грек мемлекеттерін біріктіріп, зор мемлекет ету сол күндегі грек елінің көксеген арманы еді, бұл сол тілекті жүзеге асырды; алдымен грек елдерінің (бөлек-бөлек қалалар өз алдына мемлекет болатын) басын біріктіріп, екіншіден, ежелден жаулап келген қызылбас (парсы) мемлекетімен алысты, төңірегіндегі елдерді өзіне көндірді, сонымен аты жер жарды, сонымен өрен жан болып шықты. Мұның бәрінде де өмір логикасы, өмір тілегі бар. Эрине, жападан-жалғыз болса ұлы нәрселер, ұлы адамдар аса озат көрінбес еді. Александр Македонскийдің басқалардан шоқтығын биік етіп тұрган заманындағы өзінен жеңілген патшалар, қолбасшылар, солармен салыстырығанда, ол анағұрлым ілгері, әлдеқайда жоғары тұр. Сол сияқты, Карфаген, Понт мемлекеттері болмаса, солармен жауласып күштілігін көрсетпесе, Рим мемлекеті де айбынды,

ешкімді бетіне қаратпайтын басқалардан артықшылығын көрсете алмас еді. Ұлы нәрсе, ұлы уақиға, ұлы қайраткерлер осындаі себептермен өзінен-өзі ұлы көрінеді. Мұнда табынарлық тәңірі күші жоқ бұл өмірде, болмыста, табиғаттың өз ішінде, тарихи даму қажеттілігімен әр кезде, әр заманда пайда болатын нәрсе.

Асқар тау айбынды, басқа кіші-гірім тәбелермен, таушықтармен, жоталармен салыстырғанда ол анағұрлым зәулім-зенгір; адамға сұсты, өзгеше, ұлы пішінді алыш кейіпті көрінеді, күшті әсер етеді. Айдын көлде басқа кішкене сулармен салыстырғанда кең, аумағы зор, шалқыған көлемді, ірілік бейнесін береді, байтақ далада сондай. Бірақ мұның бәрі де шексіз, шеті жоқ болғандықтан ірі, айбынды көрінбейді, тіпті шеті болғандықтан, басқамен салыстыруға келгенідіктен ғана, өзгеден озат тұргандықтан ғана ірі, сұсты көрінеді. Көз ұшында көкжиекпен шектесіп жатқанда ғана айдын көл нағыз шалқар болып көрінеді, ерекше шалқып жатқан әсерін береді. Қоғам өміріне келсек, мұндағы ұлы адамдар мен ұлы уақиғалар да сол сияқты. Бірінші Петр көктің қалауымен Ұлы Петр атағын алған жоқ, ол Россия мемлекетін жинақтап, ішкі қуатын молайтып, экономикалық, әскери

күштерін күштейтіп, надан елін білімге тартып, ғылым, мәдениет істерін жоғары сатыға қоюға тырысқандықтан, үлкен әлеуметтік күрес үстінде елінің, табының алдына қойған тарихи тілектерін жүзеге асыра білгендіктен Ұлы патша, Ұлы Петр болды. Неше ғасырлар бойы тенденциялар, басына бостандық алуға, өзі тізгінін өзі ұстауға ұмтылып, үлкен-үлкен құрбандық жасаған еңбекші халықтың **социализм үшін күресі де өрен**, басқа ру-рудың, ел-елдің, мемлекет-мемлекеттің күресімен салыстырғанда, әлдеқайда ілгері, әлдеқайда мазмұнды, әлдеқайда көркем күрес. Тап осы ұлы істің үстінде көптің, еңбекші халықтың тілегін көксей басшылық еткен, алға, көркем өмір құруға жетектеген көсемдер де өрен. Мысалға Ленинді алу керек. Тарихи рөлінде, прогрестік ісіне, адам баласының тегіс бақытты болуына сілтеген және өзі бар күшін сарп етіп қызмет еткен Лениннің қара басы ұлы деген сөзден де жоғары жатыр. Бұл өреннің өрені, (ең возвышенное) емес пе?! Міне, осыған қарағанда болмыста, табиғатта адамның ырқынан тыс, объективі шындықты дәлелдеп жатқан аса көріктілік, аса биіктік, сәулеттілік бар. Осыны «возвышенное» деп қарайды эстетика. Бұл сәулеттілік ұғымы (возвышенное) болмаса, біз пасықтық деген ұғымды яки эстетикалық

категорияны білмеген де болар едік. Егер де көркемдіктің (жағымдылықтың) екінші жағы көріксіздік болса, сөүлеттіліктің екінші жағы — пасықтық. Міне, опасыздықты, болмаса көріксіздікті әшкерелеуге оның сұлулықпен, асқан көркемдікпен ешбір байланысы жоқ, өмірге керексіз екендігін түсіндіруге сөүлеттілік пен көркемдік өлшеуіш болып табылады.

Мысал алыс емес. Қоғам өміріндегі ең әділетсіз, ең сұмырай, адамды адам қанаған, адамды адам қорлаған, адамды адам езген капиталистік қоғам — ең көріксіз қоғам. Мұның екінші жағымды, көркем жағы — еңбекшілерге тек бақыт жасап жатқан ең әдемі, өрен қоғам — социализм. Капитализмнің ең көріксіз қоғам екендігін әшкерелеу арқылы оны ең көрікті нәрсемен (социализм) салыстыру арқылы, екінші сөзben айтқанда, оны күрес арқылы жеңеді. Сол секілді революция мен контрреволюяның күресі де көркемдік пен көріксіздіктің күресі болып табылады. Өйткені бұл — өмірдің сапалы түрге ауысу тартысы, болмыстағы шындық тартысы.

Ал, сөүлеттілік көркемөнер мен әдебиетте қандай болады? Соны көрейік. Біз жоғарыда **ұлы дейтін нәрсе басқадан анағурлым үлкен** деген қорытындыға келдік,

бұл Чернышевскийдің берген анықтамасы. Шетсіз, шексіз, ұшы-қызыры жоқ идеямен байланысты нәрсе, түрінен идеясы басым нәрсе ұлы деген ұғымдардың дұрыс емес екендігін айттық. Сол сияқты көркемөнер мен әдебиет шығармалары да суреттеген өмір шындығының терендігіне, аумағына, көркемдік күшіне қарай ұлкенді-кішілі, іріл-уақты болып келеді. Көлеміне қарамастан, ірі сезім беретін шығармалар көп. Ірі сезім иесі – алдымен адам. Адамның ісі, өмірі ірі әсер етеді. Көркемөнер мен әдебиеттің тарихын тұтас алып, сонау ежелгі грек драматургтары Софокл мен Эсхилді, мұсіншілер Фидий мен Поликлетті алсаңыз, солардан бастап адамның ең асыл образдары мен ең асыл ойы көркем сезімі мен сұлу мінездері жырланып келеді. Өнер тарихының өзі, негізінде, адамның көркем, ірі сезімді түрін бейнелеуге құрылған десе боларлық.

Табиғат күшін билеу ісіндегі адамның күресін, адамның артықша образын жасап, оның асыл қасиеттерін дәріптеу – іліктен келе жатқан данышпан жазушылардың ең биік идеалы.

208 Адам баласының үрпағын әlek ету ниетіне кіріскең құдайлардың құдайы, бұлтарды нажағаймен шыбыртқылаپ айдал жүрген жағымсыз күшке қарсы, Зевс-

ке қарсы күреседі Эсхилдің Прометейі. Бұл адамға ғылым, қолөнер, теміршілік өнерін үйретуге кіріседі, өмір отын Зевстен жасырып әкеліп береді. Осы биік идеалды өрен қасиетті геройды дәріптейді Эсхил. Оның «Бұғауланған Прометейі», міне, осы адам үшін азапқа бел байлаған ер геройдың образы. Адал ниеттілік, қайыспас қайраттылық, алуан қыншылықты жеңіп шығуға бел байлаған палуандықтың бейнесі есебінде Прометей образын жазушылар символ етіп келді (Гете, Байрон, Шевченко). Эсхилдің, Софоклдің асқар биік образдары осы күнге дейін адамның өн бойын толқытады, қайран қалдырады, шаттандырады, үлкен талаптарға құлаш серметеді. Қайта өрлеу дәуіріндегі (эпоха возраждения) ұлы суретшілер, сәулетшілер мәңгі өлмейтін, аса биік дәрежелі шығармаларымен мәдениет тарихында өшпес белгі салып кетті. Микеланджелоның «Давид» статуясында халқының дүшпаны Голиафты таспен ұрып өлтірген жас жігіттің патриоттық көркем образы берілді. Оның атақты тиран өлтіруші Бруттың суретін (жарты кеуде бюст) салғанда да көздеген идеясы елін, жұртын сую. Брутты ол жігерлі, мейірімді, бостандық сүйгіш пішінде көрсетеді. «Байлаулы құл» дейтін мұсінінде Микеланджело

құлдық бұғауын үзуге берен күш салған кезеңін көрсетеді. Бұл сияқты шығармалар құлдыққа лағынет айтқызатын сезім туғызады, адамның рухани ерікті болуына дем бергізгендей игілі әсер етеді.

Адамның, орыс халқының өресі биік, аса ірі, өте көрікті образдарын сомдаған шығармалар – Пушкиннің «Борис Годуновы», Мусоргскийдің «Борис Годунов» атты операсы, Глинканың «Иван Сусанин» операсы, Толстойдың «Софыс пен бейбітшілік» романы, тағы осы сияқты көркемөнер мен әдебиеттің көптеген шығармалары. Бұл ірі шығармаларда, әсіресе, халықтың, қарапайым адамның образдары мен өмірі, ісі мен ойлы армандары көрсетілген.

Идеалистік философияның атасы Гегель «Әлемді жаратқан Құдай. Өресі биіктіктің бұл нағыз толысқан түрі. Соңдықтан асқан көркемөнер тек Құдайға бас ию ғана боллады». «Бог есть творец вселенной. Это – наиболее зрелое выражение возвышенного. Поэтому возвышенное искусство воздает честь единственно только богу», – дейді. «Құдай» деген ұғым адамның табиғат күшін ұқпай, оны өзіне бейімдей алмай жүрген кездегі белгісіз күштен тұған нәрсе рой. Соңдықтан да Ленин «Құдайларды жасаған қорқыныш», – дейді. Ал, әлемнің

асты-үстін тінтіп зерттеп, оның жаралу зандарын, даму жолдарын ашып жатқан, ғылымға ие болған, неше алуан сиқырлы көрінген жұмбақтарды шешкен, табиғат байлығын өмір керегіне асырып жатқан адам баласы ұғымға сыймайтын одағай ерекшеліктерге нанбайды да, сенбейді де. Озат ірлік адамның өзінде, адамның өмірінде. Көркемөнер осы шындықтың айнасы. Атақты Чеховтың «Попрыгунья» деген әңгімесінде дәрігер Дымов баланың өмірін құтқару үшін аузымен дефтерит қабыршағын (пленка) сорып алады да, баланы өлімнен құтқарады, бірақ өзі ауырады. Сонда оның жолдасы: «Міне, орасан ұлы адам ол өзін құрбан етті. Сондықтан өлейін деп жатыр», — дейді. Өресі биік үлкен нәрсе адамның өзінде, адамның ісінде. Азаматтық борышын шын игілік іс үстінде өлшеусіз ынта, ерлікпен атқарған кішкене ғана адамның образы да зор, әрекеті де теңсіз, мұндай образдар классикалық көркемөнер мен әдебиетте, біздің советтік әдебиетіміз бен өнеріміз де алуан-алуан.

Өресі биік сезім қорқыныш пен үрей тудыруға байланысты деген теория бар. Бұл теория осы күнгі буржуазиялық эстетикада үлкен орын алғып келеді. Бұл қорытындының теріс екенін мынадан көруге болады. Егер

де қорықыныш туғызатын нәрсенің бәрі ұлы, бәрі өресі биік, бәрі ғажайып болса – қорқыныш туғызатын жылан да, терең құдық та, бас салатын жолбарыс та, тонап өлтіріп кететін қарақшы да, жаннан асқан қол жетпейтін биік тамаша нәрселер, жандар болар еді. Әрине, бұл олай емес. Қорқыныш туғызатын зат та, адам да, айуан да, табиғат құбылысы да сәүлеттілік (возвышенное) әсер бермейді. Асқар тауға қарап қорқып үрейленбейсің, ол өзінен-өзі айбынды. Жолбарыс қаншама үрейінді алса да, жыланнан соншама құтың қашса да, олар ірі қасиетті бола алмайды: сол сияқты терең құдық та, баукеспе қарақшы да жағымды әсер бере алмайды. Жоғарғы теория, нәрсенің бәрі дінмен байланысты, қорқыныш-үрей сезімдері де ол дүниенің ұғымға сыймас, қол жетпес асқар мағынасынан туады деген түсініктен шыққан тірексіз қорыттындылар.

Ұлы нәрсе де шын болмыста, асқар биік қасиетті асыл уақығалар да, өресі биік адамдар да өмірдің ішінде. Өмір құбылыстары көркемөнерде де ірі әсер тутызады.

Өрен адамдардың ең асыл мақсатқа арналған ісі, бейнесі, ішкі-сыртқы көрікті келбеті көркемөнер мен әдебиетте айқын көрінеді.

Мысалға Махамбеттің мына шығармасын алайық.

Кер миығым, кербезім,
Керіскендей шандозым.
Құландаі аңы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!

Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!..
Арыстан еді-ау Исатай
Бұл фәнидің жүзінде,
Арыстан одан кім өткен?..

Абай образы: «Бір шақта қаладағы оқудан қайтып келе жатып, ауылды аңсап асығып шапқан көк жазығы осы еді. Қазірде аппақ сүйк қар басқан. Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу. Айықпас ауыр мұңға батқан. Бұл күнде Абай көңіліне панасыз, кемтар көрінген бар сахарасының, бар халқының күйі де осы реңдес. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі, барлық рақат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас ұрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Енді бірақ сондагыдай үміт, бақыт тілегін қаладан іздең, соны аңсап келеді. (М.Әуезов).

Осы бір кішкене үзіндіден әлеуметтік үлкен іске ұмтылған Абайдың сөүлетті

бейнесі жан-жағынан да көрініп тұр. Табиғат суреті оның көңіл күйін толықтырып тұр. Суретші батыл да дәлді қолымен адамның ішкі құбылысын жүзінен айытпай көрсетіп қойған. Абайдың «Аппақ суық қар басқан... жүдеу, айықпас ауыр мұңға батқан сахара-сын...» да, әрі мейірімді, әрі албырт жүрегін жасынан өрттей шарпынған «мұнды сахара реңдес» халқының күйін де көреміз. Тақыр бұлақтың тұсынан өтсе де, осы мұнды дала, шарықтап кейде шаттықпен Ақшоқының төбесіне шықса да, сол жүдеу сахара мен кемтар халықтың панасыз күйі көзге көлденендереп, көкірекке қайғы уын құя береді.

Сонсоң бұл жерде айта кететін тағы бір нәрсе бар. Ол: эстетикалық баға бергенде көрікті мен көріксіз (жағымды мен жағымсыз) тасқа таңба басқандай айқын көрініп тұрмайтын, араласып, айыруды қыындастып тұратын жағдайлар.

Мысалы, Гогольдің «Старосветские помещики» деген әңгімесіндегі Афанасий Иванович пен Пульхерия Ивановны алайық. Бұл қемпір мен шалдың өмірі, үй іші, өздерінің тіршілік әрекеті бұларды көркем деген категорияға қоса алмайды. Алайда бұларды көріксізге де апара алмайсың. Бірін-бірі сыйлауы, сыпайылығы,

қонақжайлышы, момақан түрлері сол кездегі шал-кемпірлердің (крепостное право кезіндегі) тамашасы еken дегізерлік. Бірақ екеуінің тіршілік өрісінің тапшылығы, өне бойы тамақты басынан асырып ішетіндігі, қарындарының сымбозындағы әлең болатыны, еш нәрсе істемейтіні, өзімен-өзі болып жатқан бір «масыл өмір иесі» екендігі екінші бір нашар сезім туғызады. Сондықтан бұл сияқты шығарма объектісінің қай жері жақсы, қай жері кем, жақсы болуға не жетпей тұр? — деген сұрауларға тірелеміз. Қалай бағаласақ та, бұл эстетикалық баға соқтырады. Өйткені баста біз эстетикалық баға бергенде **ең көркем нәрсе өмір, біздің көзқарасымызша қандай өмір жақсы болуы керек** деген тұрғыдан қарап шешеміз дедік, соны дәлелдедік. Ендеше Гогольдің **өзі** де бұл шығарманың барлық мазмұнын «жақсы адамның өмірі мұндай болмайды» деген баға соқтырады, ол бұл мұшкіл, түкке тұрмайтын жандардың, түкке тұрмайтын өміріне **курсіндіреді**, адамның жүргегіне аянышты **мұң** енгізеді, бұл мұң жақсы өмірді көксеу мұңы, жазушы әңгімесіне осыны арқау етті.

«Күлкі адамның ақжарқын табиғатынан шығады» дейді Гоголь. Жазушы жақсы нәрсені де, жаман нәрсені де, яки көріктіні де,

көріксізді де суреттеуге міндеттейді, өйткені өмірде бәрі кездеседі. Бірақ құлкілі нәрсені «құр құлкі үшін құлдіргі етуге болмайды; жазушы тоғышарлық, мещандық, сүйкімсіз, түкке тұрмайтын өмір құбылыстарын, адам әрекеттерін көрсеткенде, сол көрсеткен жағымсыз адамдарының ұғымынан жоғары, шын көркемдік позициядан қарайтын болуы керек. Өйткені оңбаған нәрсені сол оңбаған күйінде, ешбір эстетикалық өлшеуішке салмай көрсетсең, оны — сол оңбағандықты қолдау дәрежесінде, көріксіздік қалыптың дәрежесінде, яки өмірдің шындық көркін бере алмау дәрежесінде қаласың.

М.Горький өзінің «Шыңырауда» деген пьесасында өмірдің барып тұрған нағыз күйкі адамдарын суреттеді, бірақ онда жазушы: «Адам деген тамаша нәрсе; адам деген асқақ сөз!» — дейтін эстетикалық бағамен суреттеді, тамаша адамды, асқақ мағыналы адамды мұндай халге келтіруге болмайды деген әсер беретін мағынада суреттеді. Чеховтың барлық әңгімелерінде өңкей келіссіз, түкке тұрмайтын жайттар, жағымсыз нәрселер, адамды күрсіндіретін заттар суреттеледі, ал осының бәрін көктей өткен үн — өмір көркем болу керек, адам бар жағынан да сұлу болу керек деген үн. Мінеки, көрсеткен нәрсенің жағымсыз бо-

лұына қарамастан, жазушы шығармасының мазмұнының да тамаша көркем болатыны, әдемі шығарма болатыны осыдан.

Реалистік өнер көркемдікті ғана емес, көріксіз құбылыстарды да шындық түрғысынан суреттеп, көріксіздігін ашып әйгілейтін болса, ал декаденттер (өзінің көңіл күйінен басқа ешбір сұлулық заңына бас ұрмайтын буржуазиялық ағым) көріксіздікке көрік беруге тырысады, бірақ бұл көркемдікке жету жолы емес, қайта көріксіздікті мадақтау болады, сөйтіп барып көріктіліктің өзін нағыз жексүрындыққа айналдырып жібереді.

«Асыл шындыққа бөленген көркемдік жүз есе көркем», – дейді Шекспир.

Көркеменер мен әдебиеттің эстетикалық идеалдарын осы күнгі буржуазия әдебиетшілері, өнер зерттеушілері арсыздық, ұятсыздық, талаушылық, кісі өлтірушіліктің айналасынан іздең жүр. Көркеменер мен әдебиет шығармаларында кісі өлтіру, талау суреттері молырақ және жан түршігерлік етіп көрсетілсе, әйел мен еркектің арасындағы таза, нәзік мағаббаттың орнына арсыз, абырайсыздық көріністер көбірек кіргізілсе, эстетикалық ләzzат көбірек беріледі деген адамшылықтан аулақ сорақы талғамды үгіттейді. Бұл да өмірдің

болашағынан түніліп, жабайы тағылық қалыпқа оралудың бір түрі. Бұған Америка кино, театр өнерінің осы күнгі жайы айғақ бола алады. Америка мен ағылшын өнерінен төмендегі екі мысалды ала кетелік.

Осы күнгі Америкалық Крэмптон деген суретшісі ешбір сурет салынбаған таза полотноны алғып келіп, «міне, ең көркем шығарма» депті. Оған комиссия бірінші бәйге беріпті, өйткені реакцияшыл сыншылар мұны көркемөнердің ең қол жетпейтін биігі, бұл адамның санасы (сознание) мен жігерінің күші арқылы «ғаламға көз жібергені» (созерцание вселенной) деп бағалаған.

Бұл жерде еске сала кететін нәрсе: тек қана сана, ұғым жүйесімен танылатын нәрсе көркемөнер болып шықпайды, мұны біз жоғарыда айтып кеттік. Өнер өзінің ерекшелігі, образдылығы арқылы көркемдік бағасын алады. Ал, ешбір сурет жоқ, түр жоқ, көріп өсер алатын ешбір белгісі жоқ полотно өмірдің бейнесін беретін нәрсе деп, барып тұрған идеалистер де айта алmas еді. Бұл – көркемөнерді магынасыз, бос нәрсеге айналдырудың ең бір парықсыз түрі. Өмірдің қайнаған ішіндегі құбылыстарды көрмей, даму жолындағы күресті ашпай, еңбекшілер бұқарасының бостандық үшін,

бейбітшілік үшін күш салған ірі қозғалысын елемей, екінші сөзben айтқанда, болмыстың шындығын ашудан, оны бейнелеуден бас тартқан бұл сияқты жалған жол – осы күнгі кері кеткен буржуазияның идеологиясы.

Атақты француз суретшісі Пикассо кек кептердің суреті мен бейбітшіліктің символын беріп бәйге алды; осы секілді әлеуметтік үлкен маңызы бар, мағынасы сұлу, өмір тілегі туғызған иғлікті істер жоқ па еken? Эрине, бар. Бірақ эстетикалық идеалы шағын, өсу жолында дағдарып, түйікқа тіреліп тұрган буржуазия суретшісі Крэмптон келелі мәселені шешудің орнына өмір талабынан қашты, сөйтіп ол қарманар еш нәрсесі жоқ құр қеңістікке жармасты.

Агата Кристидің «Айыптаған айғақ» («Свидетель обвинения») деген пьесасын алғыңыз. Пьесаның мазмұны мынадай: жасы тоқтаған әйелді біреу бауыздап өлтіреді. Тергеу жүргізіледі, тергеу үстінде кемпірді мұрагер жігіт өлтірді ме деген күмән туады. Бұл бірақ сырт пішіні әдемі, қылмыс жасай қояды деп ойлайтын жігіт емес сияқты көрінеді. Айғақтардың көрсетулері біріне-бірі қайшы келеді. Қылмыстың бетін ашуға толық мүмкіндік бермейді, тап сол кезде айғақ есебінде шақырылған айыпкердің әйелі бас салып күйеуін айып-

тап, кемпірді өлтіргенін дәлелдейді. Сұлу жігіт кінәлы болып шығады. Тап сол күні кешке адвокатқа бір қыз хат әкеліп береді, хат айыпкер әйелінің жалған құлық ісін өшкөрелейді. Сот жігітті ақтап, әйелін түрмеге отырғызатын болады. Мұның бәрі жалғандыққа құрылған пасықтық іс екен. Шынында жігіттің өлтіруі рас, жігітті арашалап, бұл өзі түрмеге отырып шығып, байлықтың қызығын бірге көрмекші болып жүрген әйелдің әрекеті екен. Ал өз әйел түрмеге түсіп, кінәсын өтеп шығуға кеткенде, мұнымен бірге бақытты өмір сүрмекші болған мұның басқа тағы бір әйелі болып шығады. Бұл сұмдықты біліп қалып, үкім алған әйел кісі өлтірген өз ерін өзі өлтіреді.

Мұнда, біріншіден, жұрт алдына тартатын еш нәрсе жоқ, бұл барып тұрған қылмысты істер, қылмыс жасаушы адамдар. Мұнда қоғамдық идеал жоқ, азғын жандар, керексіз жандар, үлгісіз жандар.

Жазушы бірақ осыны үлгі етпендер деген эстетикалық критерийге келмейді. Өйткені, бас герой – көркем адам. Сұлу кісі, ісінде, сөйлеген сөзінде, адаммен қарым-қатынасында ешбір мін жоқ. Барып тұрған интеллигент, ішкі дүниесінің нашар сөулесі жүзінен де көрінбейді, былайша айтқанда, қылмысқа «беті бұлк етпеген», «бұл да өзімнің адал кәсібім» деп істеген,

мүнда ешбір қылмыс та жоқ, айыптайтын хақын да жоқ деген «лейтмотив» береді.

Аяғындағы оның өлімі айыптау емес, бұл да жоғарғы өлшеуішпен істелген әрекет. Егер де мына ерін өлтірген әйелді ана көңілдес әйел өлтірсе, бұл да «занды» болып шығар еді.

ТРАГЕДИЯЛЫҚ ПЕН
КОМЕДИЯЛЫҚ

Трагедиялық не нәрсе деген сауалға әр кезде әртүрлі, әр елде әр басқа түсінік беріліп келді. Ежелгі грек философы Аристотель грек трагедияларын талдаған, ғылыми түрде зерттей келіп: «Трагедия деген әрі зор, әрі жинақты уақиғаның елесі, трагедия әнгімемен емес, амалмен берілген, құдіретті сөзбен жазылған, жаны ашу және қауіп-қатерден үрейлену сезімі арқылы адамды ауыр-ауыр құмарлықтан арылтатын шығарма» дейді.

Бұл анықтама көп заманға дейін ескірмей келген, трагедияның мәнін, мақсатын, түрін заманың ұғымына қарай дәл айтқан, терең берілген анықтама еді. Трагедиялық нәрсенің қарапайым уақиғадан зор да күшті екені рас, амалдың араласуымен өрен істің жинақталған кескінін беретіні айқын. Алайда, бері келе трагедиялық (қайғылы жай) пен трагедияға көптеген көзқарас туды, түрлі-түрлі анықтаулар берілді.

«Трагедиялық нәрсе тек қана ұлы адамдардың, ұлы уақиғалардың басына тән»;

Мұнан да әрекірек тереңдете келіп:

«Ұлы нәрсенің бәрі де трагедияға (қайғылы халге) ұшырайды»;

«Жаратылысқа қарсы әрекет етсең табиғаттың, Тәнірінің көріне ұшырайсың»,

«қайғылы, ауыр нәрсенің бәрі көктің өмірі» (Фишер) деген қорытындыға келеді идеалистік философия.

Бұл анықтамалардың бәрі де қате, өйткені трагедиялық ұфымға бұл толық, жан-жақты пайымдама емес.

1) Трагедиялық нәрсенің бәрі тек ұлы жандармен, ұлы уақығалармен байланысты деу бір жақты пікір. Бұл пікірдің тарихи дүрыс жағы да бар. Ол: ежелгі грек драматургтері Эсхил, Софокл, Еврепид ірі құдай теңдес геройларды, патшаларды алған, солардың үлкен азап арқылы шеккен ауыр халдерін берген. Мысалы, «Бұғауланған Прометей», «Эдип патша», тағы басқалары. Сол сияқты Шекспирдің де трагедиялық геройлары патшалар, ұлы адамдар («Гамлет» және басқалары). Пушкиннің Борис Годуновы да патша (ірі тұлға). Бұлар расында трагедиялық геройлар. Бұл геройлар ауыр қайғылы халді басынан өткізіп, адам жаны ашырлық азап шегеді.

Бірақ қатардағы қарапайым адамдардың басында да үлкен трагедиялы жайлар кездеседі. Адамшылық қасиеттерінің бәрі аяқасты болып езілген кішкене адамның образы Гогольдің «Шинель» деген әңгімесінде суреттеледі. Ондағы Акакий Акакиевичтің бейнесі өте аянышты; сол

секілді Әуезовтің «Абай» романындағы Қодардың, кедей жатақтардың халдері де ауыр трагедиялы жайлар. «Қозы – Көрпеш» пьесасындағы Көрпеш пен Баянның трагедиясы да, «Құралай» сұлудың өлімі де асқан қайғылы, адамды қайғырттын, күшті өсер беретін шығармалар. Осыған қарағанда, трагедиялық нәрсе тек қана басқадан озат шыққан үлкен характерлі, атақты, қоғам сатысында биік тұрган ұлы жандарға тән деген пікір теріс екені аян. Трагедияға ұлы жандар да, кішкене қарапайым адамдар да герой бола алады екен. Ал, онда трагедиялық жайдың түп тетігі неде?

Эсхилдің «Бүғауланған Прометейін» трагедиялық халге ұшыратқан зұлымшылық күштің құдіреті оны адам жаны түршігерлік азапты ауыр халге түсірсе де, сәулеттілігі басым, адамға пайда келтіремін деген асыл идеалы ең биік сезім туғызады. Эдип патша да өзін-өзі қинап азаптау арқылы зұлым тағдырдың басқа салғанынан анағұрлым жоғары тұр. Зұлым дүниенің ішінде Гамлеттің де биік гуманистік идеалына орын табылмай достан, махаббаттан жүрегі шайылып, ақыры әлек болады. Бір жағынан, істеген қылмысы жегідей жеп тәубаға келген, екінші жағынан, тарихи терең реформаларды жүргізуге шама-

сы келмей азап шеккен Борис Годунов та аянышты. «Абай» романындағы халықтың қайғылы халдерге ұшырауы әлеумет өмірінің әділетсіздігінен. Қозы Көрпеш пен Баянды дегенине жеткізбеген ескі өмір салтының кесірі; Құралай сұлу да елін, жерін дүниенің бәрінен жоғары санап, осы жолда аянышты халде өлім құшағына енеді. Міне, осының бәрі қоғам өміріндегі жақсы идеалдармен байланысты, иглікті күрес жолында ілгері ұмтылған арманды тілектерге үштасқандықтан ауыр қайғылы хал болып көрінеді.

Бұл жөнінде М. Шолоховтың «Тынық Доны» трагедиялық халдің айқын-айқын суреттерін көз алдыңа келтіреді; ескі мен жаңа өмір тартысында, халықтың асқан сәулетті күресінде трагедиялық жайттарды бастан кешкен көп геройлар бар, оның ішінде ең бастысы – Григорий Мелехов.

Жігерлі, қайратты, адамшылық қасиеттері мол Мелехов бойға сіңіп қалған ескі әдептің – сословиелік шағын ұғымның уысынан шыға алмай, еңбекші халықтың қатарына келуге «мен қазақпын» деген еркеуделік жібермей, битарап қалады. Табан тірер жер жоқ: ақтардан бөлініп шығып, соvet үкіметін орнатушылардың санына тұра алмай әрі-сәрі күйге тұсу, міне, Мелеховтың

трагедиясы. Бұл шындықтың, әділеттіктің қай жақта екенін үққанмен, сара жолға түсे алмай, достан, туысқаннан, халықтан, ең жақсы көретін жаннан – бәрінен айрылып, «өмірі өртке күйген» жерге үқсаған қара бастың трагедиясы.

Көркем шығармадағы табиғаттың көрінісі мен құбылысы да геройлардың көркемдік образын толықтырып, трагедиялық халді терендейте түседі. Оны мынадан көруге болады. «Тынық Донда»:

«Жазға салым, қар кетіп, қыс бойы жатып қалған шөп құрғаған кезде далада көктемгі өрт басталады. Жел айдаған от түйдектеле шапшып, тасқындај жылжиды. Қу қаудаңды жалмай жұтады, биік түйе тікендердің серейген сабақтарына шапшиды, қара еменнің бурыл тартқан ұштарымен сырғанайды, ойпаттарға төселіп жайыла түседі... Сонынан көпке дейін күйіп, шатынап жарылып кеткен жерден азы ыс иісі аңқып жатады. Төңіректің бәрінде жас шөп жайнап өсіп, жасылдана түседі, оның үстінде сансыз бозторғайлар аспан аясында қанаттарын қыбыр-қыбыр қалтыратады. Ал, анау өрт жүріп кеткен жерде күл-көмірге айналған

елі жер қазымырлана қарауытады. Ол жерде құс ұяламайды, аңдар оны алыстан айналып өтеді, ол жердің үстімен қанатты, жүрдек желғана зулап өтіп, көкше күлмен қоңырқай тартқан аңы шанды ұшырып, алысқа тартып алыш кетеді.

Өртке күйіп кеткен дала сияқты Григорийдің өмірі де қап-қара болды. Ол ез жүрегіне өте ыстық, ең қымбаттының бәрінен айрылды...»

Бұл жерде айта кететін нәрсе: кез келген геройдың басынан кешірген ауыр халдері жә өлімі трагедиялық нәрсе болып табылмайды. Мұны біз қоғамдық мазмұнына қарай, өзіміздің көркемдік идеалымызға, трагедиялық категорияға сай келгендеға, жағымды түрге жататын болғандаға аянышты, жанашырлық жайдейміз, солай әсер аламыз. Бандит Фомин мен оның бандысында болған Стерлядников сияқтылардың өлімі аяныш өлім емес, жексүрын өлім, «ища» дегізерлік қана жиренішті сезім беретін өлім. Сол секілді F.Мұсіреповтің «Оянған өлкесіндегі» Жұман байдың мағынасыз өлімі де күйіндірмейтін құбылыс. Онан қайта анау көп жылқының бағып-қаққан малшыларға да пайдасы тимей, текке қырылғаны «әттеген-ай!» деген опынышты ауызға салады.

2) Табиғат күшіне қарсы әрекет етсең, Тәңірінің кәріне ұшырайсың деу, болмаса «қайғылы нәрсенің бәрі тағдырдан» деген пікірлер ғылыми жағынан да, эстетикалық өлшеуімізben қарағанда да өмір шындығына мәндаспайтын пікірлер.

Қоғам өмірінде трагедиялық үлкен уақыгалар болып тұрады. Тарихта өмір бойы бостандық үшін күресіп келген шаруалардың жайы трагедиялы болды. Мысалы: Степан Разин мен Пугачев бастаған көтерілістер. Хан тепкісіне қарсы күрескен халықтың, оны бастаған Исатай мен Махамбеттің ісі де, өмірі де трагедиялы. Олардың шаруа халқының теңдігі, қамы, бақытты өмірі үшін асқан биік айбынды күресі ақырында трагедиялық халге ұшырап бітті.

КОМЕДИЯЛЫҚ ЖАЙ

Жоғарыда біз өмірдегі құбылыстардың көріксіз жағын, жарамсыз жағын көрсететін шығармалардың қатарында Гогольдің «Ревизорын» айтып кеттік. Бұл – күлкілі, комедиялық жайды бейнелейтін көркеменер мен әдебиеттегі ең бір ірі, терең, құнды шығарма.

Комедиялық күлкілі жай да эстетикалық категорияға жатады. Көркемдік, сәулеттілік, трагедиялық категориялар сияқты бұл да эстетикалық қасиетті көрсететін, өмірде де, өмір шындығын жеткізетін көркеменерде де комедиялық жай үлкен орын алады. Көріксіздікпен, жексүріндықпен күресуде күлкі бірінші құрал. Күлкіге іліккен кемшілік – әшкерелеуге түсken кемшілік; ал әшкерелеу арқылы жағымсыз нәрсені өмір жойып отырады.

Көркеменердегі күлкілі жайды алғанда, түкке түрмайтын мағынасыз «құр жырқылға» соқтыратын нәрселерді алмаймыз, қоғам өмірінде мәні бар құбылыстарды, күлкі ететін нәрселерді аламыз. Күлкілі жайдың күші шын мағынасында сол қоғам өмірінің айнасы бола алуында. Өмірде қайшылықтар көп, бұл қайшылықтар негізінде ескінің тозып, өліп бара жатқан кезіндегі жақамен күресін көрсетеді, түр мен мазмұнның бір-біріне қайшы келіп жатқандығын баяндай-

ды, болмашы бір құбылыстың шамадай тыс тырысуын айтады. («Дон Кихот», «Айман – Шолпан», «Өгіз бен бақа»).

«Дон Кихот» күлкілі жай, өткен рыцарствоның жаңа заманға қабыспайтын бейнесі оны комедиялық халге ұшыратты. Сол сияқты, «Айман-Шолпан» пьесасындағы Көтібардың рөлі де күлкілі рөл. Бір кездерде феодализмнің дәуірлеп тұрған шағында қазақ жағдайында батырлық үлкен орын алды. Ер жүректі, денелі, қуатты ру көсемдері үкімін күшпен жүргізді. Біреудің малын алу, елін шауып алу, сонымен байланысты қызды олжа ету сияқты үлкен теңсіздіктер қоғам өмірінде орын алды. Берігірек келген соң бірте-бірте бұл қалып жоғалып, қоғам өмірінде екінші тәртіп, жаңа күштер пайда бола бастады. Сауда капитализмінің күші, ісі, ықпалы жүрді. Өмірде екінші ұғым туды, жаңа салт, жаңа әдеттер пайда болды. «Айман-Шолпан» қисссасы күні кеше ғана жазылған шығарма. Ол:

Жайлауы Шектінің гой Еділ, Жайық,
Қараған Орынборға жүз отыз болыс, –

деп басталады. Осыған қарағанда, Айман-Шолпан уақиғасы қазақ даласының Россия патшалығына бағынғаннан кейін

яки өткен ғасырдың екінші жартысында болғаны анық. Ал, бұл сауда және өндіріс капитализмінің кемеліне келіп, экономикада, билеу ісінде, әдет-ғұрыпта тізгінді толық қолға алған, қазақ даласының жан танымастай өзгеріп қалған заманы ғой.

Барсаң сәлем айта бар жездем сорға,
Қой айдап кетіп еді Орынборға, —

дегенде Әлібек, сөз жоқ, батырлар заманынан көш құлаш ілгері кеткен жаңа заманның, жаңа күштің, жаңа топтың уәкілі екені даусыз. Міне, Көтібардың күлкілі жағдайы осы жаңамен кездескен, күні өткен ескі кездің жаңаға бар үкімін жүргіземін деген өткен құр көкірек, өмірдің тілегіне қабыспайтын әрекеттерден туған күлкі. Шығарманың (пьесаның) терендігі де, оның эстетикалық құндылығы да, міне, осы тарихи шындықты беруінде жатыр.

Ескінің садақты батыры зеңбірекке қарсы шықса, найза ұстап танкке ұмтылса, бұл күлкілі жайға ұшыратар еді, тіпті аянашты да көрінер еді.

Сол сияқты өгізбен ерегіскең бақаның халі де аса мәз емес, осыларға қарағанда, комедиялық жайдың ең ішкі сыры өмір құбылыстарында, қоғам өмірінің қайшылықтарына байланысып жатыр. Го-

голь мен Шедриннің шығармалары өмірдің көріксіз, құнсыз жақтарын құлкі етіп, жүрт алдына тартты. Крепостнойлық Россияның екінші жаңа сатыға көтерілуіне, ілгөрі дамуына еңбекшілердің помещиктер бұғауынан босануына жәрдем етті. Біздің совет әдебиеті де классиктердің жақсы дәстүрлерін пайдалана отырып, комедиямен, құлкілі әңгімемен, құлдіргі өлеңдермен өмірдегі көріксіздікті өшкөрелеуге, оны жоюға жәрдемдеседі.

Айта кететін нәрсе: әдебиет, театр, кино, бейнелеу өнері көркемдік пен көріксіздікті көрсетуде, олардың тартысын суреттеуде өнердің басқа түрлеріне қарағанда қабілетті, екеуін қабат көрсетуде шамасы келеді.

Мысалы, романдарда, әңгімелерде, пьесаларда, поэмаларда, кинода, театрда көріктіні де, көріксізді де, яки жағымды-жағымсыз геройларды көрсете береді. Ал көркемөнердің бірқатар саласы бұлай суреттей алмайды.

Архитектура, музыка, скульптура, хореография ондай емес, олар көбінесе көркемдікті ғана көрсетіп, көріксіздікті дәл жаңағылардай жете бейнелей алмайды; былайынша айтқанда, олар көбінесе құбылыстың жағымды жақтарын елестетеді, жағымсыз нәрселерді бейнелегенімен

баттитып бере алмайды. Архитектура көріксіздікті мұлдем көрсете алмайды, оған мұның ерекшелігі жоқ.

Архитектура жөнінде айта кететін көп нәрсе бар. Осы күнге дейін архитектураны сән-жинах қолданылмалы өнерден (мебель, декорация) бөліп алды, көркемөнердің бір түрі деп келдік. Бұлай дейтін себебіміз: ескі заманның архитектуралық ескерткішіне қарап заманын, заманның өмірін, дүниеге көзқарасын, эстетикалық көзқарастарын айырамыз деген пікір осы күнге дейін қалыптасып келді. Архитектураның айбындылығы, қарапайымдылығы, жинақтылығы алға қойылатын, материалдық сапалылығы тағы басқалары айтылатын. Бірақ шын үңілсөңіз, бұл сияқты түрлер, идеялар өнерден тыс нәрселерде де бар. Мысалы: пароход айбынды, материалдары сапалы сырт көрінісі көркем. Сол сияқты жақсы автомобиль де әдемі. Және архитектуралық (үйді) затты көбінесе көркемөнердің басқа түрлерімен әшекейлейді. Мысалы, үйдің сыртына, ішіне суреттер салады (төбесіне), портреттер қояды, мүсіндер орнатады. Осылармен барып архитектура күшнейеді. Шынында архитектура адамның эстетикалық тілегіне емес, көбінесе материалдық тілегіне сай жасалады. Әдемі архитектурага

қарап ләззат алу үшін ғана жасалмайды, ол қорамдық қажетке адам тұру үшін жасалады. Сондықтан архитектура көркеменердің қатарына қосылып, эстетикалық жағы басым болғаннан гөрі өмірге керегірек қажеттілік мұқтажына арналады.

Совет адамы архитектурадан қолайлылық пен сұлулықты талап етеді, бірақ қолайлы жағы ақсап, құр сұлу болуын тілемейді.

Музыкада тыңдаушының көз алдына бірыңғай тікелей әкелініп, көлденең тартылмайды, ол көркемдік және сәулеттілікті беру арқылы жан түршігерлік үн-күй әсерімен адамның қайғыру, мұңаю, зығыры қайнау, толқу сияқты сезімдерімен беріледі.

ӨҢІН АЙНАЛДЫРУ –
КӨРКЕМДІКТІҢ ЖАУЫ

Әрбір құбылыстың, әрбір істің, әрбір көркем шығарманың шындық жағы бар, логикаға сай, ұфымға қонымды, өмірге жаңасымды жағы бар. Ал осының өнін айналдырып жіберетін жағдайлар бар. Мысалға мынадай нәрселерді алуға болады. Сен теректей сұлу емессің деп қара ағашты істен шығаруға болмайды. Сол сияқты көркемөнер мен әдебиетті алғанда да әр нәрсенің өз орны, өз бағасы, өз кезеңі еске алынады. Бір өлшеуішпен өлшенетін зат та жоқ, қалыпсыз нәрсе де жоқ.

Ломоносов — ұлы адам. Iрі ақын. Шығармалары көркем. Бірақ оның өз заманына, өз дәуірінің идеалына сай оның «Әйнектің пайдасы» дейтін өлеңі сұлу болды. Біз оны Пушкиннің өлеңімен салыстырып, мынау көркем шығарма емес деп айта алмаймыз. Сол сияқты ескі грек ақыны Гомердің шығармасын, болмаса Эсхил мен Софоклдың творчествосын оқып, аса биік, аса жоғары ғажайып шаттық сезім алғып Гораций мен Вергилийдің шығармалары түкке тұрмайды деген ұфымға келе алмаймыз. Заманың, қоғамның, таптық топтардың эстетикалық өлшеуіші, эстетикалық идеалы бар, бұл әлеуметтік өмірдің материалдық, рухани даму сатысына байланысты.

Сол секілді домбыраны осы күнгі үлкен

оркестрге салыстырып, үнің баяу, міңгір деп, болмаса Құрманғазының «Серперін» Бетховеннің алтыншы симфониясына теңеп мін тақсақ, онымыз эстетикалық баға беруге нұқсан келтіретін теріс теңеу болар еді.

Білім-техника қиясына шарықтап өрлей бастаған, табиғатты билей бастаған заманда, орыс халқының ілгері ұмтылған көркем адымын дәріптеп жазды Ломоносов. Бостандық, ерік, адам мұддесінің асыл үнін жырлады Пушкин «Деревня» мен «Еркіндікте». Екеуі де тамаша сұлу, ғажайып әдемі шығарма.

Сол сияқты Құрманғазы мен Бетховен де екі заманның, екі халықтың, екі мәдениет уәкілдерінің өмір асқарына жеткеген шарықтау үнін төкті. Екеуі де көркем, екеуі де сәулетті.

Осыған қарағанда көркемдіктің шегі бар, заманына лайық өлшеуіші бар.

Бірақ тарихи қоғам даму жолынан қашық, қысқа өрісті шағын тілекке сай шығарылған көркем әдебиеттің, болмаса өнер шығармаларының бәрі тамаша бола бермейді. Қоғамның прогрестік өмір шындығын жырлаған көркемөнер ғана сұлу, сол ғана көркем. Тарихи өшіп бара жатқан крепостнойлық Россияның, помещиктер мұддесін қорғаған реакциялық патшалық системаны жырлаған Кукольников пен

Булгариннің шығармалары көркемдіктен көш жер аулақ жатқан шимайлар еді.

Талантты жазушы М. Зощенконың өмірдің өршіл, прогресшіл, дами беретін жақтарын жете аңғармай жағымсыз жағын өңін айналдырып суреттеген қайсыбір шығармалары да көркемділікке қайши, коммунистік эстетикамызға дақ түсіретін әңгімелер болған.

(«Маймылдың қайта оралуы»).

* * *

Социалистік реализм өдісімен жасалған біздің көркеменер мен өдебиетімізде сан алуан көркем образдар бар. Бұлар шынайы болмыстың ортасынан ойып алған типтік адам характерлерінде айқын көрсетілген, қайталанбайтын дара сипаттар. Мысалы, «Анадағы» Власов пен ана, «Чапаевтағы» Чапаев, «Тас-талқандағы» Левинсон, Бакланов, «Жас гвардияның» жас құрыш геройлары, «Құрыш қалай шынықтыдағы» Корчагин, «Василий Теркиндегі» Теркин, «Тынық Дондағы» Мелехов пен Кошевой, Аксинья мен Наталья, «Көтерілген тындағы» Давыдов пен Нагульнев.

«Абайдың» Абай мен Ербол, Базаралы, Зере мен Эйгерім және басқалары,

«Ботагөздегі» Асқар мен Ботагөз, «Сырдариядығы» жағымды геройлар, «Оянған өлкедегі» – орыс-қазагы аралас жұмысшы табының қажырлы уәкілдері – көркем образдар.

Сонымен эстетиканың ең асыл міндеті – көркем тәрбие беру, көркем сезімді байыту, адамға ең керекті өмірді сүюді, жаңа өмірді сүюді насихаттау. Көркем тәрбиені көркемөнер арқылы, әдебиет арқылы алуштың жолдарын тану. Нағыз көркем әдебиет социалистік әдіспен жасалады. Өмір шындығын көрсете білген шығарма шын мағынасында көркем шығарма болып саналады. Ал нағыз өмір шындығы ең саналы, ең прогресшіл совет адамдарының коммунистік қоғам құрып жатқан шындығы. Әлеуметтік адам өмірінің ең биік сатысы сол коммунизм. Ең көркем нәрсе – сол өмір дейміз, ең көркем тәрбие – сол коммунизм рухында алынған тәрбие дейміз.

1957 ж.

СЫИН МИИСІЗ БОЛСЫИ

Әдебиет сыйнының дәуір мақсатына сай келелі пікір қозғай алмай, тартыншақтап келе жатқанын әркімдер-ақ айтып жүр. Тек қана айтып қоймай, біздің өткір сынға өте зәру екенімізді, сол зәру нәрсенің дүниеге келуіне көмек керек екендігін әдебиет ісін басқарып келе жатқан F. Мұсірепов, Н. Жанділдин, М. Қаратаев сияқты жолдастар үлкен жиылыстарда, баспасез беттерінде әлденеше әңгіме етті. Қазір бұл өмір тілегінен туған үлкен мәселенің дер кезінде қолға алышып, жұртшылық назары қазақ әдебиетінің сын саласына аударылуы нәтижесіз де емес. Соңғы екі-уш айдың ішінде республикамыздың газеттері мен журналдарының беттерінде кейінгі кезде жазылған романдар мен повестер, поэмалар мен өлеңдер, драмалық шығармалар мен спектакльдер жайлыш ірі-ірі мақалалар жарияланды. Олардың ішінде де, әрине, түрлі-түрлісі бар. Бізге, сөз жоқ, әдебиетке қамқоршы болып келе жатқан, қате, кемшиліктерді түзетіп, дұрыс бағыт беріп келе жатқан, әдеби дамудың сара жолын айқын сызып беріп отырған Коммунистік партияның талабына сай сынғана керек екені айқын. Жазушыға ақыл айтатын сын болмаса, жазушының әрі қыын, әрі нәзік жан-жүйесінен шымырлап шыққан аяулы еңбегіне көмекші сын болмаса, оның мәні де болмас еді.

Мұндай сын өлі де жеткіліксіз, аз, сирек. Бірақ ақылға, білімге сүйенген, әдебиетке жаны ашу, жазушыға көмектесу тілегіне бейімделген мақалалар қазір туда бастады. Бұл ретте «Социалистік Қазақстанда» басылған Әбділда Тәжібаевтың «Поэзияның жас күштері», «Жұлдыз» журналында жарияланған Қаратай Құттыбаевтың «Шындық және шығарма» атты мақалаларын атауға болады. Сондай-ақ, «Қазақ әдебиетінде» басылған Ілияс Омаровтың, Рахманұл Бердібаевтың мақалалары да ауызға аларлық; бұл мақалалардың ең бағалы қасиеттері – әдеби шығармалардың ішкі сырын ашу, оқушыға эстетикалық әсер беретін, оқушының сезімін тербел, ләzzат алатын жақтарына бойлау, басқаша айтқанда, шығарманың көркемдік сипатын талдал, жазушының табысы неде, жетпей жатқан жерлері қайсы екенін көрсете білу... Ақыл берушінің ақылы өзінен артып тұрмаса, ең болмағандың өз ақылынмен тең түспесе, іштей «бейшара-ай» деп қоятының мәлім ғой! Ал жоғарыда аталаған мақалалар – білімге, әдебиеттің зандарына сүйенген, ақылгөйлікке талпынған еңбектер. Мұндай еңбектерді жазушы жақтырмай қарсы алмақшы. Өйткені, ақылшы сынға жазушы мұқтаж, әдебиет мұқтаж.

«Поэзияның жас күштері» деген мақалада

Әбділда Тәжібаев көркем әдебиеттің, оның ішінде поэзияның асыл ой кестесі екенін, оны тақырыпқа, заманың үлкен тілегінен тысқары, өресі аласа нәрселерге ысырап етпеуді үтіттейді; біздің биік мақсатты, еркін қимылды, салтанатты өмірімізге мұңаю, торығу, жағызызырау сияқты әлсіздік сезімдердің жат екенін аңғартады; талапты жас ақындарға ескінің сарыны мен сарыуайымынан аулақ бол деп ақыл береді. Бұл сияқты дәлелді, ойлы, игі ақылға құлақ аспайтын жас таланттар болмасқа тиіс.

Қ. Құттыбаев пен Р. Бердібаевтың соңғы мақалаларында әдеби шеберлік мәселелері сөз болады. Жеке шығармалардың қандай көркемдік дәрежеге көтерілгенін, бұл жөніндегі жазушының табысы неде екенін, шеберлік түрғысынан қай жағы солғын жатқанын ашады. Мұны әдебиетіміздің даму жолымен байланыстыра отырып, болашағына көз жібереді. Мұндай ғылымға сүйенген мақалалардың құнды екені, жүртшылық тілеп отырған ақылшы сынға өте қажет екендігі өзінен-өзі айқын.

З. Қабдоловтың «Өмір үшкыны» атты повесі осы күнгі тақырыпқа жазылған шығармалардың ішіндегі тәуірі екені даусыз. Жұмысшы мен колхозшы оқи ма, студент пен оқымысты оқи ма, әйтепеүір кім

оқыса да бұл шығарма жүрекке жылы тиеді. Өйткені, мұнда айқын бейнеленген образдар арқылы бүгінгі өмірдің бір алуан саласы көз алдыңа тартылады. Бұл — повестің жалпы қасиеті. Ал, жекелеп алғанда, образдардың нанымдылығын, өмірден алғанғандығын жалғыз ғана Дәуреннің оқудағы баласына күні бұрын, жаздың қара басынан байпақ сатып алғанының өзі-ақ дәлелдейді. Тайманжанның қыс киүөне осы бастан алып қоймасаң, уақытында табылмайды деп, Дәурен қуанышы қойнына сыймай келе жатады. Дәуреннің баласын жақсы көретіні, ісіне мүқият, ұқыпты шар-уадан шыққан бүгінгі жұмысшы екендігі, тұрмыстағы ұсақ нәрселерді де күні бұрын байқап жүретін тәжірибелілігі жалғыз осы штрихтың өзінен ғана көрініп тұр. Дәурен — өмірдің ортасынан ойып алған пішін. Бұл — жазушының таланттылығы. Ал, шығарманың күші мен құндылығы тек осы сияқты нәрселерде ғана емес, мұнан да терең жақтарында екен. Мұны біз Ілияс Омаровтың мақаласынан көрдік.

«Біздің ойымызша, Дәурен тұлғасы — дара тұрган оқшау тұлға. Біздің әдебиетімізде мұндай әке образы болған емес. Шығармаларда көбірек кездесетін ана мейірімі, ана сезімі бәрімізге мәлім. Ал, әке

мейірімін мұндай күшті, мұндай табиғи, мұндай таза берген шығарманы мен өзім кездестіре алғаным жоқ, — деп жазады Ілияс Омаров. — Дәурен болса баласына ғашық: мейірленіп, еміреніп, балаларының үстіне түсе қалады... Мұндай шынайы сезім тек қана көңілі кіршіктей таза адамнан — еңбек адамынан шығады... Мұндай көңіл ешкімге жамандық ойламайды... Жамандыққа жаны қас». Осы мақалада І. Омаров Дәуреннен басқа геройлардың образдарын да дәлелді түрде талдай келіп, шығарманың аса құнды шығарма екенін айтады. «Жас жазушының бірінші шығармасында кемшіліктер де жоқ емес, — дейді сыншы одан әрі. — Негізгі бір кемшілік — автордың шығармасына арқау етіп алған тартыс тайыздау шешіліп, не дүдәмал болып, шешілмей қалып отырады. Өмір мен оқудың арасындағы тартыс, сайып келгенде, студенттердің арасынан асып ешқайда бармайды. Оқытушылардың өз арасында осы қайшылық төңірегінде күрес болып жатпайды... Әлсізді күштіге жеңдіріп отырмайды. Кейде батылдықты аянышқа жеңдіріп жібереді...» Міне, көркем шығарманы салмақтап, жан-жақты қамтып, әдебиеттік талдау жасаудың үлгісі деп осыны айтуымыз керек. Бұл сияқты сындар бізде бар және мұндай ақылды сындардың молая беруіне әдебиет жүртшылығы тілектес.

Қазіргі сынның өркендеуіне үлкен жәрдемін тигізген нәрсе – кешегі онқұндіктің кезіндегі Москвада болған мәжілістер. Мұнда атақты романдарымыз бен повестерімізге, поэмаларымыз бен өлеңдерімізге, пьесалар мен балалар әдебиетіне үлкен баға берумен қатар, ақыл-кеңес есебінде терең мағыналы, орынды сындар да айтылды. Соның ішінде ең қымбаты – әдеби сыннымыз бен әдебиет тануғылымына Москва ғалымдары жақсы-жақсы пікірлер айтып берді. Бірақ бұл сындарға жеке-жеке тоқталуды бұл жерде орынды көрmedік. Жалғыз-ақ, айта кететін нәрсе – осының бәрі қазір жақсы сынның, ғылыми сынның, жазушыға шеберлігін арттыра түсуге жәрдем ететін ақылгөй сынның туғанын көрсетеді. Және бұл сын мақалалардың тағы бір қасиеті – ойы жинақты, принципті, сөйлемі ықшам, алған тақырыбына дәл жауап беретін мақалалар.

Сынды жоғары дәрежеге көтеру көрек, көп сөзден гөрі дәл айту, жалпылаудан гөрі дәлелді етіп жазу қажет. Бұл ретте «Қазақ әдебиеті» газетінің пікіріне бәріміз де қосыламыз. Эсіресе, «Қазақ әдебиетінің» сын мәселесін батылырақ қолға алғып, бірнеше басмақалалар беруі, жазушылардың алдына жетіжүлдүқ жоспармен байланысты үлкен міндеттер қоюы – өте орынды талаптар.

Алайда, тап бүгінгі қазақ совет әдебиетінің өсуіне байланысты, жазушының жазушылық шеберлігін арттыра түсуге көмек беретін сынға байланысты кейбір түсініксіз және теріс әдіске баратын мақалалар жөнінде де бірер сөз айтпауга болмайды.

«Социалистік Қазақстан» газетінің осы жылғы 4-6 январь күндерінде шыққан сандарында филология ғылымының докторы Есмағамбет Ысмайыловтың «Шығарма мен сын» деген көлемді мақаласы жарияланды. Мақаланың негізгі мазмұны бізге ғылыми сын керек, жазушыны шеберлікке үйрететін сын керек, тұра айтатын сын керек деген иғі тілектерге саяды. Бұл тілектерге қосылмайтын әдебиетші немесе оқушы бола қоймас, өйткені бұл — ортақ тілек. Бірақ осы мақаланың негізгі үні, басты пікірлері, аяқ шеніндегі сынау әдістері әдебиетшілерді оқыс ойландырып, «бұл қалай болды» деген күдікке әкеліп тірейді.

Ғылыми сын керек, шеберлікке үйрететін сын керек, тұра айтатын сын керек деп отырған әдебиетшіден оқушы жұртшылық жақсы ақыл күтетіні мәлім. Ал, егер мұны жазып отырған ғалым ағалығы бар байсалды әдебиетші болса, айтқаны жұрт құлағына сіңіп кететін адам болса, онда жұрт бұл

адамнан әрі ғылыми, әрі қатесіз, әрі дәлелді, әрі тапқыр, әрі ұғымға қонымды, әрі ақылға сыйымды әдемі мақала тілейді. Есмагамбет мақаласынан мұндай қасиеттер іздең табу қиын.

Бірінші, мақаланың басынан аяғына дейін сын жоқ, болса да әлсіз, күшті емес, түкке тұрмайтын домалақ сын қаптап кетті деген өкініш көктей өтіп отырады. Бұл пікір шындыққа жанаса бермейді. Жақсы сын туганын біз жоғарыда айттық.

Екінші, әрине, бізде сапасыз шығарма да, сапасыз аударма да бар екені рас; көркем шығармалардың сапасы төмендеуіне, әлбетте, әдебиет сынны жауапты екені де рас. Осыған байланысты Есмагамбет: «Сын неге әлсіз, неге жалтаң? — деген сұрақ қояды да, — мұның себептері толып жатыр, — деп жалғастырады ойын, — бір кезде әдебиеттің жауынгер, оралымды сындарына белсене қатысқан Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов, тағы басқа аға жазушылардың өздері енді бүгінгі әдебиеттің ортақ, күнбе-күнгі мәселелері туралы батыл, ашық пікір айтудан қалып барады. Жеке шығармалар, жеке ақындар туралы беделді, байсалды сын пікірлерін сирек айтады».

Сөз жоқ, бізде сапасыз шығармалар бар.

Бұған сынның жауапты екені де шындық. Бірақ сынның әлсіз, жалтаң болуына, соған байланысты сапасыз шығармалар тууына себеп – Әуезовтің не Мұсірепов пен Мұқановтың үндемеуі деу орынды бола қоймас. Мұның себебі тереңіректе, КПСС ХХ съезі ашып берген жеке адамға та-быну тұсында тұған кемшіліктерде жа-тыр. Мұны талдап айтсақ, бұл – ұзақ сүре; қысқа айтсақ, сыңаржақ сын, асыра бояу, «тартыссыздық теориясы» дейтін келеңсіздіктер дәл сол кезде тұған. Бұл сияқты лениндік эстетикаға керегар келетін жайтардан қазір арылып келеміз. Есмағамбет айтып отырған «жалтаң сын», «қалтаң сын», «домалақ сын» дегендер де бірте-бірте келмеске кетуге тиіс. Бірақ бұл бірден, оп-оңай орны тола қоятын олқылық емес. Бұл міннен арылу үшін ұзағырақ еңбектенуіміз керек. Сол «домалақ сын» деп айдар таққан нәрсенің салдарынан «Шығарма мен сын» деген мақаланың авторы да құралақан болмаса керек, өйткені сапасыз шығармалардың атын атап, түсін түстемей домалатып кетудің өзі жалтандық шығар...

Әрине, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов өздерінің жазушылық тәжірибесін ортаға салып, жастарды шеберлікке үйретсе,

ете жақсы болады, басты кемшіліктері бар шығармаларға сын айтса да зиян емес. Бірақ оларды бір кезде сын мәселелерін басқарысып едіндер, тағы да араласындар деп міндеттеу орынды болмас. Өйткені, сын профессионалдық өнер, роман, повесть, драма жазып, әдебиетіміздің төбесін көкке жеткізіп отырған адамдарға енді сынға кіріс деудің керегі шамалы және жаңа сынды, орынды сынды, дәлелді сынды, партиялық принципті сынды көп жазушы көтермейді, тек қана үлкендер айтса — соны тыңдайды деу қисынсыз. Добролюбовтың сыннын Тургенев пен Гончаров, Островский мен Достоевский тыңдаған жоқ па? Сол кезде «Күткен күн қашан келеді», «Обломовшылдық деген не», «Тас тұнек әлемдегі шұғыла» дейтін әлемге әйгілі мақалаларды жазғанда Добролюбов шалбарының тізесі жыртық-жыртық студент емес пе еді? Болмаса, Қазақстан жазушыларының пленумында «Сын мәселелері» деп баяндама жасағанда жиырма алты жастағы Қаратаевты қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаған үлкен Сәкен мен атақты сыншы Ғаббас тыңдаған жоқ па? Онда жас сыншы ірі әдебиетшілерге орынды сын айтқаны мәлім нәрсе. Сондықтан сынды неге жоғары сатыға көтермейсің деп, алдымен Қаратаевқа, сонан кейін білімді Қирабаев,

Құттыбаев сияқты жас сыншыларға айту керек. Болашақ жастардікі!

Үшінші: «Мұндай сын бірыңғай мақтау немесе бірыңғай даттау түрінде емес, өзара пікір таласы ретінде кең өріс алғып отырады, — деп жазады Ысмайылов. — Мәселен, Қазақстанда пролетариат жазушыларының Одағын құру туралы мәселе талқыға түскенде Фаббас Тоғжанов бұған қарсы шықты... Рас, бір кезде Тоғжановтар жазған әдеби сындардан қазіргі әдеби сындардыңғылыми талдау, терең мазмұндылық жағынан ілгері де, мәдениетті екендігі де даусыз, бірақ сынды өткірлең, қазіргі әдебиет өміріне жақындаға түсудің үстіне, қазақ совет әдебиетінің бұрынғы жақсы сыншылық дәстүрінен үлгі ал деген талаптарды да қойғызымыз келеді». Бұл жерде Есмағамбет «Пікір таласы сынды өсіреді» — деген тезисті қолдайды. Фаббас «пролетариат жазушысы әлі шыққан жоқ, соңдықтан оның үйымын ашудың да керегі жоқ» десе, Сәкен Сейфуллин «солшыл топты» жетектеген Фаббасты жеңіп шықты. Міне, сынның пайдасы дегендей қылады. Сынның өсуіне қайшы пікірдің болуы міндетті емес. Әлеуметтік ғылымдардың даму тарихында мұндай заң кездеспейді.

Фаббас коммунист, адал ниетті жан,

әдебиет сынының өсуіне белсене кірісп, еңбек еткен қайраткер. Оның мұраларының бізге пайдалы жақтары бар. Бірақ мұны саралап алуымыз керек, өйткені Фаббас ізденгіш, қисын құғыш адам болғанмен, әдебиеттану ғылымында марксистік сатыға әбден көтеріліп жетпеген сыншы. Бұл оның кінәсі де болмас, ол өмір сүрген кезеңнің жағдайы, оның өзінің өсу сатысында кездескен қыыншылық шығар. Фаббастың «пролетариат жазушысы бізде әлі шыққан жоқ» деп айтқаны рас. Мұны Есмағамбет дұрыс айтады. Ал, осы пікір Фаббастың пайда-сына емес, зиянына айтылған пікір ғой. Шын өмір жолы, шын партиялық көзқарас Сәкендікі. Оған қарсы шыққан Фаббас Торжановтың айтысы қазіргі бізге үлгі бола алмайды. Ал, Есмағамбет айтып отырған Фаббастың «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабының негізгі төркінінде қателігі бар-ды. Ол көркемдік пайымдамаға келгенде сана мен ішкі сезімді біріне-бірін қайшы қойған кісі. Фаббас «ақылмен, оймен жазған шығарма көркем емес, жаңың сүйіп жазған, ішкі сезімің билеп жаздырған шығарма көркем» деген қорытындыға келген, әдебиет шығармаларына осы тұрғыдан баға берген сыншы. Бұл қисынның қателігі Фаббасты зиянды тәжірибелерге соқтырды.

Тоғжановтың теориялық қателерін Қаратаев 1937 жылы жазған мақалаларында қатты сынаған болатын. Фаббастың сын дәстүрін үлгі етеміз дегенде оның еңбектерінің басты кемшіліктерін айтпау – қате, өрі зиянды.

Төртінші, Үсмайылов мақаласында бұрын әдеби сын күшті еді, өткір еді, әдебиеттің өсуіне ол көп көмек тигізіш еді, деген пікір ойға орала береді. Дұрыс, сынның бұрын өткір жағы болған да шығар. Бірақ мұнымен қатар, қазіргі әдеби сын мен әдебиеттануғының дәрежесі ол кездегіден биік екенін ұмытпау керек. Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы сын басталу дәуірінде болатын. Маркстік-лениндік әдебиеттануғы мен эстетиканың басты проблемалары ол кезде әбден сараланып жетпегенді. Әдеби сын секілді біздің идеологияның басты саласы қырық жыл бойы өсіп-өркендей, нағыз кемеліне келген тұсы – осы шақ екені даусыз. Әдеби сын мен ғылыми-зерттеу еңбектерінің бастысы «Қазақ әдебиетінің очерктері» десек, осы кітап және Қаратаевтың, Қирабаевтың, Үсмайыловтың, тағы басқаларының еңбектері кеше ғана Москвадағы онкүндікте талқыға түсіп, тиісті бағаларын алыш қайтты. Ал отыз алтыншы жылғы онкүндікте Москваның сынны-

на салатын мұндай еңбектеріміз жоқ еді, тұған жоқ еді. Соңдықтан кейінге қомсына қарап, зарлай беру де орынсыз.

Бесінші, өткен кезде сын мықты еді деген тұжырымын дәлелдегені ме, әлде тарихи шолу жасағаны ма, Ысмайлов мақаласында елуден астам адамның атын атап, осылар әдебиет сынның жасап еді дейді. Бірақ бұлардың көбі профессионал сыншы емес. Партия, совет қызметкерлері немесе мәдениет саласында аз-кем қызмет істеген адамдар қызмет бабымен жүріп, бірлі-екілі мақала жазған болса немесе бірер жиылышта сөз сөйлеген болса, олардың бәрі әдебиет сыншысы бола бермейді. Әдебиеттің дамуына үзбей атсалысқан, әдеби-көркем сын саласында көрнекті еңбек берген адамдарғана сыншы атағына ие болады.

Есмағамбет Ысмайловтың үлкен мақаласының V бөліміндегі ақындар мен жазушылардың жеке-жеке шығармаларына берген сындарында да дәлелсіз айтылған жерлері көп, бірақ пікірталасының молая беруіне тілекtes болғандықтан, бұл туралы әзірше үндемеуді жөн көрдік.

* * *

«Қазақ әдебиеті» газетінің сынды күшейту жөнінде жариялаған басмақалалары әдебиет жүртшылығын қазіргі міндеттердің төңірегіне топтастыруға, ойландыруға, жазуға көп көмек етті. Газеттің көтермелеуі мен бірқатар мақалалар жазылып, жақсы-жақсы пікірлер айтыла бастады. Онкүндік алдында, оның үстінде де, соңынан да біраз желпіністер пайда болды. Қазіргі газеттің екпіні де, беталысы да жаман емес. Егер де көп болып көмектесіп жіберсек, съезд қарсаңында әдеби өткір және салуалы сындар жазылуы даусыз. Бірақ «сын нашар, сын өлсіз» деп зарлай бергеннен де пайда шамалы. Айқайламай, аптықпай, салмақпен, ақылмен үйымдастыра бергенге еш нәрсе жетпейді; асылы: «бояушы, бояушы дегенге сақалын бояйды» дегендей, сынаймыз, беті-жузіне қарамай айтамыз деп, керекті әдептілік, мәдениетті байсалдылық қалыптан шығып кету де жарамас. Газеттің 28 ноябрь күнгі нөмірінде «Партия ұйымы партия сынның ұйтқысы болсын» деген басмақала басылды. Оnda газет сын жөніндегі принципшіл жақсы ұрандармен бірге, жазушыларды Жазушылар одағының басшы қызметкерлерінен бастап түк

істемей отыр деп, көзінен тізіп, бәрін сыйнап өтті. Қызу үстінде Әбділда көппен бірге өзінің атын да қосып қойды. Бірақ осы қылық онша келісті емес сияқты. Әдебиет газетін бүкіл республика жүртшылығы оқиды. Жалпы оқушыға «Жазушылар үйымы жалқаулары көп жер екен» деген ұфым тууы да ғажап емес. Және осы айдың ішіндегі «Ілгері қарайық» деген басмақалада «Отыз жыл бойы қолына қалам ұстап жүріп, орысша хат танып үлгермегендерді білеміз. Біз соңғы он жыл ішінде екі роман оқымаған ақындарды да білеміз» деген ауыр сөздер бар. Орыс тіліне буыны қатып кеткендіктен иліге алмай жүргендер болуы мүмкін, бірақ он жыл ішінде екі роман оқымаған бойкүйездер болса, бұл масқара! Жүртшылық бізге «сауатсыз адам кітап жазып не ондырады» деп кінә тағуы мүмкін. Тап осы ауыр сез шындыққа жанаспас, жанасса да тым шеңберден шығып айтылған сез болар. Және осы сияқты жүртшылық алдында шамадан тыс ауыр сездер айтумен бірге, өткен жылғы «Жұлдыз» журналының 12 нөмірінде басылған Файнэтден Мұсабаевтың поэзия тілі жөніндегі мақаласын газетке қайталап басу — бұл жайтты ушықтырып жіберген тәрізді. Өйткені, ниеті қаншама түзу болғанмен, кемшілікті көре білгенмен,

сынауға да шамасы келгенмен, Мұсабаевтың мақаласында теріс жағдайлар бар. Ең бастысы – сынау өдісі дұрыс емес. Алды отыз жыл, арты жиырма жылдан жазған атандағы сегіз ақынның поэзиялық тілін (поэзиялық тіл бүтін шығармамен байланысты) бір мақалада сүзіп өту, ең жеңіл айтқанда, сыңаржақ талдау болады. Өйткені, мақала авторының өзі айтып отыргандай, әрі ақынның жеке басына тән ақындық ерекшелігі бар: Диқанға Тайыр ұқсас емес, Хамитқа Жұмағали ұқсас емес, бұлардың басқа айырмашылығын былай қойғанда, сол айтып отырган ақындық тіл жөніндегі «шұбарлығының» өзі бір-біріне ұқсамайды. Әрқайсысын жеке талдау керек. Бұл – бір.

Сонан соң «Мына жерін – өлең, мына жерін – өлең емес» деп, тоғызыншы және оныншы класс оқушылары сияқты, шәкірттік мін тағу әдебиеттің даму заңдарын, қисынтеорияларын білетін адамның сыны болып шықпайды. Үлкен шығарма туса, ол бөлек кітап болып шықса, оның ауызға аларлық құны болса, ондай шығарманы тұтас алып салмақтау керек. Кемшілігі болса, ол неде? Оған себеп болған нәрселер қандай? Ол жазушының ізденуінен туды ма, әлде ақын емес, жай етікшілігінен бе – осыны айту керек! Кемшілік көрсетіп өту үшін ғана емес,

оны жою үшін айтылады. Сондықтан оның жою жолдарын айту міндет. Бұл – екі.

Мұнан кейін Мұсабаевтың мақаласында дәлелсіздік мол. Бұл жағдай оның сынаған кемшіліктерін жоққа шығарады да, не үшін жазғаны туралы оқушыны, әсіреле, ақындарды түрліше ойға қалдырады. Мысалы, белгілі ақын Жұмағали Саинның «Азamat» атты поэмасын бәріміз де оқыдық. Оны сынау ниетімен емес, ақынның оқушысы есебінде, әдебиетіміздегі жаңалықтарды біліп отыру ниетімен оқыдық. Бұл поэмада, мүмкін, кемшіліктер де бар шығар. Бірақ бұл кемшіліктер «Поэзия жаны – көркем тіл» деген мақаланың авторы айтқандай емес сияқты. Мақала авторы «әсерсіз, жасық тіркестер» деп, жекелеген өлең шумақтарын мысалға келтіреді. Оларды «оңай үйқасқа құрылған, жасық, әсерсіз» деп айыптайды. Көркемсөз заңын білетін адамдарды сыншының бұл үкімі онша илан-дыра қоймайды...

Сәкеннің «Көкшетауын», «Ақсақ киігін» алайық. Осылар басынан аяғына дейін бірыңғай көркемсөз, шебер теңеу, мағыналы бейнемен оқушыны ілгері жетелеп, еріксіз еліктіріп отырды ғой! Мұның сырьы неде? «Әңгіме олардың оқиғасының шыншылдығы мен тілінің көркем мәнерінде» дейді де,

Мұсабаев жолдас «Тайыр поэмасында қазақ тілінің ұғымына сыйымсыз шалағайлықтар көп ұшырайды» деп өкінеді.

«Жауыр таудың жұлығын
Сүйіп Нұра өзені», –

деген тіркеске қарсы шығады. Бұл жерде айта кететін нәрсе – Тайыр шығармасында, яки «Қырда туган құрыш» поэмасында, сондай-ақ өзге де ақындардың Мұсабаев жолдас мысалға алған өлеңдерінде, дау жоқ, сынға салатын кемшіліктер толып жатыр. Оны, әрине, сынау керек! Ал, бірақ, «Жауыр таудың жұлығын Нұра өзені сүйіп жатыр» деген жанды суретті «қазақ тілінің ұғымына сыйымсыз» деп тулаудың керегі жоқ. Сәкеннің «Көкшетауы» мен «Ақсақ киігі» де жақсы, Мұсабаев айтпай кеткен «Советстаны» мен «Альбатросы» да жақсы. Бұл соңғы екі шығарманы ілгеріректе бірқатар жұрт, Мұсабаев айтқандай, қазақ тілінің ұғымына сыйымсыз деп те жүрді. Неге десеніз, бұл жаңа заманның сипатын жаңаша беремін деген жаңа ырғақ, жаңа теңеу, жаңа екпінмен жазылған шығармалар еді. Осы күнгі ірі ақын-жазушыларымыз да тақырыбына лайық, өзгерген өмір сипатына сай, жаңа адам бейнесіне сәйкес жаңа

теңеу, жаңа әсірелеу тауып суреттеп жүр. Мұнан қазақтың тілі ұтылмайды, керісінше, көркемсөз өрісі кеңи береді.

Ал, жүген-құрық тимеген тұмса тауды талқандап, тасын құрылысқа жұмсап жатса, оны «жауыр тау» деп айтуга неге болмайды? Немесе:

«Ақ көйлектің омырауын,
Төсінің тұрткен күмбезі!» —

дегенде қазіргі еңбек майданында шыныққан күшті, денелі, көкіректі қыздардың төсі күмбездене көрінсе, ол неге келіссіз? Әлде баяғыдан бері келе жатқан үйреншікті теңеуді қолданып, «қос алмадай» деп сыдырта беру дұрыс па?! Жоқ, бұл жаңалықты кемшілік деп қарауға болмас. Ойлану керек! Сын, сөз жоқ, мінді тауып сынасын, бірақ сонымен бірге бүгінгі жаңа поэзияның өсу жолындағы табысы мен іздену қыыншылығын да ескере отырғаны жөн. Осы сияқты сынау әдісі сыңар езу, дәлелі жеткіліксіз, әдеби квалификациясы тәмен мақаланы журналдан көшіріп баса салу — жақсы газетіміз «Қазақ әдебиетіне» онна абырой бере қояр ма еken. Келешекте көп болып ақылдасып отырып өркендететін байсалды сыннымыз, жазушының шеберлігін

ұстартуға жәрдем беретін ғылыми дәлелді
сынымыз мүмкіндігінше мінсіз болуға тиіс.

1959 ж.

ӘДІЛ СЫН АҚИҚАТТЫ
СҮЙЕДІ

«Қазақ әдебиетінің» осы жылғы 19 апраельде шыққан санында «Қара қылды қақ жарған әділ сын керек» деген көлемді басмақала басылды. Қазіргі әдебиет сыйна керекті көп жайларды дұрыс айта бастаған мұндай мақалалар негізінде керек-ақ. Әсіресе, бір кемерден бір кемерге соғып, әділдіктен ауытқып жүргендерге сабак есебінде бұл сөзсіз ізгі ниет. Сонымен бірге осы сияқты бүтін газет атынан берілген мақала өзі мінсіз, өзі басынан аяғына шейін дәлеңді болуы шарт. Егер де «қара қылды қақ жааралық әділ болайық» деп отырған мақаланың өзі кей жерінде бүйректен сирақ шығарып, бұра тартып отырса не болмақ? Онда мұның бағасы өте арзан сөзге айналары шексіз.

Мақаланың бас өзегі – «Доктор Дарханов». Осы романның бір пікірге ораларлық тұрақты баға ала алмауының төңірегінде. Бұл шығарманың әртүрлі пікірге ие болғаны рас нәрсе. Ал, осының құйрығына алыш келіп әлдеқашан өз бағасын алған шығармаларды газеттің тіркестіре салуын қалай түсінуге болады? Оқып қараңыз: «Ақ Жайық» романы, «Құрманғазы» поэмасы жөнінде де әртүрлі сындар болды. Бірақ ешқайсысында да жүрт тегіс ұйып қалған терең де ойлы сын, турашыл баға айтылған жоқ, – дейді

«Қазақ әдебиеті» басмақаласында. Бұл қорытынды баяғы: бір заманда өліп, бір заманда тіріліп, айналасындағы әлемнің бәрі жат болып қалған жеті ғайыптың ертегісі сияқты. «...оілы сын, турапшыл баға айтылған жоқ» деген жауапкерліктен жүрдай қорытындының қаншалық құны барын мына төмендегілер айтсын – біз «Ақ Жайық» романына қазы болған көрнекті қайраткерлер мен беделді сыншыларға сөз береміз. Ол беделді сыншымыздың ең басшысы Қазақстан Компартиясының тілі «Қазақстан коммунисті» журналы.

Роман баспадан шығысымен-ақ «Қазақстан коммунисті» марқұм Ахмет Хафизовтың «Қазақстандағы азамат соғысы туралы роман» деген үлкен мақаласын жариялад, түңгыш пікір айтты. Онда:

«Жазушы Хамза Есенжановтың «Жұлдыз» журналында басылған «Ақ Жайық» романының бірінші кітабын оқушы жүртшылық жақсы қабылдап отыр. Эңгіме романның артымды жазылып, қызыға оқылуындаған емес. Автор совет адамдарын толғантарлық ең бір ізгі, келелі тақырыпты таңдап алған. «Ақ Жайық» романы еңбекшілердің Совет әкіметін орнату жолындағы қаһармандық күресін, Батыс Қазақстанның кең-байтақ даласында болған

азамат соғысының қын-қыстау күндерін еске түсіреді. Қарапайым жандардың тамаша ерлік қимылын, Коммунистік партияның ісіне шексіз берілгендігін суреттейді... «Ақ Жайық» романының бірінші кітабындағы жарқын тұлғалар коммунизмнің жас құрылышшыларын социалистік Отанымызға шексіз берілгендік рухында тәрбиелеуте көмектесетіні даусыз» деп жазды (1958 жылғы 8-нөмер).

Сондай-ақ, жұртшылық пікірін жетек-теп отыратын басшы газеттеріміз «Извес-тия» мен «Қазақстан правдасы» сол 1958 жылы:

«Ақ Жайық» романы соңғы кездегі қазақ әдебиетінің тамаша шығармасы» деген бағаны қолдады (Х. Сүйіншәлиевтің мақаласы).

Ал, «Социалистік Қазақстан» газеті Б. Тоғысбаевтың «Ақ Жайық» деген, Ә. Әшімовтың «Тарихи шындық» деген мақалаларында өте жоғары баға беріп жазғандарын және кейінрек Х. Әдібаев-тің: «Ақ Жайық» романының екінші кітабы – қызығып оқитын, көп жерде көркемдік ләzzатына бөлеп, әсерлендіре алатын шығарма» деген пікірін оқушы жұртшылығына паш етті. Осымен қатар орыс оқушыларының ойын 1959 жылы

«Советский Казахстан» журналында Бело-речный былай деп қорытып еді:

«Оқушысын бірден үйіріп әкетіп, оның ардақтауына тез бөлөнетін, халықтың көркем әдебиет қазынасына аса құнды үлес қосатын кітаптар болады. Бұлардың жақсы баға алуына бас себеп: халқының асқар өмірмен айқара құшақтасуында, халық туралы және бір ғана халық үшін жазылуында. Қазақ жазушысы Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романы, сөз жоқ, осы сияқты кітаптар тобына жатады. Бұл қазақ халқының теңсіздігі мен жоқшылығын, оның ояна бастағанын, Қазақстандағы тұңғыш большевиктердің мәңгібақи қалатын ардақты істерін, 1918 жылы Орал қаласында болған ақ казактардың опасыз бүліншілігін, Ресейдің шығыс бетінде совет өкіметінің қалай орнағанын суреттейді».

Бұлардан өзге, қазақ әдебиетінің онқұндығы үстінде Москва әдебиетшілері де «Ақ Жайық» жөнінде жылы-жылы сөздер айтты. Белгілі қарт әдебиетші Сыгин:

«Ақ Жайық» әдебиет жұртшылығы тегіс қолдайтын елеулі шығарма, өмір танытқыштық мәні зор мұндай романды біз қатты құптаймыз», – деді.

Ал белгілі орыс жазушысы марқұм Дмитрий Нагишкин: «Аудармасындағы кейбір

кемшіліктегіне, азын-шоғын ұсақ мініне қарамастан «Ақ Жайық» романын сәтті шыққан шығарма дейміз, әсіресе, оның екінші бөлімі орасан көркем» — деп еді.

Аудармашы А. Садовский де осы пікірді қолдаған-ды.

Егер де бұған облыстық газеттердің толып жатқан мақала-рецензияларының ішінен республикаға енбекі сіңген ұстаз F. Зариповтың (Зарипов әрі сыншы, әрі жазушы, ұстаз.) «Ақ Жайық» әдебиетімізге қосылған үлкен үлес» деген мақаласын қоссақ, «Қазақ әдебиетінің» «жұрт тегіс ұйып қалған пікір болмады» дегенінің сәуегейлік екендігі анық көрінсе керек.

Тіпті осыларды көрмеген, білмеген күнде де сол өзіміздің жақсы көретін «Қазақ әдебиетінің» өзі көп мақала басты. Және бүгінгі айтқанындағы емес, бір салаға құятын, жалпы бағаға келгенде бір түйінге тірелетін «көрнекті», «елеулі», «құнды», «көркем», «жалды роман» деген «бал» қойып жазды. Мұның бәрін айтпай-ақ осыған Ә. Дербісалин мен Қ. Құттыбаевтың сындары айғақ. Филология ғылымдарының кандидаттары атағын алғып, көптен бері ғылыми еңбектер жазып келе жатқан бұл әдебиетшілердің біріншісі: «Жанрлық ерекшелігі жағынан Хамза Есенжановтың

«Ақ Жайық» романының аяқталған кітаптарын да тұған әдебиетіміздегі эпикалық шығармалар тобына қосылған елеулі үлес деп бағалауымыз керек» – деді де, екіншісі:

«Түйіндей келгенде жазушы романында өмір материалын өз көлемінде шынайы бейнелеп бере алған... Оқушының бұл кітапты қызыға қабылдауы хақ», – деді.

Осы айтылған сын мақалалардың, ғылыми талдаулар мен жиналыстарда ауызша айтылып жүрген мол пікірлердің қорытындысы есебінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Х съезге берген есепті баяндамасында:

«F. Мұстафинның «Дауылдан кейіні», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндері» және Батыс Қазақстан еңбекшілерінің Совет әкіметін орнату жолындағы күресін хикаялайтын X. Есенжановтың «Ақ Жайық» романы соңғы жылдардағы мәні зор күрделі шығармалар болып саналады» деген болатын. Осыларды еске алмастан «Қазақ әдебиетінің» бүгін: «Жұрт тегіс үйип қалған терең де ойлы сын, турашыл баға айттылған жоқ» деуі, жүқалап айтқанда принципсіз сәуегейлік.

Әлбетте, «Ақ Жайық» кітаптары мінсіз шығарма, кемшіліктен судай таза деуден аулақпыз. Бұл шығарма әлі аяқталған жоқ.

Романның екі кітабындағы түйдектелген оқиғалардың қалай бітері және сан адамның қылы-қылы тағдыры немен тынары өлі айтылған жоқ. Бұл үшінші соңғы кітаптың үлесінде тұр. Бірақ бұл романның бітуіне қарамастан болжал пікір, достық кеңес, сынау-мінеу дегендер айтылып келеді. Сонда да жұрттың тегісінен қолдайтыны Коммунист партиясының берген бағасы. Бұл екі жармай, көркемдік пен мазмұндылыққа берілген баға деп түсінеміз. Осы беделді бағаны ешкімнің де аяқасты етуге қақысы жоқ. Ал бүйректен сирақ шығарудың орнына «Қазақ әдебиеті» иғі істермен айналысса, қара қылды қақ жармаса да жару ниетіне кіріскенін дәлелдер еді.

«Простор» журналы өткен жылғы 6 нөмірінде Михаил Шолоховтың әдеби хатшысы Петр Гавриленконың «Вешенская станциясында бір ай болғанда» деген очеркін жариялады. Онда осы күнгі совет әдебиетінің ең көрнекті романисінің «Ақ Жайыққа» берген бағасы бар. Михаил Шолохов журналист хатшысынан:

— «Ақ Жайық» сенің өлкең туралы жазылған, оқыдың ба? — деп сұрайды. Гавриленко:

- Устірттеу қарап шығып едім, — дейді.
- Қайтадан оқып шық, жақсылап оқып

шық! – депті жазушы.

«Мен кейінірек:

– Ешбір бұлталақсыз, әрі көркем, әрі айқын тілмен жазылған, ғажап жерлері мол кітап екен, – деп едім, Михаил Александрович басын изеп, осы бағаны қостады», – деп жазды Гавриленко.

Біздің әдебиетімізге әлемге аты белгілі қайраткерлер баға бере бастады. Осу жолымыздағы осындай иғі нәрсеге көңілді көбірек бөліп отырса оқушының газеттен тілейтіні де осы той. Ал, баға ала алмаған шығармалардың тағдырын жеңілдету үшін әлденеге бүйірі тартып тұрушулық газеттің бас редакторына да, оның орынбасарына да әбден лайықсыз. Бұл редакторлардың құнын түсіргені өз алдына, ең ауыры: «Газетімізге не болған?» деген ой салады. Мүмкін газет редакторлары «Ақ Жайыққа» әртүрлі сындар болды» дегендег Есмағамбет Ысмайловты пір тұтқан шығар. Ол көп томшыл сөзуарларға: «Таланттың қарай қаламыңды серме! Жүйрікке еремін деп жолда шаң қауып қалып қойма! – деп тағы да айтқышыз келеді», – деген. Мұнда Есмағамбет «көп томды шығарма жазатын кісі сендей болмайды, сен, тіпті, жазушы емессің» дегендег қылады. Бұл сияқты сөуегейлік әр заманда да айтылып келеді: Фаддей Булгарин: «Шынын айтсақ Пушкин

жазушы емес. Оның бастырып жүргендері чернильдерге ғана керекті шатпақтар» деп мәлімдеген еді. Ал, біздің «сөуегей» сыншымыз осы Фаддейге ұқсастығын ширек ғасыр бойы дәлелдеп-ақ келеді.

Алайда, ондайлар өлеумет пікірін өзгерте алмақ емес. Өрлеген көркемдік ой керітартпа шерменделерге тізгін беріш көрген жоқ.

Кітапты жазғанмен біз оның меншікті қожасы емеспіз. Кітаптың меншікті қожасы оқушы жүртшылығы – халық. Біз де сол көп оқушының бірі есебінде және әдебиеттегі белгілі дәстүр бойынша, көре көзге бұра тартқан «Ақ Жайық» туралы баға алған жоқ» деген жалған пікірге қарсы өз репликамызды айтуды мақұл көрдік. Оқушыларымыз мұны әділ үғады деп сенеміз.

1963 ж.

ӘДЕБИЕТ СИЛАТЫ –
ХАЛЫҚ СИЛАТЫ

Әдебиетіміздің бүгінгі дер шағында көркем ой-өрісінің жан-жағын өңгіме етуге міндеттіміз. Соңдықтан да проза жөнінен бірер сөз айтуды жөн көрдік.

Алдын ала ескерте кететін нәрсе: бұл үлкен прозамыздың үлкендігін дәлелдеу емес, болмаса оның етек-жеңі кең өн бойындағы сұлулығы мен мінін, көнілге қонымды-қонымсыз шығармалардың жай-жапсарын ашып, сын айту да емес, тек байқап жүрген өзекті-өзекті бағыт пен бет-алыстар, тақырыптар мен кейбір міндеттер жайлы өз ойымызды ортаға салу.

Алдымен біздің прозамыздың өсуіндегі даңғыл жол сияқты негізгі бағыт қай сала? Қайнар бұлақ сынды көркем ойға нәр беретін, оған әл-қуат құятын, сөз шеберлеріне тасқындаған жомарт шабыт сыйлайтын бастау қандай? Ол бастауды қалай тауып, қайдан алып жатырмыз? Бұл өзі, бір жағынан қарағанда, тіпті белгілі де жайлар, алайда кей кезде керек пікірді тәкірарлау артық та емес.

Ал, ежелден айқын бағытымыз – халықтық бағыт. Бұл бағыттың өзі халықтың жаңа өмір жасау күресі туғызған, сол күрестің бір жағы жаршысы, бір жағы рухани дем берушісі есебінде дүниеге келген көркем сөз ғой. Көркем шығармаға, соның ішінде прозаға өзек болған да, жазушыға

шабыт берген де сол, өйткені халықпен бірге, халықтың көркемдік санасын өрлете беруден артық жазушыға мақсат жоқ еді.

Осы түрғыдан, тап осы ақиқат шындық түрғысынан көз салсақ, қазақтың көркем прозасы, соның ішінде романы тек қана ұлы революция туғызыған төл перзенті.

Сондықтан да тарихи революциялық тақырып әдебиетіміздің ең басты саласы болып келгені даусыз. Алдымен жаңа поэзия, жаңа драма туса, соларға ілесе ұзақ әңгіме, өмір көрінісін мол қамтитын күрес жалыны бүркүраған «Тар жол, тайғақ кешу», «Бекболат», «Ботакөз», «Тулаған толқында» сияқты көркем шығармалар көрінді.

Әңгіме бұл жерде қай жанрдың қалай туғаны, қашан туғаны жайлы емес. Сол әңгімeden, повестен бастап бірте-бірте ірілене түскен прозада түп ата болған революция тақырыбы қазір қандай дәрежеде? Әлде болмаса үлкен прозаның басқа тараулары молайып, өмірдің өзі сияқты өзгеріп, дамып, ілгерілеп, мақсат-мұраты басқа салаларға ауған сайын шабандап, әрілеп, көштен қалыш қойды ма?

Біздің байқауымызша, байқауғана емес, қолға ұстағандай айқын нәрсе, революциялық тақырып барған сайын терендей түсті. Ілгеріректе бейнеленген си-

паттар күн өткен сайын ірілене, жаңа белгे шығып төңірекке шүйіліңкірей қараған адамдарға айқынырақ көрінетін сурет — көріністердей, жазушы көзіне дәлірек ілініп келеді және сол үлкен ата тақырып үзілмей, ескірмей, қайта ерекше шабытқа сәтті түрде жетектеп жүргенін көреміз. Бұл: «Революция тақырыбы көнерді», «бұл жөніндегі жаңа жазылған романдар бірін-бірі қайталап жүр», сонсоң «ең абзалы тап осы күнгі өмір бейнесін көрсету» дейтін сырт қарауға шындығы да аз емес, бірақ ойланыңқырап айтылмаған пікірлерге жолжөнекей жауап беріп те жүр.

Алдымен революциялық-тариҳи тақырыпқа жазылған, жазылып жүрген үлкен романдардың бір сатыдан бір саты іріленіп, екшеліп келе жатқанына дәлелдер бар ма? Әлде шынында да біріне бірі үқсас көркемдік мазмұнында айырма жоқ шығармалар өріс алыш кетті ме? Екінші сөзбен айтқанда, өмір келбетін көрсететін, адам тағдырын даралайтын ірі-ірі оқиғалардың сыр-сипатын аша алатын, әдебиеттік өсу жолындағы табысы дерлік не бар деген сұрауға қазір үшінші бөлімі аяқталған «Қан мен тер» романын көлденең тартсақ, керекті жауапты табар едік.

Халық өмірінің қандай кезеңін алсақ

та, әлеумет тұрмысының қай шоғырын бақыласақ та тартыс қазаны бірдей қайнап келмегенін байқаймыз. Қазақ кедейлерінің шашыранды қалпын былай қойғанда, бұрын кесіп мұддесі бар, тіршілік салты бір қалыптас топтардың арасында да сана-лы күрес жолы оп-оңай қолға түскен нәрсе емес.

Көбінесе мал шаруашылығымен күн көріп, көше қонып, кең жайлап келген қазақ елінің күрделі кесіпке бет алысының өзі де күрт кеткен емес-ті. Мұны біз бұрын ауыр және жеңіл өндіріс кесіпорындары жоқ, алайда көзге түсерлік балық кесібі дами бастаған Каспий, Аral теңіздерінің өмірінен байқаймыз. Мұндағы біртіндең құралған жұмысшы топтарының өзі де ірі кен орындары болмаса фабрик жұмысшыларынан әлдеқайда басқа еді. Мұндағы еңбек иесінің қаналу түрінде де айырмашылық бар-ды. Аса жабайы, түрлі қарым-қатынастың зардабы біртіндең ашындырған, ұлттық теңсіздік қорлығы таптық саналы күреске азапты жолмен ұласқан өмір сипаты айқын-ды. Осы тарихи жағдайды «Қан мен тер» дәл көрсетеді. Оның бас геройы Еламанның ісі де, құлқы да, күреске бейімделуі де осы шындықты елестетеді. Өйткені, роман желісі өмірдің

жадағай жатқан жалпақ көрінісіне құрылған, оны жинап, жиынтықтамай-ақ, үлгілі күрес тәртібіне зорлап салуға шұғылданбай-ақ барды бар қалпында көрсету арқылы жазылған. Әсіресе, тұрмыстық қалыптың қою түрі көз алдыңа айнымай келеді. Бейімбет Майлиниң тұрмыс-салт түрін шебер көрсетуге бейімділігі сияқты, мұнда да романтикалық көтеріңкі сипаттау аз, жеке тұрмыс суретінен біртіндеп жоғары өрлей беру, қоғамдық ірі тартысқа жай басып жалпақ алып нық көтерілу – романның жақсы қасиеті. Бұл совет әдебиетінің революциялық, тарихи романдарының бірінен-бірінің айырмашылығын, бірінен-бірінің көркемдік құны өзгешелігінің, бір тақырып шеңберінде түрлі стиль, түрлі ұлттық қасиет болатынының айғағы. «Темір тасқын», «Тас-талқан», «Чапаев», болмаса «Ботакөз» сияқты шығармаларда беттескен тартыстың айқын көріністері, жұлқынған геройлардың іс-әрекеті бірінші планда тұрса, мұнда қазақ өмірінің ызалы қорлыққа толы ұзақ заманының сары қайғысы ошақ басынан басталып, көнбістілікпен көтеріле береді.

Егер де әдебиеттің, оның ішінде көркем прозаның түп қазығы халық үшін, жаңа өмір үшін жасалған ұлы күресте, сол

қүрестің қаһармандарын үлгі етуде жатса, оның ұлғаю, кеңею жолын көрсететін тақырып салалары қандай еді? Бұл алдымен халықтың өз өмірін сұлулауға жаппай кірісу сипатымен байланысты еді. Дала мен қаланың, ауыл мен өндірістің адамдық ажарын сомдайтын жаңа геройлардың бейнесін бейнелеумен байланысты еді, көңілге нұр, жүрекке шаттық құятын ерліктің, тапқырлықтың үлгісін паш ететін, болмаса сол игі істе қаны мен жанын бергендердің қаһармандығын мадақтайтын шығармалар болды. Мұнда «Жер қазғандар» ізімен «Қарағанды», «Оянған өлке» туса, кейін «Теміртау» романы жазылса, тап бүгін «Айқас», «Жалын» романдары жарыққа шықты. Бұлардың да бірінен-бірі өзгеше, бір сатыдан бір сатыға биіктегенін көреміз. Әсіресе, «Жалын» романы дүниені қайта жасап жатқан жұмысшының, оның ақылы мен миы есебінде ілгерілеген өндіріс шеберлерінің ғылым мен білімге қол артқан басшы маманның өзгеше бейнесін сипаттайды, профессионалдық романның жаңа түрін жасаумен қатар ілгерілеу күресінің де жаңа түрі молдығын байқатады. Ал «Раушан коммунист» бастаған ауыл коммунистерінің тізбегі әдебиеттің нақышты белдігі сияқты қырық-қырық бес жыл бойы үзбей өріліп келеді.

Бұл иғі дәстүр, халықтық дәстүр Отан соғысынан кейін өзгеше бір ерлік саласын безендіріп жатыр. Егер де тар жол, тайғақ кешу сапарда халқымыздың көzsіз ерлері тарығып іздеген тенденцияның, бостандығын ерлікпен алып шықса, ел басына күн туған кездерде қазақ даласының қаһарман ұлдарының, олардың мекен-жайдағы ер қаруы бес қаруын сомдап беріп жатқан құдіретті күштің суреттерін «Қазақ солдаты», «Артымызда Москва», «Қаһарлы күндер», «Шалғай шепте», «Офицер күнделігі» көз алдыңа айқын келтіргендей.

Бәрін айт та бірін айт дегендей, халықтық жүзді, халықтық көзді, халықтық тұрпатты толық беретін «Абай» эпопеясы жеке бір сала деп айтсақ та болады. Бұл озат шығарма өзінен кейін өнер кеменгерлерін көрсету саласында ірілі-уақты әңгіме, романдарды қоздатып келеді. «Қайран шешем», «Ақын арманы», «Күйші», «Найзағай», «Ақан сері», тағы басқалар осыны көрсетеді.

Осымен бірге бізде арғы тарихи тақырып та жазушы жүрегін көбірек тебіренте бастаған сияқты. Бұған Әлімжановтың, Есенберлиннің, Кекілбаевтың, Санбаевтың роман, повестері дәлел. Сонымен бірге бұл тарихи тақырыптар әрі мен беріні қоса қамтуы өте орынды. Мысалы,

Ә. Әлімжановтың сан ғасыр бойы жер астында қалған Отырар қаласы, Отырар мәдениеті, Отырар кеменгерлерін тірілтүмен қатар кешегі Махамбет семсерін әңгімелеуі, сол сияқты өткен ғасырдағы елдікті жойған отаршылдық әлегін бейнелеу, Отан зарын түйеге де зарлату, болмаса көркем сез бен көркем үннің күші зұлымдықтан анағұрлым күшті екенін көрсету жоғарыда аталған жазушылардың илгі табыстары екенін байқатады. Бұл роман, повестер оқушы назарын мықтап аударатын шығармалар. Мұның көкейге қонастын басты қасиеті бүгінгі ерікті еңбектердің жігерін илгі сезімге, Отан сүю сезіміне бөлейді. Бұл асыл қасиеті. Екінші жағынан, өткенінде із қалмаған, мәдениет белгісін қалдыра білмеген халық жоқ, соны таба білу, көрсете білу көркемсөз шеберлерінің басты міндеті.

Біздің қазіргі еңбексүйгіш, әділсіздік торынан құтылған халқымыздың өмір түрмисы да, мәдениеті де көзге түскендей дәрежеде, айнала өсіп келе жатқан адамдaryмыз өмірге әрі кең, әрі терең қарайды. Ол өзінің кім екенін тану дәрежесінде. Өйткені ол білімді, білімді тарататын барлық құралдың иесі, ел-елге, жер-жерге көзін салатын саналы еңбеккер. Ол осы күнгі өзі құрып жатқан жаңа қоғамын басқаға

ұлгі етуге де даяр. Қазақ еңбеккерлерінің, өсіресе, білімді жас мамандардың ой-өрісі осындай.

Олар қазіргі осы күнгі өркендеғен мәдениетінің тарихын да жақсы білгісі келеді. Өйткені ол бүгінгі күшті мәдениетінің тарихсыз емес екенін, оның сан ғасырлар бойы аяқасты болып қалғанын, тарихтың қасіретті зілзаласы оқтын-оқтын сары да-ланы астын үстіне шығарып кеткенін әбден сезеді. Алайда сол әрегіректен келе жатқан ой жемісінің, көркемдік жемісінің қай жерде, қалай жоғалып кеткенін көз алдына айқын әкеle алмайды. Бұған тарихи әдебиет пен көркем әдебиет көмектесуі керек. Осы жөнінде кішкене бастама, кішкене болса да көзге айқын түскен, көңілге қонған көркем шығарма Әнуар Әлімжановтың «Отырар базарлығы». «Отырар базарлығының» мұндай бірден көзге түссе қалғаны, өзіміз түгіл өзге елді тамсандырып Неру сыйлығына ие болуы – жұртқа айтар оймақтай ойдың үстінен түскені. Жас автордың сол айтарын сұлу сөзбен шебер жеткізгені. Бұл аса қуанышты жай. Анау Түркістан төрінде жатқан «Келін тәбе», «Қарауыл тәбе», «Майтәбе», «Қорған тәбелер» бір заманда-да гүлденген бағы бар, жемісті жері бар, көзі ашық елі бар, кітабы бар, мектебі бар

Қорғанды қалалардың тарихы көркем сөз айнасына түсер алды деп ойлаймыз. Демек, біздің осы күнгі өмірімізге өзгеше нақыш беретін, өткенімізге салауат айтумен бірге шаттануымызға жол аштын, жаңа өмірдің жаңа мәдениетін жасауда өзгеше жігер құятын бастама деп қараймыз. Ендеше, біздің өткен кезге осы күнгі түрғыдан үңіле түсіуміз пайдадан өзгені бермейтін иғі іс екені айқын. Бұл осы күнгі өмір тақырыбын тар шенбердеғана түсінуге болмайтынын әбден байқатады.

Оның үстіне айта кететін бір сәтті жағдай көркем прозаның өзі де іштей түлей түскенін көреміз. Әңгіме деген повестің, повесть дейтініміз романның жұлып алған бір тарауы сияқты дейтін дәл айтылған байымдауымыз бар. Бұл классикалық қағида. Осы классикалық қағиданы мызғытпай қабылдалап, прозаның ішкі түрлерін ілгерілетіп келеміз. Ал, келе-келе прозаның қазіргі заман туғызған бір түрі тағы да төрден орын ала бастады. Ол әрі үшқыр, әрі көзге шапшаң түсетін жүрдек хикая – көркем публицистикаға жақын, бірақ сюжетті, өткір тілмен жазылған атқа жеңіл құбаша түр. Мұнда негізгі мақсат сомдап бейне жасап жату емес, өмірдің қос қыртысын көтере тереңнен толғау да емес, әдемі

ойды, керекті оқиғаны көпке тез жетерлік екпінді түрде сыдыртып сипаттау бірінші планда тұрады. Бұл XX ғасырдың техникалы, көп мағыналы, жиі табысты жүрдек қимылына лайық туған түр. Мұны батыс елдерінің жазушылары жаппай қолданып келеді. Бізде көркем әңгіменің осы жаңа саласын біздің Әнүар толық праволы түріне айналдырыды («Егінші ертегісі»). Прозаның іштей түлеп, тоны мен шапанына қосымша сыртқа кигіш сұлу халаты да әдебиет шкафына ілінді дейміз.

Монументтік сипат және шеберлік жөнінде екі ауыз сөз.

Біз одақтас, бауырлас республикалардың біртұтас әдебиетінің советтік сапында иін тіресе өсіп келеміз. Бірде үйреніп, бірде үйретіп көркем ой жарысында ұдайы ілгерілеу үстіндеміз. Алдыңғы сапта тұрган орыс әдебиетінің жетекшілік бағыты бізге үлгі болумен келеді. Бұл – жаңа әдебиет атасы Максим Горькийдің игі үлгісінің ізі.

Осы үлгіде ерекше көзге түсетін үлкен бағыт – көркем шығарманың өмір келбетін, тұтас бір кезеңнің, тарихи бір елеулі шақты сомдап суреттеу бағыты. Әсіресе, прозада бұл айқын көзге түскен құбылыс. Горькийді қоспағанда Алексей Толстойдың «Азап кешуі», Михаил Шолоховтың «Тынық

Доны», К. Фединнің қос кітаптары осы монументтік сипатқа құрылған әдебиеттегі көк сүзген небоскребтер. Бұл тарихи дәстүрді ілгері жетектеген құбылыс-ты. Ондаған романдарымен Вальтер Скотт орта ғасырдың Гомері атанса, Гюго мен Бальзак бір ғасырдың мінезі мен құлқын, өмірі мен күресін сомдап кетті рой. Ал, жалғыз ғана «Софыс және бейбітшілігімен» Лев Толстой орыстың көркем тарихын бір өзі бейнеледі. Осы иғі дәстүр совет заманының, көп ұлтты ерікті елдердің көркемсөз мұраларын жасауға жөн сілтегені хақ.

Осы күнгі орыс жазушылары Георгий Марков, Вадим Кожевников, Сергей Сартаковтың, белорусь Иван Мележдің, україндық Михайл Стельмах пен Олеся Гончардың, эстон Ааду Хинттің, түрікпен Қыдыр Дераевтың, татар Абсалимовтың, әзірбайжан Сулейман Рагимовтың көп томды романдары жоғарғы айтқан бағыттың өмірге ендеп кіргенін дәлелдейді.

Қазақ әдебиетіндегі мойны озық «Абай» мен революция жемісін сәтті бейнелейтін романдар да осы совет әдебиетінің қоян-қолтық өсу жолын көрсететін, бағыт-бағдарымыздың біртұтас екенін дәлелдейтін құбылыстар екені айқын-ақ. Бұл бағыт жалғыз көркем сөздегі бағыт емес. Бүкіл

көркемөнер салаларында өз мектебін ашып келе жатқан өсу жолы. Әсіресе, мұсіндеу өнеріндегі Ленинград, Волгоград, Ульянов қалаларындағы ғажайып шорыр мемориалдар, кино өнеріндегі көп сериялы көркем шығармалар да осы монументтік сипат жасау, өмір бейнесін ерекше ірі, ерекше терең және шалқар пішінде көрсетудің жаңа бағыты. Бұл – дәстүрге айнала бастаған өршіл бағыт.

Көркемөнер өмір айнасы, халық тұрмысының сипаты дейтін мәнісіміз осында. Бұл Лениннің: «Өнер – халықтық!» деген өлмес сөзінің растығы. Өйткені жасалып жатқан жаңа қоғам ілгері барған сайын нығая, толыға, көркейе түсті, соған қарай оның халықтық сипаты тереңдей түсті. Соңдықтан оның көркемөнер мен көркем сөз шығармаларында монументтік сипат бой көрсетпеуі мүмкін емес еді.

Осы бағыттың өзі де біздің әдебиеттің аса жемісті, аса абырайлы жолда екеніне айғақ. Сөз етіп отырған проза, әсіресе, роман жанрының өміршең жанр екенін дәлелдейді.

Алайда осы өміршең жанр – романның сыйныштары да аз емес. Олардың бірқатары тіпті «роман өлді, өлмесе де жантәсілім етудің аз-ақ алдында» десе, кейбіреулер:

«Совет жазушыларының жазушылық еркі ноқталы» деп айып тағады. Соңғы «айып» М. Горький заманынан бері келе жатқан «айып», «әдебиеттің партиялылығы — жетекші күш», — деген социалистік шындыққа қарсы қойылған «айып» еді. Бұл «қисынды» өмір әлдеқашан мансұқ еткен.

Соңғы жылдарда романның, әсіресе, көп томды романдардың оқушысы азайды. Оның мәнісі: бір күн оқитын романның айтарын бір сағатта көз алдынан өткізетін кино мен телевизор бар. Соңдықтан «роман жанрының болашағы бұлдыр» дейтін сарыуайымшылдау пікірлер де айтылып жүр. Біздіңше бұл соңғы пікір де ағат айтылған, мәдениет тарихын жете біле бермегендіктен. Әсіресе, ғылым мен техниканың өрлеу жолы әдебиет шенберін тарылта алмайтынын түсінбегендік. Бұл жөнінде мынаны естен шығармаған жөн. Кинематография әлдеқашан пайда болған өнер. Ол алдымен Америкада өріс алды. Тіпті Джек Лондонның заманында-ақ Америка киношылары барлық ірі романдар мен повестерді, драмалық ірі шығармалар мен ірі-ірі поэмаларды экранға түсіріп үлгірген болатын. Бірақ содан кейін роман жазылмай қалған жоқ, қайта романның мән-мағынасы арта түсті. Бұған тіпті радиосы

мен киносы ерте ер жеткен Американың өмірі мен мәдени қайраткерлері айғақ. Теодор Драйзердің түйедей-түйедей романдары, Эптон Синклердің атақты «Мұнайы», «Қара ормандары», Эрнест Хемингуэй мен Джон Стейнбектің белгілі ірі шығармалары дәлел бола алады. Соған қарағанда радио мен кино романның құнын төмендетпеген, қайта сол техниканың күшеюіне, етек алып кең жайылуына көмектесіп отырғанын көрсетеді.

Өз елімізді алсақ, проза жанры жыл сайын молайып іріленіп, мүсінделіп, көптің қолына жетіп, сүйсініп оқитын сана құралына айналып барады. Мұны біз кітап таралымының, журнал таралымының молаюынан бір байқасақ, жер-жерде оқушылармен кездесіп, әдебиет жайын әңгіме ететін мәжілістерден байқаймыз, соңдықтан оқушылардың сөзінен, сұрағынан жақсы аңғарамыз. Оның үстіне жергілікті газеттерде басылған мақалалардан, оқушы пікірлерінен білеміз. Тіпті кейбір романдар жөнінде тікелей хат жазатын колективтер, жеке оқушылардың хаттарынан көріп отырмыз.

Осы күнгі тақырып пен шеберлік жөнінде. Осы күнгі өмірдің бейнесін, қазіргі еңбек иелерінің ерлік сипатын әдебиет

айнасына түсіріп жүргендердің көбі жас жазушылар. Бұл табиғи жағдай. Өйткені, өздерінің біте қайнап бірге өскен өмірін, өмір күресін бұлар жақсы біледі және өмір құбылысын жіті көреді. Осы шындықты бейнелейтін сәтті шығармалар да көріне бастады. Мысалы, көз алдымызды былай қойғанда, тіпті, ауылдан шыққан, өзі осы күні сол ауылында (Талдықорған облысы) қызмет істеп жүрген жас талант Бексұлтан Нұржекеев «Кінәлі махаббат» деген повесть және «Не үшін?» деген шағын әңгімесін жариялады. Бұл шығармалар ауызға аларлық әдемі шығармалар, ал авторынан үлкен үміт күттіретін көркем хикаялар. Сол сияқты Қабдеш Жұмаділовтың «Көкейтесті» романы мен Оразбек Сөрсенбаевтың «Сағым» атты әңгімесі де жұртшылық назарын аударатын нәрселер. Бұлардан басқа әдебиетте көрініп қалған бір топ романистер бар. Олар: Жайсаңбек Молдағалиев, Мағзом Сұндетов, Рамазан Тоқтаров және бұлардан оқшауырақ тұрган «Жапандың жалғызы үйдің» авторы Сәкен Жұнісов. Бұлар аса талапты жас романистер. Үлкен прозадағы жан-тәнімен қайрат етер ізбасарлар. Алайда үлкен жанрға – роман жанрына бірден қол артқандықтан бұлар шеберлік жағын

(тақырып таңдау, өрісті ойға жармасу, харakterді мүсіндеу, тіл кестесін нақыштау, тағы-тағылар) әбден игеріп кете қоймаған талант иелері. Бұлардың алдында үлкен жол тұр. Ол жол – үйрену, іздену, жетілу жолы.

Соңғы жылдары отыздан астам роман, сексенге тарта повестер жарық көрді. Сан жағынан бұл өте көп шығарма. Бұлардың бірқатары үздік көзге түспесе де оқушы кәдесіне асқан, өз тілін тапқан кітаптар. Алайда, басым көпшілігі әдебиеттің жылдан оқылатын, оқушы жұртшылығының аузынан тастанмай жүретін, сөйтіп көркемсөз қорына іркілмей қосыларлық шығармалар емес.

Жаман жазушы жоқ. Бірақ әлсіз шығарма көп. Мұның себебі неде? – деген сұрауға:

– Әдебиеттің көркемдігін шырылдан қоритын, жастар қаламының ұшталған түсініне жан-тәнімен жәрдем беретін қамқорлық нашар. Ол нашарлық: Жазушылар одағының қадағалап отыратын бөлімдері де, ақыл-кеңес айтып жөн сілтейтін басшылары да иғі істің ішкі сырына үцілмей, тек сыртының жылтырай беруіне әуестеніп келгендей, – дер едік.

«...Осы орайда бізде мазмұны жағынан тайыз, формасы жөнінен сүреңсіз

шығармалар әлі де аз жазылмайтынын айта кету жөн сияқты. Кейде, тіпті, шығарма жақсы мазмұнды тақырыпқа арналады, бірақ суреткер өзінің міндетіне тым жеңіл қарағандай, еңбекіне өз таланттының күшін сарқа жұмсамағандай әсер қалады. Біздің бәріміз өнер қызметкерлері өздеріне және өздерінің әріптес жолдастарына неғұрлым жоғары талап қоятын болады деп күтүге праволымыз деп ойлаймын» — деген Леонид Ильич Брежневтің XXIV съезде айтқан әділ сөзі тұра бізге арналған сияқты.

Тіл жөнінде де, шеберлік жайлы да әңгіме жиі-жіе қозғалып жүр. Әдебиет теориясына жетік адамдар сын мәселесіне көп көңіл бөліп, еңбек етіп жүрген әдебиетшілеріміз де, тіпті жазушыларымыз да оқта-текте шеберліктің жай-жапсарын жан-жақты талдалап қояды. Бұл, әрине, өте жақсы нәрсе. Өйткені, әдебиеттің өзі тіл үстарту ғой. Тілдің жатықтығы, өткірлігі, сөзді керек қырынан қоя білушілік, сөз жоқ, көркем шығарманың көркемдік қасиеттерінің бірі, оның құндылығын арттыратын жанды жақтары. Бұған қол қоймауға болмайды. Алайда тіл арқылы жасалатын көркем шығарманың төркін-түкпірі неде? Дәл сөзді, сұлу сөзді, аруақты сөзді еріксіз суыратын

құдірет неде?

Тақырып айқын, желісі де бар, тілі де тәтті шығармалар болады. Бірақ ойға қалдыратын, жә қынжылатын, жә езу тарттыратын қуат жоқ, босаң нәрсе екені өзінен-өзі байқалып қалады. Кейде шығарманың сұлулығын көп нәрсеге теңеуге болады. Әрі жаңа, әрі сәнді киім кисе де киім қонбайтын бір денелер бар. Ал, шамалы киіммен де сұлу мүсінін көрсетіш тұратын пішіндер тағы көп. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі денеде шығар... Ішкі күште шығар...

Шыны: көркемдіктің тұпкі төрінде ең керекті бір нәрсе бар екені хақ.

Абайдың: «Алыстан сермен, жүректі тербеп, шымырлап бойға жайылған» дегендегі «жүректі тербейтін» қай күш? Мына бір үзіндіге назар аударыңыз.

«...Әнді көмеймен де, терең ішкі сараймен де салуға болады. Көмейден салған ән әріден шыққаннан гөрі, жинақы болса да жан тербете бермейді. Осы ақиқат қой. Ал ішкі сарайдан, жүректен жарып шыққан ән өн бойды билеп жүре береді. Өз басым кеуденің төрінен керіп шыққан жай дыбыстың өзінен де үн толқынын ұстап қалам, замат көзіме еріксіз жас та толып

кетеді.

Әдебиетте де тал осындай – өңкей ақылдың билеуімен де, жүректің толғауымен де жазуға болады. Басқа билік берген шақта қағазға сөз өрі еркін, өрі келісті кестесімен құйылады; ал, жүректің қалауымен жазсаң: басыңа ойдан ой, естегі бейнеден бейне қыбырлап өрбіп, шұбырып, қаптап, сөйлемің дәлдік тауып үлгемей шорқақ, кедір-бұдыр қалпында тоғытылып кетеді.

Мен құр ақылға ерік берместен ұдайы тосқауыл қойып отырып, тек қана жүректің шымырлап шыққан сырын төгуге тырысам. Мұным, бәлкім қателік шығар, бірақ мұным ақиқат...»

Бұл Лев Толстойдың мұнан 115 жыл бұрын айтқан сыры. Көркемдіктің кредосы жайлы сыр.

Атақты Джек Лондон жазу үшін түйірдей болса да өз философияң болуы керек, оның жоқ болса, жазудың да керегі жоқ деген пікірді айтады.

Толстойдың: «Жүректің шымырлап шыққан сырын төгуге тырысамын» дегенін, Абай да абайлық данышпандығымен алға тартып кетті. «Жүректі тербететін сөз патшасы» ғана көркем екенін айтты. Мұның бәрі Лондон айтқан түйірдей философияға

тіреледі. Яки басқаға айтатын оймақтай ойың болмаса көркем шығарма жоқ. Бұл жүрегінді жарып, әріден шығатын ой, басқаның көңіліне де қонатын, басқаның жүрегін де шымырлататын асыл дән, асыл түйін.

Ал, асыл түйіннің бәрі өмірде адамның адамшыл қасиетін дәріптеумен байланысты. Бұл дәлелденген шындық.

Мұхтар Омарханұлы бір сөзінде: «Абай қазақ халқының жарық әлемді көрер көзісінды» – деген еді. Бұл алысты болжар көз өмір бойы сол халқын жарыққа сүйреу, жарықты көрсетуге жұмсалды. Бүтін «Абай» эпопеясының оймақтай ойы осы дүниені көретін көзді сипаттау мақсаты емес пе еken? Осы шығар. Бірақ бұл оймақтай ғана ой емес, өте көлемді, өте терең, өте көкейтесті, көптен аңсаған, көпке керекті ой еді. Осыны Мұхаң көркем ой құралы көркемсөз құдіретімен айтып берді.

Осы сияқты жүректен шымырлап шығатын сырды, халыққа айтатын оймақтай ойды таба білсе, соны сөз құралымен айта білетін талантты жастар болса, көз майын сарқып ала таңды көзімен атыратын, дегеніне жетпей қоймайтын қаламгер болса заманына сай, жұртына керекті көркем кітап берері де даусыз. Ал, сондай жастар

да, сондай шығармалар да, тіпті, кітаптар да бізде көріне бастады.

Біздің қазақ халқы ауыз әдебиеті мен ән-күй өнеріне бай халық. Жазушыларымыз сол өткендеңі өнер қайраткерлерін «Абайдан» кейін де сәтті бейнелеп жүр. Эсіресе, бұл жөнінде білімді жазушы, халық өмірін жете білетін қалам иесі Тәкен Әлімқұлов соңғы кездерде елеулі еңбек етіп келеді. Өнер тақырыбы, өнер қайраткерінің өмірі оның әңгіме-повестерінен өзекті-өзекті орын алуға айналды. Бұл өте-мөте қуанышты жай. Оның «Сейтек сарыны», «Тұған ауыл», «Күрең өзен» деген әңгіме жинақтары жоғарыдағы айтқанымызға әбден дәлел бола алады.

Ал, жас жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Күйші» атты повесі осы салада оқшау түрған шығарма. Өйткені бұл ән мен күй құдіретін достық пен адамгершіліктің дәнекері етіп суреттейді. Абыл күйшінің асқар бейнесі шағын әңгіменің өзінде де бізді өзіне үйіріп кеткендей әсер етеді. Бұл прозаның барған сайын халықтық арнасын айқындаі түсумен бірге шеберлік шартының бас белгісі де сол арнаны табумен байланысты екенін одан әрі дәлелдеп тұр.

Жалғыз бұл салада емес, жоғарыда айтқан сала-сала тақырыптың барлығына

тән, өмірдің ойы-қырын қамтитын, көреген көз табатын, түймедей түйінін тап басатын жас жазушылар тобы бар. Бұл бірінші әңгімелер жинағымен, бірінші жеке повестерімен проза арнасына батыл қосылған талант иелері. Бұлардың арасынан ерекше көрініп тұрған Сайын Мұратбеков, Асқар Сүлейменов, жоғарыда аты аталған Әбіш Кекілбаев, Қалихан Ысқақов, Берқайыр Аманшин, Сәтімжан Санбаевтар. Мұратбеков ауылдың осы күнгі өзгерген кейпін, оны нұрландырып тұрған жап-жас маман геройлардың бейнелерін жұмсақ үнді лирикалы түрде сипаттаса, Асқар ойлы, тапқыр әдіспен қазақтың ежелгі ұтымды мінезін бейнелейді; Ал, Әбіш аса терең тарихи халық мұндын көз алдыңа келтіруге шебер. Сол сияқты Қалихан мен Берқайыр және Сәтімжандар халық өмірінен ең керекті дәл басқан түймедей түйірін басқаға айтуға, соны өзінен өзгелерге тыңдата білуге ұста. Бәрі жиылдың өмірдің әрісі мен берісін бүгінгі күннің өршіл адамына рухани лұғат ету сапарында.

Осы айтқаңдарымыз сөз басындағы атаған әдебиеттің халықтық сипатын ашатын сәтті жайлар. Және бұл әдебиетіміздің, оның көрнекті саласы прозамыздың жанжақты өсуімен бірге мағынасы да тереңдей,

сұлуулығы да аса түскендей айғақ жайлар.

Солай! Әдебиетіміздің өмірге ықпалы аса зор, өйткені ол сол өмірді бейнелеу үшін дүниеге келген. Мұны біз Совет Одағындағы бауырлас елдерімізге де, шеттегі жаңа өмір үшін күресіп жатқан араб, үнді, африка, америка халықтарына да паш етумен келеміз.

1971 ж.

ӘМІР СӘҮЛЕТІ
ШАБЫІТПЕҢ БЕЙНЕЛЕҢЕДІ

Ұлы дәуір...

Көркемдіктің бәрі өмірде болатынын, өмірдің ең азбалы адамдықі екенін материалист-философтар әлдеқашан дәлелдегенді. Ал, марксшілдер жүз жыл бойы еңбек адамын сол өмірдің өзі жасаған барлық көркемдігіне ие ету күресін абыраймен басқарып келіп еді.

Бүгін Ленин ұйымдастырыған Коммунист партиясы ең көрікті, ең сәулетті қоғамның суретін көз алдына келтіріп жобасын сыйды да, съезінде ұлы істің Программасын бекітті.

Ұлы дәуірдің ұлы қимылы басталды.

Сансыз қолдар іске жұмылды, өткір ми мен тапқыр ойлар жаңалық ашуға кірісті.

Міндет ірі: болатты өте мол етіп қорытамыз. Электр қуатын есепсіз молайтамыз. Мұнайды көл-кесір етеміз. Тауарды жеткілікті, тағамды тарықпастай қорлы қалыпқа жеткіземіз. Сөйтіп жиырма жылдың ішінде дәулеттілік жағынан дүние жүзіндегі ең бай, ең тәекаппар, ең оппа, түйені түгімен жұтып жатқан аждаға сияқты Америка Құрама Штаттарынан озып кетеміз.

Олардан біз дәулеттілік жағынан озамыз. Мәдениеттілік жағынан өлдеқашан құып жеткенбіз. Ал, адамгершілік жағынан (қанау мен қаналуды жою, ұлт бостандығын ең биік дәрежеге жеткізу, адамның адамшылық қасиетін арттыра беру, тағы басқалар) біз капитализм елдерінен алға кеткенімізге, міне бүгін қырық төрт жыл толды.

Мақсат зор: болашақта жаңа қоғамның ардақты адамы – құрылышты мен көмірші, мұнайшы мен мақташы, машинашы мен малшы, ғалым мен егінші, жазушы мен тігінші, аспазшы мен өнші – ең жақсы пәтер мен демалыс үйінде тегін тұрып, тегін дем алады! Машинамен тегін жүріп, отын-суды тегін пайдаланады. Ол-ол ма: коммунизм құрылышсының табысы осы күнгіден өлдеқайда артық болады да жас үрпақтың тегін оқуы былай тұрсын, қалауынша тегін тамақ ішеді, асыл тәрбие алады. Жас буын ең әдепті, ең көргенді, ең білімді адам болады.

Қарт қамсыз, бала бақытты, ана шаттыққа бөленер шақ келіп жетеді! Мұнан екі жүз жыл бұрын бұл қиял еді, жүз жыл бұрын – ұмтылған мақсат еді, қазір – қол жеткен, көз көрген, сәулетті өмірдің біз аяқ аттаған алтын табалдырығы болды.

Сәулетті дегеніміз қандай үғым?

Әдемі, сұлу, көрікті дейтін сезім
сүйсінуінен туған ұғымдар бар. Оның дәреже
сатысын қосалқыласақ: әп-әдемі, қаса сұлу,
аса көркем деп түйеміз. Ал, осылардың ең
жоғарғы, ең биік, жай сүйсіну ғана емес,
жүрекке шаттық құятын түрі сәулеттілік.

Біздің өмірде не сәулетті?

Халық байлығын арттырып жатқан ша-
бытты еңбек сәулетті!

Рухани байлыққа қол жеткізген теп-
тегіс білімділік сәулетті!

Жер мен көктің құпия құлпын ашқан
адамшыл ғылым сәулетті!

Еңбегінің жемісіне беленген ерікті ел
сәулетті!

Міне, сәулетті өмірдің басты-басты си-
паттары осылар.

* * *

Осы сәулетті өмірдің жарқын келбеті
қазір көркем әдебиетіміздің барлық сала-
сында мол бейнеленіп жатыр.

Мұны біздің әр кезде, әрқашан өмір
құбылысын алдымен сезіп, алдымен
толғайтын поэзиямыз кеңінен суреттеп
кетті. Совет өкіметімен бірге жасасып,
бірге ұрандасқан көрі ақындарымыз бер ең
жас бала ақындарымызға дейін «Құлақтан

кіріп бойды алатын жақсы ән мен тәтті күйді» шерте бастады. Әсіресе, соңғы кезде поэзия үні өмір әнін «көңілге ұқтырып, жүрекке бойды жылыттырып жіберді».

Бұл неліктен?

Өмір көріктілігі поэзияның да көркін арттырып жібергендейтін.

Өмір шаттығына поэзияның өрнектеп толғандағынынан.

Қараңыз, сәулетті өмірдің басын бастап нақыштап берген ұлы зергердің бейнесі бүгінгі коммунистік қоғам құрушы жандардың арасында жүр:

Есік ашты коммунизм заманы

Естілді таңғажайып жаз әні...

Еркін өмір, жарқын заман зергері —

Ленин өзі коммунизм адамы, —

дейді бірінші бесжылдықтарды өлеңмен өрнектеген ата ақындардың бірі Өтебай Тұрманжанов. Ал, ұйғыр халқының талантты жас ақындарының бірі Бахтия:

Өсірдің көңіліме дақ түсірмей,

Ешқашан жас жаңбырын көрмедім мен.

Жарқырай шыққан жазғы жақсы күндей,

Азаптың алып шықтың өргемегінен, —

деумен ауыр азапты зұлмат дүниесінен
сорлы жанды сүйреп алып шығып, жаңа
адам жасап жатқан партияның айбынды
пішінін көз алдыңа алып келмей ме? Болма-
са біздің бүгінгі шалқыған дәулеттің көрікті
кейпін Мария Хакімжанова бір шумақ қана
сырлы жырға сыйғызыған жоқ па?

Ақ сауытты ақ бидай,
Аймағыңа түр сыймай.
Ақ бидайға ақ нұрдай
Қарай бердім мен қимай!

Бір сөзбен, бір жолмен, бір шумақпен
үлкен көрініс, үлкен сурет, зор келбет жа-
сайтын поэзия тілі сәулетті өмірдің сан
қырлы бейнесін осылай әшекейлеп жа-
тыр. Мұндай әрі әдемі, әрі өмір бейнесін
бұлжытпай көз алдыңа әкелетін, өмір лебін
беретін өлеңдерді біздің ақындарымыздың
көптеген шығармаларынаң кездестіре
береміз. Ал, ең жас ақын Олжас Сүлейменов
адам баласының бірінші рет космосқа
жол ашқан берен батыры Гагаринге, адам
ерлігіне, адам құдіретіне арнап асқақ гимн
жазды.

* * *

Жаңа Программа көркем әдебиетке:
«...Халықтың өмірімен байланысты нығайту»
керек деді.

Бұл Маркс пен Лениннің коммунистік идеология жөніндегі өлмес теориясының ең айқын, ең көрнекті жалғасы. Неге десеңіз: халықтың рухани өсуіне себепкер болмаған көркемөнер де, өмір тілегіне қызмет етпеген ғылым да, техника да мағынасыз. Дәлдеңкіреп айтсақ: еңбекші халықтың тілегіне, ой-арманына – бақытына сай келген нәрсе ғана мәңгі нәрсе. Халықтың қамын көздеген іс қана – даңқты іс. Бұл тарихи шындық, өмір ашып берген, ғылыми дәлелденген ақиқат еді.

Көркем ойдың тууы, өрлеуі, көркемөнердің даму жолы еңбек адамының өмірімен жымдастып жатқаны мәлім. Тіпті көркемдік сезімнің пайда бола бастағанынан бері 20-30 мың жыл өтсе де, ол бастан-ақ еңбек адамына бағышты, еңбек иесінің рұхын демеумен оның сезім жүйесін ұштай шыққан жоқ па? Тастан балта, пышақ жасау дәрежесіне жеткен көне заманда да адам құралдарының өткірленуімен бірге әдеміленуіне де бірте-бірте бет бүрғаны мәлім. Жұмыс ырғағы дыбыс ырғағына ай-

налып, біріне-бірі медеу болғаны да белгілі. Осы сияқты бастаң еңбекпен, еңбек иесіне байланысты көркемдік сезім ұзақ тарихтың ұзына бойына бір арнаға қарай жылжумен келді. Сондықтан да Коммунистік партияның жаңа Программасында көркем әдебиет пен өнер халық өмірімен біте қайнасуына, сол өмірді жазушы мен суретші, композитор мен мүсінші, кино мен театр шеберлері дәл бейнелеуге, тарихи шындық тұрғысынан суреттеуге өзгеше мән берілген.

Поэзиядан өзге көркем әдебиеттің басқа ірі салалары: проза мен драма да осы күнгі өмірдің ірі құбылыстарын бейнелеу үстінде. Көптеген очерктер мен ұсақ әңгімелерде ауыр өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығындағы шамшырақтардың үздік қимылдары суреттеліп келеді, олардың еңбектегі үлгілі істері өзгелерге өнеге ретінде пашиліп жатыр. Ал, жаңа дәуірдегі коммунистік еңбек ісін өмір салтына айналдырган ерекше адад, алғыр жандардың образын жасау қолға алынды. Бұл жөнінде адамның ең басты қасиеті болған жетіле беруді, тынбай өрлеуді көксейтін жанның бейнесі Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұнцында» (шагын әңгіме), өнер тапқыштық жолындағы, өндіріс мұддесін ең жоғары сатыға көтеру күресін бастаушылардың

ірі бейнелері Әлжаппар Әбішевтің «Армандастарында» (пьеса), Зейін Шашкиннің «Теміртауында» (роман) сипатталып отыр. Бұл шығармалар терең ойдың, үлкен істің үстіндегі осы күнгі адамдар образының бастамасындаидай. Бұлар молая береді.

* * *

Сұлулық бар жерде ажарсыздық та, көркемдік бар жерде сүреңсіздік те, сәуле бар жерде күнгірттік те болатыны сияқты, өмірдің сәулеттілігіне дақ салып отыратын жексүрындық жағы да бар. Бұл коммунистік қоғам орнатуда жол бөгеп отыратын кеселдіктер. Мұны Программада:

«...Қоғамның алға басуына бөгет атаулыны әшкерелеп отыру» әдебиеттің басты бағыты деді.

Бұл бөгет болатын жексүрындық неде?

Бұл: Сәкен айтқан өмір отарбасының соңындағы —

...Қалсын ұлып,
Дымы құрып —
Ескі жалған арттан қалмай жабысқан!

Бұл: сол жекеменшік дүниесінен қалып, шұбатылып жүрген қарабастың қамшылдығы!

Бұл: соның егізінің сыңары – жатыпшер арамтамақтылық!

Бұл: сол жоғарғы екеуінің шашбаушысы – мансапқорлық! Мансапқорлықтың туған інілері: қөзбояушылық, екіжүзділік, алдаң-арбаушылық. Бәрінің жиналып келіп құятын жері – пасықтық.

Көркем әдебиет пен көркемөнер өмірдің сәулегті жағын дәріптеумен бірге, шыншылдық әдісіне сүйене отырып, пасықтықтың алуан түрлеріне де үкім шығарумен келеді. Бұған біздің өткен өмірдегі әдебиет шығармалары айғақ.

Халық мұддесінен қыл елі аумаған алғыр поэзияның атасы Сәкен Сейфуллин 1933-34 жылдары «Қызыл ат» поэмасын жазды. «Қызыл ат» аллегория тәсілімен жазылған, бірақ социалистік реализм әдісімен аса батыл жасалған өмір образы еді. Үлкен көз бояушылықтың салдарынан жүдеп қалған шаруашылықтың бейнесі еді, бірақ халық күшіне сенген жігерлі, қуатты ер поэзиялық шығарма еді. Мына біздің қазіргі заманымызда да сол сұмырайлық бейнесі мықтап жерленуі тиіс.

312 «Ескі жалғанның» арттан қалмай жабысқан бар кесапатын жою ісінде көркем әдебиет партияның шын көмекшісі болып келеді. Алдағы күнде де адаптациялі болып келеді.

лады. Ол үшін өмір құбылысына көрегендік керек, өмір тілегімен шығарманы айқара қабыстыру қажет.

Ал, сәулеттілікті сөзбен көріктеуде бізге үлгі көп: күні кешегі өмір мен осы заман сипатын әрі терең, әрі кеңінен алып нық суреттеген, шығармасын кезіндегі рухани сұлулықтың мәңгі ескерткіші еткен көркем сөз шеберлері Мұхтар Әуезов, Михаил Шолохов бар. Солардың жасаған көркем образдарына тең келерлік, асып та түсерлік өмір геройлары арамызда иін тіресіп жүр. Бұлар сәулетті өмірдің қаһарман ерлері, солардың жарқын жүзді сәулетті мүсіндері. Осыны шабытпен бейнелеу – асыл борыш.

1961 ж.

ӨСКЕҢ ЖАҢР

Биыл Москвада өткізілгелі отырған әдебиетіміз бен көркемөнер онқұндың тамаша бір сәтті шаққа кездесті – Коммунистік партиямыздың жер жүзілік маңызы зор XX съезінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын және мәдениетімізді өркендетуге арналған қаулыларының іс жүзінде орындалған кезіне ұласты.

Өмірдің қай саласын алсаңыз да табыстарымыз күн санап, жыл санап молайып келеді. Сонау ебелек ұшпас елсізде Қасым-Жомарттың қазынасында Сарыбай кені туса, Нұраның бойында Қазақстанның алғы магниткасы еңсесін көтеріп келеді. Бүгін Жетісудың алқабы төрт түлікке лық толы, Сыр мен Талас бойы мақта мен күрішке, Жем мен Сағыз – мұнайға бекті, ал Арқаның айналасы алты айшылық самиян сары даласы құт қонып, ақ бидайдан миллиард жаудырып жатыр. Ойда оқу, қырда ән мен күй... Ең бастысы: еңбексүйгіш халық молшылыққа, бақытты тұрмысқа бөленді, мәдениетті өмірге еркіндей енді.

Осындағы өсу жолында біздің әдебиетіміз де биікке өрлең келеді. Жемісті еңбек пен жаңа өмір шаттығы шабыт берген со- вет жазушылары коммунизм құрылышын көркемсөзімен қаласуда. Бұдан қырық жыл бұрын ғана Октябрь туғызған жас әдебиет қазір Совет Одағына ғана мәлім емес; одан

да кеңірек, өрісін шетелдерге де жайып кетті. Әсіреле, біздің көркем проза саласы көзге түсетін аса көрнекті жанрға айналды. Соңғы жылдарда жазылып, орыс тіліне де аударылып ұлгірген Мұхтар Әуезовтің Абай жайындағы романдарының соңғы кітабы, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» мен Фабит Мұсіреповтің «Оянған өлке» романы әдебиетіміздің марқайғандығына айғақ болатын өрі ірі, өрі аса көркем шығармалар. Тақырыбы, суреттеу көркемділігі, мазмұн тереңдігі, сипаттау күші жағынан социалистік реализм әдісі туғызған озық бұл үш шығарма өткен ғасырдың кейінгі жартысын тұтасымен және революция алдындағы қазақ елінің әлеуметтік түрмис жайын, көксеген арманын көз алдыңа әкеледі. Озық идеялы прогресшіл және революцияшыл орыс демократтарымен қол ұстасқан данышпан Абайдың ісімен, өнерімен, көпке үлгісімен, жаңалық үгітімен, жалынды жастарға берген ұстаздық ақылымен, ақындық сөзімен қараңғы дағаға нұр құйған үлкен тұлғаны көркемсөзбен жасаған зор монумент. Ескерткіш алдында бөрік алып бас игендей, эстетикалық шаттық сезімді билейтін баға жетпес шығарма. Ал, Арқада жаңа туған көмір өндірісінің көркем тарихы, ондағы Россия пролетариатының сол кездегі ауыр

халі, қазақ кедейлерінен шыққан тұңғыш жұмысшылардың өсуі, үйренуі, сана-сезімін байыту күресі, қанаушы тап пен қаналушы тап уәкілдерінің бірден-бірге үдегей түскен айқасы сан образдар арқылы «Оянған өлкеде» көрсетіледі. Бұл тіл өрнегінің ұлгісі боларлық сұлу шығарма болашақ революция күшінің мықты ұйтқысын, оның болатша қорытылып жатқан қайыспас күшін елестетеді. Бұлардан кейінгі кездің сипатын өмірдің нағыз өзінен ойып алып, аңы шындықты кескіндейтін нағыз өмір сыры — «Өмір мектебінде». Мұнда атақты «Сұлушаш» пен «Адасқандар», «Ботакөз» бер «Сырдария» романдарының әйгілі авторы жердің, судың, елдің, әдет пен ғұрыптың, өмірдің қылыш-қылыш жықпылдарын, күресін, тартысын бөлек-бөлек сурет күйінде өшпестей етіп нақыштап, бір дәуірдің тұтас картинасын жасайды. Нағыз шын мағынасындағы бұл өмір мектебі білімге, өнерге, жаңа өмірге ұмтылған талапты жеке жас жанның өмір жолы арқылы жалпы өмірдің жиынтық кесегі жасалған десе болғандай. Соңдықтан да тәжірибелі көркемсөз шеберлерінің бұл үш шығармасы өскен әдебиетіміздің, оның ішінде көркем қарасөз саласының бүгінгі үздіксіз өрлеу жолындағы көш басшысы болып есептеледі.

Бұл кітаптардың айналасында қаулаپ келе жатқан қалың шығармалар бар.

Тек қана соңғы үш-төрт жылдың ішінде жазылып шыққан бірнеше очерк, фельетон, әңгіме жинақтарын қоссақ, көркем қара сөз саласында айтарлықтай зор табыс барын көреміз. Сан жағынан да, сапа жағынан да, бұл зор табыс. Бәрі бірдей жұп-жұмыр келмегенмен, бұлардың көбі мәдениетті оқушыларымыздың тілегіне сай келетін шебер жазылған көркем шығармалар. Топтап алып қарағанда алдымен көзге түсетін бәріне ортақ басты қасиеті: бұлар — бүгінгідей жаңа қоғам, жаңа өмір жасау жолындағы совет адамдарының қаһармандық күресін сипаттайтын, қарапайым жандардың ісі мен бейнесін кескіндейтін кітаптар. Еркін еңбек иесі, қажырлы шаруалар мен жұмысшылар, жауынгерлер мен оқушылар, совет қызметкерлері мен ағартушылар, мамандар мен ғалымдар — қысқасын айтқанда, халықтың қақ ортасынан шыққан елеулі жандар — совет жазушылары шығармаларының бас геройлары. Бұл біздің әдебиетіміздің ерекшелігі, оның үздіксіз өсуінің басты шарты, социалистік реализмнің жеңімпаз әдісі туғызған әдебиеттің халықтық сипаты.

Батыс Еуропа елдерінде іштен шіріген ескі капитал әлемін сүйемелдеуші буржуа-

зия жазушылары шығармаларына геройды кісі өлтіруші, банк талауши, әйел зорлаушы, жол торушы қара қылмыстылардың ішінен іріктеп алып, соны мадақтаса, біздің жазушылар жаңа адамды, жаңа өмір иесін мадақтайды. Откен өмір емес, өскен өмірді дәрілтейді, қара ниетті қылмыстыларды емес, жаны да, тәні де таза жандарды үлгі етеді.

Азған капитал әлемінің басты-басты белгісі мәдениет жағынан кері кету болса, үздіксіз өсу социалистік құрылыштың басына тән нәрсе. Шаруашылық пен мәдениет өркендереген сайын оның әдебиеті де биіктен-биікке өрлей береді. Бұған откен өмір тәжірибесінен сан алуан мысалдар бар. Соғыстан лықсыған шаруашылық өз қалпына келтіріле бастаған жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдар арасында, онан кейінгі өндірісті-колхозды күшті мемлекетке айналған отызыншы жылдар мен қырқыншы жылдардағы Совет елінің әдебиеті, әсіресе Ұлы Отан соғысынан соңғы ілгері өрлеуіміз әлемге аян. Ал осының бәрінен де асып түскен кезең – елнің жылдан бергі белес. Бұл белестің туғызған берен табыстары дос түгіл дүшпанға да мәлім. Өнеркәсіп өнімінен батыс елдерін басып озып, қолдан жер серігін жасаған

озат ғылым мен асқан техника иелері өзіне лайық әдебиет туғызатыны күмәнсіз ғой. Соның алды тап осы кез.

Халыққа қызмет ету – біздің жазушыларымыздың жан жүргегінен шыққан тілек. Халық мұддесін жырлаудан, суреттеуден басқа тілек болуға да мүмкін емес, өйткені көркемөнер мен әдебиетке көркемдік нәр беретін бұлақ – социалистік өмір.

Бұл жиырма шақты жаңа ірі шығармалар мыналар: Н. Ановтың «Жыр қанаты», С. Мұқановтың «Тың толқыны», Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында тұғандар», С. Шәймерденовтің «Болашаққа жол», Д. Снегиннің «Верный қаласында», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндері», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», К. Оразалиннің «Біздің колхозда» және F. Мұстафинның жаңаданғана бітірген «Дауылдан кейін» деген романдары мен З. Шашкиннің «Ұядан ұшқанда», З. Қабдолотовтың «Өмір ұшқыны», С. Бақбергеновтың «Дина», Т. Нұртазиннің «Мұрат», Б. Соқпақбевтың «Өзім туралы повесть», Егоровтың «Бас иместен», Н. Кузьминнің «Тік жардың түбінде», И. Щеголихиннің «Терек жапырағын тәгеді», Р. Райымқұловтың «Жасыл жапырақ», Б. Момышұлының «Жауынгер тұл-

гасы», Е. Қанахиннің «Ауыр күндерде» дейтін повестері. Тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да бұл шығармалар Совет өкіметінің орнауынан бастап, осы кезге шейін қырық жыл ішіндегі күрестің суретін береді. Мысалы, «Верный қаласында», «Ұядан үшқанды», «Ақ Жайық», «Дауылдан кейін» Октябрь революциясының орнауын, нығаюын көрсетеді. Алдыңғы үш шығармада қалың бұқараны революцияны қолдау жұмысына жұмылдырған Коммунист партиясының ұлы ұйымдастыру ісі, ақ генералдар мен атамандардың, кулактар мен бай-манаптардың қарулы қарсылығынан революцияны қорғап қалған қаһармандық күресі баяндалса, «Дауылдан кейін» романында Фабиден Мұстафин екінші бір кезеңнің қою суреттерін кескіндейді. Бұл Совет өкіметі орнап, бірақ азамат соғысынан кейін күйзелген шаруашылықты қайтадан қалпына келтіру кезі болатын. Сондағы жаңа экономикалық саясат кезінде алым-салықтан мойны босай түскен, саяси басшылыққа ұмтылып елді билеу тізгінін қолға алған, жарлыжақыбайға тегеурінін батыра бастаған би-болыс, бай-жуандардың әрекетін жазушы үлкен шеберлікпен дәл суреттеп, оны образдар арқылы алға тартады, партия мен

совет өкіметінің еңбекші бұқараның ішінен талапты, ақылды жастар арасынан революция ісіне шын берілген кадрлар даярлау жұмысы дәлелді түрде көрсетіледі. Осы сияқты Ұлы Отан соғысын, жауынгерлердің майдандағы асқан ерлігі, тылдағы совет адамдарының ерлік ісін елестететін шығармалар: «Қаһарлы күндер», «Жауынгер тұлғасы», «Бас иместен», «Ауыр күндерде».

Майдандағы асқан ерлікті, Отанды өзгеше сүюді, қажымас қайратты және тапқыштық, адамгершілік, жеңімпаздық қасиеттерді «Қаһарлы күндер» мен «Жауынгер тұлғасынан», ондағы геройлардан көреміз. Бұл екі шығарманың нағыз құнды жағы бұл ғана емес. Армия қатарына алышып, казарманың табалдырығын аттаған кезден бастап жау қамалын бұзуға ұмтылған шаққа дейін жауынгерлер әскер ісіне жетілу, биік мақсат үшін күресе білу, үйрену мектебін өтеді. Ержан («Қаһарлы күндер») мен Бозжанов («Жауынгер тұлғасы») және басқалары – ұлгі боларлық жауынгерлер. Бұлардың шынығу жолдары – үлкен мектеп. Образдардың тәлім-тәрбиелік күші де осында.

Қазақ халқы музыкаға бай ел. Оның ән-күйінің ұшы-қызыры жоқ дария екенін Шығыс пен Батыс елдері тегіс біледі десе

боларлық. Бұл ұлы мұра біздің жаңа заманымызға келіп ұласты, осы күнгі мазмұнды ән-күйіміздің ұлттық қасиетті түрі өткен кездегі халық жасаған әдемі көркемөнер мен асыл сөз нұсқалары арқылы молайды. Халықтың қақ ортасынан шыққан ақын мен жыршы, күйші мен әнші заманнан заманға іркілмей жетерлік өнегелі шығармасымен бүгінгі күнге үн қосты, шалқып өркендерген мәдениетімізге үлгі аларлық үлес қосты. Сол асқан талантты үздік шыққан атақты әншілер мен күйшілердің өмірі мен игілікті ісін, халқына арнаған жан толқытарлық өнерін сипаттайтын бізде «Жыр қанаты» атты көңілге жылы жақсы роман мен «Дина» сияқты өмір хикаясы да бар.

Тағы бір тәуір шығармалар – балықшылар өмірінен алынған «Толқында туғандар» мен колхоз тұрмысын елестететін «Біздің колхозда» романдары және «Жасыл жапырақ» повесі. Бұл шығармалар – үлкен республиканың жойқын ісі мен ұдайы өрлеуін паш ететін көркем шығармалар. Өмір жолына адымдаған аяқ басып, өнербілім күресіне қажымақ қайратпен кіріскең болашақтың тірегі жас күштер қимылы «Болашаққа жол», «Өмір үшқыны» повестерінде өте көрнекті беріледі. Білімді жас

мамандар даярлау, олардың таланттыларынан өндіріс ісін басқаратын болашақ таңдаулы командирлер шығару – ең ізгі міндет. Бізде бұл істің де көркем картинасы бар. Олар жоғарғы әңгімелерде әрі нанымды, әрі айқын көрсетіледі.

Осы сияқты соңғы жылдарда жазылып, баспадан шыққан көркем қарасөз шығармалары өскен әдебиетіміздің қара санын қалындана түсті. Үлкен әдебиетке тән үлкен шығармалардың молаюымен бірге, өткір шағын формалардың көбейгенін көреміз. Асқар Тоқмағамбетовтың, Б. Қыдырбекұлының, С. Адамбековтың фельветондары өткір мысқыл-сықақ түрлерін жаңдандыра түссе, Н. Фабдуллинің, Ә. Нұршайықовтың, А. Лекеровтың, Р. Райымқұловтың очерктері мен әңгімелері прозаның етек-жеңі мол екендігіне айғақ жағдайлар. Жастардан жаңадан шығып келе жатқан бір топ әңгімешілер және бар.

Осының бәрі көзі табылған бұлақтай, тарихи партия съезінен кейін өрбіген шығармалар, әдебиеттің жаңа жағдайда бұрынғыдан да күшті өсे түскенін, үздіксіз өрлей түскенін дәлелдейтін қуанышты нәрселер. Әрине, көркемдік құндылығы жағынан бұлар бәрі бірдей төрт құбыласы тең шығармалар емес. Және осы күнгі

өмірді көрсетеу ұранына тегісімен сай келе бермейді. Алайда, Советтік Қазақстан өмірінің бар саласын көркем тіл құралымен көз алдына келтіру, кешегісін баяндай отырып, бүгінгіге оны нақыл ету мақсаты үлкен шабытпен орындалып келеді. Әдебиетіміз халық өмірімен тығыз байланыса бастады. Бұл жай енді екі-үш жылдың ішінде бүгінгі еңбек геройларын аңыз ететін үлкен-үлкен романдар, айта қалғандай драмалар, батырлар жырындей жатқа айтатын поэмалар туғызатыны сөзсіз.

1958 ж.

РОМАН ЖӨНІНДЕ
БІРЕР СӨЗ

Көркем әдебиеттің өсуі, есеюі бір халықтың ішкі тілегінен туып, оның өміріне нық байланысты екені ежелден келе жатқан шындық. Осымен бірге көркем ойдың өркендеуі ел-елдің мәдени-рухани дамуымен байланысты. Ескі грек елінің мәңгі өлмейтін әдебиеті батыстың еліктеу мен ұлғайған әдебиетіне үлгі көрсеткені бұған бірде-бір дәлел. Сол сияқты ұлы жазушылар Рабле мен Сервантестің шығармалары ағылшынның, француздың, орыстың әлемге үлгілі романдары мен романшыларына лұғат болғаны да хақ. Сол сияқты бірнеше ғасыр бойы ұдайы шындыққа ұмтылған ең жақсы дәстүрлі адам сүйгіш әдебиеттің үлгісін біз де талдал-тандау, оқу-үйрену арқылы бойға сінірдік. Өзгеге қарамай өсу мүмкін емес. Өзгенің жақсысын іріктең алып, нашарын електің түбінде қалған топандай, ысырып тастау шарт нәрсе.

Қазір біз көркем әдебиеттің атына затын лайық етіп мінсіз шығарма беру күресіндеміз. Әсіресе, көркем шығарманың ең белді түрі романның сұлулана беруі, оны мазмұн терендігі мен барлық мүсіні, тіл нақышы тең түсіп, оқушысының ой-сезімін толқыта аларлық дәрежеге көтеру шеберліктің шарты болып отыр. Біздің бұл жөнінде жетістігіміз мол. Осымен бірге

төңірегімізде не болып жатқанын, не жақсы, не нашар барын аңғару да заңды. Әсіресе, әдебиеттегі «түршілдікке» көбірек бойұра беретін француз жазушыларының «жаңа роман» дейтіні не? Оның түрі мен мазмұн байлығы қандай? Осы жөнінде бірер ауыз сөз айтпауга болмайды.

АДАМНАН БЕЗІНҮ –
ТОРЫҚҚАННЫң
САЛДАРЫ

«...Оң қолы нанды ұстап аузына апарады. Оң қолы нанды ақ дастарқанға қояды да пышақты ұстайды. Сол қолы шанышқыны ұстайды. Шанышқы етке қадалады. Пышақ бір жапырақ ет кеседі. Оң қолы пышақты дастарқанға қояды. Сол қолы шанышқыны оң қолына апарады, бұл онымен бір жапырақ етті шанышады; ет ауызға жақындейды, ауыз бір жоғары, бір төмен қайзалаپ етті шайнай бастайды. Бұл шайнау оның бетін, беті ғана емес, тіпті, шықшыттары мен көздеріне шейін, құлақтарына шейін – бәрін ойнатып жібереді. Бұл кезде оң қолы шанышқыны алып, оны сол қолына қайта ұстатады. Соңан кейін нанды ұстайды. Соңсоң пышақты, соңсоң шанышқыны ұстайды...»

Бұл үзінді осы күнгі француз жазушысы Ален Роб-Грийенің «Қызғаншақтық» деген романынан алынды. Бір қарағанда бұдан әлі қаламға төселіп жетпеген жас қаламгердің шатпақ-шимайындаи, олақ сөз кестесі көзге шалынады. Бірақ, Роб-Гри耶 – қаламды жаңа ұстаған адам емес, әдебиетте өзгеше «мектеп ашамын» деуші, «эстетикалық» ерекше көзқарасы бар «жаңа роман» жасаушылардың бірі. Бұл автордың «Қызғаншақтық» атты романының жарық көргеніне алты жыл өтті. Оның әдебиеттегі

есімі Францияда шу көтерген жаңа ағыммен тығыз байланысты белгілі есім. Осы күнгі роман жөнінде европалық пікір алысу мәжілістеріне Роб-Грийе де қатынасып жүр. Өзімен бірлес, қаламdas жазушы әйел Натали Саррот пен бірге бұл романны осы жылдық август айында өткен Ленинград мәжілісінде де болды. Соңдықтан «жаңа роман» дегеніміз не нәрсе, оны қолдаушы жазушының көзқарасы қандай? Міне, осыны оқушыға паш ету үшін жоғарғы үзіндіні мысалға алдық.

Судың су екені сыңар тамшысынан да көрініп тұрады деседі. Жоғарыдағы кішкене бөлшектен де «Қызығаншақтық» романының қандай әдіс-тәсілімен жазылған шығарма екенін байқауға әбден болады. Алдымен мұнда көзге түсетін өзгешелік: бір адамның тамақ жей бастағанын екінші адам әңгімелейді. Бұл әңгіме ерінің атынан баяндалады, ол әйелінің тамақ жегенін айтады. Бұл бір. Екінші көзге шалынатын нәрсе: әлгі адамның (әйелдің) өзі емес, оның қолыныңғана қимылын байқаймыз. Үшінші, жансыз заттардың (шанышқы, пышақ, ет, дастарқан, нан) тізбегі беріледі. Жалғыз тамақ жеу тәртібі ғана суретtelмейді, әйелдің киім кигені де, отырғаны да тап осы сияқты заттың қозғалысымен, дене және оның жеке мүшесі қолдың қыбырымен көрсетіледі.

...Оң қолы шкафты ашады, ілулі тұрған көйлекті алады, сол қолы шкафты жабады, соңсоң көйлектің етегін ұстайды, жоғары көтереді, басына кигізеді... деген тәртіпті әрекет тізбектеле береді.

Осыны айтып отырған ерінің келбеті пішінделмейді, аты аталып, амалы айқындалмайды, ол өзі романда жоқ сияқты. Ал, қызғаншақтық туғызған әйелдің көңіл қосқан адамы Франк дегеннің де, «А» әрпімен бейнеленген әйелдің де пішіндері берілмейді, өздерінің орнына олардың тек қатар жатқан қолдары суреттеледі, мойындарының орнына жағалары айтылады. Қысқаша айтқанда роман сюжетсіз, тар-тыс оқиғасыз жазылған. «Қызғаншақтық» деп аталса да, мұнда ашынған қызғаныш сезімі жоқ, ол сезімнің соқтырар кесепаты жоқ, өйткені бұл романда ісімен көрінетін адам образы жоқ, тек болғаны кейіпкердің сырт көріністері мен зат тізбегі бар, қыбыр-қимылдың жансыз пішіні бар. Адам образы жоқ болса, онда бұл қандай роман болғаны?

«Әңгіме романның басына төнген екі үлкен қауіптен сақтандыру жайлы. Ол: көрілік склерозы және іріп тоз-тоз болып кету қауіптері» дейді А. Роб-Грийе «Болашақ романның жолы» деген мақаласында. Романның көрілік склерозына душар болуы

оның іріп іштей тоз-тоз болып кету себебі неден? Бұған автор «философиялық» жауап береді. «Дүние, әлем дегеніміз мағыналы да емес, түк мағынасы жоқ абсурд та емес. Әншейін бір бар нәрсе ғана» дейді. Жазушының ойынша осы әншейін бар мен жоқтың мағына мен мағынасыздықтың арасындағы болмашы дүниені «болмашы» түрінде сырламай суреттеу керек еken. Сол үшін «Қызғаншақтық» романындағы адам мен заттың сырт пішінін, өзі емес, сұлбасын, жанды сезім емес, жансыз заттардың тізбегін сипаттау романының басты қасиеттері еken. Онда осы күнге дейінгі романдар роман болмағаны ма? Бұған да жауап дайын: «Геройлар туғызған роман өткен замандікі» деп қорытады Роб-Грийе. Жазушы болмашы дүниені мағыналы етуге, бойда жоқ қасиетті жиып-теріп бір, болмаса бірнеше адамның басына таңуға – мінезді, парасатты, жігерлі терең ой жасауға бейім, бұл өмір шындығына жараспайды деген қорытындыға келеді. Осы пікірді «Күдік заманы» деген еңбегінде Натали Саррот өнін айналдыра «дәлеңдейді». Бұл екі жазушының және басқа бір топ «жаңа романшылардың» дүниеге көзқарасы да, роман жазу тәжіриbesі де елден бөлек. Бұрыннан келе жатқан дәстүрден тыс.

Бұлардың негізгі бағыты: персонажсыз (адамсыз, геройсыз) роман үлгісін жаймақ. Сейтіп романнан персонажды қызып шығу, екінші сезбен айтқаңдай, адамның құлқын, мінезін, ойын, арманын, күресін, мақсатқа жету жолындағы сан алуан тартысын суреттеу арқылы көркем образ жасау – өүрешілік деген «қисын». Бұл – адамнан безіну. Ал, мұның түп-тамыры неде?

«Эйнштейннің болжал теориясы реальды деген нәрсенің бәрін шубәлі етті». «Атом күшін зерттеу материя деген түсінікті жоққа шығарды». «Психологияғыныңдағы жаңа бағыт жеке бас (личность) деген түсінікті түп-тамырымен төңкеріп таstadtы», «Адам миының істейтін жұмысын кибернетика атқаратын болды». «Жиһан дегениңіз құр түсінік, адам ойынан туған қиял жемісі» – деген сияқты фалсалапар бүгінде батыс елдерінде кең етек алып отыр. Көркемендердегі түрлі-түрлі түсініксіз ағымдар сияқты, роман жөніндегі шатасулардың түп қазығы да осындай «қым-қигаш қисындарда» жатыр.

Фылым мен техниканың құлқын өзгертерлік дәрежеде өсіп кеткені айқын. Бұл даму сана мен сезімге, рухани түлеуте де көп әсер етпекші. Бірақ ой табысы үшін адамға шәк келтіруге, табиғат заңын

бұрынғыдан мың есе меңгерген адамның құдіретінен безінуге бола ма?! 90 минутте жерді үшіп бір айналып келерлік дәрежеге жеткен адамның ойы мен қолының табысы безіну емес, шаттық емес пе? Миллион жылдар бойы адам миының жетіле-жетіле кемеліне келген, оның 14 миллиард клеткасының жаппай қимылдаپ, тынымсыз атқаратын сансыз ісін істей аларлық машина шығарған ми жемісін құдірет демей не деуге болар еді? Бұрынғы «құдайдың құдіретімен ғана пайда болатын» адамның өзін ана құрсағынан тыс жерде жарататын ғылым тәжірибесіне бас имеу жөн бе? Болмаса өзен арнасын теріс ағызып, шөл жерді ертектегі иран-бақтай жұмбақ еткен адам қолы сүйіксіз бе? Жоқ. Адам құдіретіне шәк келтіру емес, батыс жазушыларының бірқатарын түңілткен басқаша бір себептер болса керек. Алдымен «адам азғын» деген не сөз? Мұның батыста жаны бар сөз. Мысалға А. Роб-Грийенің елін алсақ... Фасырлар бойы бір ғана пендениң айтқанына көніп, айдауына жүрген француз халқы мұнан жүз жетпіс төрт жыл бұрын бостандық, теңдік, туысқандық туын көтерді – республика құрды. Сонан бері сол әділдік туын билеп-төстеуші тап жыгумен келеді де, еркіндік сүйгіш еңбеккер халық

жығылған туды қанымен жуып қайта көтерүмен келеді. Әріге бармай-ақ беріні алайық. Мұнан тоқсан екі жыл бұрын генерал Пьер бостандық туын көтергені үшін 200 мың коммунарды бір қабірге көмді, еркіндік тізгінін ұстауды көксейсің деп, маршал Петэн елін Гитлердің алдына жығып, миллиондаған жанды газкамераның көмейіне тықтырды, генерал Салан Алжир елін езгізбейсің деп, бірнеше жыл бойы он мындаған жандарды жермен-жексен етті, коммунизм құбыжығынан құтқарамын деген сұлтаумен генерал де Голь республиканы монархияға айналдырып, мемлекет – мен өзім деп отыр. Сөйтіп көптің көксеген тенденци, бостандығы, туысқандығы буржуазия тілегінен әрі аспайтын алдамшы үміт болумен келеді.

«Демократиялық тәртіп» қысылған кезде темір табан, қанды қол, халыққа қайырымсыз топас генералдардың қолына көшіп, мезгіл-мезгіл қан қақсатумен келеді; ел байлығы билеуші топтың уысынан артпай, ырыс қазығы, қазына иесі қалың бұқараға оралмай-ақ келеді. Әрине, бұл хал саналы жандарды толғантпай, қынжылтпай қоймақ емес.

Батыс демократиясының қым-қиғаш қайшы тірлігі философ пен суретшіні, жа-

зушы мен актерді, қоғам қайраткері мен мұғалімді іздену жолына жетектеумен келеді. Кейде бұл іздену өмір шындығының сарытап сүрлеуіне де түсіреді, томага-түйік түкпірге де өкеліп тірейді. Біреулер күрестің абыройсыз оңай баспадағымен «жоғары» өрлейді, біреулер табанды қаһармандық тартыс арқылы халық жоғын жоқтайды. Ал, бұл екеуінен тыс әрі-сәрі жолға түскендер торығуға кездеседі. Бірінші оңай жолмен өрлеген жандардың пішіні жазушы Андре Мальроның өмірінен айқын-ақ көрініп тұр. Бұл белгілі жазушы Испания оқиғасы кезінде интернационалдық бригадалардың авиациясын басқарған командирі еді. Республикалық тәртіпке атсалысып, қалың бұқараның жоғын жоқтаған кезде бұл жазушы тамаша абырой, игі атаққа ие болды. Ол «Ойшыл суретші деген бағаға қолын жеткізген «Жаулаушылар», «Адам тіршілігінің қамы», «Үміт» деген күрделі шығармалар жазды. Ал, сол генерал де Голльдің үгіт-насихат министрі! Оның үгіттеп отырғаны республиканың идеалы емес, республиканы бір адамның қолына тұтас ұстасып, бұқарашибалдық атаулының бәрін аяқасты етуді көксейтін идеал! Егер де қанаушы топ пен оның басшылары оласыз болса, соған қарап халықтан, халықтың өкілі жеке жандардан безуге бола ма?!

Жазушының абыройлы жолы қайсы еді? Бұл жол атақты, даңқты, талапты, қайсар, революцияшыл, өз тенденцимен бірге адамшылдықты көксейтін қалың топтың жолы, яғни Франция жұмысшы табының жолы. Еркіндік сүйгіш жойқын дәстүрдің иесі атанған Франция жұмысшы табы талай-талай ойшыл қайраткерлерді, көркем сөз шеберлерін шығарды. Солардың осы күнгі әлем таныған атақтылары – Луи Арагон мен Андре Стиль. Бұл екі жазушының ірі романдары «Базель қоңырауы», «Коммунистер», «Жанды жалындаған аппа» (Л. Арагон), «Күні ертең сүйеміз» (А. Стиль) XIX ғасырдың шыншыл романдарының адамсүйгіш дәстүрін бойына сіңірген шығармалар; жаңа заманның жаңа жолын айқын көрсететін өмір күресінің көрінісі. Олай болса жаңа роман бар және олар геройсыз емес, ізденгіш, қабілетті, көптің қамын жейтін адамдардың өзгеше істерін бейнелейтін, адамсүйгіш бағытта өрлең келе жатқан болашағы мол, сол француз халқының өзі туғызған романдар; жаңа дәуірде бұқараны бастап отырған коммунистердің образын көрсететін романдар. Бұл романдардың оқушысы да, жақтаушысы да мол. Ал, тіпті, Луи Арагонның тарихи тақырыпқа жазған «Жан-

ды жалындаған аптасын» буржуазиялық бағыттағы түрлі ағымды басқарып отырган сыншылар «соңғы кездегі француз романдарының ішіндегі ең күшті көркем романы» деп тапты да, оның авторын «тірі ақындардың ішінде эпикалық поэма берген ең күшті суретшіміз», – деді.

Натали Сарроттың, А. Роб-Грийенің тағы басқа «жаңа роман», «жаңа мектеп» ашқан жазушылардың «геройсыз роман» жазу тәжірибесі өмірден қашқандық, адамнан безінгендік. Бұл безінудің салдары жалғызғана көркем шығармада емес, живопись пен мүсіндеу өнерінде де айқын көрініп келеді. Өмірдің, оның қожасы адамның шын бейнесін беруден қашқан абстракционизм де торығудың белгісі. Идеясы бұлдыр, шимай-шытырық сурет те, сұрықсыз мүсін де, геройсыз роман да өмірдің сара жолынан жалт беріп, «өз ойын», «өз сезімін», «өз еркін» іздеген «өзімшілдердің» іci. «Өзін – өзгеден», «жалқыны – жалпыдан» бөлу – алды түйік, күйзелген қауымының сырқатты сыры. Бұл әлеумет өмірінің арнасынан лағып кетуге соқтыратын болашағы бұлдыр ағым. Бұл өмірді қоя салып өлімді жырлататын, адамнан безініп, «моласындаі бақсының» жалғыздыққа ұшырататын ағым.

РОМАН – АДАМНЫҢ
КӨРКЕМ ТАРИХЫ

Көркем әдебиеттің (ауыз әдебиетінің) тууы адамның көркемдік сезімінің өсіп, есеюімен нық байланысты екені белгілі шындық. Мұны ескі эпостар әлдеқашан дәлелдеді.

Сонау көне заманға көз жіберсек тастан жез, жезден темір құралдарына қол жеткенше сан ғасырлар өткені мәлім. Сол сияқты шикі саздан самар жасап, келекеле күйдірген құмыра құйып, кейін ол құмыраның формасын сұлулап, сыртын оймыштауға қол жеткенше де ұзақ уақыт созылғаны айқын. Ал, балшықтан құмыра салу мен тастан сарай қалап, оны нақыштау дәүірі, соңдай-ақ жабайы топтарды жетектеп аңға аттану кезінен құралды әскері бар тәртіпті мемлекет туу шақтары, — осының бәрі адамның тағылықтан мәдениетке аяқ басу жолы ғой. Міне, осыны сұлу сөзбен бейнелеген «Гильгамеш» жыры мен «Илиада» — адамның рухани көркі. Бұлардың біріншісі — біздің заманымыздан бес мың жыл бұрын Евфрат өзенінің алқабындағы Шумер халқының шығармасы еді де, екіншісі — Эгей теңізінің жағалауындағы ғажайып Эллиада елінің бүтін жер жүзіне үлгі болған тенденсі жоқ көркем ойы мен көркемсөз табысы емес пе?! Жеке адамның, бір топ қауымның, бүтін бір

елдің бар тіршілік сипаты: діни сезімі, әдеті мен ғұрпы, сүйіспеншілігі, қастық пен достығы, қуанышы мен күйініші, ерлігі мен жауынгерлігі сырлы сөз кестесімен осы хикаяларға өрілген. Бұл әрідегі эпос болса, беріде әр елде тұғаны белгілі. Фин халқының «Калеваласы», қыргыздың «Манасы», француздың «Роланд туралы жыры» қазақтың «Қобыландысы» да сол екі эпостар. Бұлардың бәрі басында халық аузында айтылумен құралып, көптің сырлауымен тұған жыршылардың айтуымен біздің заманымызға жеткен көркем мұра болса, осы эпостың бүгінгі жалғасы роман екені де даусыз. Ежелгі көркем шығарма ауызша айтылып өлең-жыр түрінде /буын, ырғақ заңымен мұқамдап айтуға бейім/ туса, берідегі өмір хикаясы жазып таратуға, оқуға бейім көркемсөзге /прозаға/ айналды. Екінші сөзбен айтқанда, эпикалық поэма эпикалық романға айналды. Мұның ең басты қасиеті – адамның ілгерілеу тарихын көркемдей беру.

Ал, осы көркем шығарманың негізгі тірегі неде? Бүгінгі романның да, романға дейінгі жыр-хикаялардың да жанды өзегі – адам дейміз. Тіпті, сонау адамзаттың балалық дәүірінде, түсінігінің балғын шағындағы шығармаларда кездесетін тәнірі пішінді

патша мен герой ойлардың істер ісі, ойлар ойы, тұрар тұрмысы адамдікі – адамның өмірінен туған жер тіршілігінің жемісі ғой. Екінші сөзбен айтқанда, «Иллиадалардың» геройлары тәңір шежіресіне тіркелген, тәнірлік сипат берілген кәдімгі адам – геройлар. Ал, Рабле мен Сервантестің геройлары кім екенін айтудың қажеті де аз. Бұлар осы күнге дейін екі сөздің бірінде мысалға алатын, ауыздан түспейтін жарықтықтар емес пе! Сол сияқты Дикенс пен Бальзактің, Толстой мен Достоевскийдің жүздеген романдарындағы типтері ше! Сонымен бірге олардың көркем тарих екені де даусыз шындық. Отken ғасырдағы француз тарихы туралы тарих кітабынан оқып алған білімнен гөрі Бальзактың романдары айқынырақ, толығырақ, көзге шалымдырақ және көңілге сұлу сөule құятын көркемірек түрде лұғат бермей ме?! Болмаса Тургенев пен Толстойды, Достоевский мен Гончаровты білмей тұрып, орыс халқының отken ғасырдағы тіршілік күресін, мәдени, рухани өмірін толық түсіндім деп кім айтар!

Бастапқы пікірге қайта оралсақ, «геройлары романдар отken дәуірдің жемісі» деу және Натали Сарроттың, Ален Роб-Грийенің, тағы басқаларының «адамсыз-геройсыз шындықтың өзіне лайық, роман жасаймыз»

дегені шерменделік. Өйткені адам өлмей, оның көркем тарихы да өлмек емес. Егер де жазушы түр табамыз, бұрынғы роман-дардан жақсы, көңілге қоныымды, жүрекке жылы, жер тәнірісі – адамның озат ойына, ерен қимылына, биік мәдениетіне сәйкес өзгеше үздік геройы бар, соның қол жетпестей ғажап өміріне өрілген роман береміз десе, бір сәрі. Оnda әңгіме басқаша болар еді. Шынында іздену, табу – адамның, ойлы суретшінің басына тән қасиет екені де даусыз. Бірақ Толстойдың: «Өзіңнен бұрынғы табылған жетістікті қайтадан табамын деп өүре болма, сол табысты ілгері дамыта бер» дегені бірден-бір данышпандық. Бұл жөнінде Горький енгізген социалистік реализм әдісі – дами беру жолындағы ең жаңа әдіс. Мұны сол француз жазушыларының ең көрнектісі деп таныған Луи Арагонның пікірі де дәлелдей алады. «Нағыз реализм совет әдебиетінің реализмі – бұл ғылыми көзқарасқа сүйенген өмір шындығына жан бітіретін көркемөнер, адамның дүние тануына көмектесетін, оған тәрбие беріш, салтсанасын өзгертетін өнер», – дейді Луи Арагон.

Луи Арагонның пікірін қолдайтын әдебиетшілер тобы басқа елдерде де молайып келеді. Өйткені, социалистік реализм

әдісін қолданған әдебиеттің ең күшті, ең беделді, адамсұйгіш әдебиет екеніне дос түгілі дүшпанның да көзі жете бастады. Түршілдікке салынған жазушыларды бір кезде ұлы Толстой: «Осы күнгі суретшілер алдымен жазудың түр-техникасын ойладып, соған лайық ой қарастырып тыққыштайды» деп күлген. Өйткені, ол шын дарынды адамның ұлken ойы, айтайын деген күшті пікірі өзіне керек түрді өзі таба алатынын сан рет дәлелдеген болатын. Сондықтан «жанға түр», «жаңа мектеп» ашамын деген романшылардың әрекеті тірексіз. «Ендігі роман адамды дәрілтеу емес, сырлау емес, адамның басында барынғана жазу: жазушы ешкімнің, ешбір қоғамдық ықпалдың шеңберінен аулақ «емін-еркін» деген «философия» көркемөнер — көркемөнер үшінғана» деген көптен келе жатқан жеміссіз қисынның қалдығы.

Біздің айтарымыз: адам адамзат қоғамының ішіндеғана өмір сүреді, адам адамзат қоғамының ішіндеғана тіршілік тартысының белсенді күрескери болып есептеледі. Сондықтан оның барлық еңбегінің жемісі, рухани күші — қоғамының жемісі. Жұмысшының тапқан көмірі мен мұнайы да, егіншінің егіні де, ғалымның

ашқан жаңалығы да сол қоғамның ілгері дамуына жұмсалатыны кімге де болса жақсы түсінікті. Олай болса жазушының бейнелейтіні қоғамның шеңберінен тыс нәрселер емес, қоғам мүшелерінің ісі. Жазушыны ешкім зорламайды, ол көзге ерекше түскен адам бейнесін, адам әрекетін көркем образben қайта туғызады да, оқушысын жә күлдіреді, жә жылатады, жә сүйсіндіреді, жә жек көргізеді. Осы арқылы оқушысының ойын өрлетеді, ізгі сезім оятады, қауымның үлгілі азаматы болуына жәрдемдеседі. Бұл шындықты уағыздайтын біздің маркстік-лениндік жеңімпаз эстетика.

РОМАН ЖҮГІ АУЫР

Кейде жеке әңгімеде, кейде әдебиет шығармаларын талқылау үстінде біздің әдебиетшілеріміздің аузына «ұлken эпопеяға кірісіп, ұсақ жанрлардан бас тарту бар» деген ескертулер жиі-жиі түседі. Тіпті «заман тілегі қысқа әңгіме, жеңіл романдарды керексітеді», «оқушыға аз уақыттың ішінде көп нәрсені тыңдатады»; алтап оқитын шығармаларды бірер сағат үстінде көз алдынан өткізетін кино мен телевидение бар» дегенді көлдененде береді. Бұл, әрине, ғылым мен техниканың табысы рухани еселеімізді жеңілдету жолындағы көзге көрініп тұрған шындық. Алайда, бұл шындықтың арғы жағында «романиның оқушысы азайды» дейтін ұшқалақ қорытындының төбесі көрініп тұрғаны да айқын. Өйткені «заман тілегі қысқа әңгімені керексітеді» деген қисын жоғарғы пікірден туған нәрсе. Біздің ойымызша мұндай пікірлер ғылым мен техниканың өрлеу жолын тар ұғынуға, тар барлауға соқтырады, өйткені мәдениет тарихын жете зерттеу, оның өсу жолдарын айқын ұғыну жоғарғы пікірлерді дәлелдейді.

352

Алдымен мынаны байқау қажет: кинематографияның дамуы әлдеқашаннан бері басталған ілгерілеу. Бұл ілгері басу әдебиетті, оның ішінде романды кері

кетірген жоқ. Джек Лондонның заманында-ақ Американың киношылары барлық ірі романдар мен повестерді, драмалық шығармалар мен ірі-ірі поэмаларды экранға түсіріп ұлгірген болатын. Ал сонан бері романның мағынасы кему орнына арта түскені сол Лондонның романдары дүниеге келуінен де көрініп тұр. Тіпті, өмірінің тең жарымы кино қарауға аунал кеткен Американың өзінде күні кеше Теодор Драйзер мен Эрнест Хэмингуэй оқушысының қолынан түспейтін ірі романдарын жазып кеткен жоқ па? Тіпті Арчибалд Кронинның, Джон Стейнбектердің романдары ше?! Болмаса неміс жазушылары Генрих Манн, Томас Манндардың романдары ше?

Ал, социалистік реализм әдісі ғажап өркендеуге жол ашқан көп ұлтты совет романының өсуі өзгеше. Соның ішінде қазақ әдебиетінің де романы көзге айқын түсерлік дәрежеге жетті. Совет әдебиетінің жер жүзілік рухани байлығына қосылған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бұған толық айғақ. Ал, Әуезов сияқты үздік талантқа жол ашқан жаңа жағдайдағы әлеумет өмірінің өрлеуі. Батыста буржуазиялық құрылыштың дағдарысқа жиі-жіңі кездесіп отыруымен байланысты, революциялық бұқара қимылы үдеген

сайын буржуазиялық көркем әдебиет пен көркемөнерде де үзбей толқу-торығу кездесе береді. Ол толқу мен торығудың түбі адамнан бездіріп, әлеуметтік істен бас тартуға соқтырып жүр. Тұр іздеумен шұғылдану (модернизм) сол көркемөнер мен әдебиетті әлеумет өмірінен аулақтатып, оның мағыналығын күңгірттететін кері шегініс екенін жоғарыда айттық.

Әлемге әйгілі «Абай жолы» романын тұғызыған, оған ірі мағына құйып, сомдауға бойұрғызыған әлеуметтік мән. Көркем ой неғұрлым халық өмірімен ұштаса бастаса, халық қамын көксейтін арманды жолға жетектесе, соғұрлым оның көркемдік мағынасы арта бермек. Елін қараңғыдан жарыққа, мәдени мешеуліктен прогресске сүйреген ұлы ақынның жарты ғасыр күресін – адамгершілік жолын суреттеу идеясы қаншалық биік сана болса, романың көркемдік күшін де соншама асқарлатты. Осындай асқақ ойға, ірі ниетке құрылған шығармағана заманың ұлken тілегіне жауап бере алады. Бұл ұлken тілек қазақ халқының теңдесі жоқ көркем эпостық поэмаларынан келе жатқан дәстүр. Бері келе поэмадан көркем прозаға көшүте жол ашқан дәстүр. «Қыз Жібек», «Шұғаның белгісі» болмаса «Ботакөз» шығармалары бірден түа қалмас еді, түа қалған күнде

де соншалық сұлу қасиетті, асқақ арманды қазақ қызының жарқын образы жарқырай түспес еді. Бұлардың түп арқауы бас азаттығы арқылы адамшылық төріне ұмтылуғой. Осы дәстүрлі жан тілегі әр кезеңде әр қылыш шешілсе де, көркемдік сипаты кезеңнің керегіне сай келді. Өйткені жазушы өмірдің сол шақтағы шындық бейнесін дәл суреттей білді.

Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин социалистік реализм әдісін өрлеткен жаңа дәуірдің жаңа романына жол салды. Сол жолда абыройлы еңбек етіп келе жатқан сақа жазушылар Сәбит Мұқановтың «Адасқандары» («Мөлдір махаббат») мен «Ботакөзі», Фабит Мұсіреповтің «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлкесі», Фабиден Мұстафинның «Шығанағы» мен «Дауылдан кейіні» сияқты одақ оқушыларына аян, қала берді шетелдерге де белгілі елеулі романдардан өзге, соңғы он жылдың ішінде F. Слановтың «Дөң асқан», «Кен өріс», Ә. Нұрпейісовтың «Өткен күн», «Қан мен тер», Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», З. Шашкиннің, «Тоқаш Бокин», «Теміртау», Ж. Тілековтың «Жоңғар даласында», М. Қаратсаевтың «Даладағы дабылы», Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат», Ә. Қанахиннің

«Дәмелі», М. Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романдары мен Б. Момышұлының, З. Қабдоловтың, С. Шәймерденовтың, Б. Соқпақбаевтың, С. Бақбергеновтың, Э. Әлімжановтың және басқаларының повестері жарыққа шықты.

Бұл шығармалар – дамыған қазақ әдебиетінің ең күрделі жанры романның көңілдегідей есейгенін дәлелдейтін құбылыш. Әрине, аталған шығармалар әдебиет жұртшылығының, қалың оқушы қауымның жоғары бағасына тегісінен тең іліне қалған жоқ. Өйткені, бұл романшылардың әдебиетке келу жолдары да басқа-басқа, жазушылық таланты мен қабілеттілігі де дара-дара, шеберлік тәжірибесі де әрқылы. Осы өзгешеліктеріне орай шығармаларының көркемдік дәрежесі де әр сатыда. Бірақ бұлардың бәріне ортақ қасиет: роман жанры на ұзбей үлес қосуға қажетті дайындықпен келген, бәрі жоғары дәрежелі білімді, үлкен өмір мектебін өтіп келе жатқан, әдебиеттің әр саласында көрнекті еңбек берген жазушылар. Бұл – өскелең әдебиетке керекті аса қуанышты жай.

Біздің байқауымызша, қазіргі романның бағыты өмір материалын кең қамтуға – тұрмыстың қос қыртыс жақтарын тереңірек бейнелеуге бейім. Бұған орыс әдебиетінің

де, туысқан елдер әдебиетінің де тәжірибесі толық айғақ.

Горькийдің көп томдық «Клим Самгин», М. Шолоховтың «Тынық Доны» мен «Көтерілген тыңы», А. Толстойдың «Азапты сапары», К. Фединнің «Үш тағаны» («Алғашқы шаттық», «Фажайып жаз» және «Лаулаған от»), Л. Соболевтің «Тұп көтере өндегуі», Г. Марковтың «Жер тұзы» – эпопеялық туындылар. Украина әдебиетінде Олесь Гончардың, Михаил Стельмахтың, Натан Рыбактың «Үш тағандары» туды. Бізде де «Абай жолынан» кейін көркем ірі шығармалардың төбесі көріне бастаны.

Ұзақ хикаяға айналған күрделі шығармалардың тууы әлдеқалай нәрсе емес, ол осы күнгі өмір талабынан, халықтың көркем ойының өрістеу тілегінен туып отыр. Бұл бұрын қиссаға да риза болатын оқушы тобының бұл күнде молайғанына және оның күреске толы тарихи ілгерілеуінің сыр-сипатын ірі образ арқылы көз алдына келтіруге, көркем шығарманы рухани азық, күш етуге айналғанына айғақ құбылыс. Бірақ осы тілекке, заман талабына жауап берерлік аса көрнекті көркем хикаялар оп-оңай жазылмауы да даусыз шындық. Кейбір әдебиетшілердің «бірді жазсаң да бірегей етіп жаз» деуі де ақиқат

ақылдың түйіні. Алайда, біздің заманымыз көзсіз ерлікті, қарулы қимылды, жан ая-май еңбек етуді – өсудің басты шарты деп біледі. Осы шарт ең қиын, ең нәзік еңбек көркем шығармаға да ортақ. Өйткені, романдың көп жазу шеберлікке кесел емес, тез жазу да таланттың таланттылығына нұқсан келтірмейді. «Ортағасырдың Гомері» атанған Вальтер Скотт он бес жылдың ішінде отыз бір роман беріп үлгірген жазушы. Ал, 144 роман мен повестерден «Адам комедиясын» тізген ұлы Бальзактың барлық өмірі жарты-ақ ғасырмен өлшенгені мәлім.

Мұндай көп томды рухани мұлікті Лев Толстой мен Максим Горький де бізге мұра етті. Бұл теңдесі жоқ қажырлы еңбектің үлгісі екенін дәлелдейді.

Ал, біздің осы күнгі романшыларымыздың ішінде бойдағы бар таланты мен қажырлы еңбегін азаматтық борышымен ұштастыра бастаған жазушылар да шығып келеді. Эр тұста басталып, бір аринаға құйылатын же-ке-жеке бастау тәрізді қазақ еңбекшілерінің қаналу мен езілуге қарсы бұлқынысы да өткен заманда әр жерде шоғыр-шоғыр бой көрсеткені мәлім. Бір кезде хан мен сұлтандарға қасарыса қарсы шыққан шаруалар көтерілісі (Исатай мен Махамбет қозғалысы), «Дала низамына» бойсұнбай

Үдере көшкен «Ел ауа» (1868 жылы) дүрілі келе-келе үлкен күреске бет бұрды. Бұл үлкен күрес тұтас ұлт теңдігі туын көтерген 1916 жылғы қалың бұқара толқынынан шын теңдік алатын Октябрь революциясына ұласқаны айқын-ды. Өмір бірте-бірте, шындаі-шындаі қорлық пен қанау түрі ушықтырып келіп, аңы наразылық ішке сыймай сыртқа тепкен кезең – сол 1916 жыл қарсаңы еді. Осы ұлы кезеңнің асырмай-жасырмай жасалған кесек сипаты Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романынан көрінеді. Бұл аңы азаптан ашынған еріксіз елдің, елмен бірге қорлық пен зорлыққа тұншыққан азамат ердің, желді күнгі ебелектей жөнкіп ақ орданы сағалаған қараша үйлердің еңбегі еш, тұзы сор бол теңізге телмірген жер кепелердің булыққан үнін құлаққа әкеледі. Жоқшылық тілі басып, Есбол шалдардың еңкейген пішіндері мен боздақтарды айдауға аттандырған аянышты кемпірлердің ақ шашын жайған суреті, қарны ашқан бала мен ажары қашқан арудың ауыр сүлдесі көз алдыңа келеді. Роман желісі өмірдің жадағай жатқан жалпақ қалпын тұтас қамтиды; түбімен қозғала бастаған әлеумет тебіренісі, көктемгі алқап-алқапты каптаған сендей жөңкүте бет алған шақ. Бұл үлкен картина қыртыс-қыртыс

адам тағдырының жақпар-жақпар, ажарлы-ажарсыз күйінде қалыңымен алып сомдаған образдар арқылы тізбектеледі. Сол кездегі өмір кейпі сияқты ажыр-бұжыр жандардың ойқы-шойқы мінездері (Кәлен, Курнос, Иван) күшін ілгергі күреске іріккен қажырлы жігіттердің тұнерген сұсты түрі (Еламан, Мөңке, Рай) көзге шалынады. Талаптының жігері құм боп, аяулы арманы арсыздың олжасы болған шақтарда қарманып, қол ұстасқан жандардың дүркін-дүркін тізбектері көз алдында тізіледі. «Қан мен тер» — көп қыртысты тұрмысты қалыңдал бейнелеген, жалқының суретімен жалпыны көрсеткен кең көлемді хикаяның басы: теп-тегіс бақытсыз жандардың ұзақ заман іркілген сары қайғысын тұрмыстың ұсақ көріністері арқылы жинақтап, көзге түсерлік ірі әлеуметтік сарынға көтерген шығарма. Соңғы кездегі романдарды сөз еткенде «Қан мен тердің» осы сияқты басым жағын, жазушының қалам қарқынының Бейімбет жол салған көп кедейдің тұрмыс пен салттың пішініне мол енгенін көрсете кеткен жөн. Өйткені, бізге бір кездегі әлсіз сыннан айырып, романның дамуына, жазушының шын дарынын бағалауга кірісетін шақ туды. Бұлай етпеген күнде барды байқамай, байқай тұра баға беруден

бас тартатын ұсақ мақсатты зиянды жолға түсер едік.

Өзара жіктегенде біздің қазақ әдебиетінде тарихи роман, әлеуметтік түрмис сипатын беретін роман, естелік роман түрлері аса көркейіп қалды. Сатиралық, ғылыми-фантастикалық романдардың тууына да шәк жоқ. Ал, ең бастысы – қанау мен езілуден құтылған совет адамының қара бастың қамын көздейтін ескі дерптен арылған, қылапсыз көркем сипатын дәріптейтін роман беру. Бұл роман өмірдің барлық саласындағы күрескерлердің образын асқақ ой, сұлу сөз өнерімен безейтін роман болмақ.

1963 ж.

ОСЫ КҮНГІ ОРЫС
РОМАНЫ

«Құлаш жетпейтін нәрсені құшақтап болмайды». Бұл орыс нақылы.

Орыс романы! Осы күнгі орыс романы! Бұл да сол халықтың асыл нақылы айтқандай ой шеңберіне сыйғанмен сез шеңберіне сыйар-сыймас тақырып. Мұны бір мақаламен тұжыру мүмкін нәрсе емес, бір кітапқа жүк боларлық сала. Өйткені орыс романының өткені мен осы күнгі тұрпаты өте зор, болашағы байтақ-тариҳи үлкен жүк арқалаган ұлы халықтың рухани байлығының ең ірі саласы. Сондықтан біз осы күнгі орыс романының тарихын, оның даму жолдарын, түрлерімен ерекшеліктерін, басты өкілдерінің сыр-сипаттарын әңгіме етуден бас тартып, осы күнгі орыс романының асыл дәстүрі жөнінде бірер ғана сез айтпақпыз. Асыл дәстүр?! Бұл да, әрине, ұсақ нәрсе емес. Бұл да туып, өсіп, жаңарып отыратын ұғым, әр әдебиеттің өз алдына, өзіне ғана тән белгісі.

Шақпақ шағып от шығарып, тас жонып балта жасап жаңару жолына түскеннен бері адам баласының ой жолы, өнер жолы, білім жолы біреу болғанымен мәдениеттену, ілгерілеу жолы басқа, басқа, өрлеу сатысы әр дәрежеде ғой. Көркем ой сатысы да сондай, бірі – ілгері, бірі – кейін. Сондықтан да ескі грек әдебиеті, ескі рим әдебиеті, болма-

са үнді, араб әдебиеті болып төбеленеді ғой. Ағылшын, француз, неміс, орыс әдебиеттері де сол сияқты. Басқаларын қойып орыс әдебиетінің, соның ішінде орыс романының кешегіден бұгінге жол тартқан басты сипаты неде дегенге біз – өзгелерден айрықша, өзіндік адамсүйгіш дәстүрінде дер едік.

Адамсүйгіш дәстүр шыншылдық әдіспен біте қайнасқан қасиет, өйткені өмірдің шын суретін көрсетпеген, өмір тілегін тап баспаған әдебиет халықтық қасиеттен мақрұм қалып отырмақшы. Биік идеалға ұмтылған үлкен әдебиет қана адам баласының бәріне ортақ – рухани байлығына өзінің халықтық көркем ойы, көркем тілі, озық дәстүрі арқылы үлес қоспақшы.

РОМАННЫҢ
ХАЛЫҚТЫҒЫ

Орыстың ұлттық өз романының туғанына екі жүз жыл толды. Бірақ бірінші романдары бір дегенмен барлық көркемдік сипатқа ие бола алған жоқ. Оған тарихи даму жағдайы мүмкіндік бермеді.

Роман – өмірді тұтас тану, адам мен әлеумет өмірінің қарым-қатынастарын әрі кең, әрі терең сипаттау тілегінен туған жанр. Өмірдің шын бейнесін әдебиет айнасына түсіру үшін алдымен сол өмір иесінің өзін көрсету шарт екені ежелден белгілі шындық. Соңдықтан да әдебиеттің басқа түрлерінен гөрі роман қарапайым жандардың ой-сезімін, іс-әрекетін, арман-тілегі жолындағы күресін әңгімелейді.

«Еуропаға қашап терезе шығарған» Бірінші Петр Ұлы орыс, Кіші орыс, Ақ орыс болып жіктелген Ресей халықтарын жымдастырып, тіпті, күні кешеге дейін бөлшек-бөлшек болып келген кінәздіктерді үлкен мемлекет етіп нығайтумен Отан, Отан ұлы, Ұлы Отан азаматы деген ұғым тұғызды; мемлекеттің күшін қорландырып ұлттық жігер енгізді; үлкен орыс державасының ұлттық туы астында шаруашылық, өскери, мәдени өрлеу талабын алға қойды.

Ұлттық кітапхана, ұлттық тарихи музей, ғылым мен көркем істің академиясы ашылды. Бұл тарихи дамудың ең мағыналысы:

бұрынғы діни ақыздарға құрылған діншілдік, бектік сананы насихаттайтын әңгімелер жаңа мазмұнды әдебиетке жол берे бастады, жол берген жоқ — жаңа ұғым, жаңа мазмұн сана майданында өзіне жол ашып, жарып шыға бастады. Бұрын ауызша, қол жазбаша дін жолын құған сопылардың бейнесі суреттелсе және олардың «жазмыштан озмыш жоқ» деген қағидасты басты идея болып келсе, енді азаматтық іс, әлеуметтік істі қолдайтын жандардың әрекеті әңгіме бола бастап еді. Бірақ бұл жаңадан туған әдебиеттің әдебиеттік заңы, стилі ескі дәстүрге құрылып еді. Мысалы, он сегізінші ғасырдың ең басты көркемдік заңы азаматтық іске жүгіну, ақылды төреші ету мен білімді мадақтау болғанымен, стилі ескі классикалық болып қалды. Поэзия — геройлардың ғана тілі, геройларды геройша салтанатты, мақтаныш үлгісімен, асқақ тілмен ғана жырлайды деген қағида күшінде қалды. Ал трагедия («ескі грек үлгісімен») патшалар, тәңірі тенденс құдіретті жандардың ісі мен өмірін сипаттайды делінді. Соңдықтан поэзия мен трагедия — көркемсөз патшасы, бұл ұсақ әрекеттер, ұсақ жандарды сипаттаудан жоғары тұратын категория болды. Алайда орыс өмірінің ұлттық тілегі, халықтық үні

әдебиетте бой көрсетпей қала алған жоқ. Ерлерді, патшаларды дәріптеуші қасиетті асқақ поэзия түрлерімен (Ода, поэма, эпопея) қатар сорақылық істі, мұнкіл сипатты, өмірдің түбіндегі «керексіз жайттарды келекелейтін кекесін әдебиетте өмір сүре бастап еді. Кантимердің сатирасы, Фонвизиннің комедиясы сана майданында, көркем ой дамуында шыншылдық ағымын үдettі. Бұл сыншылық ағым қарапайым жанның әдебиетке герой болуын керек етті де, отбасы, ошақ түбі де өмірдің керегірек жағы екенін дәлелдей түсті. Сөйтіп, біртебірте сатира мен комедияларды бетке үстайтын сыншыл журналдар туып, қара сөздің, оның ішінде өмірді өндепкіреп суреттейтін, қарапайым жандардың ойы мен ісін, тілегі мен арманын, махаббаты мен күйінішін паш ететін роман көріне бастады. Бірақ бірінші орыс романы саналатын Федор Эминнің «Тұрақсыз бақыт яки Миромондтың бастан кешіргені» келешекке үлгі етерлік реалистік шығарма бола алмады. Алайда романың ел танытатын, жер танытатын, әрқылы тұрмыс көріністерімен таныстыратын жақтары оқушыға «пайдалы» болды. Көркемдік сезімді күшейтерлік

тіл шеберлігі, мазмұн байлығы қүшті болмаса да бұл шыгарма көп тарады, үш рет басылды, оны болашақ ірі жазушы, әйгілі «Бақытсыз Лизаның» авторы жас Карамзин жастығының астына салып қойып оқыды. Мұнан кейінгі Эминнің «Фемистоклдың бастан кешіргені» және Чулковтың романдары келесі кезеңнің ірі шығармаларына көш басшы болды. Қарапайым адамдардың өмірі мен ісін бейнелейтін халықтық әдебиеттің бастамасы болды.

ШЫНШЫЛДЫҚ
ДӘСТҮР – КӨРКЕМ
ОЙДЫҢ ОЗЫҒЫ

«Отан ұлы деп кімді айта аламыз?» — деп сұрақ қойып, Александр Радищев: «Бұл атақ ерікті пендеге ғана лайық атақ»... «Әзірге құлдық бұғауында тұрған жанға бұл есім келіспейді» деген пікірді жайып еді. Кейін осы мазмұнды ол өзінің «Петербургтен Москваға саяхат» деген кітабына желі етті. Бұл кітап он сегізінші ғасырдың ең көркем, ең революцияшыл шығармасы атағын алды. Он бес-жиырма жылдан кейін оқып шыққан ұлы Пушкин бірауыз сөзбен «Радищев құлдықтың жауы» деп баға берді. Бұл солай еді. Отанның еркін ілгерілеуі үшін азаматтардың өз басы ерікті болуы шарт еді. Ресей бейне бір екі қолы кісенді үлкен алып адам сияқты, қимылдауға шамасы жоқ жан тәрізді болатын. Өйткені бар халқының тең жарымынан қебі басыбайлық бұғауында, жер мен судың иесі, онаң табылатын барша байлықтың билігін өз қолына ұстаган помещиктердің иемденуінде еді. «Петербургтен Москваға саяхат» қараңғыда, қамауда, рақымсыз қанау құшагында тұншыққан құл шаруаның бейнесін көзге елестетті, оның булыққан үнін құлаққа әкелді.

Бұл қасіретті халықтың алдағы арманына бақтырды. Әдебиеттегі бұл шындық арнасы болашақ жаңа мазмұнды, жаңа түрлі үлкен романға жол ашты. Өмірді мол қамтитын, терең сипаттайтын, солдат пен қолбасшыны, ұсақ чиновник пен министрді, крепостной мен рақымсыз помешикті, білімді мен білімсізді герой ететін тарихтың, әлеуметтік романдар мен тұрмыс-салтты бейнелейтін романдар туды. Орыстың шым-шытырық, қайшылықтары мол: байлығы мен пақыршылығы, даналығы мен бейшаралығы, ерлігі мен ездігі, мырзалығы мен сараңдығы, жан сұлуулығы мен қайырымсыз қаталдығы сапырылысқан жан-жақты тұрмысын қалтқысыз көз алдыңа алып келетін тұлғалар өмірден романға көшті. Онегин мен Татьяна, Печерин мен Бэла, Чичиков пен Коробочка, Ноздрев пен Манилов, Рудин мен Ласунская, Базаров пен Кирсанов, Раскольников пен Мармеладова, Адуев пен Обломов, Кутузов пен Багратион, Болконский мен Ростова, Безухов пен Карапаев, Каренина мен Каренин, Нехлюдов пен Маслова саналыға ой салды, сезімге көркемдік нұрын құйды. Өмірге тереңірек үңілуге: мақсат пен мұраттың не екеніне, адамгершілік пен азаматтық борыштың қандай боларына көз

жүгірттірді. Орыс адамын, орыс мәдениеті мен шұғылданған басқа ел өкілдерін орыс романы адамшылық сатысының өлденеше басқыш биігіне көтерді. Егер де ағылшын романы ақсүйектер қауымын міней түссе (Диккенс пен Теккерей), француз романы ескі әлемнің қирауы мен буржуазияның құлқын құмарлығын алты әлемге паш етсе (Гюго мен Бальзак), орыс романы үздіксіз түлей беруді – іштен жаңаруды қолдаумен келді. Ұлы демократ Добролюбовтың «Найзаның ұшын сыртқы түріктерден бұрын ішкі түріктерге сілтеу керек» деген өжет ойын роман көркем образ құралымен күрескер санасына құя берді. Бұл революциялық пікір де сол әріден келе жатқан әлеуметтік ойдың атадан балаға қалдырган мұрасы. Жақсы мұра жаңа дәүірге, оның көркемдік дамуына үзбей әсер-ықпалын тигізумен келеді.

Жұмысшы табының үстемдік алуына, еркін еңбекпен жаңа өмір жасаудына рухани қуат беретін совет әдебиетінің де ең күшті қасиеті осы сияқты халықтық сипаты болды. Мұның үлгісін көркемсөз шебері, осы күнгі үлкен әдебиет қайраткерлерінің данышпан ұстазы Максим Горький берді. Бастаудан өзен, өзеннен дария шалқитыны сияқты, орыс романының өткендеңі

адамсұйгіш, шыншылдық қасиеті өмірді өзгерткіш биік идеалды көркемдік қасиетке айналды.

ТҮІНБАЙ ІЛГЕРІЛЕП
КЕЛЕМІЗ

Совет жазушысының көздеген идеалы айқын. Ол: мұнан елу-алпыс жыл бұрын Ленин көрсеткен ең әділ, ең бақытты қоғам құру идеалы. Міне, осы идеалды жоғары ұстап, біз тынбай ілгерілеп келеміз. Көркемсөз майданында жаңа қоғам құрушы халықтың рухани байлығын арттырумен келеміз. Ілгерілеу барған сайын мақсатты жоғарылата береді, борышты молайта түседі, көркемдік ойды тереңдете түседі. Сондықтан өмір өріне көтерілген сайын көркеменер қайраткері өзіне-өзі: мен не бітірдім, — деген сұрақ қояды. Бұл өз бақытын өз қолымен жасап жатқан қаһарман халықтың алдындағы жазушының ары мен борышының қойдырған сұрағы.

Қараңыз:

Біздің төртінші съезіміз бен бесінші съезіміздің екі арасында алты жылдан ғана астам уақыт озды. Осы аз мерзімнің ішінде қоғам өмірінде ауызben сипаттап жеткізе алмастай өзгерістер туды. Олардың ең бастылары — ғылым мен техниканың құдіретін көрсеткен Юрий Гагариннің кек әлеміне шығып, жерді бір айналып шығуы және күні кешегі Ленин партиясының XXIII съезі. Бұл екі уақығаның өлшемі де жоқ, теңдесі де жоқ. Бірі — аспан әлемін зерттеу дәуірін ашты, екіншісі — еліміздің

ен байлығын арттыру жоспарымен бірге, жер шарындағы еңбегімен тіршілік еткен барлық ұлттар мен нәсілдердің әділетті өмір сүру күресінің айбынды туын тағы да бір сатыға көтерді. Біріншісі – еңбек жемісінің көкте де, жерде де шалқи түскенін көрсетсе, екіншісі – коммунистік қоғам құрып жатқан біздің одақ адам баласының да қамын түгел жейтін басшылық ұлгісін алға тартты. Олай болса совет әдебиетінің адамсүйгіш дәстүрі бұрынғыдан да жоғарылады: өз еліндегі бақытты өмір жасап жатқан жаңа адамның ұлгісін басқаға, жер жүзіне жаю міндеті жүктелді. Бұл үшін шексіз ерліктің, өлшеусіз достықтың, адамшылық парасаттың айнасы боларлық халық бейнесін көрсетерлік көркем шығарма жазу кезеңі туды.

Сөйтіп жоғарғы сұраққа:

— Мақсат ұлken, жол ұзақ, талап таудай, жігер мол. Бойда бар қасиетті біз сол XXIII съезд артқан жүкке жұмсал жатырмыз! — дейміз.

Қазақ жазушыларының екі съезд арасында тапқан еңбек жемістері бар. Бұл әдебиеттің әр саласы жайлы жасалған баяндамаларда айтылды.

Мениң айтарым: сол жазылған көркем шығармалардың кейбір сыр-сипаты жөнінде бірер сөз ғана.

Алдымен қазақ әдебиетіндегі, дәлірек айтсақ көркем прозадағы (оқушы мен тындаушы кешірер, мен уақыт аз болған соң және әдебиеттегі өз тәжірибеме жақын болған соң прозаны ғана алдым) ілгерілеу тенденциясының көзге түсетіні қандай құбылыстар? Біздің байқауымызша проза кеңге шалқи бастады. Бұл тақырып байлығынан да, сол тақырыптың күрделілігінен де айқын көрінеді. Қырық-қырық бес жыл ішінде тарихи ірі кезеңдерді жеңіп өткеннен кейін, мәдениет сатысының әлдеқайда жоғарылауынан кейін, өмір екшеліп тұрақтай түскеннен кейін өткен жолды көркемөнер құшімен елестету, оған бүгінгі күннің өлшемімен баға беру тілегі күшейді. Халықтың аса жарқын ертеңін жақыннату шабыты, оның сол ертеңге үмттылған айбынды күресін демеу ету молайды.

Халық тағдырындағы ең бір күрделі бел болып қалған 1916 жыл, оның революция күресіне ұштасу жолдары және Совет үкіметінің орнау тартыстары үлкен прозага таңдамалы тақырыпқа айналды. Бұл жөнінде де қазақ жазушыларына алдыңғы саптағы тәжірибелі орыс жазушылары үзбей үлгі көрсетумен келеді.

Революциялық тарихи тақырыпты қазақ әдебиетінде бірінші рет Сәкен Сейфуллин енгізіп еді. Оның «Тар жол, тайғақ кешуін» Мұқановтың «Ботакөз» романы одан әрі жетектей түсті. Сөйтіп үлкен салада үлкен проза жасау ісі дәстүрге айнала бастады. Ал, соңғы жеті жыл ішінде бұл игі арна көзге түсерлік дәрежеге көтерілді.

«Қан мен тер», «Асау арна» және басқа романдарымыз дүниеге келді. Бұл революция алды, революция кезеңін суреттейтін үлкен тақырып жалғыз ғана қазақ әдебиетінде емес, бүтін совет әдебиетінде жаңа сатыға көтеріле бастады. Михаил Стельмахтың трилогиясы, Георгий Марковтың эпопеялары бұған толық айғақ. Ал, осының бәріне атақты «Тынық Дон» эпопеясы көш басшылық етіп келе жатқандай. Бұлардың бәріндегі басты сипат – ескі өлемді түбімен қопарған кезде өз тағдырын өз қолына алуға үмтүлған халық күресін көркем тіл құралымен бейнелеп, көпке паш ету. Бұған қырық бес жыл ішіндегі үлкен өмірді жанжақты, әр тараптан бейнелейтін сом-сом романдар мен повестерімізді: «Ақбоз ат», «Ақын арманы», «Сенім», «Көз көрген», «Капитан ұлы», «Дәмелі», «Жапандагы жалғыз үй», «Қайран шешем», «Құйрықты жүлдyz», «Дала сыры», «Қарғаш» және

басқаларын қоссақ, екі съезд аралығы тақырыптың кеңейгенін, сонымен байланысты үлкен өмір суретін көрсетудің ендей түскенін дәлелдейді. Осылай өсу жолындағы екінші бір көзге түсетін көркемдік табыс — күрескер келбетін айқыннату табысы. Бұл көп ізденуді, көп талдауды керексітетін шеберлік талабы. Шығарманың басты геройы халық болса, оның ішінен үздік шығатын жеке адамдар образы болса — осыны терендете тұсу.

Революцияны тікелей үгіттеу, осы үгіт арқылы өзгені жетектеуде аса жігерлі жандар қалың көпті бастап кететіні анық. Бұл өмірде көп кездесетін құбылыс. Ал, үй-тұрмыстағы, әдет-ғұрыптағы бұрынғы түсінікті біріндең жеңіп ілгері өрлейтін адам да аз емес. Міне, осы соңғыны біз «Қан мен тер» романында көреміз. Екінші сөзben айтқанда революция толқыны адамның тұрмысында, ғұрпында, әдетінде, барлық ішкі құбылысында да басталады. Осыған үңілу, осыны бейнелеу жазушының ең қыын міндеті болса, біздің әдебиетіміз бұл бағытта да ірі жеміске ие болды демекпіз. Бұл жазушыларымыздың тынбай ілгерілеп, жалықпай ізденген жылдарының жемісі. Осы жолда біздің демеушіміз болды ма десек, сөз жоқ, бар табысымыздың

ұйымдастырушысы біздің Коммунистік партия ең басты қолдаушымыз, ең ақылды кеңесшіміз болып келеді. Бұл — бір.

2

Екінші — әдебиет өркендеуі көп нәрселермен тығыз байланысты. Бұл жөнінде өсу жолын барлап отыратын ғылыми талдаулар, деректі болжаулар жасап отыратын — сын. Сынның біздің заманда орны да үлкен, міндегі де зор. Сол үлкен орны мен зор міндегін абырайлы түрде атқарып отыруға сын ғылымы мен әдебиет сыншыларының қазір өрені әбден жетеді. Әйткені совет әдебиетімен бірге жасасып келе жатқан сын ірі биіктеге көтерілді, лениндік әдебиеттану ғылымын менгерді, сыншыларымыз ғалымдық дәрежеге көтерілді. Бұған бір гана әдебиет саласынан шыққан он бір доктор толық айғақ. Сол докторларымыздың ірі-ірі монографиялық еңбектер беруі айғақ.

Сынның қазір басты бағыты шеберлікті арттыру мәселеін сөз ету болып жүр. Яки көркемсөз құралдарының айқын болуы жайлы теориялық ұғымдар, соларды жеріне жеткізе түсіндіру. Бұрынғы тақырып пен мазмұн айналасындағы түсінктерді

пайымдау және түрдің мазмұнға сай келу шарттарының үстіне көркем шығарманың жаны есебінде саналатын суретті деталь, тіл дәлдігі жөнінде де алуан-алуан мақалалар жазылып қалды. Мұның бәрі сөз жоқ, әдебиет сынының өскендігін, әдебиеттануғының терендей түскенін көрсетеді. Бұған қуанбауға болмайды.

Мынаны ойлау керек: көркем шығармадан бұрын, көркем ойдан бұрын көркемдік теориясы дүниеге келген жоқ. Мұны университет бітірген шәкірттердің бәрі біледі. Бальзак пен Толстойлар тарапу санап, парап санап роман жазған жоқ. Ортағасырдағы батырлар жорығын хикаялайтын шығармаларға «қара дүрсін халықтың» бейнесі кіргізілген жоқ. Буржуазия төңкерісі кірген кезден-ақ жеке батыр, жеке герой лұғаттықтан қала бастады. Л. Толстой мен Михаил Шолохов, болмаса біздің Мұхтар Әуезов халық қимылын көрсеткенде герой санын Қобыланды мен Көбіктіге өлшеп-пішken жоқ.

Және бір қызығы: осы менің орталық геройым Кутузов па, әлде Александр I ме? Болмаса князь Андрей мен Безухов па? Әлде болмаса Наташа мен Марияның біреуі ме? – деп те ойламаған сияқты Лев Толстой. Оның ойы мен жан жүйесін билеп

кеткен күш халық болып қозғалғанда, оны жапырып кететін жау дүниеде кездеспеуге тиіс. «Өзін-өзі қорғаған халық басқаның жемі емес» деген күш болуы ықтимал. Міне, соңдықтан «айтар ойың болса оны сыйғызатын форма өзінен-өзі табылады» деді ғой Лев Толстой да, Джек Лондон да, Максим Горький де.

Демек, халық қозғалысын көрсететін, теңдікке, бостандыққа ұмтылған қалың еңбекшінің бейнесін беретін шығарма бір адамның ісіне, бір адамның қимылына, бір адамның ғана күйініші мен сүйінішіне, басынан өткізген уақығасына желіленуге тиіс емес. Соңдықтан көптің образы алынуға тиіс, көптің санасының көтерілгенін, қалай көтерілгенін сипаттау тарихы – революцияға керекті басты шарттар.

Бұл жалғыз ғана тарихи революциялық тақырыпқа керекті жағдай десен, қателесер де едің. Өйткені біздің өміріміздегі тарихи өзгерістер революция кезі және азamat соғысы заманынан кейін де үзбей тұтасып келе жатқан даму тартысы. Ауылды советтендіру, ұсақ шаруашылықты колективтендіру, үлкен қауырт құрылыштар салу, Отан қорғау шайқастары сияқты халық қимылын көрсететін ұлы өзгерістер әдебиетте, сез жоқ, сол халықтың обра-

зымен бейнеленетін құбылыстар. Сөйтіп, көркем шығармада, оның ішінде үлкен проза көп желілі, көп тағдырлы өмірдің көп драмасы тоғысқан көп геройдың өмірі мен ісі бейнеленуге тиіс. Бұған шек қойып, үлгі пішуге болмайды. Жазушы ырқын өмір билейді, өмірді бейнелеуге еріксіз кіріскең көркемдік сезім билейді. Жан дүниенің балқып берген сұлу сөз жүйесі мен сұлу ой ағыны жетектеп жазғызады. Мұны жан шарықтауы – вдохновение дейді. Әрине, мүкіс кеткен жерді суарып шындау, түрлі кеткен жерді безенқіреу, сүйріктей етіп мінсіздеу шеберлік шарты.

Әңгіме сол шеберлік шартын айыптау құралы етпей, жетілу құралы етіп бірге сырласатын, ақыл-кеңесін беріп, «әттегене-ай» кеткенді ой тезіне салысатын, ақылшы сыншы болса! Осы күнге дейін әдебиетті үгіттеу орнына балталау әрекеті басып келе жатыр. Мына шығарма ұлт әдебиетінің мақтанышы деп қолданған сынды көре алмай-ақ келеміз. Оның орнына түрпайы баға, дәкір пішім басым.

Егер де шындықты теріс сипаттаса, біз-дің кіршіксіз асыл идеалымызға дат келтіріп, қара дақ түсірсе, адамның ардақты ісіне көз түспей, оның мән-мағынасын осалдатса жазушының социалистік реализмге бой

бұрмағандығы. Мұндай ағымдар болса, әрине, ашық сынау керек. Ал, өсу іздену жолындағы кемтар соққан жерлерге шүйіле түсуге болмайды. Неге десеңіз, жоғарыдағы айтқандай, творчествоның процесс шетін нәрсе. Ол адамның ой-санасы мен сезім жүйесінің туғызатын жемісі. Жүрек отының лаулап жануы мен ақылдың салқын самалығана көркеменер шығармасын дүниеге келтіреді.

Дүниедегі асқан көркем үн, көркем жыр, көркем әңгіме жаратылысы берген сол екі ағзаның тамшылаған бұлағы.

Әдебиеттің өсіп-өркендеуіне бірінші дем беретін нәрсе баспа мен кітап тарату ісі. Жазылған кітапты – өлең жинағы болсын, роман болсын, әңгімелер жинағы болсын, жан сүйсінгендей, ұстап қарағанда да ләzzат алатындағы көркем етіп басып шығарып, соны оқушыға мезгілінде жеткізіп беру ең басты, ең абыройлы жұмыс екені даусыз. Бұл жөнінде әжептәуір жемісті іс істеліп те жатыр. Сыртқы суретін көркейтіп, кітапты әдемілеп басу, уақытында тарату, сияқты иғі жұмыстар. Алайда істелген істен істелмегені басым. Партия съезі бекіткен Директиваларда көркем шығарманы көп тарату жолы көрсетілгенін білеміз. Осы істі ойдағыдай етіп жүргізу баспасөз комитетінің, Жа-

зушылар одағының және кітап тарату орындарының ең басты міндеті. Біз кітапты жақсылап шығару, жақсылап тарату, оны ең бір рухани асыл құрал деп түсінуді Эстония сияқты үлгілі республикадан үйренуіміз керек. Ал, әдебиетті ұлт мақтанышы деп, ұлт мәдениетінің кіршік келтірмейтін киелі табысы деп бетке ұстауды грузин халқынан үйренсе артық болмайды. Заманымызға лайық көркем шығарма беруге біздің жа-зушылар дайын деп ойлаймын. Коммунист партиясы жүктеген жаңа адам тәрбиелеу ісіне бұрынғыдан гөрі өнер-қайратымызды молырақ, батылырақ жұмсайтынымызға шәк жоқ!

1964 ж.

МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢТІ ЖАҒАСЫНДА.....	5
ҚЫЗЫЛ ҚҰМАҚ.....	41
ЖАР.....	77
ҚАРТ ҚАЗАҚ (Қос хикая)	95
ҚОЗЫ.....	95
АЖАЛЫ ЖОҚ.....	109
ЖАЙЫН ІЛЕРДЕ.....	129
ДАНАСЫҢ ФОЙ, ПЛУТАРХ!.....	147

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР МӨСЕЛЕЛЕРИ ӘСЕМДІК ӘЛЕМІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

ЭСТЕТИКАФА ЕКІ КӨЗҚАРАС.....	155
КӨРКЕМДІК – ӨМІРДЕ.....	169
ӨНЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕГІ ӨМІР СУРЕТТЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК КӨРІНІСІ.....	179
ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМНІҢ ДАМУЫ.....	191
КӨРКЕМДІКТІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҚ, ӨНЕГЕЛІЛІК, АҚИҚАТТЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ	197
СӘУЛЕТТІЛІК (ВОЗВЫШЕННОЕ).....	201
ТРАГЕДИЯЛЫҚ ПЕН КОМЕДИЯЛЫҚ.....	223
КОМЕДИЯЛЫҚ ЖАЙ.....	231
ӨҢІН АЙНАЛДЫРУ – КӨРКЕМДІКТІҢ ЖАУЫ.....	239
СЫН МІНСІЗ БОЛСЫН.....	245
ӘДІЛ СЫН АҚИҚАТТЫ СҮЙЕДІ.....	267
ӘДЕБИЕТ СИПАТЫ – ХАЛЫҚ СИПАТЫ.....	277
ӨМІР СӘУЛЕТІ ШАБЫТПЕН БЕЙНЕЛЕҢЕДІ.....	303
ӨСКЕН ЖАНР.....	315
РОМАН ЖӨНІНДЕ БІРЕР СӨЗ.....	327
АДАМНАН БЕЗІНУ – ТОРЫҚҚАННЫҢ САЛДАРЫ.....	331
РОМАН – АДАМНЫҢ КӨРКЕМ ТАРИХЫ.....	343
РОМАН ЖҮГІ АУЫР.....	351
ОСЫ КҮНГІ ОРЫС РОМАНЫ.....	363
РОМАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ.....	367
ШЫНШЫЛДЫҚ ДӘСТҮР – КӨРКЕМ ОЙДЫҢ ОЗЫҒЫ.....	373
ТЫНБАЙ ІЛГЕРІЛЕП КЕЛЕМІЗ.....	379

Әдеби-көркем басылым

Хамза ЕСЕНЖАНОВ

ӘҢГІМЕЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

Редакторлары: Гүлсім Мұқышева

Дина Есенжан

Корректор: Күнжан Кежекқызы

Мұқабасын көркемдеген: Дидар Құлкенов

Компьютерде беттеген: Айбек Алланазаров

Басуға қол қойған күні 20.08.14. Пішімі 84x108^{1/2}.

Әріп түрі «Balтика». Оффсеттік қағаз. Оффсетті басылыс.

Шартты баспа табагы 20,58. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс-
пен 2000 дана + баспа есебінен 50 дана.

Тапсырыс № 54



MEREKE
B A S P A S Y

«Мереке baspasy» тауарлық белгісінің иесі –
“Мерекенің баспалар үйі” ЖШС.

050062, Алматы қаласы, Жұбанов көшесі, 66 Б.

Тел.: +7 /727/ 226 95 56.

e-mail: mereke.baspasy@mail.com



«Өлкө» баспаханасы

050062, Алматы қ-сы,

1-ықш. ауд. 66 Б үй.

ISBN 978-601-7370-49-7

